


821.512.122
(045.3)
222

АРХИВТІК
КОР

АРХИВТІК
КОР

ӘДЕБИЕТ



5

821.512.122 (075.3)

Ә. Дайыр, Қ. Айтқалиев,
Ш. Беркімбаева, Г. Құрманбай

Сәлім
К
АРХИВТІК
ҚОР

ӘДЕБИЕТ

Жалпы білім беретін мектептің
5-сыныбына арналған оқулық

3 басылымы өңделген








5

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған




Алматы «Атамұра» 2010

УДК 373.167.1
ББК 74.26я72
Ө 22

-  – мәтіндегі қиын, бұрын кездеспеген сөздердің түсіндірмесі
-  – сабағат (консультация)
-  – өз бетінше орындайтын сұрақтар мен тапсырмалар
-  – әдебиет теориясы бойынша түсінік
-  – шығармашылық жұмыс түрлері
-  – өзінді тексер
-  – қосымша оқуға арналған мәтіндер

Ө 22 **Әдебиет:** Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық /Ө. Дайыр, Қ. Айтқалиев, Ш. Беркімбаева, Г. Құрманбай. 3-басылымы, өңделген. – Алматы: Атамұра, 2010. – 304 бет.

ISBN 978-601-282-035-5



УДК 373.167.1
ББК74.26я72

- © Ө. Дайыр, Қ. Айтқалиев,
Ш. Беркімбаева, Г. Құрманбай, 2010
- © «Атамұра», 2000
- © «Атамұра», 2010

ISBN 978-601-282-035-5

КІРІСПЕ

Құрметті шәкірт, сенің қолыңа алып отырған бұл кітап «Әдебиет» деп аталады. Әдебиет – араб сөзі. Оның қазақша мағынасын халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы «асыл сөз» деп айтуға болады деген. Сөздің асыл болуы неден? Оны сендер мынадан аңғара аласыңдар. Сөзді жалаң түрінде айтқанда, айтушы сөзінің дұрыстығын, дәлдігін мақсат етеді. Сөзді асыл түрде айтқанда, көбінесе сүйіндіретін, қызық болып, көңілге ұнауына күш салынады, сөздің асыл болуы оның ұнауымен. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында айтады, асыл сөз дүниенің тұрған қалпына қиял мен сезім, көңіл күй қосып, жандандырып, әсемдеп, әсерлеп айтады. Мысалы, жыл мезгілі қыс туралы «Суық қыс келді» деп, жалаң сөзбен жай ғана айтуға болады. Өздеріңе жақсы таныс «Қыс» өлеңінде Абай:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды, –

деп, қысты көркем сөзбен жандандырып, сипаттарын күшейтіп, әсерлеп, адам бейнесінде суреттейді. Суық қыс сықырлап жаныңа келіп қалғандай сезінесің, көңіл күйіңе адам сияқты әсер етеді. Асыл сөздің күдіреті дегеніміз, міне, осы.

Асыл сөзді, дарынды сөзді көп тыңдап, көп оқысаң, жаның сұлұланып, сезімің байып, бойыңдағы күш-қуатың арта түседі, өзін де көркемдеп сөйлеуге үйренесің.

Әдебиет – ол да көркемөнер. Көркемөнердің сәулет, мүсіндеу, сурет, музыка, әдебиет сияқты түрлері болады. Сәулет өнері ғимараттарды сәулеттеу арқылы адамның рухын шарықтатып, таңдандырады. Мүсіндеу өнері адам денесінің, дүние бітімінің әдемілігін, нәрсенің сымбатын балшықтан, гипстен, ағаштан, т. б. мүсіндейді. Сурет өнері адам мен табиғат құбылыстарының бір сәтін қаламмен, түрлі бояумен бейнелейді. Музыка – ән салу, күй тарту, адамның көңілін әсерлейтін түрлі саз өнері.

Музыка, әдебиет, сәулет, мүсін, сурет (сұнғат), т. б. – бұлар өнер болып табылады. Өнер өмір шындығын көркем образдар ар-

қылы өңдеп, түрлендіріп, көркем өзгертіп бейнелейді. Бұл – оның басты ерекшелігі. Олардың әрқайсысының құралдары да әр түрлі. Әдебиеттің құралы – сөз, суреттің құралы – бояу, музыканың құралы – әуенді дыбыс, т. б.

Көркем әдебиет адамның тілімен берілетіндіктен, өнердің барлық түрлерінің әсерін тудыра алады. «Дүниенің көрінген хәм көрінбеген сырын түгендеп білмесе, адамдықтың орны болмайды» деп Абай айтқандай, көркем әдебиет бізді адам өмірі, әлемнің сырлары, табиғат келбеті туралы көрінетін және көрінбейтін ұғымдармен сусындата алады, ішкі сезімді аңғарып, сезінуге үйретеді. Сонымен бірге көркем әдебиетте автордың өз көңіл қалауын өз көзқарасы тұрғысынан жеткізетінін білгеніміз дұрыс.

Көркем әдебиеттің әр түрін жақсы танып білген адамның көркем шығарманы дұрыс түсінуге дайындығы болады. Бесінші сыныпта біз оның өлең, дастан, әңгіме, повесть, роман сияқты түрлерін (жанр) білетін боламыз. Жанрдың ерекшеліктерін аңғара отырып, шығарманы көркемөнер түрі ретінде қабылдауға үйренеміз, олардың авторлары туралы түсінік аламыз. Абай Құнанбайұлы, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Мұқағали Мақатаев, т. б. қазақ ақын-жазушыларының, Д. Дефо, А.С. Пушкин, Ш. Айтматов сияқты шетел ақын-жазушыларының шығармаларын оқимыз.

Сондай-ақ әдебиеттің үлкен бір түрі – ауыз әдебиетінің үлгілерімен де танысамыз. Сөйтіп әдебиеттің әр түрін біліп, көркем әдебиет туралы тұтас түсінік аламыз. Көркем әдебиет үлгілерін оқу арқылы біз өзіміздің ішкі рухани қазынамызды байыта түсеміз. Білімнің және адамгершілік қасиеттердің жаңа биіктеріне көтерілеміз. Дұрыс оқып, сауатты жазуға одан өрі жаттығамыз.

Өзінді-өзің күтіп, өзінді-өзің түзеп, жетілдіретін, жақсы адам болуға ұмтылдыратын оқулық – әдебиет оқулығы. Әдебиет оқулығын ерекше ынта-ықыласпен, күшті қызығушылықпен оқысандар, өздерің үшін өнегелі тағылым аласындар. Көркем шығармадағы кейіпкерлер сенің ең жақын досыңдай болып кеткенін өзің де байқамай қаласың.

Ал, ендеше, іске сәт дейміз!



ӘДЕБИЕТ ДЕГЕН НЕ

Әдебиет – өнердің бір түрі. Әдебиет – араб сөзі, ол «үлгі сөз» деген мағынаны білдіреді. Ахмет Байтұрсынов әдебиетті «асыл сөз» деп атаған. Ол: «Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы айрықша ең беріп айта білсек, сол сөз өнері болады», – деп айтып кеткен еді. Қазақ халқы сөз өнерін өте қатты қадірлеген. Сондықтан халқымыз: «Өнер алды – қызыл тіл» дейді. Әдебиет деп, негізінен, көркем шығармаларды атайды. Дәлірек айтқанда, көркем шығармаларды көркем әдебиет дейді.

Әдебиетте адам туралы, адамдардың өзара қарым-қатынасы туралы, өмірдің сан алуан қырлары туралы, табиғат құбылыстары туралы халықтың ойы, арманы, қиялы, түсінігі көркем түрде бейнеленеді. Осы көркем бейнелеуді **көркем образ** дейді. Демек, көркем образ дүниені танып білудің бір түрі болып табылады. Әдебиет әуелде ауызша айтылып, есту арқылы қабылданып, ауызша таралды. Сонымен бірге ерте замандардан бастап-ақ әдебиет жазба түрде де тас ескерткіштерде, діни жазбаларда пайда бола бастады. Жазу-сызу дамыған уақыттарда әдебиеттің жазба түрі қалыптасты.

Әдебиет – жоғарыда айтылғандай, өмір шындығын көркем өндейтін өнер. Оның өңдеушісі – қаламгер. Қаламгер өмірдегіні көшіріп беруші емес, оны өндеп, көркемдеп жеткізуші. Қаламгердің жазғанын өмірдің өз шындығы деп емес, көркемдік шындық деп түсінеді. Қаламгер өзінің көркемдік шындығын оқырманды иландырып, ырқына баурап әкететіндей етіп жазады. Сол үшін алуан түрлі көркем сөздерді қолданады. Сөйтіп, көркем шығарманы біз белгілі бір қаламгердің **көркемдік әлемі** деп танымыз.

Өнердің басқа түрлері сияқты әдебиет те адам өмірі үшін аса қажет. Оның танымдық және өнегелік қызметтері өте зор. Көркем әдебиетті оқу өмірлік тәжірибемізді байытады. Әдебиет өткен дәуірлер мен өз заманымыздағы оқиғаларды, адам даналығын, оның әсемдігін бізге ақылмен саралап, сезіммен сезінуге мүмкіндік

береді. Миллиондаған адамдар әдебиеттен жанына қуат алады. Үлгілі әдеби кейіпкерлер өмірдегі бар адамдай әсер етіп, оқырманның ақылшы досына айналады.

Әдебиет ойды да, сезімді де тәрбиелейді, мінез-құлықты қалыптастырады. Оқырман жағымды бейнелерге еліктейді, одан үлгі алады. Сонымен бірге қаламгердің келеңсіз, жағымсыз құбылыстарды адамгершілік тұрғыдан әшкерелеуі арқылы оларға сын көзімен қарауға үйренеді.

Оқырман қаламгер бейнелеген құбылыстарды, кейіпкерлерді өзінің қиял көзімен көреді, сөйтіп оның көркемдікті тану қабілеті артады. Әдебиетті оқу ойлауға жаттықтырады, оқырманның тілін байытып, әдемі сөйлеу дағдысын жетілдіре түседі. Сонымен, әдебиет адамзаттың сан ғасырлық өнеге-үлгісін, мәдениет-білімін жинақтайды, сондықтан ол адам үшін – білімнің қайнар көзі, өзін-өзі тәрбиелеп шыңдаудың таптырмас құралы. Әдебиет қоршаған дүниені танып білуге, ой-сезімді жетілдіруге, өмір жолын дұрыс таңдауға ықпал етеді.



әдебиет – үлгі сөз, асыл сөз

кейіпкер – көркем шығарманың қаһарманы

көркем образ – өмірдің, дүниенің көркем бейнесі, дүниені танып білудің қиялдағы көрінісі

көркемдік шындық – қаламгердің ойдан шығарылған шындығы немесе көркем идеяларының әлемі

тас ескерткіштер – тарихи және мәдени маңызы бар тастар

қаламгер – автор

жағымды бейне – ұлы мұраттар арқалаған кейіпкер

сабағат – кеңес, консультация

сурет (сұңғат) – бейнелеу өнері



Көркем шығарманы қаламгердің ойдан шығарған көркем әлемі, көркем шындығы деп түсініңдер.

Әдебиет – білімнің қайнар көзі, өзін-өзі тәрбиелеудің таптырмас құралы.

Әдебиет қоршаған дүниені танып білуге, ой-сезімді жетілдіруге, өмір жолын дұрыс таңдауға көмектеседі.

Өнер алды – қызыл тіл. Сондықтан кітапты көп оқыңдар, сол арқылы тілдеріңді байытып, ойларыңды ұштай түсіндер.



1. Өнердің түрлерін ата. Кинода өнердің қандай түрлері қолданылады деп ойлайсың?
2. «Әдебиет» сөзін А. Байтұрсынұлы не себепті «асыл сөз» деп атаған?
3. «Өнер алды – қызыл тіл» деген мақалдан қазақ халқының қандай қасиеті аңғарылады?
4. Бір нәрсе турасындағы пікіріңді жай ғана айт, одан соң оған оң беріп айт. Екеуін жазып, салыстыр. Соның қайсысы сөз өнері болады?

5. «Қаламгер» деген кім? Оның жазған шығармасын өмір шындығы дейміз бе?
6. Әдебиеттің адамдар үшін маңызын айт.
7. Өзің оқыған шығармадан қандай әсер алғаныңды еске түсіріп, қысқаша жаз.



Әдебиет – «үлгі сөз», «асыл сөз» деген ұғымды білдіреді. Көркемдік шындық деп қаламгердің өмір шындығын өңдеп, өзінше көркемдеп жазуын айтады.



«Әдебиет» деген ғажап әлемді қалай түсінесің?

Үлгі:

Әдебиет!

Амансың ба?!

Сенімен кездесіп, танысқаныма қуандым. Мен сенімен, сөз жоқ, дос боламын. Менің болашақта үлкен адам болуыма сен көмектеседі екенсің. Сөзден жасалған көркем сарайдың ішінде болу, ертегі кейіпкерлерімен бірге қиял әлемінде өмір сүру қандай ғажап!

(Өз ойларыңды көркем тілмен жазыңдар)

ҚАЗАҚТЫҢ ӘДЕБИЕТ ФОЛЬКЛОРЫ

Фольклор – халықтың ауызша тудырып, ауызша таралып, ауызша сақталып келген шығармашылық өнері.

Ол жазу-сызудан бұрын пайда болған. Халық өз ұрпағына қоршаған әлем, дүние, өмір туралы түсінік-танымын, ұғымын, ой-сезімін, көңіл күйін ауызекі түрде сөз өнерімен, музыка өнерімен, т. б. өнер түрлері арқылы жеткізіп отырған. Оларды фольклор деп атайды.

Фольклор – ағылшын сөзі, «халықтың ауызша шығарған шығармасы» деген мағынаны білдіреді.

Фольклордың музыкалық фольклор, әдебиет фольклоры, т. б. түрлері бар. Әдебиет фольклорын **ауыз әдебиеті** дейді.

Ауыз әдебиеті, қай халықта болса да, жазба әдебиетінен ерте, көне дәуірлерде-ақ туған. Мысалы, қазақ халқының «Ер Төстік» ертегісін қадым замандар туындысы деуге болады. Ондағы көл ұрттағыш көлтауысар, тың тыңдағыш саққұлақ, көзді ашып-жұмғанша жеткізетін самұрық, тауды тауға қосатын таусоғар сияқты күштер – ертедегі адамдардың өмірді жеңілдетуді арман еткен қиялдары, табиғат сырын түсінуге ұмтылыстары. Осылайша ауыз әдебиеті халықтың әр кездегі дүниетанымын білдіріп отырды.

Ауыз әдебиетінде ертегі-жырларды шығарушылардың аты-жөні ауыздан-ауызға көшу барысында бірте-бірте ұмыт болып,

сақталмайды. Сол себептен де, ауыз әдебиеті шығармаларын шығарушы халық болып табылады және ауыз әдебиетін **халық ауыз әдебиеті** деп те атай береді.

Ауыздан-ауызға ауызша тарағандықтан бір шығарманың, мысалы, бір ертегінің әр түрлі нұсқада айтылуы көп кездеседі. Ертектің тыңдаған құймақұлақ оны екінші бір жерге барып өзі баяндайды. Сонда ол өзі естігенінің ұмытқан жерлерін өзінің жанынан шығарып, толықтырып жібереді. Сонымен бірге ертекке өзінше жаңа оқиғалар ойлап шығарып, қосып айтады. Міне, осылайша ауызекі тарайтындықтан, ауыз әдебиеті шығармалары бірнеше нұсқада тарап кете береді. Уақыт өткен сайын оны әр ұрпақ өзінше толықтыру, өңдеу, көркемдеу, сұрыптау арқылы жетілдіріп отырады. Бізге ауыз әдебиеті шығармалары осылайша сұрыпталып жеткен.

Ауыз әдебиетінде халықтың өмірі, қоғамның дамуы кең көрініс тапқан. Сол себептен оны халық өмірінің шежіресі, тарихы десе де болады. Ауыз әдебиетінде халықтың әр кездегі дүниетанымы, табиғат және қоғам құбылыстары туралы түсініктері, оны жеңілдетуді, жақсартуды армандаған қиялдары, басынан кешірген күрестартыстары, ерлік істері, түрлі қиыншылықтары, жақсылық-жамандығы, қуаныш-реніші көркем бейнеленіп отырған. Ауыз әдебиетінен өткенімізді біліп, бүгінгі заманда қол жеткен жетістіктерді аңғарамыз.

„ Ауыз әдебиеті дүние туралы мол таным берумен бірге тәрбие құралы да болған. Ол жас ұрпақтың жүрегіне туған ата-анасын, бауырларын, адам баласын, елін, жерін сүю сезімдерін екті. Ел басына күн туғанда, ел қорғаған, жерін жауға тапталпаған батырлықты, ерлікті дәріптеді. «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» сияқты батырлар жырында отансүйгіштікті үлгі етті. «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді», «Жалаңаш бар да, жауға шап, ажалың жетпей өлмейсің» деген сияқты көптеген мақалдарда намыс, ар-ұят, ерлік, әжеттік, т. б. қасиеттерге тәрбиеледі.

Ауыз әдебиеті шығармаларының тілі көркем, сұлу әрі бай келеді. Әдемі сөздерді қолдану арқылы олардың адамға әсері күшейтіледі. Ауыз әдебиеті жас ұрпақты тілмарлыққа, шешен сөйлеуге үйретті.

Ауыз әдебиетінің түрлері көп. Оның негізгілері мыналар:

- тұрмыс-салт жырлары;
- мақал-мәтелдер;
- жұмбақтар;
- жаңылтпаштар;

- ертегілер;
- батырлар жырлары немесе эпостық жырлар;
- ғашықтық жырлар немесе лиро-эпостық жырлар;
- айтыс өлеңдер;
- аңыз әңгімелер және т. б.

Ауыз әдебиеті қарасөзбен де, өлең сөзбен де айтылады, кейде екі түрде аралас баяндалады.



Фольклор – ауызша шығарылған халық шығармасы

қадым – баяғы, ертедегі

көлтауысар – ертегілердегі қаһарман

самұрық – ауыз әдебиетінде айтылатын алып құс

эпостық жыр – батырлар туралы жыр

лиро-эпостық жыр – ғашықтық туралы жыр

аңыз әңгіме – әдеттегіден тыс айрықша оқиға туралы әңгіме



Фольклордың музыкалық, әдебиеттік, т. б. түрлері болады.

Әдебиеттік фольклор – ауыз әдебиеті деп атала береді.

Ауыз әдебиетінің түрлері: тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, батырлар жыры, ғашықтық жырлар, аңыз әңгімелер, т. б.



1. Фольклор мен ауыз әдебиеті бір ұғым ба?
2. Ауыз әдебиетінің қандай белгілері бар?
3. Ауыз әдебиеті шығармаларының түрлі нұсқада кездесуі не себептен?
4. Мына жоспар бойынша әңгімеле:
 - а) Ауыз әдебиеті – халық өмірінің шежіресі;
 - ә) Ауыз әдебиеті – тәрбие құралы;
 - б) Ауыз әдебиетінің түрлері;
 - в) Ауыз әдебиетін неге халық ауыз әдебиеті деп те айтуға болады?



Фольклор – ағылшын сөзі. Халықтың ауызша шығарған шығармасы деген сөз.

Ауыз әдебиеті – фольклордың бір түрі. Фольклордың музыкалық фольклор сияқты басқа да түрлері болады.

Жанр – әдебиеттің мазмұндық, құрылымдық, пішіндік, т. б. белгілері ортақ бір түрі деген ұғымда қолданылады.

ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫ

Қазақ ауыз әдебиетінің үлкен бір саласы – тұрмыс-салт жырлары. Күнделікті тұрмыста өлең айту қазақтың ең қасиетті салты болған. Ондай өлеңдерді, жырларды сондықтан да тұрмыс-салт жырлары деп атайды.

Тұрмыс-салт жырларында халықтың өзіне тән тұрмысы, тіршілігі, салт-дәстүрі сөз болады, төрт түлік мал және басқа жануарлар туралы, наурыздағы, көктемдегі ел қуанышы туралы жырлар айтылады. Тұрмыс-салт жырларының тағы бір түріне **бесік жыры, тұсаукесер жыры, жар-жар, тойбастар, беташар, бата-тілек, жоқтау** сияқты салтқа байланысты туған жырлар жатады.

Тұрмыс-салт жырларының төрт түлік малға, басқа жануарларға арналған түрлері көп.

Төрт түлік мал қазақ халқының күнкөрісінің көзі еді. Ол сауса – сүт, сойса – ет, мінсе – көлік, кесе – киім болған. Сондықтан қазақтар малды аса қадірлеп, ол туралы сан алуан тамаша жырлар тудырып отырған.

Малдың өз төліне мейірленуін айту арқылы («Қой сүйеді баласын «қоңырым» деп») адам баласы өзінің де малға ерекше қарайтындығын білдіреді.

САЛТ ӨЛЕҢДЕРІ

Тойбастар

Бағлан серке – марқасқа қой бастайды,
Қой алдында жануар ойкастайды.
Құтты тойға кез болған жолды жігіт,
Бұрынғының жолымен той бастайды.

Құнан қойын шайлатып сойдырған үй,
Табак-табақ ет тартып тойдырған үй,
Сәтті күні сәрсенбі той қылыпсыз,
Құтты болсын тойыңыз, той қылған үй!..

Қотан толып қойыңыз қойға ұlassын!
Қырға сыймай шуласып, ойға ұlassын!
Құтты болсын айтамыз тойыңызға,
Той иесі, тойыңыз тойға ұlassын!..

Белгілі бұл қазаққа тілдің желі,
Той қылдың жұрт жиналған мерекелі.
Сәрсенбі сәтті күні той қылыпсыз,
Тойыңыз тойға ұlassын берекелі!..



1. Жыр үзіндісіннің тұтас мәнін айт.
2. Тойбастар өлеңдерінің құрылымына, ұйқасына, ырғағына назар аудар.
3. Өлеңнің барлық тойда да айта беруге болатынын мұғалімнің көмегімен дәлелде.
4. Өзің білетін тойбастар жырын жатқа айтып көр.

БАТА-ТІЛЕК ЖЫРЛАРЫ

Тұсаукесер

Қаз-қаз, балам, қаз балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Күрмеуіңді шешейін,
Тұсауыңды кесейін.

Қаз-қаз, балам, қаз балам,
Тақымыңды жаз балам.
Қадамыңа қарайық,
Басқаныңды санайық.

Қаз-қаз, балам, жүре ғой,
Балтырыңды түре ғой.
Тай-құлын боп шаба ғой,
Озып бөйге ала ғой.

Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың.
Өмірге аяқ баса бер,
Асулардан аса бер.

Бата

Ала биен құлындап,
Алатауға сыймасын.
Қара биен құлындап,
Қаратауға сыймасын.
Айың тусын оңыңнан.
Күнің тусын солыңнан.
Мал қосылсын малыңа,
Бас қосылсын басыңа,
Кетпесін дәулет қасыңнан.



1 сурет. Бата беру.

марқасқа – нағыз мықты, зор
жолды жігіт – *мұнда* жолы болған жігіт
бұрынғының жолымен – дәстүрге айналған салт
құнан қойын шайлатып – шайдың өзіне құнан қой сою
сәрсенбі – қазақтардың түсінгінде жақсы істі бастайтын сәтті күн деп есептелген
қотан – қой жататын жер
тілдің желі – *мұнда* тілдің қуаты, күші

Тұрмыс-салт жырлары – халықтың тұрмысы мен салтына байланысты туған жырлар. Олар еңбек пен кәсіпке, әдет пен ғұрыпқа байланысты тақырыпта сол мазмұнда айтылады.

Бөдік жырлары – әр түрлі ауруларды емдеу ниетімен айтылатын өлең-жырлар.

«Мен өз халқымның салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын құрметтеймін» деген тақырыпқа шағын шығарма жазыңдар. Ол шығарма мүмкін былай басталады. Өз сезімді қысылмай жазып үйрен.

Үлгі

Менің халқым!

Мен үшін әлемде оған жетер халық жоқ. Халқымның бар болмысы, мінез-құлқы, атап айтқанда: ақ жүрек дарқандығы, қонақжайлығы, жомарттығы, досына адалдығы бәрі ұнайды.

Ең кереметі – баласын бесік жырымен тербеткен ананың әлди. Ол тұрмыс-салт жырына жатады екен. Анамның мейірімге толы жүзі маған деген махаббаты, жүрегімді тербеткен нәзік үні... Не деген ғажап дүние десенізің!

ТӨРТ ТҮЛІК МАЛ ЖАЙЫНДАҒЫ ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАР

Б.Е.Н

ҚБ:Ш

Қазақ халқында түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі малдарының жиынын **төрт түлік мал** деп атайды. Төрт түлік қазақ үшін көлікке, тамаққа әрі киімге жараған. Сондықтан халқымыз оларды аса қадірлеп, бағып-күткен, олар туралы көптеген өлең-жырлар шығарған.

Төрт түлік туралы жырларда қадым замандағы халық санасының көріністері елес береді. Табиғат құбылыстарының, оның ішінде жан-жануарлардың барлығының иелері бар деп білген. Соларға жалбарыну арқылы молшылық тұрмысқа жетуді ойлаған. Мысалы, түйе иесі – Ойсылқара, жылқы иесі – Қамбарата, сиыр иесі – Зеңгібаба, қой иесі – Шопаната деп санаған. Осы себептен, мал басының аман болуы, көбеюі солардың қолдауымен болады деп түсініп, олардан көмек, медет тілейтін өлең-жырлар шығарған. Сөйте тұра, қасиетті иелердің шарапатымен бірге, малды бағып-күту керек деп, аянбай еңбек етуге шақырған. «Мал баққанға бітеді» деп өсиет айтқан. «Жайылатын өрісі, күтімі, бағып-қағуы, қарауы дұрыс болғанда ғана мал бітеді» деген тұжырым жасаған.

Халықтың төрт түлікті аса қадірлейтіні оның тілінде де көрініс тапқан. Мысалы, балаларын «ботам», «қозым», «құлыным» деп еркелетіп аймалаған. Бұдан біз қазақтың ботаны, қозыны, құлынды аса жақсы көретінін аңғарамыз. Сондай-ақ өнерпаз адамға «дүлдүл, тұлпар» деп, батыр да күшті жігітке «жігіттің нары» деп сүйсінетінін білдірген.

Сөйтіп төрт түлік қазақ тұрмыс-салтында аса маңызды, бағалы, ардақты болған. Сол себепті, олар туралы небір әдемі өлең-жырлар тудырған.

Малдың баласын сүйюі

Қой сүйеді баласын «қоңырым» деп,
«Ештеңені білмеген момыным» деп.
Сиыр сүйеді баласын «торпағым» деп,
«Қараңғыда баспаған қорқағым» деп.
Түйе сүйеді баласын «боташым» деп,
«Жаудыраған көзіңнен тоташым» деп.
Ешкі сүйеді баласын «лағым» деп,
«Тастан-тасқа секірген шұнағым» деп.
Жылқы сүйеді баласын «құлыным» деп,
«Тұлпар болар жүгірген жұрыным» деп.

Шопанатаға

Шаруаның бір түлік пірі – Шопан,
Келтірмегін, пір ата, қойға топан.
Қойды аңдыған бәленің бәрі құрып,
Бықбырт тиіп, үні өшсін қасқыр апан...

* * *

Ай мүйізі шақпақтай,
Шүйделері тоқпақтай,
Тегене құйрық қошқарлы,
Малды берсең қойды бер!..
Ашпақ қана сүті бар,
Шағаладай құрты бар,
Шопаната баласы,
Қойлар бассын үйінді!
Қойлар басса үйінді,
Қоймай бассын үйінді!

Қамбаратаға

Шаруаның бір пірі – Қамбарата,
Тілегенде өзің бер атқа бата!
Үйір-үйір жылқыны шұрқыратып,
Ойдан-қырдан арқансыз әкеп мата!

Тағы бір тілек тілейін,
Шын бергенің білейін.
Өңкей ала шұбардан,
Жал-құйрығы шұбалған,
Айғыр берсең, – байсалды,
Үйірі толған байталды,
Өңкей мама бие бер,
Сауған сайын иіген.
Биесі бұтын жимасын,
Көнекке сүті сыймасын.
Ұзара берсін желісі,
Кеңі берсін өрісі...
Қамбарата баласы,
Жылқы бассын үйінді!
Жылқы басса үйінді,
Жимай бассын үйінді!

Зеңгібабаға

Шаруаның бір пірі – Зеңгібаба.
Сиыр берсең, сүтті бер өңкей мама!
Кең өріске шұбыртып өзің бағып,
Кешке жақын қотанға әкеп қама!

* * *

Сөйгел тисе, мөңкіген,
Оқыра тисе, жөңкіген,
Ала бас жіп естірген,
Мұрнын тура тестірген,
Құйрығында шоғы бар,
Саздау жерге тоқтаған,
Үй арасын ластаған.

* * *

Тағы бір тілек тілейін,
Бергенінді білейін.
Қос жегуге жарамды
Ылғи бойшаң өгіз бер,
Жұп-жұбымен егіз бер.
Бұқалары өукелі,
Шүйделері білеудей,
Аяқтары тіреудей,
Әр түстен ыңғай сегіз бер...

Сиыр деген мал екен...
Дауысы бар азандай,
Желіні бар қазандай,
Мүйізі бар жылтылдақ,
Буыны бар сыртылдақ,
Зеңгібаба баласы,
Сиыр бассын үйінді!
Сиыр басса үйінді,
Сыймай бассын үйінді!

Ойсылқараға

Шаруаның бір пірі – Ойсылқара,
Түйені өсір жарылқап, болып пана!
Ит-құс, пәле, індеттен аман сақтап,
Топ-топ қылып боталат, аруана!

Және бір тілек тілейін,
 Ойдан-ойға бошалап,
 Сансыз іңген боталап,
 Боталарын өсіртіп,
 Салтанатпен көшіртіп,
 Қоныстан-қоныс таңдатып,
 Бергенінді білейін,
 Қотанға сыймас түйе бер,
 Түйе берсен, үйе бер!

Жатқан жері даладай,
 Азу тісі қаладай,
 Екі өркеші баладай,
 Қаршылдаған бурасы,
 Жалбыраған шудасы,
 Жібектен болсын бұйдасы.
 Шудаларын шаң басқан,
 Төрт аяғын тең басқан,
 Екі өркешін қом басқан.
 Алабота, теріскен,
 Тілін тікен теспеген,
 Көшкенде жонды шандатып,
 Жақсы жайға қондырсын,
 Шаруаны толтырсын!
 Көзі жарық жұлдыздай,
 Мойны иілген қобыздай,
 Құйрығы ұзын қамшыдай,
 Шудасы бар жамшыдай.
 Мауың-мауың маң басқан,
 Мұрындығы келіскен,
 «Шөк!» дегенде, «бық!» деген,
 Шешіп үйін жүктеген,
 Ойсылқара баласы,
 Түйе бассын үйінді!
 Түйе басса үйінді,
 Кие бассын үйінді!



медет – демеу, сүйеніш, таяныш
шарапаты – көмегі, жәрдемі, қайырымы, мейірімі
өкеп мата – өкеп байла

жұрын – өзінің бір белгісі, жұрнағы ретінде көру. Тігілген киімдерден қалған не иленген жылқы терісінің қиындысы.

пір – діни ұғым: қолдап-қорғаушы рух, аруақ

топан, топалаң – қойда болатын жұқпалы кесел, індет

бықбырт тию – шөт-шөлекейін шығару, қыран жапқандай болу

шүйде – бастың желкеден жоғары жері

шақпақтай – бұл жерде: зор, үлкен

тегене құйрық – үлкен құйрық

көнек – көбінесе бие саууға арналған көн теріден жасалған шүмегі бар ыдыс

байтал – екі, үш жас аралығындағы құлындамаған ұрғашы жылқы

қотан – мал түнейтін орын

сәйгел – жазда сиыр малына маза бермейтін сона

оқыра – сиыр малының терісінің астында өсіп жетілетін өте зиянды сәйгел құрт, оқалақ

жапа – сиыр мен түйенің жас не кепкен қиы

қос жегуге – парлап жегуге

әуке – сиыр малының мойын астындағы салбыраған бұғақ терісі

індет – жұқпалы ауру, кесел, дерт

аруана – таза тұқымды, бір өркешті түйенің ұрғашысы

бошалау – ұрғашы малдың (інген, сиыр, бие) төлдер алдындағы шыдамсызданып оңаша жерге кетіп қалуы

бура – айыр түйенің келеге түсетін еркегі

шуда – түйенің өркешіне, желкесіне, тамақ астына шыққан ұзынша қылшық жүні

бұйда – түйенің не өгіздің мұрындығына тағылатын бас жіп

жамшы – жамылғы, жапқыш



Төрт түлік: түйе, жылқы, сиыр, қой-ешкі.

Төрт түлік иелері – ерте дәуірлерде халқымыз тәңірлік нанымда болған. Тәңірлік наным деген отқа, суға, көкке, айға, күнге, т. б. с. с. күштерге табынып, солардан түрлі апаттардан, бақытсыздықтардан аман сақтауды тілеп жалынған. Төрт түлік иелері Қамбарата, Зеңгібаба, Ойсылқара, Шопаната, Шекшеката (ешкі малының жарылқаушысы) сияқты ұғымдар да сондай күштер болып табылады.



1. Төрт түлікті халқымыз неге қадірлегені туралы шағын әңгіме құрап айт.
2. «Төрт түлік мал иесі» деген ұғымды түсіндір.
3. «Малдың баласын сүюі» өлеңін мөнерлеп оқып, жатқа айтып үйрен, өзіңнің ішкі сезімдеріңді дауыс және үнді құбылтумен білдіруге тырыс.
4. Қойдың жауы не екенін «Шопаната» өлеңінен тауып айт. Мұнда қойдың пішіні қалай берілген? Адамға қандай тілек айтылған?
5. Қойды неге «Шопаната баласы» деп атайды?
6. Қамбаратаға қандай тілек айтылатынын мәтіннен тап.
7. «Зеңгібаба» өлеңі бойынша сиыр малына сипаттама бер.
8. Төрт түлік туралы жырлардың аяқталуындағы ұқсастықты салыстырып, оның қандай тілектен туғанын айт.

9. «Ойсылқараға» өлеңі бойынша түйе малының сипаттарын шағын шығарма етіп жаз.

10. Төрт тулікке байланысты мақал-мәтелдерді жаз.



Көркемдегіш сөз қолданыстар деп көркем шығармада қолданылған әсерлі сөздерді айтады. Мысалы, «тастан-тасқа секірген», «ай мүйіз», «шағаладай», «ойдан-қырдан арқансыз әкеп мата», «сауған сайын иген», «желіні бар қазандай», т. б. сөздер көз алдына әдемі суреттер елестету үшін қолданылған. Бұларды белгілі бір затқа не құбылысқа өң беріп, көркемдеп түр дейміз.

Шекшекатаға

Шібегелер шігесі,
Қатпа келер шекесі,
Сойса, саны қалақтай,
Сауса, сүті бұлақтай,
Екі қонақ келгенде,
Ептеулісін қайтерсің.
Жалғыз қонақ келгенде,
Жараулысын қайтерсің.
Ауыл көшіп қонғанда,
Өрегенін қайтерсің.
Бөрі бақыр келгенде,
Көрегенін қайтерсің,
О бөріні көргенде,
Ысқырғанын қайтерсің.
Құйыршығын артына
Қыстырғанын қайтерсің.
Бөрі ала қашқанда,
Бақырғанын қайтерсің.
«Ойбай, ием, кеттім!» деп
Шақырғанын қайтерсің.

Қойды көсем бастайтын,
Өткелден үркіп саспайтын,
Қарағай мүйіз серкелі,
Шүйде жалды, желкелі,
Шекшеката баласы,
Ешкі бассын үйінді!
Ешкі басса үйінді,
Кешке бассын үйінді!

Төрт түліктің кеңесі

- Сыыр: – Қалың құрақ нуға бітем,
Қоры үзілген қуға бітем.
Қой: – Күнгейлі қара тасқа бітем,
Шаруа қуған басқа бітем.
Жылқы: – Бетегелі белге бітем,
Найза ұстаған ерге бітем.
Түйе: – Жалмаң құлақты сорға бітем,
Ел ішіндегі зорға бітем.



Шібеге – бұл жерде: кішкентай асық



1. Төрт түлік туралы өлең-жырлар бойынша «Төрт түлік – қазақтың асыл қазынасы» деген тақырыпта шағын сипаттама жазындар.
2. Өзіңнің жақсы көретін төліңе арнап әңгіме жаз.

Үлгі:

Менің құлыншағым

Жазғы демалысымды асыға күтіп жүрмін. Ауылда мені атам, әжем және Айжорға күтіп жүр. Айжорға – менің құлыншағым. Айжорға өмірге келгенде атам менен сүйінші сұрады. Мен оған «Айжорға» деген ат қойдым. Себебі, оның маңдайында ай секілді қасқасы бар екен, ал оның енесі жорға болатын. Менің Айжорға құлыншағым кейін бөйгеге түсіп, ең алдында келе жатады. Елдің аузында Айжорғаның ғана аты...

НАУРЫЗ ТУРАЛЫ ӨЛЕҢДЕР

Қазақ халқы да көптеген шығыс халықтары сияқты жылына бір рет күн мен түннің теңелген мерзімін мерекелейді. Ол мереке **Наурыз мерекесі** деп аталады. **Наурыз** – парсы сөзі, жыл басы деген ұғымды білдіреді. Ол күн «Ұлыстың ұлы күні» деп ардақталады. Наурыз мерекесі күні (әр жылғы наурыз айының 22-сі) бір-біріне жақсылық тілеп, өлең-жыр арнап, ән салады.

Халық қуанышында тұрмыстық себеп бар. Қыс бойы таршылықта күн кешкен малшылық өмір көктем туғанда кеңейіп, шаттыққа бөленеді. Мал көкке тойынып, елдің аузы аққа ілінеді. Бұл туралы Міржақып Дулатовтың былай деп жазғанынан біле аламыз:

«Дұрысында, қазақтың тамағы да, киімі де, үйі де, күйі де, көлігі де, отарбасы да, телеграфы да, телефоны да мал емес пе?! Малсыз қазақтың күні бар ма? Сол малын аман сақтау үшін қысқы аязда, ызғырық боранда бейнет шегіп, еңбек сіңіріп, малымен бірге жатып, бірге тұрып, бірге жүріп, бірге ығып, қыс қандай қысылса, жаз сондай жазылатын, жадырайтын шаруашыл, еңбекшіл қазақ

қыстың өткеніне, жаздың жеткеніне қалайша өзгелерден артық қуанбасын, жаздың басы жаңа күн – Наурызды қалайша мейрам етпесін».

Наурыз кезінде айтылатын өлеңдер – тұрмыс-салт жырларының бір тармағы. Олар **наурыз жыры** деп аталады. Наурыз жырларында малшылық кәсіпке ықылас пен сүйіспеншілік туралы да, еңбекті дәріптеу де, төрт түлікке деген мейірім де қоса айтылады.

Наурыз жырлары

– Амансыз ба?

Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын.

Қайда барса, жол болсын!

– Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлік ақты болсын!

– Ұлыс береке берсін,

Бөле-жала жерге енсін!

* * *

Ұлыс күні көрі-жас
Құшақтасып көріскен,
Жана ағытқан қозыдай,
Жамырасып өрістен.

Шалдар бата беріскен:
«Сақтай көр, – деп, – терістен,
Кел, таза бақ, кел, – десіп, –
Ием, тілек бер», – десіп...

* * *

Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар,
Ұлы кісіден бата алсаң,
Саған олжалы жол болар.

Наурыз жыры


Қар менен мұз еріді,
Жердің тоңы жібіді.
Жер астына құт кірді,
Қыс кеткенін ұқтырды.

Келді міне жыл басы,
Көрінді ұзын-ырғасы.
Қардың басын қар алды,
Молықты күннің шұғыласы.

Жеті, тоғыз дәм салып,
Наурыз көже қамдалық.
Би билесін қыз-жігіт,
Күй тартысып, ән салып.

Жас қосылсын жасыңа,
Бас қосылсын басыңа.
Сағынысқан қыс қысып,
Ағайын келсін қасыңа.

Ұлыс әр кез оң болсын,
Әр үйде ақ мол болсын.
Не тілесең сол болсын,
Қайда барсаң жол болсын!

 **Ұлыс** – наурыз мерекесінің ардақтап айтылған аты

бақты – бақ қонған

ақты – ақ мол болған

бөле-жала – жаманшылық ұғымының жиыны

жаңа ағытқан қозыдай – қазақ қой сауып, сүтін ішкен. Сондықтан қозыларды қойдап, яғни енелерінен бөліп, көгенде байлаған және бөлек баққан. Міне, мойындарындағы көгенін ағытқан қозылар өрістен келген қойларға жамырасып ұмтылысқан.


нем – жаманшылықтардан сақтаушы



Наурыз мерекесі күні жай күндері де есігі ашық, төрі кең қазақ халқы жомарт пейілін барынша көрсеткен. Қазан асып, наурыз көже пісіріп, елге дәм берген. Адам да, мал да, жер де тойынған күн болған. Үлкен кісілер, қадірлі қонақтар елге, жастарға ақ тілек айтып, бата берген. «Тілек, бата адамның жолын ашады» деген түсінік болған. Сондықтан да наурыз жырлары көбінесе тілек түрінде айтылып, батамен аяқталады.



1. Наурыз мерекесі қазақтар үшін неге аса ардақты? М. Дулатовтың сөзіне сүйеніп айт.
2. Қазіргі заманда Наурыз мерекесінің мәні несімен құнды деп ойлайсың?
3. Наурыз күні айтылатын әнгімелерді сызба бойынша айт.



4. Наурыз баталарын жаттап, салыстыр.
5. Наурыз жырларында не себептен бата-тілек мол орын алады деп ойлайсың?

Бозбалалар мен қыздар да Ұлыстың ұлы күні емін-еркін бас қосып, елді той-думанға бөлегенін мына өлең жолдарынан көреміз:

Есік алды қара су бойлағаным,
Жалғанның қызығына тоймағаным.
Көмілсем де кетер ме көкейімнен,
Қалқаммен Ұлыс күні ойнағаным.

Ауыл қыздары өздері жақсы көрген жігіттерге арнап соғымның қалған етін уызға салып пісіріп, «ұйқыашар» деп аталатын тамақ дайындайды.

Наурыздың қазақ халқының тамақтану мәдениетіне тікелей қатынасы бар. Наурызда соғымның қалған-құтқаны көжемен, сыбағамен бітеді, халық жаппай «қызылдан – аққа», яғни сүтті тағамдарға (айраң, қымыз, құрт, ірімшік, т. б.) көшеді. Сөйтіп көшпенді елдің қыс бойы етті, ауыр тағамдарды жеген асқазаны демалады. Жаздың ыстығында қазақ асқазанға жеңіл: қойдан – бағлан, байлар жылқыдан – тай, кедейлер ешкіден лақ жеген, бұл төлдердің еті қара күзге, күздік сойғанға дейін адам ағзасына жеңіл болған, мұны маусымдық тамақтану жүйесі деуге болады.

Наурыз тойында жігіттер мен бозбалалар қыздарға арнап «селт еткізер», «дір еткізер» деген сыйлықтарын ұсынады. Бұл сыйлыққа айна, тарақ, иісмай, күміс жүзік жатады. Айна – пәктік пен жастықтың, тарақ – әдемілік пен сұлулықтың, иісмай – бүршігін жаңа жарған жауқазындай құлшырудың, күміс жүзік – тазалықтың белгісі.

Халықтың мифологиялық түсінігінде, 21 наурыз түні даланы, үй-үйді Қызыр аралайды, сондықтан «Қызыр түні» деп аталады. Қызыр үй іші, қора-қопсысы, ауласы және де киген киімі, ішкен тамағы таза адамдарға қонады. Сол себептен жеке адамнан, отбасынан бастап ауылға дейін Наурыздың алдында кір-қондарын жуып, таза киімдерін киіп, үй ішін, қора-қопсысын тазалайды. Қызыр бас бармағы былқылдап тұратын ақ сақалды қария екен, амандасқанда бармағынан білуге болады деп жатады.

Қызыр ата табиғатты аралап жүріп, назары жерге түссе, қыстың тоң-мұзын ерітіп жібереді, ал тасқа түссе, тас та балқиды екен. «Самарқанның көк тасы еріген күн» Наурыздың басталуы екен.

Наурызды қарсы алудың бірінші нышаны – үлкендердің балаларға сұрау салуы:

Самалық, самалық,
Көк күс көзін ашты ма?
Аяғын жерге басты ма?
Самалық, самалық,
Самарқанның көк тасы
Жібді ме, көрдің бе?
Самалық, самалық,
Қап тауының көк құсы
Жүгірді ме, көрдің бе?

Қазақтардың астрономиялық түсінігі бойынша Жаңа жылда Күннің көзі көрінген уақыттан кейінгі екі сағат уақыт «күн сәті» деп саналады. «Егер кімде-кім Ұлыс күннің күн сәтінде күн шұғыласын маңдайымен тосып қарсы алса, оған Наурыздың құты дариды» деген дәстүрлі ұғымға сай Жаңа күнді қарсы алу салты қалыптасқан. Күлімдеп көрінген Күнге иіліп сәлем беріп, «құт дарысын» деп, айнала төңірекке ақ бүркіп тарасады.

Наурыз күні таңертең ертемен ерлер қолдарына күрек, кетпен, ал қыз-келіншектер құрт, ірімшік, сүт, піскен ет алып далаға шығады. «Бұлақ көрсен, көзін аш» деп қаумаласқан жігіттер төңіректегі бастаулардың көзін апса, «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын!», «Бір тал кессен, он тал ек!» деген қариялар бұлақ басына тал егеді. Әйелдер шығып келе жатқан Күнге төу етіп: «Армысың, қайырымды Күн-ана!» – деп иіліп сәлем береді. «Кеудесі түкті Жер-ана, құт дарыт, жарылқа!» – деп, ашылған бұлақ көзіне май құйып, жаңа егілген ағаштарға ақ бүркеді.

Ақ түйенің қарны жарылған бұл күні халық ішіндегі жас ерекшелігіне қарай қалыптасқан дәстүрлі ілтипат, ізеттер біршама жұмсарады. Тіптен, келіні қайын атасымен, күйеу баласы қайын енесімен әзілдесуіне болады. Наурыз күні бұндай іс көзге сөлекет көрінбейді. «Ұлыс күні қариялармен көрісем, батасын алсам, болашақ ұрпағыма олардың күш-қуаты дариды» деген сенім бойынша, бұл күні жас келіндер көп жасаған, балалы-шағалы, шежіре қарттармен көбірек көрісуге тырысады.



1. Өнер түріне жатпайтын сөзді белгіле:
 - а) музыка;
 - б) мүсін;
 - в) сәулет;
 - г) жиналыс.
2. Әдебиетті «асыл сөз» деп атаған адам кім?
 - а) М. Дулатов;
 - б) А. Байтұрсынұлы;
 - в) С. Торайғыров;
 - г) І. Жансүгіров.
3. Әдебиет өмір шындығы ма, әлде көркемдік шындық па?
4. Әдебиеттің адам өміріндегі маңызын айт.
5. Фольклордың қандай түрлерін білесің?
6. Ауыз әдебиетінің белгілеріне жатпайтын жауапты көрсет:
 - а) ауызша шығарылып, ауызша тыңдайды;
 - б) бір шығарма көп нұсқада кездеседі;
 - в) қаламгері белгілі.
7. Ауыз әдебиетінің түрлерін сызбамен көрсет.
8. Тұрмыс-салт жырларының түріне жатпайтын жауапты көрсет:

- а) төрт түлік туралы; в) жар-жар;
ә) наурыз жырлары; г) беташар;
б) бесік жыры; ғ) батырлар жыры.
9. «Қазақ халқының тұрмысы, ойын-сауығы өлең-жырсыз өтпейді» деген түсінікті таратып әңгімеле. Оны Абай сөздерімен дәлелде.
10. Төрт түлік иесіне жатпайтын жауапты белгіле:
а) Шопаната; в) Зенгібаба;
ә) Қамбарата; г) Күнкей.
б) Ойсылқара;
11. Мына өлең үзіндісінен көркемдегіш сөздерді көрсет.
Жатқан жері даладай,
Екі өркеші баладай.
12. Наурыз жырларында қандай ойлар айтылатынын өлеңдермен дәлелдеп бер.
13. Наурыз жырларының бәрінде кездесетін сөздерді айт.
14. Наурыз мерекесі өткен замандарда неге ардақты болған, қазіргі күндері оның маңызы қандай өзгерістерге ұшыраған?

МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕР

«Сөздің көркі – мақал» деген аталы сөз бар. Мақалдың көмегімен айтайын дегенінді ұнамды да ұтымды жеткізуге болады. Мысалы, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» (Абай) деп айтылған ақыл кімге ұнамайды дейсің?! Мақалды көп біліп, көп қолданатын адамдардың білімі де, ақылы да арта түседі.

Мақал-мәтелдер – ауыз әдебиетінің бір түрі. Мақал-мәтелдерде көбінесе нақыл, ақыл айтылады. Жаманнан сақтандырып, жақсыны үлгі етеді. Мақал-мәтелдердің мәндері, тақырыптары әр алуан: еңбек пен ерлік, жақсы мен жаман, достық пен қастық, ақыл мен өнер-білім, ынтымақ пен бірлік, Отан туралы, т. б. болып келеді. Халық өмірдегі өз бақылауларын қорытындылап, тұжырым жасап, ұйқасты сөздермен өнеге, үлгі боларлық мақалдар жасап отырған. Мақал-мәтелдер өлең сөз сияқты көркем, ұйқасып тұрады. Сөйлемдері өте ықшам, басы артық сөз болмайды, оның сөздерін басқа сөзбен алмастыруға келмейтін тұрақты болып келеді. Мәселен, «Ақыл – жастан, асыл – тастан» деген мақалдағы сөздердің орнына басқа сөз қойып немесе қосып, не болмаса алып тастап көрсендер, мағынасының мақал ретінде қуаты да, көркі де, мәні де бұзылып, өз сипатын жоғалтатынына көздерің жетеді.

Мақал-мәтелдерді сүйіп оқып, көңілдеріңе тоқып жүрсендер, сендердің де тілдерің байып, сөйлеген сөздерің сұлу, әсерлі шығады. Өздеріңе ұнаған, жандарыңа жақын мақал-мәтелдерді күнделіктіріңе жазып жүріңдер, кейін пайдасы тиеді.

Отан, туған жер, халық туралы

Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.

Отан үшін отқа түс – күймейсің.

Отанды сую от басынан басталады.

Көп түкірсе – көл.

Елдің көзі – елу.

Еңбек туралы

Еңбек түбі – береке.

Бейнет түбі – зейнет.

Ердің атын еңбек шығарар.

Еңбек етпесең, елге өкпелеме,
Егін екпесең, жерге өкпелеме.

Жылай-жылай арық қазсаң,
Күле-күле су ішерсің.

Еріншек егіншіден
Елгезек масақшы озыпты.

Ерлік, батырлық туралы

Ерлік білекте емес, жүректе.

Нар төуекел – ер ісі.

Ерді намыс өлтірер,
Қоянды қамыс өлтірер.

Көз қорқақ, қол батыл.

Ер – елімен жақсы.

Төуекел кемесі суға батпайды.

Шеге тағаны сақтайды,
Таға тұлпарды сақтайды,
Тұлпар ерді сақтайды,
Ер елін сақтайды.

Ынтымақ, бірлік, татулық туралы

Бірыс алды – ынтымақ.

Бірлік болмай, тірлік болмас.

Кеңесіп пішкен тон келте болмас.

Береке – бірлік барда.

Татулық – табылмас бақыт.

Достық, жолдастық туралы

Жігітті – жолдасынан таны.

Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.

Жолдасы жақсы жолды болар,
Жолдасы жаман қолды болар.

Дос жылатып айтады,
Дұшпан күлдіріп айтады.

Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа,
Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа.

Оқу, білім, өнер туралы

Жеті жұрттың тілін біл,
Жеті түрлі білім біл.

Өнер алды – қызыл тіл.

Көре-көре көсем боласын,
Сөйлей-сөйлей шешен боласын.

Жігіт бір сырлы,
Сегіз қырлы болсын.

Оқусыз білім жоқ,
Білімсіз күнің жоқ.

Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық.

Ұсталы ел озар,
Ұстасыз ел тозар.

Адамгершілік және жақсы-жаман мінез туралы

Кішіпейілдік – кішілік емес.

Бөле қуған бөлеге жолығады,
Жала қуған жалаға жолығады.

Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.

Сабыр – түбі сары алтын.

Сабырлы жетер мұратқа,
Асыққан қалар ұятқа.

Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш.

Жақсының ашуы – шайы орамал кепкенше,
Жаманның ашуы – басы жерге жеткенше.

Айдағаның бес ешкі,
Ысқырығың жер жарады.

Сумен ойнама – батарсың,
Отпен ойнама – жанарсың.

Қайтып кірер есікті қатты жаппа.

Талапты ерге нұр жауар.

Еңкейгенге еңкей –
Басың жерге жеткенше,
Шалқайғанға шалқай –
Төбең көкке жеткенше.

Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл.

Түстік жерге өтірік айтсаң,
Кешке ізіңмен барады.

Ас тасыса, қатық төгілер,
Ашу тасыса, ақыл төгілер.

Ақ жүрген азбас.

Тазалық – саулық негізі,
Саулық – байлық негізі.

Денсаулық – зор байлық.

Ауру батпандап кіреді,
Мысқалдап шығады. --

Мақтаншақ бар ақылын мақтанумен тауысады.

Ұрлық түбі – қорлық.

Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам.



зейнет – еңбек рақаты, жемісі, игілік

елгезек – айтқанды екі еткізбейтін, тіл алғыш, пысық

мұрат – алға қойған мақсат, арман, тілек

тәуекел – бір іске жалтақтамай батыл кіріскендік, белді бекем бұғандық

батпан – қолақпандай, үп-үлкен

мысқал – болар-болмас, азғантай, кішкентай

шөміш – ожау



Абай Құнанбайұлы: «Қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар», – дейді. «Алтын көрсе періште жолдан таяр», «Атың шықпаса, жер өрте», «Ата-анадан мал төтті, алтынды үйден жан төтті» деген мақалдардың ешқандай өнегелік мәні жоқ екенін айтады. Сендер де ондай мақалдарға сын көзімен қараңдар. Мысалы, «Атың шықпаса, жер өрте» деген мақалда шынымен де, ешқандай өнеге жоқ. Кейбір адамдар өзін-өзі көрсеткісі келіп, елдің алдына шығуға ұмтылып жатады. Сөзге де орынсыз араласып, ақылды көрінгісі келеді. Ол дұрыс емес.



Үнемшілдік жайында

Қасықтап жинағанды
Шөміштеп төкпе.

Керексізді сатып алсаң,
Кейін керегінді сатасын.

Тамшыдан тама-тама дария болар.

Тарта жесең тай қалар,
Қорқа жесең қой қалар,
Қоймай жесең нең қалар?

Отбасын, ата-ананы қадірлеу, үлкенді сыйлау

Ұлдың ұяты – әкеге
Қыздың ұяты – шешеге.

Әке көрген оқ жонар,
Шеше көрген тон пішер.

Ақылды қария – ағып жатқан дария.

Отбасы толған жансың,
Бір-біріңе мейман жансың.

Туған үйдің түтіні жылы.

Ағасы бардың – жағасы бар,
Інісі бардың – тынысы бар.

Үлкенді сыйласаң – қадірлі боларсың,
Кішіні сыйласаң – құрметті боларсың.

Төрт түлік мал, кәсіп, егіншілік туралы

Ер қанаты – ат.

Сиырдың сүті тілінде.

Түлік төлден өседі.

Жаздың бір күні

Қыстың мың күнін асырар.



Мақал – халық поэзиясының жанрлық түрі. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бере алатын ықшамды нақыл сөз. Мақалда ой тиянақты болады. Мақалдардың танымдық та, тәрбиелік те мәні зор. **Мәтелде** көбінесе айтылатын ойдың ұшығы, тұспалы ғана болады. Мысалы, «Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен». Мұндағы ой тиянақты емес.



1. «Сөздің көркі – мақал» дегенді қалай түсінесің? «Адам көркі – шүберек» дегенді ше?
2. Мақал-мәтелді неге ауыз әдебиетіне жатқызамыз?
3. Мақал-мәтелдің тақырыптарын еске түсір. Өр тақырыпқа үш мақал-мәтел айтып көр.
4. «Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас» деген мақалдың мәнін түсіндір.
5. Мақал мен мәтелдің айырмасын айт.
6. «Еңбек етпесең, елге өкпелеме» деген мақалды топ болып талдаңдар.
7. Мағынасы жағымсыз мақал-мәтел білесің бе? Білсең, дәптеріңе жазып қой. Мысалы: «Атың шықпаса, жер өрте» деген сияқты.
8. Үнемшілдік туралы мақал-мәтелді ата-анаңнан естіп көрдің бе?
9. Мақал халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі тәжірибесінен қорытылып, тапқырлықпен тұжырымдалған ақыл-кеңес, сынау-мінеу ыңғайында айтылған сөз екенін ескер.
10. Келтірілген мақалдарды оқып шығып, қай мақалдың қандай жағдайға байланысты айтылғанын, айтылуға тиіс екенін түсіндір.
11. Тура мағынасында емес, тұспалдап айту, ұқсата, бейнелеп айту мәнінде қолданылған сөздерге, сөз тіркестеріне мысал келтіріп көр.
12. Мақал-мәтелдерді жаттап алып, «Кім көп біледі?» жарысын өткізіндер.

ЖҰМБАҚТАР

Жұмбақ – ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан түрі. Ол – бір нәрсенің белгілерін екінші нәрсенің белгілері арқылы жұмбақтап айту өнері. Жұмбақ мақал-мәтел сияқты тапқтап, ұйқастырылып айтылады. Жұмбақтар өте ертеден келе жатқанмен, әр уақытта халық оның жаңа түрлерін ойлап шығарып отырған. М. Әуезов: «Жұмбақ – адамның дүниетану жолындағы ойының, қиялының шамасын білдіреді», – деген. Жұмбақ болатын заттар: аспан әлемі, жыл мезгілдері, қоршаған табиғат, тұрмыстық заттар, мал, жан-жануарлар, адам, оның дене мүшелері, еңбек құралдары, т. б. әр түрлі заттар мен құбылыстар, білім-өнер ұғымдары. Жұмбақтар соған байланысты тақырыбы жағынан да сан алуан. Өздерің де кез келген нәрсені жұмбақтап, ұйқасын келтіріп құрастыруларыңа болады. Ол үшін мына үлгілерге зер салып, жұмбақтардың құрылысын, мазмұнын, тіл қолданыстарын біліп алыңдар.

Жұмбақтар

Бір бұлбұл отырады салып әнді,
Жүруге аяғы жоқ, емес жанды.
Өнері қандай асқан деп ойладым,
Бір демде жер түбінен хабар алды.

Қашсам – құтылмадым,
Ұстасам – қолыма тұрмады.

Таңертен төрт аяқты,
Түсте екі аяқты,
Кешке үш аяқты.

Ти десем, тимейді,
Тиме десем, тиеді.

Бес жанды
бір жансызға мінгеседі,
Үстінде ақ тақырдың із кеседі.

Ұйықтайды ұлы түнде, күндіз қызы,
Жүргенде білінбейді басқан ізі.

Аяғы жоқ жүреді,
Сылқ-сылқ күледі.

Бес ін,
Бес іннің аузы бір ін.

Жаздай інге тығылып,
Жатқан қызыл түлкіні
Құйрығынан суырып,
Әкелді әжем бір күні.

Таңғаларлық бір ит бар,
Үй бағады үрмейді,
Аяғы жоқ жүрмейді,
Рұқсатсыз сол иттен
Ешкім үйге кірмейді.

Мұрты бар, сақалы жоқ,
Тоны бар, шапаны жоқ.

*(Радио. Көлеңке. Адамның сәби, жігіт, қарттық шағы.
Ерін. Қалам, адамның бес саусағы. Күн мен Ай. Бұлақ.
Қолғап. Сәбіз. Құлып. Мысық.)*

Бір түкті кілем,
Бір түксіз кілем.

Көп моншақ үй үстіне қойдым шашып,
Қарасаң толып жатыр көзің ашып.
Үйіме сәулеленіп түссе жарық,
Кетеді әлгі моншақ бәрі қашып.

Қыстай жегіп қос атты,
Көктем шыға босаттым.

Жерде жатып желіндейді,
Күз түскенше желінбейді.

Кезікті бір жануар,
Үстінде екі тауы бар.
Мойны ұзын, көзі үлкен.
Бұл не? Өзің тауып ал.

(Аспан мен Жер. Жұлдыз. Шана. Қауын. Түйе.)

Мінсең – желдей жүйткіді,
Көңілің таудай өседі.
«Алып ұшар алысқа
Ер қанаты» деседі.

Шидиген ұзын сирағы,
Тастай керең құлағы.
Сөйтп жүрп көп жерге
Аспалы тор құрады.

Таудан керуен құлап келеді,
Ағыл-тегіл жылап келеді.

Бір тлым боп туады,
Күннен-күнге толады,
Дөп-дөңгелек болады.

Ешбір тіреусіз күмбез,
Ешбір сүйеусіз күмбез,
Ешкім көтере алмайтын күмбез,
Ешкім төңкере алмайтын күмбез.

Ақ сандығым ашылды,
Ішнен жібек шашылды.

Айдаһар аузын ашса,
Арс етеді.
Гауһары жерге түссе,
Жарқ етеді.

(Ат Өрмекші Бұлт Аи Аспан. Күн. Наузағаи)

Алдым да әр түрінен жібек жіптің,
Аспанға өшекейлеп кесте тіктім.

Көзіңе көрінбейді,
Қолыңа ілінбейді.
Бірақ та құлағына
Ұдайы күбірлейді.

Дүниеде бір қарбыз бар солмайтұғын,
Жаз шырп, қыста үсіп тоңбайтұғын.
Жаһанның жерін, суын, жәндіктерін,
Ішп кең бәрін салса толмайтұғын.

Ішп жұмсақ, сырты қатты,
Еті қызыл, сүті тәтті.
Соғым үшін сайлап қойдым.
Бордақылап байлап қойдым.

Көкаланы көгенде көрдім,
Көгеннен қиып,
Жегенде көрдім.

Сары қозы, көк қозы,
Қарындары тоқ қозы.
Күздiгүнi көп қозы,
Қыстыгүнi жоқ қозы.


(Кемпірқосақ Жел Жер Қарбыз Қарбыз Қауын.)


Аттан биік,
Қойдан аласа.

Мүйізіне бір құшақ,
Пішенді іліп алады.
Шаруа баққан ұл құсап,
Ақырға шөп салады.

Жаурағанды күлдірер,
Өз еркіне жіберсен,
Дүниені бүлдірер.

(Ер тоқым Аиыр От Ғ)

 **бір демде** – тез арада, лезде, дереу
қайқы – қайқиған, имек
елеуш ұн, т б заттар елейтін елек
желіні – сүт қоректі жануарлардың сүт бездері
бордақылау – малды жемге байлау, семірту
көген – қой, қозы лақтарды мойындарынан желі арқанға қатарлап байлайтын бау жіптер тізбегі
ақыр астау, науа

 **Жұмбақ** адамның ой өрісін, алғырлығын, білімін сынау үшін бір затты не табиғат құбылысын тұспалдап айтатын ауыз әдебиетінің бір түрі
Жұмбақ қарасөз түрінде де, өлең түрінде де, ақындық айтыс түрінде де болады



- 1 Жұмбақтарды оқып, олардың тақырыбын, нені танытатындығын айт. Өздерін білетін жұмбақтармен толықтыр.
- 2 Жұмбақтың қысқа да, ұзақ та болатынын, оны біреу айтып, енді біреу шешу керек екендігін ескер.
- 3 Жұмбақ болған нәрселердің белгілері өзге нәрселерге ауыстырылып, ұқсаста бейнелеу екенін байқа, мысал келтір.

4. Жұмбақ болған нәрселерді екінші бір затқа теңеп, ұқсатып, қарама-қарсы қойып айтқан сөздерге мысал келтір.
5. Жұмбақтардың өлең түрінде құрылатынын, өлең жолдарының аяғы ұйқасты болатынын ескер.
6. Өзін жұмбақ құрастыр.
7. Бірнеше топқа бөлініп, білетін жұмбақтарыңды бір-біріне жасырып, шешіндер.
8. Қарбызды неше түрде жұмбақтағанын аңғар. Олардан қарбыздың қандай белгілерін таптың?

ЕРТЕГІЛЕР

Ертегілер ауыз әдебиетінің ең көне жанрына жатады. Бұларда көбінесе өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін, ойдан шығарылған оқиғалар баяндалады. Олар ауызша айтылып, ел есінде ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып, біздің дәуірімізге жеткен. Әр кезеңде ертегі айтушылар өз жандарынан ертегі мазмұнына жаңа оқиғалар қосқан. Сөйтіп ол үнемі жаңарып, толықтырылып, жетілдіріліп отырған.

Халық ерте кезде-ақ әрқашан зұлымдықты әділеттік жеңеді, адам табиғаттың асау сырларын біліп, амалдар қолдана алатын болады деп сенген. Жақсы өмірді аңсаған, қашықтарға тез жетуді, ғажап күшті болуды, көкке ұшуды, жер астына түсіп, асыл қазынасын алып, пайдалануды армандаған. Соның бәрі ертегілерге арқау болған. Сондықтан да ертегіде халық қиялы, арманы, даналығы, ғасырлар бойы жинақталған өмір тәжірибесі бар.

Ертегілер көбінесе қарасөз түрінде айтылады. Кейде өлең сөз түрінде де кездеседі (мысалы, Тазша бала айтқан өтірік өлең, Мағжан жазған «Жүсіпхан» ертегісі). Қарасөзді әңгіме күйіндегі ертегілерде тақпақтап айту жиі қолданылады. Олардан «Ерте-ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде» деген сияқты ұйқасымды келетін сөздерді көптеп табуға болады.

Ертегілердің, әдетте, басталулары ұқсас: «Баяғы өткен заманда бір кемпір мен шал болыпты», т. б. деп басталады. Бұл – ертегінің өзіне тән кіріспесі, алдын ала дайындалатын «құлақ күйі». Олар «Сөйтіп мұратына жетіпті» деп үнемі жақсылықпен аяқталады.

Ертегілердің хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, шыншыл ертегілер сияқты түрлері бар.

Хайуанаттар туралы ертегідегі негізгі кейіпкерлер аң, құс, үй жануарлары болады. Алайда олар адамға тән қасиеттер, әрекеттер иесі болып суреттеледі де, сол арқылы сұм, қиянатшыл,

дөрекі, арамза, қу мінез-құлықтар әшкереленеді, еңбексүйгіштікті, батылдықты, адалдықты сүйсіне әңгімелейді.

Ал қиял-ғажайып ертегілерде ер жүрек, батыр адамдардың басынан кешкен сан алуан ерлік оқиғалар баяндалады. Олар жеті басты жыланмен, жалғыз көзді дәумен, жалмауызбен, мыстан кемпірмен, небір құбыжықтармен күрес үстінде бар асыл қасиеттерімен көрінеді. Олар көкке ұшады, жер астына түседі, теңіздерден өтеді, азабы мол, қиын-қыстау ғажайып оқиғаларды ақыл, айла-тәсілін асырып жеңіп отырады. Осы жолда оларға Желаяқ, Таусоғар, Саққұлақ, Самұрық құс, Қарлығаш сияқты ізгі ниетті жандар болысады, ақылды ат, алып құстар жәрдемдеседі.

Ертегілердің тілі көркем, қарапайым, түсінікті, жеңіл келеді. Сен, құрметті жас дос, ертегінің осы бай тілі арқылы халықтың өз өмірін жақсарту жолындағы арман-тілектерін, тамаша қиялдарын білумен қоса, өзін де солай қиялдауға, армандауға үйренесің. Ертегінің көркем де жеңіл тілі сенің қиялыңа қанат бітіріп, арманыңды асқақтатады, қайратты істерге құлшындырады. Шешен сөйлеуге, өз ойыңды әдемі баяндауға үйретеді. Тіл құдіреті сені небір құпия сырлар әлеміне жетелейді, көзіңді ашып, кереметтерді танытады. Халық ертегілерін сүйе біл, сүйсіне оқы. Одан тіл үйрен, мәнін, мазмұнын аңғар! Тағылымын, жақсы қасиеттерін бойыңа сіңір!

Ер Төстік

(Қысқартылып берілді)

I

Ерте заманда Ерназар деген кісі болыпты. Ерназардың өзі бай болыпты. Төрт түлік малы сай болыпты. Қора толған қойлары болыпты. Матау толған түйелері болыпты. Өріс тола жылқылары болыпты. Ерназардың сегіз ұлы болыпты.

Бір жылы үлкен жұт болыпты, ел малын алысқа, отарға айдап кетіпті. Ерназардың сегіз ұлы да соның ішінде кетіпті. Бір қыстық азығын алып кемпірімен Ерназар үйінде қалыпты. Ерназардың сегіз ұлы сол кеткеннен хабарсыз кетеді, айлар өтеді – келмейді, жылдар өтеді – келмейді. Ерназардың азығы таусылды, ашығады, жейтін тамақ таппай, тұрмысы жаманға айналады.

Бір күні кешке жақын төсектерінен тұрып, кемпірі түндігін ашады. Тұруға мұршасы келмей жатқан шал шаңыраққа қараса,

шаңырақтың күлдіреуішінде керулі тұрған кер биенің төстігі көзіне түседі. Ерназардың қуанып, есі шығады:

– Кемпір, сүйінші! Керулі тұрған кер биенің төстігі майлы көрінеді, бол, жылдам, асып жібер, – дейді. Сөйтіп төстікті қазанға салады.

Төстікті асып жейді. Ұзамай кемпір жүкті болады. Мезгілі толып босанады. Бір ұл туады, оның атын, төстік жеген соң бітті деп Төстік қояды.

Төстік өзгеше бала болып өседі. Бір айда бір жастағы баладай, екі айда екі жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жаңа өспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын алып бала болады. Садақ тартуды үйренеді, тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді. Аң аулап, құс атып, шал әкесі мен кемпір шешесін асырайды.

Төстік бір күні ауылдың арасында отырған тарғақты садақпен тартып қалады. Садақ тарғақтың қанатын үзіп түсіреді. Тарғақ жығылмай, бір қанатын сабалап қаша береді. Төстік ұстайын деп қуып жүргенде, тарғақ бір кемпірдің өрмегінің үстінен қашып өтеді. Қуып келе жатқан Төстік те өрмектен секіреді. Сөйткенде Төстіктің бір бақайы өрмекті іліп кетеді. Өрмектің бірсыпыра жібі үзіліп қалады.

Өрмек тоқып отырған кемпір:

– Алдағана, көк шешек-ай! Өрмегімді үзіп кеттің-ау! Ертеден қара кешке бүйтіп жар қуалап, торғай атқанша, тентіреп кеткен сегіз ағанды тауып алсаң болмай ма? – деп қарғап-сілейді.

Кемпірге сөз қайыра алмай, Төстік жүгірген бетімен үйіне келеді. Атып әкелген құстарын лақтырып тастап, отыра кетеді.

Төстіктің ашулы түрін көріп, шешесі:

– Саған не болды, кіммен жанжалдастың? – деп сұрайды. Төстік шешесіне кемпірдің сөзін түгелімен айтады.

– Ағаларым қайда? Неге келмейді? Іздеп тауып әкелемін, – дейді.

Шешесі:

– Қакпас кемпір өтірік айтады. Сенің ағаларың болған жоқ, оның сөзіне нанба! – дейді. Сөйтіп Төстікті нандырып қояды.

Тағы бір күні Төстік асық ойнап жүріп, әлгі кемпірдің жалғыз баласын жұдырығымен қойып жіберсе, бала өліп қалады. Кемпір Төстікті бұрынғыдан да жаман қарғап-сілейді:

– Қыршыныңнан қиылғыр, Төстік! Менің жалғыз балама әлің жеткенше, айдалада тентіреп өлген сегіз ағанның қураған сүйегін тауып алсаң болмай ма, – дейді.

Кемпірдің сөзі тағы Төстікке ой салады. Шешесінен ағаларын сұрайды. Шешесі бұрынғы жауабын айтады да қояды. Төстік шешесінен тамақ сұрайды. Шешесі қуырып же деп, бидай береді. Төстік бидайды қуырып отырады да: «Апа, апа бидайдың піскенін көріп берші!» дейді. Піскенін көремін деп бидайды алақанына салып ала бергенде, Төстік шап беріп анасының қолын сыртынан қыса қояды.

– Қоя берші қолымды, қоя бер, қолым күйді, – деп анасы бажете қалады.

– Шыныңды айтсан, жіберемін, – дейді Төстік.

Анасы шынын айтпақ болып уәде береді. Төстік шешесінің қолын қоя береді. Содан кейін анасы шынын айтады.

– Сегіз ағаңның бары рас еді, жұт жылы кетіп еді, содан қайтқан жоқ. Қайда жүргендерін білмейміз, – дейді. Төстік ағаларын іздеу қамына кіріседі.

II

Төстіктің ағаларын іздеп шығуы

Кемпір-шалға аң мен құстың етін қақтап, үйіп береді де, Төстік жолға шығады. Беліне садақ байланады, қолына темір таяқ алады, аяғына темір етік киеді: ай жүреді, жыл жүреді, талай елді, талай жерді аралайды. Жолдасы да – садағы, азығы да – садағы. Садағымен жолында кез келген аңды атып жеп отырады. Темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда алыстан сағым көтерген бел көрінеді. Өлдім-талдым деп келіп белге шықса, қарауытқан қалың жылқы көрінеді, жылқының ар жағында ел көрінеді. Жылқыға келсе, жылқының ішінде тігулі қара қос тұр. Қосқа кірсе, асулы мосы, ілулі бақыр тұр. Бақырдың іші піскен етпен толы екен. Төстік етке тойып алады да, елге қарай жүреді.

Төстіктің келген елі ас беріп жатқан ел екен. Ағаларымды осы астан іздеп көрейін деп, асқа тігулі тұрған қалың үйді жағалай қыдыра бастайды. Арықтаған, киімі жыртық-жыртық Төстікті ешкім ескермейді. Жаяу жүрген адамды кім білсін. Сөйтіп келе жатса, табақшылар бір



2 сурет. Бала Төстіктің жолға шығуы.



3 сурет Ернардын ұлдарынын елге оралуы.

жерде: «Ерназардың сегізіне тарт! Ерназардың сегізіне тарт!» деп шуылдасып жүр екен. Ерназардың сегізін көрейін деп үйге кірмек болса, табақшылар Төстікті кейін қарай сүйреп, қақпайлай береді. «Қайыршы неме, әлі етке тоймадың ба?» деп зекіп ұрсады. Төстік оған шыдамай, табақшының біреуін қойып қалып, мұрттай түсіреді. Жұрт жиналып қалады. «Кім керек, неғып жүрген адамсың?» деп Төстіктен жөн сұрайды. Төстік: «Маған Ерназардың сегізі керек» дейді. «Адасып кеткен сегіз ағамды іздеп жүрмін» дейді. Сол арада Ерназардың сегізі Төстіктен жөн сұрасып, жылап-сықтап танысады.

Ерназардың сегізі елден адасқаннан кейін, жұттан қалған жалғыз күрең биені бағып, көп жылқы қылып өсірген екен. Бағанағы көп жылқы осылардікі екен. Төстіктен елінің жөнін білген соң, олар да қайтпақ болады.

Тоғызы тоғыз жағынан шығып, қалың жылқыны айдай бастайды. Бірақ жылқы ұйлығып, бір жақты бет алып жүре алмайды. Қанша айдаса да, серпіліп алғашқы айдаған жеріне қайтып келеді де отырады. Тоғызы жылқыны неше күн айдайды, аяғында жүргізе алмай, жалығады...

Бір күні Төстік мынадай айла табады: барлық жылқының басы күрең биені ұстап алып, жылқының ортасындағы бір дөңге шығады. Биені жығып, төрт аяғын буады да, қылбұрау салып, тақымын бұрайды. Тақымы бұралған соң, бие қатты шыңғырады. Биенің шыңғырған даусына шұрқырасып қалың жылқы жиналады.

Жылқы әбден жиналып болды деген кезде, Төстік биені тұрғызып алады да, жетектей жөнеледі. Сонда қалың жылқы өз беттері-

мен бұлардың соңынан шұбай береді. Енді ешқайсысы да жылқы айдап әлек болмайды. Күрең биені жетектеп жүреді де отырады. Қалың жылқы шұбырып ереді де отырады. Судың тұнығын іше-іше, шөптің сонысын жей-жей, талай асқардан асып, талай шөлді басып, Төстігі бастап, Ерназардың сегізі аман-есен елдеріне келеді.

Балалары аман-есен келген соң, Ерназар ел жиып, той қылады. Түйеден бура, жылқыдан айғыр мен ту бие, қойдан қошқар мен құнан қой сойып, қымызын көлдей, етін таудай қылып үйеді. Ақсақал-қарасақалын түгел риза қылады.

Ш

Тоғыз ұлды үйлендіру

Той тарқағаннан кейін Ерназар тоғыз ұлын аяқтандыру қамына кіріседі. Тоғызына тоғыз келін іздейді. Келіннің тоғызын да бір үйден таппақ болып ел қыдырады. Көп елді аралайды. Бірақ Ерназар ойлағандай тоғыз қыз бір үйден табылмайды.

Сөйтіп Ерназар күдер үзіп келе жатса, алдынан бір ауыл көрінеді. Ауылдың ортасындағы үлкен қоңыр үйдің тұсына келіп, құдайы қонақ болатындығын білдіреді.

Үйге кірсе, керегесінің басында сегіз сырға ілулі тұр екен, соны көрген соң, Ерназар еңкілдеп жылай бастайды.

Үйдің бәйбішесі Ерназардан:

– Неге жыладыңыз? – деп сұрайды.

Ерназар:

– Жылаған себебім: тоғыз ұлым бар, соған тоғыз келін іздеп жүрген адаммын. Тоғыз ұлымның бір әкеден туғаны сияқты, тоғыз келінімнің де бір шешеден туған болуын іздеп жүрген адаммын. Керегенің басындағы көп сырғаны көргенде, тілегіме жеттім ғой деп қуанып қалып едім, санасам, біреуі жоқ екен, соған жылап отырмын, – дейді Ерназар.

– Ендеше жылама! Тағы біреуі бар, әне тұр, – деп тұсбақаннан бәйбіше тағы бір сырғаны алып келіп, – Кенжекейімнің сырғасы. Мұны басқа қызымның сырғасына араластырмаймын, ана қыздарым – бір төбе, Кенжекейім – бір төбе. Сондықтан Кенжекейімнің сырғасы олардікінен бөлек тұрады, – деп, сырғаны қайтадан орнына іліп қояды.

Ерназар оған:

– Сенің сегіз қызың бір төбе, Кенжекейің бір төбе болса, менің сегіз ұлым бір төбе, Төстігім бір төбе еді, Кенжекейің Төстігімдікі болсын, – дейді.

Сөйтіп Ерназар тоғыз қызға құда түсіп қайтады.

Ерназар келіндерін алып қайтуға тоғыз ұлымен сапарға шығады. Жолда бұларға перінің қызы Бекторы кездеседі. Төстікті көріп, ғашық болады. Төстікті Кенжекейден айырып алу ниетіне кіріседі.

Ерназар тоғыз ұлымен Кенжекейдің аулына барып, көп уақыт жатады. Отыз күн ойын, қырық күн тойын істетіп, келіндерін алып, еліне қайтпақшы болады.

Кенжекейдің әкесі қыздарына түгел енші беріп, көп жасаумен ұзатады. Сонда Кенжекей әкесінің берген еншісіне – мінгізген ат, арттырған түйе, тарттырған жасауына риза болмайды.

– Әкем маған жылқыдан тандатсын, Шалқұйрық атты берсін, жасаудан ақ сырмалы сауытты берсін, түйеден Құба інгенді берсін, – дейді.

Кенжекейдің әкесі қызына ашуланып, кісісін қайта жібереді. «Қызыма айта бар: Ерназардың байлығы оған жетеді; Шалқұйрық атты сұрағаны несі, Шалқұйрық – жылқымның құты, құтқа қыз ие болған жер бар ма екен? Құба інген – түйемнің басы, түйемнің басын сұрағаны несі, қызда ондай түйе артқан бар ма екен? Ақ сырмалы сауыт – атадан ұлға қалатын мұра, мені қызым қу бас дегені ме, қызым өйтіп жаулығын білдірмесін» дейді.

Кенжекей әкесіне қайта кісі салып: «Шалқұйрықты сұрағаным, ерге лайық ат еді, ер мінсін деп едім; Құба інгенді сұрағаным, ер қосын артсын деп едім, ақ сырмалы сауытты сұрағаным, Ер Төстік ер еді, сол кісін деп едім» депті.

Әкесі Кенжекейдің сөзінен жеңіліп, сұрағандарын беріпті.

«Қызыма сәлем айт: Сорқұдықтың басына көшін қондырмасын, қондырса кесір болады» депті.

IV

Ерназардың Сорқұдықтың басына қонуы

Сонымен Ерназар келіндерін алып қайта береді. Бір күні көпші жар басында тігулі тұрған жарты лашыққа кездеседі. Бұл перінің қызы Бекторының лашығы екен. Көш тұсынан өтіп бара жатқан кезде, лашығынан шығып шайқақтап, перінің қызы Бекторы мынаны сөйлейді:

– Сүйген жарың Ер Төстік,
Құтты болсын, Кенжекей!
Мінген де атың Шалқұйрық
Құтты да болсын, Кенжекей!
Артқан да түйең Құба інген
Құтты да болсын, Кенжекей!
Киген де сауыттың ақсырмал

Құтты да болсын, Кенжекей!
Жар басында демесен,
Жарты лашық демесен,
Біздің де үйге түсе кет,
Көбікті саумал іше кет! –

дейді.

Перінің қызы Бекторының тиісе сөйлегенін жақтырмай, Кенжекей мынадай жауап береді:

– Перінің қызы, Бекторы!
Шайпау сөзің қой, Торы.
Сүйген де жарым Ер Тәстік,
Өз жарымды сүйемін!
Мінген де атым Шалқұйрық,
Өз атымды мінемін!
Артқан да түйем Құба інген,
Өз түйемді артамын!
Киген де сауығтым ақсырмал,
Өз сауығтымды киемін!
Жар басында демеймін,
Жарты лашық демеймін,
Қайтсең де үйіне түспеймін,
Бал берсең де ішпеймін!
Перінің қызы Бекторы,
Шайпау сөзің қой, Торы! –

деп, Бекторының бетін қайтарып тастайды.

– Қап, бәлем, Кенжекей, саған қылармын, – деп Бекторы тісін қайрап қала береді.

Көш бетімен тарта береді. Бір күні Сорқұдықтың басына келіп жетеді.

Кенжекей атасына кісі жіберіп: «Атам бұл құдыққа қонбасын, ырымы жаман жер» деп айтқызады. «Келінім келмей жатып менің қонысымды билейін деген екен» деп Ерназар болмастан әлгі жерге қонады.

Көш қонысымен, Кенжекей басқа келіндерінен үйді бұрын тігіп жібереді де, атасын қонақ қылады. Кенжекейдің аяулы екенін Ерназар сол арада біледі. «Келінім ақылды екен, тілін бекерге алмаған екен» деп өкінеді.

Сол күні түн тұман болады. Кенжекей өз әкесінің айтқаны ойына түсіп, кірпігін ілмей жатады. Ерте тұрып қараса, Құба інген жоқ. «Құба інген жоқ» деп атасына хабар береді.

Ерназар ат ерттеп мініп, Құба інгенді айнала қарап жүрсе, анадай жерде тұрған Құба інген көрінеді. Қасына келсе, бұйдасы бір

көкпекке оралып қалған екен... Жанында бір тал бар екен, талдың түбінде жарбиған бір жаман кемпір отыр.

– Шеше, шеше! Ана түйенің бұйдасына қол жалғап жіберші, – дейді Ерназар.

Кемпір:

– Тұрсам отыра алмаймын, шырағым, отырсам тұра алмаймын, шырағым, әперуге әлім жоқ, нашар адаммын, – деп мүлөйімсиді.

Кемпірдің сөзіне нанып, бұйданы іліп алайын деп еңкейе бергенде, Ерназарды кемпір-екең шап беріп жағадан ала кетеді. Алдап отырған жалмауыз кемпір екенін Ерназар-екең енді ғана біледі. Ерназарда тапжылуға шама жоқ. Олай-бұлай жұлқынып байқап еді, болатын көрінбейді, кемпір қысып әкетіп барады. Ерназардың мойны үзіліп, буынып барады, шыбын жаны шығып барады.

Ерназардың қоя бер дегеніне кемпір қоя бермейтін болды. Өлесі болған соң, Ерназар жалына бастайды:

– Ағарған сақал, шашым бар. Қартайып келген жасым бар. Тоғыз келінімді жаңа ғана түсіріп, жаңа ғана қызығын көрейін деп отырмын, қоя бер мені, шешежан, – дейді.

– Жоқ, – деп кемпір қысып қояды. Ерназардың жаны шығып барады.

– Тоғыз келін түсіріп, елдей көшіп келемін, толып жатқан жасаудан тойғаныңша беремін. Босат мені, шешетай, – дейді.

– Жоқ, – деп кемпір онан сайын қысады. Ерназардың жаны шығып барады.

– Оған разы болмасаң,
Тоғай толған қойым бар,
Қанша алатын ойың бар?
Босат мені, шешетай, –

дейді.

– Жоқ, – деп кемпір онан сайын қысады. Ерназардың жаны шығып барады.

– Оған разы болмасаң,
Матау толған түйем бар,
Соған түгел ие бол, –
Қоя бер мені, шешетай, –

дейді.

– Жоқ, – деп кемпір онан сайын қысады. Ерназардың жаны шығып барады.

– Оған разы болмасаң,
Өріс тола жылқым бар,

Не аяйтын сиқым бар,
О да болсын сенікі,
Бір әділ жан менікі,
Жіберші мені, шешеке! –

дейді.

– Жоқ, – деп кемпір онан сайын қысып қояды. Ерназардың жаны шығып барады.

– Оған разы болмасаң,
Сауысқандай сақтығы,
Жұмыртқадай ақтығы,
Желбіреген желегі,
Жаңа түсіп келеді,
Сегізнен бөлек бір дара,
Ақылы асқан ол дана,
Кіші келінім Кенжекей,
О да болсын сенікі,
Бір әділ жан менікі,
Жіберші мені, шешеке, –

дейді.

– Жоқ, – деп кемпір онан сайын қысып қояды. Ерназардың жаны шығып барады.

– Оған разы болмасаң,
Сойылдай сегіз ұлым бар,
Менде қандай құның бар?
О да болсын сенікі,
Бір әділ жан менікі,
Жібере гөр, шешеке! –

дейді.

– Жоқ, – деп кемпір қысыңқырап жібергенде, Ерназардың жаны мұрнының ұшына келеді, өлуге аз-ақ қалады.

– Оған разы болмасаң,
Атамасым атайын,
Сегізінен бір бөлек,
Жалғызымда – қуат,
Жаяуымда – қанат,
Пана болған бір кезде,
Ер Төстігім – ең кенжем,
О да болсын сенікі,
Бір әділ жан менікі,
Жіберші мені, шешеке! –

дегенде, жалмауыздың қолы босанып сала береді.

– Төстікті маған қалай бересің? – деп сұрайды кемпір.

Оған Ерназар:

– Менің қалтамда садағының ұшын шығаратын Төстіктің егеуі бар, Төстік онсыз жүре алмайды. Мен соны осы араға тастап кетейін. Төстік іздеп келеді, сонда өзін ұстап ал, – дейді.

Кенжекей мұның бәрін көріп тұрады.

Ерназар Құба інгенді алып қайтып келеді, көп жөнеледі. Бірнеше күн көшеді. Төстік түнде отауына кірейін десе, отауы ылғи берік болады. Бір күні Төстік жеңгелерін салып, отауына кіреді. Төсегіне жатып еді, Кенжекей болат кездіктің сабын Төстіктің жүрегіне тіреп, ұш жағын өз жүрегіне қояды.

– Қозғалмай жат, қозғалсаң екеуіміз де жарыламыз, – дейді. Төстік мұның себебін сұрайды.

Кенжекей:

– Сені әкең Бекторының жалмауызына беріп кеткен, сен менікі емессің, жалмауыздан біржола құтылып кел, – дейді.

– Әкем мені жалмауызға неге берді? – дейді.

Кенжекей:

– Нанбасаң, әкеңнен егеуіңді сұрап көрші, – дейді.

Ертең ертемен тұрып Төстік:

– Әке! Мына жақта киік жүр екен, садағымның ұшын шығарайын деп едім, егеуімді берші, – дейді.

Ерназар сасыңқырап қалып, қорбандап, өп-өтірік кісесін қараған болды да:

– Қап, әттегене-ай, қалып қойған екен, түнеугүні Сорқұдықтың басында Құба інгенді іздеп барғанда, бір талдың түбіне түсіп, ат шалдырып едім, сол жерде кісемді қалдырып едім, егеуің сонда түсіп қалған екен ғой, – дейді.

V

Төстіктің жер астына түсуі

Сонымен Төстік егеуін іздемек болады, егеуінің қалған жері неше күндік алыс жол. Кенжекейдің айтуымен Төстік Шалқұйрық атты мінеді.

Төстік жүрерде, Кенжекей Құба інгенге: «Не Төстік өлді деген күні ботала, не Төстік келді деген күні ботала» деп серт қылады. Өз белін 12 құлаш торғын орамалмен тартады. «Не Төстік өлді деген күні, не Төстік келді деген күні шешіл» деп және серт қылады.

Төстік жолға шығады.

Төстік ауылынан ұзап шыққан соң, Шалқұйрық атқа тіл бітеді:

– Төстік батыр, енді екеуіміздің жанымыз бір, қандай бәле болса да бірдей көреміз. Менің мына айтқан сөздерім есінде болсын. Сенің егеуіңнің қасында жалмауыз кемпір сені күтіп отыр. Сен егеуіңді

ала бергенде, ұстап алмақ. Егеуге жақындаған кезде кемпірді алдайтын бір ақыл тауып ал, кемпір алдана бергенде, мен бетегеден биік, жусаннан аласа бола берейін. Сол кезде сен егеуді іліп ал да жөнел, артыңа қараушы болма, – дейді.

Көп уақыт жол жүргеннен кейін, Төстік егеу жатқан жерге келеді. Келсе, егеудің қасында кемпір отыр. Ер Төстік жақындай түсіп: «Шеше-шеше, артыңдағы қыздардың бәрі өзіндікі ме?» дейді, сонда кемпір артына жалт қарайды. Сол мезгілде Шалқұйрық бетегеден биік, жусаннан аласа бола береді. Төстік те егеуді іліп алып жөнеледі. Сонда кемпір:

– Сен бе едің, Төстік, қап бәлем! Сені ме, Төстік, – деп, тамағы қырылдап, өкпесі сырылдап, шашы қобырап, дудырап, көздері жарқылдап, тістері сақылдап, қатты сасып бұрқылдап, Төстікті қуа жөнеледі.

Төстік қашып келеді. Кемпір қуып келеді. Бір мезгілде тау қаңбақтай ұшып, тас бұршақтай жауады. Шалқұйрықтың құйрығына қазандай қара тас орала кетеді. Шалқұйрықтың шапқан салмағына шыдамай, қара жер қақ айырылады. Шалқұйрық пен Ер Төстік жер астына түсіп кетеді.

Шалқұйрыққа тіл бітіп:

– Біз енді жер астына түстік, бізге бұдан былай жер астының елі жолығады. Біраз жүрген соң жылан Бапы ханның ордасына келеміз. Жылан Бапы ханның ордасына келгенімізде, мені алысқа қойып, өзің ордаға кіресің. Ордаға кіргенінде, есінде болсын, екі босағадан екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді. Одан сескенуші болма, ол – жылан Бапы ханның есігін күзеткен құлдары.

Төр алдына бара бергенінде екі сұр жылан ысылдап келеді де, екеуі де жеңінен кіреді, қойныңнан шығады; қойныңнан кіреді де, қонышыңнан шығады. Бұлар – жылан Бапы ханның ұлы мен қызы.

Төрге отыра бергенде, дәу екі сары жылан ысылдап тұра келеді, одан сескенбе. Бұлар – жылан Бапы ханның өзі және әйелі. Егер де бұлардан сескенсең, сені Ер Төстік демейді, жер астының еліне қадіріміз болмайды. Жер үстіне жол тауып шыға алмай қаламыз, – дейді.

Біраз жер жүрген соң, Шалқұйрық айтқандай, жылан Бапы ханның ордасы көрінеді. Төстік Шалқұйрықты анадай жерге қойып, сәлем беріп үйге кіріп келеді.

Екі босағадан екі қара шұбар жылан ысылдап тұра келеді. Төстік одан сескенбейді. Төр алдынан екі сұр жылан ысылдап келіп Төстіктің жеңінен кіріп, қойнынан шығады. Қойнынан кіріп, қонышынан шығады. Төстік олардан да сескенбейді, төрге барып отыра

бергенде, төсектен дәу екі сары жылан ысылдап көтеріледі. Төстік олардан да сескенбейді, төрге шығып отыра береді.

Бір мезгілде төсектегі екі сары жыланның бірі үлкен кісі болады да, бірі соның бәйбішесі болады:

– Жақсы келдің, Төстік ер, жер астындағы ел де сені ренжітпейді, – дейді.

Екі сұр жыланның бірі әдемі жігіт, бірі әдемі қыз болып кетеді. Олар да:

– Жер үстінің Ер Төстігі, жер астына жақсы келдің, жер астының алыптары, өнерпаздары сенің шылауыңда болады, – дейді.

Босағадағы екі қара жылан екі қара құл болып кетеді. Төстіктің алдына келіп, қол қусырып тұрады.

Төстік жылан Бапы ханның елінде ұзақ уақыт тұрады. Жылан Бапы ханның Темір хан деген араз ханы бар екен, Темір ханның қызын жылан Бапы хан сұрап, неше рет кісі жіберсе де, Темір хан қызын бермей қойған екен. Жылан Бапы хан Төстікті соған жұмсайды. Темір ханның қызын әкеп берсе, Төстікке өз қызын беретін болып уәде қылады.

VI

Ер Төстік және оның адал достары

Төстік жылан Бапы ханға Темір ханның қызын әкеп бермек болып жолға шығады. Темір ханның елі жеті айлық жол екен.

Төстік елсізбен келе жатса, алдында бір адам көрінеді. Бұл не қылған адам деп абайласа, әлгі адам ағаштың басында отырған екі сауысқанның құйрығын білдірмей жұлып алады да, білдірмеген бойымен бірінің құйрығын біріне қондыра қояды. Сауысқандар бұдан түк сезбей қалады.

– О, неғып жүрген жансыз! – деп Төстік қасына жетіп келеді.

– Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түсті деп естіп, соған жолдас болайын деп, жолын тосып жүрген адам едім, – дейді әлгі кісі.

– Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? – дейді Төстік.

– Алғанды адамға сездірмейтін атақты баукеспе ұры едім, жан-жануардың сағы сауысқан болса, құйрықтарын ұрлап алып, бірінің құйрығын біріне кигізгенімді сол арада сезбей қалады, – дейді кісі.

– Жарайды, ендеше сол іздеген Төстігің мен боламын, – дейді Төстік.

Екеуі жүріп кетеді. Тағы елсізбен келе жатса, жолдарында бір адам көрінеді. Неғып жүрген адам деп байқаса, киіктерді матап жүрген адам екен, екі аяғына байлап алған қазандай екі қара тасы бар. Сол тастармен де қашқан киіктерді құтқармайды.

– О, неғып жүрген адамсың? – деп екеуі қасына жетіп келеді.

– Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түсті деп естіп, соған жолдас болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын, – дейді кісі.

– Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? – дейді Төстік.

– Мен аяғыма шаң жұқпас жүйрікпін, ұшқан құс, жүгірген аңның менен құтылатыны жоқ. Киіктерді қуғанда, өз екпініммен ағып өтіп ұстай алмайтын болған соң, аяғыма қазандай қара тас байлап алып қуамын. Сонда екпінім басылыңқырап, киіктерден ағып өтіп кетпей, дәл жетіп ұстаймын. Желаяқ деген мен боламын, – дейді кісі.

– Жарайды, ендеше сол іздеген Төстігің мен боламын, – дейді Төстік.

Сөйтіп үшеу болып жүріп кетеді. Бұлар келе жатса, бірнеше күннен кейін елсізде тағы бір адам көрінеді. Не қылған адам екен деп байқаса, әлгі кісі жерге біресе оң құлағын төсейді, біресе сол құлағын төсейді. Жер астынан бір нәрсе тыңдаған сияқты болады.

– О, неғып жүрген жансыз? – деп Төстік қасына жетіп келеді.

– Жердің үстіндегі Ер Төстік жердің астына түсті деп естіп, соның жолдасы болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын, – дейді кісі.

– Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? – дейді Төстік.

– Жер астының атақты тыңшысымын, қандай жасырын әңгіме болса да тындап біліп аламын, менен жасырын сыр болмайды. Алыстағыны, жақындағыны түгел есітетін Саққұлақ деген ер боламын, – дейді.

– Жарайды, ендеше іздеген Төстігің мен боламын, – дейді Ер Төстік.

Сөйтіп төртеу болып жүріп кетеді. Бұлар елсіз жапан түзде келе жатса, алыста бір тау көрінеді, ол таудың үстіне тағы бір тау шыққандай болады. Жақындай келіп қараса, бір адам тауды олай да көтеріп қояды, бұлай да көтеріп қояды. Бір тауды көтеріп, бір таудың үстіне қояды.

– О, неғып жүрген адамсың? – деп Төстік қасына жетіп келеді.

– Жер үстіндегі Төстік жер астына түсті дегенді естіп, соған жолдас болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын, – дейді кісі.

– Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? – дейді Төстік.

– Жұрттан асқан алыпшын, жердің үстінде де, астында да маған шақ келетін адам жоқ, қайратым ішіме сыймаған соң, тауларды көтеріп ермек қыламын, Таусоғар деген ермін, – дейді әлгі кісі.

– Жарайды, ендеше іздеген Төстігің мен боламын, – дейді Төстік.

Бесеуі жүріп кетеді.

Бұлар жапан далада келе жатса, бір үлкен көл көрінеді. Көлдің суы айтқанша суалып жоқ болып кетеді де, айтқанша шарасынан аса ернеуі толып кетеді. Ер Төстік жолдастарымен мұның мәнісіне түсіне алмайды. Бұл су қайдан келіп, қайда кетіп жатыр деп айнала іздейді. Сөйтсе қамыстың арасында біреу отыр, көлдің суын ұрттап қалса, жоқ болады, аузынан төгіп қалса, шарасынан аса толып кетеді.

– О, неғып отырған адамсың? – деп Ер Төстік жанына жетіп келеді.

– Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түсті деген соң, жолдас болып ерейін деп, жолын тосып жүрген адаммын, – дейді әлгі кісі.

– Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар? – дейді Төстік.

– Жер-жаһанда бар нәрсенің мешкейімін. Маған бұл жалғанда тойым жоқ. Бір көлдің суы қалпынша жұқ болмайды, қанша үлкен дария болса да, бір-ақ ұрттаймын. Көлтауысар деген ер боламын, – дейді кісі.

– Жарайды, ендеше сол іздеген Төстігің мен боламын, – дейді Төстік.

Алтау болып жүріп кетеді.

Көп уақыт жол жүргеннен кейін бұларға бір оба көрінеді. Жақындаса, обаның басында жалпыған бір адам отыр.

– О, неғып жүрген адамсың? – дейді оған Төстік.

– Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түскенін, жылан Бапы ханға келіп, оның қорқытқанына қорықпастан төріне шыққанын, одан Темір хан елін іздеп шыққанын, жолында жер астының өнерпаздарын жинап келе жатқанын көрген соң, соған жолдас болайын деп, жолын тосып отырмын, – дейді кісі.

– Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? – дейді Төстік.

– Жер астының қырағысымын, Төстік сенің не күйге ұшырағаныңның бәрін көріп отырдым, бар өнерім қырағылық, жердің асты мен үстінде менің көзіме қағыс жер жоқ, қандай нәрсе болса да, анықтап қарасам, бәрін де көремін, – дейді әлгі кісі.

– Жарайды, ендеше менің жолдасым бол, – дейді Төстік.

Жетеу болып жүріп кетеді.

Бұлар жеті ай жол жүріп, Темір хан елінің отырған жеріне келсе, Темір хан елінің жұрты жатыр. Төстіктің келе жатқанын естіп, көшіп кетіп қалған екен. Саққұлақ тыңдап көрсе, Адамбаспас деген жерге қонып жатқан хабары естіледі. Қырағы көз жіберіп еді, алты таудың ар жағында, жеті көлдің желкесіндегі жалпақ жартастың астына барып тығылған екен.

Таусоғар жолдағы тауларды орнынан алып, көшіріп қоя салады. Көлтауысар көлдерді ұрттап суалта салады. Ер Төстік жолдастарымен көзді ашып-жұмғанша Темір ханның аулына жетіп келеді.

Бұлар келсе, Темір ханның қызын Кеше хан алмақ болып жатыр екен. Ер Төстік келген соң, Темір хан екі жағына да кісі салып, қызымды қайсысының өнері асса, соған беремін деп айтқызады. Той қылып, елді жинайды. Екі құданың өнерін көруге жер астының қарайған халқының бәрі жиналады. Кеше ханның қалыңмалға әкелген қора-қора қой, матау-матау түйе, үйір-үйір жылқысының бәрі де тойға сойылады.

Ер Төстік жолдастарымен бір үйде отырады. Бұларды тойғызамыз деп қанша ет әкелсе де жетпейді, тойға арналған тамақтың бәрін де Көлтауысар жеп қояды. Тіпті тойғыза алмайтын болған соң, Темір хан мен Кеше хан бірігіп, бір амал табады. Төстіктердің тамағына у салып бермек болады. Саққұлақ мұны естіп отырады да, Төстікке айтады. Төстік ұрсып жібереді. Ұры Төстіктердің табағына салынған уды білдірместен Кеше ханның нөкерлерінің табағына салып жібереді. Кеше ханның нөкерлері қырылып қалады. Темір хан бұдан жеңілген соң, ат шабысына шығады. Өзінің бар жүйрігін бәйгеге қосады. Ер Төстік Шалқұйрықты даярлайды.

Қарақшының түбіне келген соң, Шалқұйрыққа тіл бітеді:

– Егер атты өте алысқа айдаса, менің шабысым да өте жылдам болады. Үш күн шапсам, бүйірім қызып, өзімді тоқтатуға шамам келмей, қарақшыдан кетіп қалуым мүмкін. Мен келе жатқанда, алдымнан арқан керіп қой. Арқан үш қабат болсын, бір қабаты кендірден болсын. Үш қабат арқанның үшеуі де үзілсе, мен саған жоқпын, ағынымды тоқтата алмай кеткенім. Үшеуі де үзілмесе, мен жығылып өлемін, онда да саған жоқпын. Егерде арқан жартылай үзілсе, мен тоқтаймын, жығылып қалсам да жаным қайтадан кіреді, күдер үзбе, – дейді.

«Ер Төстіктің жалғыз шолағы бір жерде зорығып өліп қалсын» деп Темір хан атты бір жұмалық жолға айдайды.

Балуан күресі басталады. Таусоғарға балуан шақ келмейді. Жер астының алыптарының бәрі жығылып бітеді. Күресуге кісі шықпаған соң, Таусоғар бір тауды көтеріп алып, жұртқа күшін көрсетеді. Темір хан мен Кеше хан қатты сасып, тауды біз жаққа қоя көрмесін деп Төстікке қатты жалынады. Төстік тауды орнына қойғызады.

Бір жеті өткен соң бөйге аттары қайтады. Жұрт қарақшының түбінен аттарын күтеді. Бір мезгілде алыстан бір шаң көрінеді, шаңның ішінен жақындай келе бір қара көрінеді. Шалқұйрық екенін танып, Ер Төстік үш қабат арқан кереді. Шалқұйрық құйынша заулаған бетімен арқанға келіп жоқ болады. Қараса, Шалқұйрық жығылған екен, арқанның екі қабаты үзіліп, бір қабаты қалған екен. Шалқұйрықты қараса, жаны жоқ, талып қалыпты.

Сонда Ер Төстік:

– Сорқудықтың басына
Сорға бола қонды өкем.
Жанынан қорқып жалмауызға
Егеуімді берді өкем.
Жүретұғын жолымда
Құлан өтпес шөл болды.
Асқар асқар тау менен
Шексіз дария көл болды.
Қулық бие құлыны,
Алты аяқты аланы
Жарамайды жабы деп,
Міндірмеген Кенжекей!
Көрі бие құлыны,
Жеті аяқты жиренді
Жарамайды жабы деп,
Міндірмеген Кенжекей!
Сан жорғаны алмаған,
Ер аты деп таңдаған,
Айыл-тұрман, әбзелін
Ертеден қамдап сайлаған,
Кенжекей сынды арудың
Қалмасын деп көңіл,
Міндім сен, Шалқұйрық!
Жалғыз өзім қос артып,
Жапан түзге жол тартып,
Жалмауызға шыққанда,
Тыл бітті саған, Шалқұйрық!
Жалмауызға келгенде,
Егеуді ала бергенде,
Бетегеден бишктеп,
Аласарып жусаннан,
Етпейлендің, Шалқұйрық!

Егеуді ала қашқанда
Жалмауыздан сасқанда,
Тауы ұшып қаңбақтай,
Тасы борап бұршақтай,
Қазандай дәу қара тас,
Құйрығына оралып,
Жерге де кірдің, Шалқұйрық!
Жылан Бапы жеріне,
Жер астының еліне,
Шыға қалған мезгілде,
Тіл бітіп саған, Шалқұйрық,
Жөн блдірдің еріне.
Жаяуымда қанат болған, Шалқұйрық!
Жалғызымда жолдас болған, Шалқұйрық!
Сасқанда ақыл болған, Шалқұйрық!
Үш жаның бар еді,
Екеуі шықса да,
Бірі қалған шығар...
Тұр, Шалқұйрық!
Тіріл, Шалқұйрық! –

деп мұңаяды.

Сол уақытта Шалқұйрыққа жан кіріп, оқыранып тұра келеді. Басқа аттар бірнеше күннен кейін келеді.

Темір хан мен Кеңе хан балуан және ат бөйгесінен жеңіліп, сасады. Енді жаяу жүйріктерді жарыстырып көрейік дейді. Жаяу жүйріктерді бір күндік жолға айдайды. Ер Төстік Желаяқты қосады. Жүйріктер бір күн жүріп барып, барған жеріне қонып, ертеңіне ертемен жарысып қайтпақ болады. Темір хан жүйріктердің ішіне бір мыстан кемпірді қоса жіберген екен. Барып қонған жерінде сол мыстан Желаяққа:

– Шырағым, шаршадың ғой, демінді алып, ұйықта, жарысарда өзім оятамын, – деп ұйықтатып тастайды.

Желаяқ мыстан кемпірдің сөзіне нанып, қаннен-қаперсіз ұйықтап жата береді.

Бір мезгілде оянса, шекесінен күн өтіп барады. Түс болып қалған екен, жүйріктер әлдеқашан кетіп қалыпты, кемпірдің алдағынын біліп, Желаяқ санын бір-ақ соғып, тұра жөнеледі. Жерден бір уыс топырақты ала жөнеледі. Құстай ұшып, құйындай ұйытқып келе жатса, жаяулар да қаракшыға жақындап қалған екен, ең алдында мыстан кемпір бара жатыр екен. Желаяқ жете беріп, уысындағы топырақты кемпірдің көзіне шашып кетеді. «Алдағана көкшешек-ай, мықтадың-ау!» деп кемпір көзін уқалап қала береді. Сөйтіп жаяу бөйгесінде де Ер Төстік жеңеді.

Темір хан енді қайтадан той жасап, қызын жылан Бапы ханға ұзатпақ болады. Темір ханның ернеуі қырық құлаш үлкен қазаны терең көлге түсіп кеткен екен. «Нағыз ер болса, соны алып берсін» деп, ол Ер Төстікке кісі салады.

«Көлдiң суын құрт!» деп Төстік Көлтауысарды жұмсап еді, қанша ұрттаса да көлдiң суы Көлтауысардың ұртына сыймайды. Судың үштен бірі қалғанда Көлтауысардың ұрты суға толып кетеді.

Сонда Шалқұйрыққа тіл бітіп: «Қазанды мен сүңгіп алып шығамын» деп рұқсат сұрайды. Ер Төстік рұқсат етеді.

Шалқұйрық:

– Мен суға сүңгігенде ақ көбік шықса жақсы болғаны, қуана бер, аман-есен қазанды алып шыққаным. Қызыл көбік көрінсе жаман болғаны, алып шыға алмай, су астында қалып қойғаным, – дейді. Шалқұйрық суға сүңгіп кетеді. Көпке дейін еш нәрсе білінбейді. Бір мезгілде ақ көбік көрінеді. Ер Төстік қуанады. Оның артынан ұзамай қызыл көбік көрінеді. Ер Төстік шошынып, зарлана бастайды:

– Сорқудықтың басына
Сорға бола қонды әкем.
Жанынан қорқып жалмауызға
Егеуімді берді әкем.
Жүретұғын жолымда
Құлан өтпес шөл болды.
Асқар-асқар тау менен
Шексіз дария, көл болды.
Құлық бие құлыны –
Алты аяқты аланы
Жарамайды, жабы деп,
Міндірмеген Кенжекей!
Көрі бие құлыны –
Жеті аяқты жиренді
Жарамайды, жабы деп,
Міндірмеген Кенжекей!
Сан жорғаны алмаған,
Ер аты деп таңдаған,
Айыл-тұрман, өбзелін,
Ертеден қамдап сайлаған,
Кенжекей сынды арудың
Қалмасын деп көңіл,
Міндім сені, Шалқұйрық!
Жалғыз өзім қос артып,
Жапан түзге жол тартып,
Жалмауызға шыққанда,
Тіл бітті саған, Шалқұйрық!
Жалмауызға келгенде,

Егеуді ала бергенде,
Бетей еден биіктеп,
Аласарып жу саннан
Ептей лендің, Шалқұйрық!
Егеуді ала қашқанда,
Жалмауыздан сасқанда,
Таулар ұшып қаңбақтай,
Тасы борап бұршақгай,
Қазандай дәу қара тас
Құйрығыңа оралып,
Жерге кірдің, Шалқұйрық!
Жылан Бапы жеріне,
Жер астының еліне
Шыға қалған мезгілде,
Тіл бітіп саған, Шалқұйрық,
Жөн білдірдің еріне.
Жаяуымда қанат болған, Шалқұйрық!
Жалғызымда жолдас болған, Шалқұйрық!
Сасқанда ақыл болған, Шалқұйрық!
Үш жаныңның не бірі
Аман шығар, Шалқұйрық,
Су асғынан шық, Шалқұйрық! –

деп Ер Төстік зарланып тұрғанда, Шалқұйрық дәу қара қазанды құйрығына байлап, су үстіне шыға келеді.

Шалқұйрыққа тіл бітіп сөйлейді:

– Су өте терең екен, түбіне зорға жеттім, қазанды зорға таптым. Сонда ақ көбік шықты. Қазанды көтеріп шығу қиын болды, тістеп едім, шығара алмадым. Сонда қызыл көбік шықты. Құйрығымды ұзартып, қазанды байлап алып, зорға шықтым, – дейді.

Шалқұйрықтың аман-есен шыққанына Темір хан елі қатты күйіністі. Темір хан Ер Төстіктерге арнап үлкен сарай салдырып, құдаларды сонда кіргізді. Құдалардың кіруі-ақ мұң екен, есік сарт етіп жабылып қалады. Сарай қалпынша темірден салынған екен, есігін мықтап құлыптап тастайды да, сыртынан тау-тау қылып отынды үйеді. От қойып өртей бастайды. Сарай қызуға айналды, сарайдың ішіндегі Төстік жолдастарымен күйетін болды.

Таусоғар орнынан тұрады да, сарайдың есігін теуіп жібереді. Есік шалқасынан түседі. Көлтауысардың бір ұртында бір көлдің суы бар екен, бүркіп жібергенде айналасындағы өрттің бәрін сөндіріп тастайды.

Темір хан мен Кеңе ханның айласы әбден құриды. Ер Төстікке қызын қосып беріп, жылан Бапы ханның еліне қарай шығарып салады. Сөйтіп Ер Төстік жылан Бапы ханға қайтады. Қайтып келе жатқанда, жолдан ерген жолдастарының бәрі ары қарай бізге «жол жоқ» деп, Ер Төстікпен қоштасып қала береді.

Ұзақ жүріп Ер Төстік жылан Бапы ханның еліне келеді. Айтқанын істеп келген соң, Ер Төстікке өте разы болады. Өзінің қызын береді және не қалайсың деп Төстіктен сұрайды.

Төстік:

– Жер үстіне шығып, еліме қайтқым келеді, – дейді.

Шойынқұлақ пен Ер Төстік

Жылан Бапы хан Төстіктің тілегін орындап, қызын беріп және қаншама жолдас қосып беріп, жер үстіне шығатын есікке қарай шығарып салып, қош айтысып қала береді.

Жер үстіне шығатын есікке дейін алты айлық жол екен. Жолдың ауырлығына шыдамай жылан Бапы ханның қызы және жолдастарының бәрі қырылып қалады, жалғыз-ақ Күнке деген бір күні мен Шалқұйрық, Ер Төстік – үшеуі аман қалады.

Үшеуі шаршап, бір бұлақтың басына келіп жатады. Бұлақтың басында бір үлкен бәйтерек тұрады екен. Бір мезгілде сол бәйтеректің басынан шуылдаған ащы дауыс естіледі, қараса, шуылдаған балапандар екен. Бұларды жеуге бір айдаһар жоғары өрмелеп бара жатыр екен...

Ер Төстік садағын алады да, өрмелеп бара жатқан айдаһардың екі көзінің арасынан дәлдеп тартып қалады, айдаһар жерге сылқ ете түседі. Айдаһардың жерге құлап қалғанын көрген соң, балапандар да шуылын тоқтатады. Ер Төстік жайласып ұйқыға кіріседі.

Ер Төстік бір дауыстан шошып оянса, қатты дауыл тұрған екен. Дауылдың артынан бұршақ аралас жаңбыр жауады, жаңбырмен қабат шуылдаған дауыс естіледі. Соның артынша ұзамай-ақ бір дәу қарақұс ысылдаған бетімен бәйтерекке келіп қонғанда, бәйтерек майысып сынып қала жаздайды.

Қарақұстың үлкендігі сондай, жайып жібергенде бір қанатының өзі бір айлық жерді алып кетеді екен.

Қонысымен қарақұс бәйтеректің түбіндегі Ер Төстікті бұруге тап береді, бірақ балапандар шыр-шыр еткен соң тоқтайды.

Қарақұстың екі басы бар екен, бір басы адамдікіндей, бір басы құстыкіндей екен. Қарақұстың адам басы Ер Төстікке тіл қатады.

– Ей, адамзат, бұл жерге не жұмыспен келдің? Менің балапандарымды аулай келдің бе? Бұл жерді адам басқан емес, бұл – менің мекенім, – дейді.

Оған Ер Төстік:

– Мен жер үстінің Ер Төстігі едім, мекеніңе адасып келдім, балапандарыңа қастық ойлаған жоқпын, ана жатқан айдаһардан айырып алдым, нанбасаң өздерінен сұра, – дейді.

Балапандар Ер Төстіктің қылған жақсылығын жасырмай айтып береді. Сол арада алып қарақұс Ер Төстіктің аяғына жығылып, айрылмас дос болады.

Алып қарақұс жылына бір-ақ балапандайды екен, содан кейін балапандарына жем іздеп бір айдай алысқа кетіп, қайтуға мұршасы келмей жүреді екен. Алып қарақұстың сол кеткенін аңдып жүріп, сол маңдағы бір айдаһар жыл сайын балапанын жеп кетеді екен. Содан запы болған алып қарақұс осылай жылап қайтады екен.

Бағанағы дауыл алып қарақұстың асығып ұшқанда қанатынан тұрған жел екен, жанбыр соның жылаған көзінің жасы екен. Өзі жем іздеген сапарынан қайтқанда, балапандарын аман көргені осы жол-ақ екен.

Алып қарақұс Төстікпен дос болған соң, не қалайсың деп Төстіктен сұрайды.

Алып қарақұс Ер Төстікті қанатына мінгізіп, жердің үстіне шығатын тесікке әкеліп, жер үстіне шығарады. Қоштасарында Төстікке бір тал қауырсынын үзіп беріп: «Денемдегі ерекше қасиеті бар жалғыз тал қауырсыным – осы. Қысылған жерінде осы қауырсынды тұтатсаң, қасыңнан табыламын. Қандай қысымшылықта болсаң да, құтқарып аламын, егер де оны жоғалтып алсаң, менен жәрдем күтпе» дейді.

Жер үстіне шыққан соң, Ер Төстік күннің қызуына балқып, ауыр ұйқыға кетеді, еш нәрседен қауіпсіз жата береді.

Ер Төстікті жалмауыз кемпір ұстай алмай қалған соң, перінің қызы Бекторы ашуланып, кемпірді буындырып өлтірген екен. Кемпірден Шойынқұлақ деген бала қалған екен, соған Ер Төстіктің түскен жерін Бекторы күзеттіріп қояды. «Ер Төстік жер астында қалмайды, жердің бетіне қашан да болса, әйтеуір бір шығады. Шыққанын аңдып отырып ұстап ал, егер ұстай алмай қалсаң, менен жақсылық күтпе!» дейді.

Шойынқұлақ содан бері Ер Төстікті күзетумен болған екен, жер үстінде ұйықтап жатқан Төстікті ұстап, қол-аяғын байлап алып, Бекторыға әкеліп береді. Бекторы Ер Төстікті терең құдыққа салып тастайды да, Күңкені Шойынқұлаққа қосады. Шалқұйрықты бекітіп ұстайды.

Сонымен Ер Төстік ұзақ уақыт құдықта қалып қояды. Шойынқұлақтан жүкті болып, Күңке бір бала туып алады. Шойынқұлақ Шалқұйрықты мініп, аң аулайды.

Шалқұйрықты бекітуге тұсау шақ келмейді.

Бір күні Шойынқұлақ аңнан қайтып, Шалқұйрыққа тұсау табылмаған соң, өзінің қырық құлаш қайыс белбеуімен тұсайды. Қайыс белбеу сусып, бір жағы шешіліп кетеді. Аяғы босаған соң,

Шалқұйрық шауып отырып Төстік жатқан құдықтың басына келіп, тұяғымен жер тарпып тұрады. Сөйткенде белбеу Ер Төстік жатқан құдыққа түсіп кетеді.

Белбеуінде Шойынқұлақтың шақпағы бар екен, сол шақпақпен Төстік қаракүс берген қауырсынды тұтатады.

Қауырсынды тұтасымен-ақ алып қаракүс жетіп келеді. Қанатына мінгізіп, Төстікті құдықтан шығарады. Қол-аяғын шешіп береді.

– Қолымнан келген жақсылығым осы, досым. Шойынқұлаққа әлім келмейді. Себебі, оның жаны өзінде болмайды, жанын ол ешкімге білдірмей, өзінен бөлек бір жерде сақтайды, қайтсең де соның жанын тауып ал, жанын тапшасаң, құтыла алмайсың, – дейді де, қоштасып кетіп қалады.

Төстік Шалқұйрыққа мініп, Шойынқұлақтың үйіне келеді. Келсе Шойынқұлақ Шалқұйрықты іздеп кеткен екен. Күнке Төстікке жылап көріседі, көрген қорлықтарының бәрін шағып, Шойынқұлақтан құтқар деп жалынады.

Ер Төстік Күнкеден Шойынқұлақтың сырын түгел сұрап біледі.

Шойынқұлақ баласын өте жақсы көреді екен, баласынан аяйтыны болмайды екен. Соны білгеннен кейін Төстік Күнкеге мынаны айтады:

– Кешке Шойынқұлақ келеді, келгеннен кейін тамаққа әбден тойғызып жатқыз, көзі ұйқыға бара берген кезде, баланы қайта-қайта шымшып жылата бер, Шойынқұлақ: «Бала неге жылайды?» десе, бала: «Мен Шойынқұлақтың баласы емес, Ер Төстіктің баласы болсам керек. Егерде Шойынқұлақ менің нағыз әкем болатын болса, жанымды жанына қосқызып қояр еді. Жанының қайда екенін маған әлі күнге дейін айтпай жасырып жүр. Ер Төстік болса, әлдеқашан жанының қайда екенін айтып берер еді» деп жатыр де. Шымшып балаңды жылата бер, жылаған сайын неге жылайды деп сұраса, осы сөзді айта бер, басқа еш нәрсе айтпа, – дейді.

Сөйтеді де Ер Төстік баланың бесігінің астын қазып, жасырынып жатады. Кешке Шойынқұлақ келеді. Ер Төстік айтқандай, Күнке оны тамаққа тойғызып жатқызады. Жатқан соң баланы жылата бастайды. Баланы әлдилеп уатқан болып отырып, шымшып жылата береді.

Шойынқұлақ:

– Күнке, баланы уат, – деп ақырады, Күнке уатқан болып онан әрмен жылатады. Бала жылай берген соң, Шойынқұлақ:

– Балам неге жылайды, сұрашы? – дейді.

Күнке жылағанын сұраған болып, Шойынқұлаққа қайтадан жауап қайырады:

– Балаң: «Мен Шойынқұлақтың баласы емес, Ер Төстіктің баласы болсам керек. Егер Шойынқұлақ менің шын әкем болса, жанымды жанына қосқызып қояр еді. Қосқызу былай тұрсын, жанының қайда екенін маған әлі күнге айтпай жүр. Ер Төстік болса, жанының қайда екенін әлдеқашан айтып берер еді, соған жылаймын» дейді балаң, – деп Шойынқұлақты нандырады.

– Балам былшылдамасын, оның әкесі Төстік емес, мен. Оған менің жаным керек болса, онаша жерде айтып беремін, – дейді Шойынқұлақ.

Сөйтеді де Күнкені үйден шығарып жіберіп, баланың бесігіне келеді, құлағына сыбырлап, жанының қайда екенін айтады.

– Жаным алыста, өзіммен бірге сақтамаймын. Борықбұлақтың басында қырық елік жүреді. Соның ішінде қайқы қарагер елік бар, қайқы қарагер еліктің ішінде тоғыз қара сандық бар. Сол сандықтың ең кішісінің ішінде тоғыз балапан бар, сол тоғызы менің жаным болады. Осыны біліп қой. Жаның кеудеңе сыймай бара жатса, соған апарып қоса сал, бірақ өзіңнен басқа жан сезуші болмасын. Сезуші болса, сен де, мен де тірі болмаймыз, – дейді. Содан кейін орнына барып жатып қалады.

Шойынқұлақтың жанының қайда екендігін біліп алғаннан кейін, Төстік салып отырып Борықбұлақтың басына келіп жетеді, еліктердің су ішетін суатын тосып жасырынып жатады. Күн шаңқай түс болған мезгілде, қырық елік Борықбұлақ қайдасың деп салып келе жатады да, суатқа жақындаған кезде оскырынып тұра қалып, қайта жөнеледі. Күн ысыған сайын еліктер суға беттеп келеді де, жақындаған мезгілде оскырынып тұра қалып, жалт беріп қайта жөнеледі. Ұзап кетеді де, шөлге шыдамай суға қайта ойысады, бірақ суатқа жақындамайды, үркіп, оскырынып тұра қалады.

Әлден уақытта еліктер бір-бірімен сөйлесе бастайды.

Біреуі: «Су басында бір бөтен иіс бар» дейді. Енді біреуі: «Адам иісі секілді, – дейді, – Шойынқұлаққа қастық ойлаған біреу шығар» дейді. Өсіресе, қайқы қарагер елік өзгесінен оқшау артында жүреді. Еліктер әлгіндей сөзге келгенде, ол қаша жөнеледі.

Сонда Ер Төстік үн беріп мынаны айтады:

– Жан сергім, қырық елік,
Жаным сенде, қырық елік,
Жан сақпаған қайқы қара,
Шошығқан саған кім келіп.
Суың тұнық, былғанбаған,
Қашасыңдар неден жеріп.
Төстік ерді олжаладым,
Қатынын құшып, атын мншп,

Шошытып алдым сендерді,
Адам ісі содан сінп,
Көрп қайтуға жанымды
Жаңа келдім қолым тиіп.
Жалғыз ұлым жаны да
Кеудесіне тұрмай сыйып,
Қосқыза соны жіберді.
Жан сақтаған қайқы елік,
Жасымнан болдың жан серік,
Судың ішп тұнығын,
Шөптің таңдап сонысын,
Адам ісі шығад деп,
Менен үркіп жеріме,
Өзім аман тұрғанда,
Кім келмекші жеріме, –

дейді.

Еліктер сонда да сенбей осқырынып, одырайысып тұрысады.
Сонда Төстік:

Айыра алмай дауысты,
Қашасындар бермей жанымды.
Осы айтқаным сенбестен,
Сындығасындар сағымды.
Жолдас болған сендермен
Шойын атым құрысын!
Қарала тұйғын келген соң
Жырттырмасам таңынды,
Судай шашып қанынды, –

дейді.

Сонда еліктер қашпай суды жағалай бастайды. Шойынқұлақтың бойын көрмеген соң, бұрынғыларындай етене болып жақындамайды. Төстік те оларға бойын көрсете алмайды. Еліктер сенерін де білмей, сенбесін де білмей, байқай-байқай келіп, суаттан шапырласып су ішуге бас қояды. Арт жағынан қайқы қара елік те суға бас қояды. Еліктер өте шөлдеп қалған екен, суға тойып, қарындарын кампितып, қайқыып шыға береді. Әсіресе қайқы қараның қарыны жер сызып, суаттан бұрыла берген кезде Төстік еліктің қарнын дәл көздеп, садақты тартып қалады. Қарны ақтарылып, тоғыз қара сандық жерге сау ете түседі. Ең кішісін ұстай алып, Төстік ашып жіберсе, іші толған балапан. Шүпір-шүпір етеді. Санап жіберсе, тоғыз балапан екен. Сегізінің мойнын жұлып алып, Шойынқұлақты шала-жансарында бір көрейін деп, соның үйіне тартады.

Шойынқұлақтың үйіне жақындағанда, Күнке алдынан шығады. «Шойынқұлақ қалай?» деп сұрайды Ер Төстік. «Шойынқұлақ

әлсіреп жатыр» дейді. Төстік келсе, Шойынқұлақтың кірпігі зорға қимылдайды, болар-болмас қана демін алып жатыр екен. «Е, батыр, қалайсын!» деп Ер Төстік мазақтап жақындай бергенде, Шойынқұлақтың қолы Ер Төстіктің жағасына сап ете қалады. Екеуі алыса кетеді. Төстік оп-оңай-ақ жерге жаншып тастаймын ғой деп ойлап еді, Шойынқұлақ әл бермейді. Енді біраз алыскан соң, Шойынқұлақтың күшейіп бара жатқандығы байқалады. Төстік буынып, қара терге түсіп, әлі кетіп бара жатты. Төбесінен тау басқандай, денесін темір тор шырмағандай болып көрінді. Сол мезгілде Күңкеге жалынып:

– Жылан Бапы жерінен,
Жер астының елінен
Жалғыз-ақ ерген, жолдасым Күңке!
Төстігінен айрылып,
Шойынқұлақ қолында
Тұтқын болған, Күңке!
Киюге киім, жеуге тамақ таппай,
Өмірін қорлықпен өткізген, Күңке!
Төстігің жаман қысылды,
Жан шығуға ұсынды,
Жетсеңші жылдам, жетсеңші!
Қорқақтап қашып кетпеші,
Қойныма қолың салсаңшы,
Сандық бар жылдам алсаңшы!
Балапанның басын жұлсаңшы,
Сөйтп бір ерлік қылсаңшы! –

дегенде, Күңке жүгіріп келіп, Төстіктің қойнындағы сандықты жұлып алып, ашып жібереді. Қараса, балапандар шыпырлап көбейіп қалған екен. Мойындарын жұлып-жұлып алғанда, Шойынқұлақ сылқ етіп құлай кетеді.

Төстіктің сандықпен қойнына салып әкелген бір балапаны сегіз балапан болып қалған екен. Енді біреуі тірілсе, мүлде әл бермей кетпек екен. Балапандардың мойны түгел жұлынған соң Шойынқұлақ та өліп қалған екен.

VIII

Елге оралу

Төстік елін іздеп тарта береді.

Ер Төстік жер астына түскеніне көп жыл болды. «Ер Төстік жалмауыздың қолында қалды» деп, ел мүлде күдер үзіп қояды, жалғыз ғана Кенжекей: «Ер Төстік бір келер, – деп дәмелі бо-

лып жүреді. – Құба інген қашан боталар екен? Ер Төстіктің не өлген хабары, не келген хабары қашан білінер екен» деп күтумен болады.

Бір күні ертемен тұрса, Құба інген жоқ: «Бошалап кетпесе игі еді» деп Кенжекейдің жүрегі су ете қалады. Жан-жақтан жүгіріп Құба інгенді іздейді. Кенжекейдің жүрегі толқып, бір хабар күткендей жан-жағына қарайды.

Кенжекей Төстікті сағынып жылап отырғанда, ақсақал шалдың астындағы ақсақ боз ат кісінеп қоя береді.

Кенжекей аттың кісінеген даусынан Шалқұйрық екенін таниды. Кенжекей мен Құба інген екенін Ер Төстік те таниды. Сол арада амандасып, мәз болып қалысады. Бәрі де баяғы айырылған күндегі қалыптарына келіп, қайтадан жасарады. Ер Төстік жас жігіт, Кенжекей жаңа түскен келіншек, Шалқұйрық бесті ат қалпына келеді. Одан кейін ұзақ жылдар өмір жасап, мақсаттарына жетеді.



матау – қатты байлау, бекіту. Мысалы, «түйені матап тастады»

матаулы – матап байланған, бекітулі

жұт – қыс қатғы болған жылдары аштықтан, суықтан малдың қырылуы

жұт жылы – жұт болған жыл, жұтаған жыл

күлдіреуіш – шаңырақтың ішіндегі айқастырып бекітіліп, түйісетін шыбықтары

кетпен – жер қазуға, өңдеуге жұмсалатын, көбінесе темірден жасалған құрал

тарғақ – далалы, шөлейтті жерлерде болатын кішкене, сұр түсті құс

өрмек – алаша, шекпен тоқу үшін қазыққа керіп, желісі жерге реттеліп тартылған тоқыма құралы

тебен – ұзын, жуан ине, жуалдыз

бақыр – сұйық зат құю үшін жасалған тұтқасы кішкене ыдыс

ас – өлген адамды еске түсіріп, құрметтеу салтында берілетін дәм; түрлі рәсімдер жиыны

қылбұрау – қинау, жазалау кезінде санды, тақымды буып, азаптайтын қылдан есілген арқан

аяқтандыру – *мұнда*: балаға әйел әперіп, отау қылып шығару

күдер үзу – орындауға, болмасына көзі жетті, түнілді

бір төбе – ерекше, өзгеше

жасау – *этнограф*: ұзатылған қызға берілетін мүлік, дүниелік

сауыт – оқтан, найзадан сақтану үшін денеге киетін тор көзді кіреуке

құт – береке, байлық

інген – қос өркешті ұрғашы түйе

пері – діни сенім бойынша аспанда, су ішінде тіршілік ететін жамандық пен зұлымдық күштері

лашық – уақытша тұруға арналған күрке, снықсыз, кедей қолды баспана

саумал – биенің жаңа сауған, ашытылмаған сүті

кездік – қысқа сапты кішірек пышақ
көкпек – аласа боп өсетін, дәмі ащы, қатты шөп
мүләйімсу – дым білмегенсу, мүсәпірсу, момақансу
егеу – металл заттарды егеп, өткірлейтін құрал
кісе – күміспен, жезбен әшекейлеп істеген пышақ қыны, шақпақ салатын қалташалары бар
торғын – кымбат бағалы жұқа жібек мата
араз – тату емес, өкпелі
кендір – 1. сабағының талшығынан арқан, дәнінен май алатын өсімдік;
 2. кендірден есіп жасалған жіп, арқан
құлық бие – түмса құлындаған жас бие
жирен – қызғылт сары түс
жабы – қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы
ептейле – икемдеу, ыңғайлау
шақпақ – от шығару үшін пайдаланылатын тас, оттық
суат – өзеннің, бұлақтың мал суаратын жері
бесті ат – бес жасар жылқы



1. «Ер Төстік» ертегілердің қай түріне жатады? Ертегінің қандай керемет ғажайыптарын аңғардың?
2. Ертегіні бөлімдерге бөліп, тақырып қой.
3. Әр бөлімге жеке жоспар жаса.
4. Төстіктің бейнесін қалай елестете аласың?
5. Оның айрықша өсуі туралы мәтінде не жазылған, тауып оқы.
6. Мәтіннен Кенжекейдің іс-әрекеттерін еске түсіре отырып, оған мінездеме бер.
7. Ерназардың Мыстан кемпірмен кездескен сәттегі істеген әрекетін қайталап оқи отырып, оған мінездеме бер, өз көзқарасыңды айт.
8. Төстіктің жауыздықты жеңіп шығуына басты көмекші болған кейіпкерді айқында.
9. Төстіктің Шалқұйрыққа айтқан өлеңін көңіл күйге сәйкес мәнерлеп оқы.
10. Жер асты өнерпаздарына (Баукеспе ұры, Желаяқ, Саққұлақ, Таусоғар, Көлтауысар, Көреген) сипаттама бер.
11. Қарақұс балапандарының ұясы бар бөйтеректің суретін сал.
12. Ертегідегі ұнамды, ұнамсыз кейіпкерлерді екі бағанаға бөліп жаз, оларды елестетіп әңгімеле.
13. Ертегі мәтінінің басталу, шиеленісу, шешілу кезеңдерін анықтап, дәлелде.
14. Сен қалай ойлайсың, осы ертегі бойынша фильм түсіруге бола ма? Мүмкін мультфильм жасауға болатын шығар? Осыған ұқсас қандай ертегі-фильмді білесің? Мысалы, «От, су және жез құбыр» (орыс ертегі) деген фильм сияқты шығармалар.
15. Ертегі саған несімен ұнады?



Ертегі – ауыз әдебиетінің көп тараған түрі. Ертегілерде халықтың жақсы өмірді аңсаған арман-қиялы айрықша әсірелеп суреттеледі. Оның негізгі түрлері: жан-жануарлар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, шыншыл ертегілер, т. б.

Сюжет. Сюжет деп оқиғаның дамуын және оқиғалардың өзгеріп, ауысып отыруын айтады.

Сюжеттің белгілі бір құрылымы болады. Оны **композиция** дейміз. Олар: басталуы (байланыс), оқиғаның дамуы, оқиғаның шиеленісуі және шарықтауы, оқиғаның аяқталуы немесе нәтижесі (шиеленісуі).



«Ер Төстік» ертегісінің көңіл толқытар тұстарын мәнерлеп, тыңдаушының жанын қозғап әңгімеле.

Аяз би

Ертеде Мадан деген хан болыпты. Оның ақылы, тапқырлығы өзінің заманындағы көп хандардан артық екен. Ханның қырық үезірі бар екен. Бір күні хан үезірлерімен мәжілістес болып отырып:

– Үезірлерім! Сендер қырқың да асып туған ақылды, данышпан едіңдер. Мен сендерді бір жұмысқа жұмсаймын, сендер маған дүниедегі адамның жаманын, құстың жаманын және шөптің жаманын тауып әкеліңдер. Он бір ай уақыт беремін. Сол он бір айдың ішінде тауып әкелмесеңдер, жазалы боласыңдар, – депті.

Хан бұйырған соң, амал жоқ, үезірлері өзара ақылдасып, іздеуге кіріседі.

Көп іздеп, азап шегіп, шеңгел деген шөпті тауып: «Өзі – тікен, арасынан жүрсе киім жыртады, мал жемейді екен, шөптің жаманы осы ғой» деп шеңгелді алады. Қырғауыл деген құсты тауып: «Үстінде жүні жоқ, ұсқыны келіссіз, құстың жаманы осы екен» деп қырғауылды атып алады. Енді адамның жаманын таба алмай, қырық үезір келе жатса, таудың етегінде үстінде жыртық тоны, басында тері тымағы бар, ұсқынсыз бір адам бес-он қойды бағып жүр екен. Үезірлер таңырқап: «Адамның жаманы, сірә, осы болар-ау» деп тұрғанда, әлгі адам:

– Уа, мырзалар, неге таңырқайсыңдар? – депті.

Үезірлер ханның сондай бір жұмысқа жұмсағанын, шөптің, құстың жаманын тауып, енді адамның жаманын таба алмай, ол адамның ұсқынын көріп таңданып: «Адам жаманы осы болар» деп таңырқап тұрғандарын айтыпты.

Жаман тұрып:

– Болды, адамның жаманы керек болса, мен боламын. Ханға мені алып барсаңыз, сіздердің жұмысыңыз бітеді, – дейді.

Үезірлер:

– Олай болса, жарайды, – деп Жаманды аттың артына мінгестіріп алып, ханға жөнеледі. Ханға келе жатып Жаман:

– Адамның жаманын тауып алдыңыздар, бірақ шөптің, құстың жаманын таба алмаған екенсіздер. Шөптің жаманы – қара қоға, құстың жаманы сауысқан еді, – деп үезірлерге қырғауыл мен

шеңгелді тастатып, олардың орнына қара қоға мен сауысқанды алдырады. Уәзірлер мөнісін сұрайын деп еді, ол:

– Хан алдында айтам, – деп сөйлемеді. Уәзірлер келген соң хан әкелген адамның ұсқынына қарап:

– Әкелген адамның жарайды. Мұнан жаман кісі дүниеде жоқ шығар. Қазір аспазшыға апарыңдар, көже мен нан берсін, сыйла-сын. Ертең ортаға алып, тамаша етеміз, – деп Жаманды ас үйге жіберді.

– Бірақ құстың жаманы мен шөптің жаманын таба алмаған екенсіңдер. Құстың жаманы – қырғауыл, шөптің жаманы шеңгел еді. Осыны көре тұра бұларды әкелулеріңнің не мәні бар еді?! – деп хан уәзірлеріне қатулана бастады.

Сонда уәзірлер:

– Тақсыр, айтқаныңыз дұрыс. Біз шөп жаманы деп шеңгелді, құс жаманы деп қырғауылды алып едік. Бірақ жолшыбай әлгі Жаман: «Шөптің жаманы – қара қоға, құстың жаманы – сауысқан» деп, бізге оларды тастатып, қара қоға мен сауысқанды алдырды, – деп жауап берді.

Хан аз кідіріп:

Е, Жаманның не білгені бар екен. Шөптің жаманы – қара қоға, құстың жаманы сауысқан екенін қайдан білді? Алып кел, сұралық, – деп бұйрық етті. Жаманды ханға алып келді.

Хан Жаманның бетіне қарап:

– Мен құстың жаманы – қырғауыл, шөптің жаманы шеңгел деп ойлаушы едім, сен оларды уәзірлерге тастатыпсың. Сен шөптің жаманы – қара қоға, құстың жаманы сауысқан екенін қайдан білдің? – деді.

– Тақсыр хан, елу жасқа келіп жаман болған жоқпын, жасымнан-ақ жаман едім. Өмірімде отын-су тасып, еткенім кісінің құлшылығы болды. Сол уақытта шеңгелді әкеліп отқа жақсам, кешке жаққан отым ертеңге дейін сексеуілдің шоғындай жайнап жататын еді. Сол уақытта «Киім жыртып, мал жемейтін шеңгел отын ретінде пайдаға асады екен-ау» деп ойлаған едім. Ал енді қара қоғаны алып отқа жақсам, отқа жанбайтын еді, үрлесем, жалыны мен шоғы бірге сөніп, күлі бұрқырап, үйдің ішін алып кететін еді. Отқа жанбаған соң, апарып малға салсам, мал жаманы сиыр екеш сиыр да мұрнын шүйіріп жемейтін. Сонан соң қара қоға тіпті пайдаға аспайтын шөп қой деп ойлаушы едім. Қара қоғаның жамандығын содан білдім, – деді Жаман.

– Сауысқанның жаман екенін қайдан білдің? – деді хан.

– Қырғауылдың жүні жоқ болса да, қанаты бар, адамның пайдасына жарайтын адал құс еді. Біреудің сиықсыз болуы – төңірдің



4 сурет. Аяз би.

ісі. Қырғауылдың айыбы – тек сиықсыздығы. Ал сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын арам құс еді. Сондықтан құс жаманы сауысқан деймін.

БІТҚА – Хош, сауысқан мен қара қоғаның жамандығын білдің. Енді өзіңнің жамандығыңды қайдан білдің? – деді хан.

– Уа, тақсыр! Менің жасым елуге келді. Мен қатарлылар әйел алып, бала көрді, келін жұсап, қызық көріп отыр. Мен қайда болса сонда, әлі күнге дейін әркімнің артына мінгесіп, басқа біреудің құлшылығында жүрмін. Енді мен жаман емей, жақсымын ба? – деп Жаман ханға қарады. Хан басын шайқап:

– Апыр-ай, сен жаман болсаң жарар еді... Құстың, шөптің, өзіңнің жамандығына дәлел айттың, жарайды. Енді менің бір тұлпарым бар, соны сынап бересің бе? – деді.

– Жақсы, сынап берейін.

Тұлпарды алып келген соң, Жаман тұлпардың алды-артына қарап:

– Тұлпарыңыздың сипатынан мін таба алмадым. Енді мініп қарар едім, – деп ханнан рұқсат сұрап алып, тұлпарға мініп, есік алдындағы өзеннен әрі-бері өтті де, қайтып келіп:

– Тақсыр тұлпарыңыздан басқа мін таба алмадым. Тұлпарыңыз тек сырға шатыс екен, – деді.

Хан таңданып:

– Апыр-ай, залым, оны қайдан білдің, айтқаның рас. Менің Ақша хан деген құдам бар еді. Соның тұлпар табатын бір буаз биесін қалап алдырған едім. Бие күні жетіп, құлынды туа алмай, өлер болған соң: «Бие өлсе де құлын қалсын» деп биенің ішін жарып,

құлынды алғанмын. Сол құлын осы еді. Әбден отығып кеткенше, сиырдың сүтімен асырап едім. Ал енді сен мұның сиырға шатыс екенін қайдан білдің? – деді хан.

– Тұлпардың одан басқа мінін таба алмадым. Бірақ тұлпарыңыз судан әрі-бері өткенде аузын суға малып, артқы аяғын сілкіп өтті. Сиырды күніне қырық суарсам да, судан айдағанда, аузын суға малмай, артқы аяғын сілікпей өтпеуші еді. Тұлпардың сиырға шатыс екенін содан білдім, – деді.

Отырған жұрт таңғалып, бір-біріне қарасты.

Хан біраз ойланып отырып:

– Енді менің бір гауһар тасым бар. Сол тасымның қандай қасиеті бар екенін тап, – деп қазынасындағы тасты алдырып берді.

Жаман тасты қолына алып салмақтап, шайқап қарап отырды да:

– Сіздің тасыңыз, рас, қасиетті тас екен. Бірақ екі жылдан соң қасиеті бітеді. Тасыңыз көзіккен екен. «Адам тілі тас жарар, тас жармаса, бас жарар» деген. Тастың ішінде көз тиіп түскен екі қара бас құрт бар. Тасыңыздың пышақ сыртындай ғана қалыңдығы қалыпты. Сол құрт екі жылдан соң тесіп шығады. Тесіп шыққан соң тасыңыз пайдаға аспайды, – деді.

Бірсыпыра жұрт не дерін білмей: «Бәрібір екі жылдан соң пайдаға аспайтын болса, тасты жаралық» десті. Бірсыпырасы: «Жаманның сөзіне бола тастан айырылмайық» десті. Ақырында тасты жармақшы болды. Тасты жарып қараса, ішін екі қара бас құрт кеулеп, тесуге жақындап қалған екен.

– Тастың ішінде құрт бар екенін қайдан білдің? – деді хан.

– Тастың өз қасиетіндей салмағы да болуы керек. Тас жеңілдеген екен. Құрт бар екенін содан білдім, – деп Жаман жауап берді.

– Апырым-ай, сен жаман болмадың ғой, тіпті бір данышпан болып жүрме. Ал сен менің өзімді сынашы. Мен неше атамнан бері хан екенмін, – деді хан. Жаман:

– Жақсы, – деп тақта отырған ханның алды-артына шығып, алдына келіп, ханның бетіне тіке қарап тұрып:

– Жоқ, тақсыр, сіздің басыңыздан басқа тегіңізде хандық жоқ екен, хандық қара басында екен. Қарадан туып хан болғансың, атаңда хандық жоқ екен, – деді. Жаманның сөзін бітірмей, хан оның сөзін бөліп:

– Жоқ, қате айтасың, мен жеті атамнан бері ханмын. Өзімді қойғанда да алты атамды қайда жібересің, – деп Жаманға зекірді. Жаман саспады.

– Жоқ, тақсыр, сіздің қара басыңыздан басқа тегіңізде хандық жоқ. Сіз нағыз наубайдың баласысыз, – деді.

Хан не дерін білмей, халыққа қарап:

– Апырым-ау, мына Жаман не дейді?! Халқым, мен хан баласымын деп жүр едім, шақырыңдар анамды, – деді. – Ақиретке біреудің қанын жүктеп барып, төңірі алдында қара бет болмасын, не де болса шынын айтсын. Әйтпесе ашумен мына Жаманның басын кесермін, – деді.

Шешесі келген соң, хан шешесіне Жаманның сөзін айтты. Шешесі терең күрсініп, сөзге кірісті:

– Е, шырағым, жасым сексенге келгенде, біреудің қанын жүктеп не қылайын. Бір сыр бар еді, оны төңірінің өзі ғана білетін еді, мен білетін едім. Мынау Жаманың біліпті, енді айтайын: атаң сенің Зәрлі хан еді. Менен бұрын 19 әйел алып, кілең қыз тапқаны үшін бәрінің де ішін жарып өлтірген екен. Соның үшін де «Зәрлі хан» деп, халық ат қойып еді. Жиырмасыншы әйелге мені алды. Мен де екіқабат болған соң, жалғыз жанымнан қорқып, тәуіптерге қаралып едім: «Сенің ішіндегі қыз» деді. «Қыз тапсам, мені де өлтіреді ғой» деп көп қайғы жедім. Сол күндерде бас аспазшы-наубайдың әйелі де екіқабат екен. Оның да тамырын ұстатып қаратып едім: «Мұның ішіндегі ұл» деді. Жалғыз жаным үшін сол жерде маған ой келді. Әйелді оңаша шақырып алып, барлық мұңымды айтып, қазынадан табақтап алтын беріп: «Ақиреттік дос болайық, ұл тапсаң, ұлыңды маған бер, менің қызымды ал. Бірақ бұл сырды ешкім білмесін» деп жалындым. Әйел табақтап алтын алып, бір жағынан мені аяп, сол жерде уәдесін берді. Туар кезімізде Зәрлі хан аңда еді, екеуіміздің толғағымыз бір күнде келіп, бір мезетте босандық. Сырды ешкім білмесін деп, басқа біреуді де жолатпай, біріміздің баламыздың кіндігін біріміз кесіп, сол қолыммен қызымды беріп, оң қолыммен сені алған едім, шырағым... Енді бұл күнде мына Жаманың соны біліпті. Сыр ашылуға төңірі жазса, не шарам бар, – деп сөзін аяқтай алмай, шешесі жылап жіберді.

– Сөз тапқанға қолқа жоқ! Олай болса, мен таққа лайық емес екенмін, осы оқиғаны оймен білген сіз лайықты екенсіз, – деп хан тағынан түсіп, тақты Жаманға береді.

Жаман:

– Жоқ, тақсыр, кешегі күні, «Жаман кісі керек» дегенде ат артына салып келген Жаман едім, бүгін таққа отырмаймын. Сіздің көлеңкеңізде жүрсем де жарар. Тағыңызға өзіңіз отырыңыз, – деп болмайды.

Хан таққа отырып:

– Апырмай-ай, менің наубайдың баласы екенімді қайдан білдіңіз? – дейді.

Сонда Жаман:

– Мен жаман-жақсы болсам да, үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы – жал мен жая аузыңызға түспей, нан, көже түсіп, келісімен аспазшыға жібердіңіз. Салтыңызға тарттыңыз. Сіздің аталы хан емес екеніңізді содан байқадым, – деді.

Жиылған жұрт таң қалды.

Сол күйінше хан тағы да хандық құрды. Жаман оған жақсы уәзір болды. Жаман ханға ақылымен, тапқырлығымен жақты. Содан былай қарай қырық уәзір елеусіз боп шеттеп қалды.

Күндердің бір күні Жаман сыртқа шығып тұрса, қаланың ортасында алты қанат ақ боз үй тігулі тұр екен. Төңірегінде қаптаған кісі, үйге кіруге кезек күтіп тұр. Жаман қайтадан үйге кіріп, ханнан:

– Бұл не жиын? – деп сұрады. Хан сонда:

– Қалада қара болса да, байлығымен елдегі ханға пара-пар Уәлі дейтін бай бар. Сол Уәлі байдың Меңді дейтін қызы жастан күйеу таңдап: «Өзімнен ақылы артық кісіге тиемін» деп жиырма жылдай отырды, қазір отыз бесте. Осы күнге дейін қыздың өзінен асып, ешкім оған күйеу бола алған жоқ. Бәрі де барып, қызға жауап қайтара алмай, қайтып кетеді. Ол жиын – қызды жеңіп аламыз деп жүрген бай, мырзалардың жиыны, – деді.

Жаман: «Мен де барып көрсем қайтеді» деп ойлап, кешке жұрт орынға отырған соң, жайлап қыздың үйіне барады. Есікті қағып еді, бір әсем келіншек шығып:

– Не жұмысыңыз бар? – деп сұрады.

– Менің жұмысым сенде емес, қызда. Бар қызға айт! – деді. Келіншек күліп қызға барып:

– Бикеш-ау, күйеу таңдаймын деп, сен де жұртты басындырып болдың-ау! Адам көргісіз бір жаман кісі сенде жұмысым бар дейді. Сенен ол дәме етіп келген білем! – деп қалжыңдады. Қыз жымысып күліп:

– Ол түрге жаман болғанмен, қандай кісі екенін қайдан білесің? Мынаны алып барып бер, – деп жеңгесінен гауһар, пышақ, төрелке және қайрақ тас беріп жібереді. Жеңгесі ол заттарды апарып берген соң, Жаман қолына алып қарап тұрды да:

– Бар, мұның құралын әкел, – деді.

– Ойбай, әлгі Жаманын: «Мұның құралын әкел» дейді, – деп жеңгесі қызға қайтып барды.

Қыз:

– Жарайды, – деп жеңгесіне балға мен төс берді. Жаман балға мен төсті алған соң қайрақты төске қойып, балғамен ортасынан бөлді, төрелкені уатты, пышақты жетесінен сындырды, гауһар тасты қақ жарды да:

– Мә, бикешке алып бар! – деп келіншектің қолына берді. Сынған заттарды көрген соң, қыз ұшып түрегеліп:

– Сол адам – шайтан болмай адам болса, менің тап баратын кісім. Шақыр мұнда! – деді. Жеңгесі не дерін білмей, Жаманды шақырып келді. Қыз оны құрметтеп қарсы алды.

Бұрын да талай бай балалары, хан балалары келеді екен. Бәріне де қыз манағы заттарды береді екен. «Бәрі де: «Менің үйімде пышағым жоқ па, болмаса қазынамда гауһар тасым жоқ па, я тіпті қайрақ таба алмай жүрмін бе?» деп ашуланып, қайтып кетеді екен.

Тап сол күні қыздың ағалары ақылдасып: «Бұл қалай болды? Осы қыз отыз беске келді. Күйеу таңдап әлі біреуге тиген жоқ. Сірә, оның басқа бір сүйгені бар шығар. Ондай адам болса ұстап алсын» деп қарауылшы қойыпты. Таң атқан соң, Жаман қыздың үйінен шығып кетіп бара жатса, қарауылшылар оны ұстап, байдың балаларының қолдарына апарып береді. Бай балалары Жаманды дірдектетіп ханға апарып:

– Мына уәзірді ұстап алдық. Бізді келмей жатып басынды! – дейді. Хан Жаманды оңаша алып сұрайды.

– Қыздың үйіне бардың ба?

– Жоқ.

– Мыналар: «Ұстап алдық» деді ғой?

– Олар өтірік айтып, бөле жауып жүр, мені даладан ұстап алды.

– Мен сенің ақылыңды сыйлап, астымдағы тағымды да беріп едім. Тақты өзін алмаған соң, ең жақын уәзірім қылып едім. Уәлі бай маған олардан қымбат емес. Шыныңды айт. Қызды алып берем, – десе де, Жаман ханға тіпті шынын айтар болмады. Хан ашуланып, жендеттерге Жаманды дарға асуға өмір қылды.

Жендеттер хан бұйырған соң, Жаманды дарға апарып, мойнына тұзақ салып, дардың жібін тартып, жоғары көтерді. Жаман иманын айтып, қырылдап, енді демі бітуге айналғанда көпті жарып, ақ боз атты, ақ киімді, бетіне перде жапқан бір кісі келіп, қылышпен дардың жібін кесіп жібереді де, сұлап жатқан Жаманның көкірегіне қылышын көлденең тастап, жайына кетті. Жаман біраз қырылдап жатып, есін жиған соң, жендеттер тағы да дарға тартайын деп ыңғайланғанда:

– Мені енді ханға апарындар, – деп өтінді ол.

Жендеттер ханға Жаманды қайтып алып келген соң, хан:

– Осы уақытқа дейін неге өлтірмедіңдер? Менің бұйрығымды неге екі етесіңдер?! – деп ақырды.

Жендеттер тұрып, оқиғаны айтып беріп, ас десе, әлде де дарға асуға әзір екенін білдірді. Енді хан Жаманға:

– Маған барам деп неге айттың? Әлде манағы айтпаған шыныңды айтайын деп келдің бе? – деді.

– Е, тақсыр, шынымды айтайын деп келдім.

– Онда Уәлі байдың қызының үйіне барғаның рас па еді?

– Рас еді.

– Алам деп уәде беріп пе едің?

– Беріп едім.

– Ендеше мана неге айтпадың?

– Тақсыр, мана айтпаған себебім мынау еді: мен барып, Уәлі байдың қызына сырттан хабарласқанда, ол маған бір төрелке, бір қайрақ, бір пышақ, бір гауһар тас беріп жіберді. Онысы: «Қайрақтай болып үгітілгенше, төрелкедей болып уатылғанша, пышақтай болып басы кесілгенше сыр айтпайтын кісі мына гауһар тастай жарып мені алады» дегені еді. Сол сырды: «Пышақтай болып басым кесілгенше айтпасың!» деп пышақты жетесінен сындырып, «қайрақтай үгітілгенше» деп қайрақты уатып, «төрелкедей уатылғанша» деп төрелкені қиратып, сыр шашпаймын, «гауһар тастай жарып сені алам» деп гауһар тасты қақ бөліп уәде беріп едім. Сол себепті мана шынымды айтпап едім. Қыздың өзі мені аяп, ақ боз атқа мініп, бетіне перде жауып келіп, дардың жібін қиып, көкірегіме қылышын көлденең тастап кеткені: «Мен үшін кінәсіз өлме, ерлігіңді көрдім. Қылыш үстінде серт жүрмейді деуші еді, антыңды қайтып ал» дегені еді. Өзі рұқсат берген соң, шынымды айтып отырмын, – деп Жаман сөзін аяқтады.

Хан Жаманның сөзінің шындығына көзі жетіп, ел жинап отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, қызды Жаманға алып береді. Жаман тапқырлығымен ханға жағып, екеуі дос болыпты.

Бір күні қырық үзір кеңесіп отырып:

– Бұл Жаман біздің жаман кісі іздегенде ат артына мінгестіріп алып келген жаманымыз еді. Бұл күндерде хан оны өзіне жақын дос қылды. Қыз да әперді, бізді есепке алмай тастады. Қой, бүйтіп жүріп болмас! Біз бұл екеуін араздастырайық. Ханға Жаманның әйелін мақтайық, үйіне қонаққа апарып көрсетелік. Сөйтіп, екеуінің арасына от жағалық деседі. Уәделері бойынша Жаманның әйелін ханға мақтайды.

– Тақсыр, шынында, ол әйел – сізге лайық әйел! – деп ханды азғырады.

Хан Жаманның үйіне барып, өз көзімен әйелді, оның тәрбиесін көрген соң: «Шынында, маған лайық әйел екен» деп ойлап, үйге қайтып келіп, қырық үзірге кеңеседі.

– Ойда жоқта ой салған сендер едіңдер. Енді сол әйелді алуға маған қандай айла тауып бересіңдер? – дейді. Уәзірлері кенесіп:

– Жақсы, тақсыр! Жаманды шақыр. Біз оны «Барса келмеске» жұмсайық. Сонда ол өлер, ол өлген соң бос әйелді сіз алмай, кім алар дейсіз, – дейді.

Жаманды шақыруға хан бір жігітті жібереді. Жіберген жігіті барып, үйден сығалап қараса, төрде төсек үстінде Жаман жатыр. Әйел төрдегі айнаға қарап, өз көркіне таңғалып отыр екен...

Әйел Жаманның сөзіне күліп, артына қарағанда есіктен кіріп келе жатқан жігіт әйелдің жүзін көріп есінен танып, құлап қалыпты. Сол жерде бетіне су бүркіп, жігітті тұрғызып алып, жұмысын сұрайды. Жігіт келген жұмысын айтып, ханға қайтып келген соң, хан:

– Сен кеткелі көп уақыт болды, мұнда жұртты сен неге иіріп, отырғызып кеттің? – деді.

Жігіт басынан өткен оқиғасын айтқан соң, әйелге ғашық хан онан сайын ынтық бола түсті.

Жігіт кеткен соң Жаман:

– Ханға барайын ба? – деп әйеліне ақылдасты. Әйелі:

– Бар, сені «Барсакелмеске» жұмсарын көптен-ақ сезгенмін. Разы бол, бірақ жолға жұлқынған жүйрік, жылжыған жорға мінбе, жылқыдағы ең семізді мін. Қырық уәзір сені үш күншілік жерге шығарып салар. Олардың қарасы үзілген соң, сен де қайт. Орман ішіне апарып, атыңды сой да, етін алып кел. Соны қорек қылып, жата береміз, – дейді.

Жаман ханға келген соң, хан сөз бастайды:

– Мен сені бір ұзақ сапарға жұмсаймын, жұмсағанда сенін ерлігіңнен үміт етпеймін, ақылыңнан үміт етемін. Барсаң, айтамын, – деді.

– Жақсы, барайын, – деп Жаман разылығын білдіреді.

– «Барсакелмес» дейтін жерде «інжілі қой» дейтін қой бар деп айтады. «Бір түгі – алтын, бір түгі – күміс, сойса, терісі – бір адамға тон» дейді. Соның терісін үстіме кигім келеді. «Інжілі үйрек» деген үйрек бар, «қанаты – күміс, басқа жері – алтын» дейді. Соны тәж қып кигім келеді. «Дәудің інжілі қара арғымағы бар, бір шапқанда жүз шақырым шабады» дейді. Соны мінгім келеді. Міне, осы жұмыстарға барасың, – деп Жаманды хан кілең өтірікке жұмсайды.

Жаман ханның жылқысынан бір семіз атты тандап мініп, жолға шығады. Қырық уәзір үш күншілік жерге шығарып салып қайтады. Уәзірлердің артынша Жаман да кейін қайтып, «Қаратоғай» дейтін орманға апарып атын сойып, үйінен көлік әкеліп, етті тасып, тұздап алады. Төсегінің астынан қол бойы жер қазып, күндіз

сонда, түнде әйелінің қасында жата береді. Ай өтеді, жыл өтеді. Бір күні Жаманның үйіне, жеңгесіне көңіл хош айтуға хан келеді. Қонақасы жеп болған соң, хан сөз бастайды:

– Адамның, шөптін, құстың жаманын әкел дегенде, уәзірлерімнің алып келген Жаманы еді. Жаман болса да, ақылына разы болып, тағымды да ұсынып едім. Ақылының арқасында сені де алып еді. Сол ақылынан үміт етіп, бір жұмысқа жұмсай қойып едім, келер уақыты өтіп кетті. Құдайдың әмірі болды ма деймін... Сені қорқылып, жалғыз тастамасын, «Аға өлсе, іні – мұра» деген, қолыма алып бағармын, – деп үгіт айтады. Әйел отырып:

– Е, құдайдың әмірі болса, не шара?! Ол келгенде, сенің қолыңда бір қадірлі тас бар еді, соның тілімен сен ол тасты жарып едің, жарылған соң ол тас пайдаға аспады ғой. Сол секілді әр заттың пайдалы уақыты бар еді. Кешегі қыз күнімде болса, бірсәрі, енді мен жарылған тас сияқтымын. Саған қызмет етіп жаға алмасын, өуре болма! – дейді.

Хан әйелден жеңіліп, үйіне қайтады. Хан шығып кеткен соң, әйел күйеуін шығарып алып:

– Бар, енді ханның жауабын өзің бер, – деп қоя береді.

Хан да барып тағына отырып еді, Жаман да сәлем беріп кіріп келді. Хан сасып қалып:

– Уа, қашан келіп қалдың? Ал әңгіменді айта бер, – деді.

Жаман тұрып:

– Әңгіме ұзақ емес. Уәзірлер шығарып салған соң, бір аш арыстан соңымнан қалмады. Мен: «Барсакелмеске» барып, жауды мұқатқанша мына жауды мұқатайын!» деп қылышымды суырып алып, қуып кеттім. Өз ауылыма келіп, қамап едім, онан шығып кетті. Осы сіздің ордаға кірді ме деп отырмын, – дейді.

Хан не дерін білмейді, бір қызарды, бір бозарды, жерге кіріп кеткендей болды ақырында:

– Мен айыптымын, менен бір қате болды, шайтанның азғырғанына ердім, оған себеп – мына уәзірлер. Бұлар енді я саған, я маған бір қатер қылар. Сен енді іргенді көтер, бөтен елге көш, – дейді. Жаман разы болып, көшетін болады. Хан бірнеше түйеге жасау, асыл зат арттырып, Жаманды Ақша ханның еліне көшіріп салады. Жаман Ақша ханның елінде бір қадірлі адам болып тұра береді.

Күндердің күнінде хан Жаманның сөзі көкейінен кетпей, шалқасынан шаңыраққа қарап ойланып жатыр еді, қырық уәзір кіріп келді. Хан басын көтеріп алып:

– Жау шапты, ел бүлінді, апат соқты. Осыны ойлап табыңдар. Болмаса, жазалаймын, – деді.

Уәзірлер ақылдасып, өздері таба алмайтын болған соң, Жаманды іздеп барып, оған ханның айтқанын айтады.

Жаман қырық уәзірді құрмет етіп болған соң:

– Жаксы, мен жауабын берейін. Хан мені ойлап, қапаланып жатқан шығар, қай-қайдағы есіне түскен шығар, сендерге де өкпесі болса керек. Сөйтіп жатқанда ханның ордасының күлдіреуішінің бір басы шыққан болар. «Жаман болса, осыған бір нәрсе айтар еді!» деп, сендерді сынайын деп айтқан ғой. Барып күлдіреуішінің басын салып берсеңдер, ханның қызметі тәмам болады, – деп кеңес береді.

Уәзірлер ханға келіп:

– Таксыр, мына бір күлдіреуішіңіздің басы шығып кеткен екен, соны салып берейік, – деп рұқсат сұрады.

Хан рұқсат берген соң, күлдіреуішінің басын салып берді. Хан күліп:

– Мұны кім үйретті сендерге? – деп сұрады. Уәзірлер шынын айтты, хан уәзірлеріне:

– Ол Жаман болса да, қысылғанда айла табатын ақылды, данышпан еді. Әркімнің пайдасына жарайтын еді. Сендер күндеп, ақырында екеумізді айырдыңдар. Егер де ол сендерге ақыл таппаса, сендер өлетін едіңдер. «Біреуге ор қазба, өзің түсерсің» деген мақал бар, – деді.

Қырық уәзір ханға жағамыз деп, ханның көңілін аулап, күнде ойын-тойын жасап жатса да, ханның көңілі сергімеді. Жаманды сағынды. Бәрі де Жамандай бола алмайды. Бір күні хан ерігіп, уәзірлерімен аңға шықты. Аң іздеп келе жатып, таудың етегінде қой жайып жүрген бір шалға кездесіп, сәлем беріп:

– Уа, ата, мына таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды? – деп сұрады.

– Бір жиырма жыл болған шығар, – деді шал.

– Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?

– Он бес жыл болды.

– Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды?

– Оған да бір он жыл болған шығар.

Хан ойланып тұрып, тағы да:

– Ата, өзіңіз нешеуісіз? – деді.

– Ой, шырағым-ай, жатқанда екеуміз, тұрғанда төртеуміз.

– Баба, менің қырық асыранды қазым бар, соны білдірмей жүнін жұлып, күйдірмей пісіріп, қан шығармай сойып беретін кісі бар ма? – деп сұрады хан. Сонда шал:

– Адамына тап болсаң, айтқаныңнан да артық етер, – деді.

Хан шалдың сөзіне қанағат етіп, атының басын бұрып, үйге қайтты. Хан үйіне келген соң, уәзірлеріне:

– Мен не дедім, шал не деді? Соны айт, оны айыруға он бір ай уақыт берем. Айыра алмасандар, қырқың да өлесіндер, – деді.

Уәзірлер сасып, өздері таба алмайтын болған соң, бәрі де баяғы Жаманға барып, ханның айтқанын айтты. Сонда Жаман:

– Бұл оңай жұмыс емес. Бастарың өлімге байланған екен. Жақсы, енді болмас, тағы да амал табайын. Сендер бір ат қалдырып, басқа аттарыңды сойыңдар, киімдеріңді өртеп, сонымен бір аттың етін пісіріңдер, мен мына қалған атқа мініп, сендерді ханға жалаңаш айдап барам. Егер де сендер арланып, қастық етпейтін болсаңдар, мен сендерді хан алдында құтқарып алам, – деді.

Уәзірлер бірауыздан:

– Ойбай, тақсыр, арланбаймыз! Жанымыз қалса болады, ханымыз бізге мықтап өкпелеп жүр, – деп разы болып, сол жерде отыз тоғыз атты сойып, бір атты қалдырып, сойған аттардың біреуінің етін, өздерінің киімін жағып пісіріп, жеп алады. Етті жеп болған соң, соймай қалдырған ала шолақ атқа Жаман мінеді. Қолына құрық алып, жалаң аяқ, жалаң бас уәзірлерді ханға айдап жөнеледі.

Жаман келе жатыр дегенді естіп, хан қырық жігіт ертіп, жібек кілем, жібек шатыр алып, түстік жерден алдынан шығып, Жаманды жер бастырмай құрметтеп, жібек кілемге түсіріп алады. Хан уәзірлерді ұмытып кетті. Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап жата берді.

Бір күні уәзірлердің арасында:

– Бұл хан өз қызығы өзінде жата берді. Түнеугі сөзін ұмытып кетті білем, – деген күңкіл шықты. Жаман оны естіп, уәзірлерді шақыртып алып, жиылған халық алдында:

– Ол шал жұрттан асқан дана еді. Хан оның даналығын сезіп: «Қырық уәзірімді жөнге салып, ақыл айтпас па екен?» деп сәлем беріп, тілдесіп еді. Ханның: «Мына таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені «Сенің шашыңа ақ кіргелі неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Шашыма ақ кіргелі жиырма жыл болды?» деді. Ханның: «Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені «Сақалыңа ақ кіргелі неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Оған да он бес жыл болды» деді. Ханның: «Ата, өзің нешеусің?» дегені «Үйінде неше жаның бар?» дегені еді. Шалдың: «Жатқанда екеуміз, тұрғанда төртеуміз» дегені «Менің әйелім өліп еді, қазіргі әйелімнің күйеуі өлген. Түнде жатқанда екеу болғанмен, күндіз қойда жүргенде, мен өлген әйелімді сағынам, әйелім үйде отырып өлген күйеуін ойлайды» дегені еді. «Жатқанда екеу, тұрғанда төртеуміз» дегені – сол еді. Ханның: «Қырық асыранды қазым бар, соны қан шығармай сойып, білдірмей жүнін жұлып, күйдірмей пісіріп беретін кісі бар ма?» дегені «Менің ақылсыз қырық уәзірім

бар, соларды ұрмай, соқпай жөнге салып беретін кісі бар ма?» дегені еді. Шалдың: «Адамына тап болсаң, айтқаныңнан да артық етер» дегені, оның шешуін маған жолдағаны еді. Сендер мені іздеп барған соң, үстеріндегі киімдерінді алып отқа жаққаным – білдірмей жұлғаным, аттарыңды сойғаным – күйдірмей пісіргенім. Сендерді алдыма салып жалаңаш, жаяу-жалпы айдап ханға әкелгенім – қан шығармай сойғаным еді. Ал енді осымен ханның жұмысы біткен шығар, – деп Жаман сөзін аяқтады.

Хан:

– Уәзірлерімнің күнәсін кешірдім. Неше рет екеуіміздің аразымызға от салып, сенің қоныс аударып, көшіп кетуіне себеп болып еді. Сонысына ызаланып, өздері әбден жеңілсін, кінәларын мойнына алсын, – деп едім. Менің тілегім орындалды. Ал халық, мен де біраз хан болып, қызық көрдім. Ендігі хандығымды мынау досыма берем. Сіз де енді тартынбаңыз, таққа отыруыңызға уақыт жетті. Қалған өмірді сізге қызмет етіп, сіздің хан болған қызығыңызды көрейін, – деп Жаманды қолтықтап әкеліп, хан тағына отырғызды.

Елі отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, Жаманды ақ киізге салып, хан көтерді. Жаман Ақша ханның еліндегі үйін көшіріп алды. Жаман таққа мінген соң, соғыспай, ақылмен бес хандықты өзіне қаратты дейді.

Әр ханның адамдары өз елінен әділдік таппаса, бұған келіп теңдік тауып кетіп жүріпті. Сол уақыттан бастап, әділдігі үшін бес ханның елі Жаманға «Аяз би» деп ат қойып, сол аты өле-өлгенше қалыпты. Аяз би әділ болды. Тура билік ететін еді. Нашарларға қарасты. Баяғы өзінің жыртық тоны мен жаман тымағын ордасының маңдайшасына шегелеп қойды. Кейде хандықпен көңілі ауытқып, тура жолдан таяйын десе, шегелеулі тымағы мен тонына қарап: «Әй, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл!» деп көңілін басушы еді дейді.



қанын жүктемеу – біреудің өліміне себеп болмау
тәңірі жазса – күдай қаласа
теңдік тауып – әділдік тауып
нашарларға – кедей, тұрмысы нашар адамдарға



1. Уәзірлер құстың, шөптін, адамның жаманын қандай белгілеріне қарап тандады?
2. Жаманның таңдауы ханға қалай әсер етті? «Апыр-ай, сен жаман болсаң жарар еді» деп ханның күдіктенуіне не нәрсе себеп болды?
3. Меңді сұлу Жаманды не себептен басқалардан артық санады?
4. Жаман мен Меңдіні басқалардан оқшаулап тұрған қандай қасиеттері?

5. Хан Жаманды «Барса келмеске» не үшін жұмсады? Оған ой салған кімдер?
6. Уәзірлерінің білместіктерін хан қалай мойындатты?
7. Қырық уәзірдің бір Жаманға татымайтындығын мысалмен дәлелде.
8. «Біреуге ор қазба, өзін түсерсің» деген мақалдың мағынасы қандай? Соны уәзірлердің қылықтарынан мысал келтіре отырып өңгімеле.
9. Жаманды хан болуға лайық деп, оған «Аяз би» деп ат қоюда қандай мән бар?
10. Ертегіде тұспал, ишара, жұмбақ сөздерге көңіл аударып, олардың шешуін, мағынасын түсін.
11. Мақал-мәтелдерді теріп жаз. «Әй, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз, әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл!» деген сөзді қандай мақал-мәтелдермен ауыстыруға болады?
12. Ертегінің жоспарын жаса.
13. Ертегіні оқығанда, мәтінін мазмұндағанда оның өзіндік баяндауын ескер.
14. Ойланайық. Ертегі неге «Аяз патша» емес, «Аяз би» деп аталған?



«Аяз би» ертегісінің тәрбиелік мәні өте жоғары. Қарапайым адамның өмірді тануы, табиғатты бақылап білуі оның өмірлік тәжірибесінің молдығын көрсетеді. Зеректігінің пайдасы оның басына бақ әкеледі. Ол патшаның өзінен де, уәзірлерінен де, тіпті Меңді сұлудың жұмбағын шеше алмаған көптеген жігіттерден де ақылды болды. Оның бойындағы тағы бір жақсы қасиеті – өз басына өлімнің құрығы түскен кезде де қызға берген сертінде, сөзінде тұрды.

Ал Аяз бидің қарапайымдылығы ғасырдан ғасыр аттап, бүгінге жеткен мына сөзінен көрінеді: «Әй, Аяз би, баймын деп аспа, ханмын деп таспа!», «Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл!».

«Аяз би» ертегісі шыншыл ертегіге жатады. Шыншыл ертегіде қиялдан туған ғажайып кейіпкерлер болмайды.

Шыншыл ертегінің кейіпкерлері – күнделікті өмірдегі қарапайым адамдар.

Өмірді терең танып білген адамның артықшылығын көрсетуді мақсат етеді.



Мына тақырыптардың бірін таңдап, өз қиялыңнан ертегі жаз.

1. «Бала би».
2. «Ғажайып адам».
3. «Менің досымның басынан кешкен оқиғалары».
4. «Кішкентай қаһарман».
5. «Түсімде көрген таңғажайып оқиға», т. б.

Керқұла атты Кендебай

Ерте-ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында Қазанғап деген бір кедей болыпты. Қазанғап құс атып, балық аулап күн көреді екен. Әйелі ау тоқып, жамау жамайды екен. Осылай өз күндерін өздері көріп, жүре беріпті.

Күндерде бір күн Қазанғаптың әйелі босаныпты. Торсық шеке, аппақ ұл тауыпты. Ата-анасы қуанып, төбелері көкке жетіпті. Баласына Кендебай деп ат қойыпты. Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті. Алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті. Алты жылда алып жігіт болыпты. Сондай күшті болыпты: алысқанын алып ұрыпты, күрескенін жыға беріпті. Шыңырау құдыққа құлаған атандарды жалғыз өзі тартып шығара беріпті. Аң аулап, әкесіне жәрдемдесіпті. Бара-бара құлан атыпты. Құралайды көзінен тигізген мерген болыпты. Арқар мен киікті, құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты. Қарасудың бойындағы жырттық үйлі кедейлер қарық болыпты да қалыпты.

Күндерде бір күн Кендебай аң аулап жүрсе, Қаратаудың ойында, терең құздың бойында арыстандай көкжал бөрі бір буаз биені жаңа ғана жарып, жегелі жатыр екен. Кендебай жүгіріп барып, көкжалды құйрығынан ұстай алып, бұлғап-бұлғап лақтырып кеп жіберіпті. Қасқыр арс етіп, аузын қисандатып өліпті де қалыпты. Кендебай қасқырдың терісін сойып алып, биенің қасына келсе, бие жанталасып өлгелі жатыр екен. Кендебай алмас қанжарымен биенің қарнын жарып жіберіп, құлынын суырып алыпты. Арыстай еркек құлын екен. Кендебай құлынды үйіне алып қайтыпты, оны құланның сүтімен асырапты.

Құлын сағат сайын емес, минут сайын өсіпті. Алты айдың ішінде алты кез ат болып шығыпты. Аттың түсі кер құла болыпты. Кендебай Керқұланы үйретіп мініп, түн қатып жүріп аң аулапты. Керқұла қуса жетіп, қашса құтылатын, аузымен құс тістеген өрен жүйрік болыпты.

Кендебай аң аулап, ел аралап жүре беріпті. Ол мейлінше қайырымды болыпты: жылағанды жұбатыпты, қысылғанға жәрдем беріпті. Өзімдікі дегенді білмепті, жатсынуды сүйемпті. Табысына бүкіл ел ортақ болыпты. Керқұла атты Кендебай батыр атанып, әлемге аян болыпты.

Күндерде бір күн Кендебай аң аулап, алысқа ұзап кетіпті. Кетіп бара жатып, қозы бағып жүрген бір балаға кездесіпті. Бала еңіреп жылап жүр екен. Кендебай жетіп келіп:

– Көзің жасты, көкірегің қайғылы не еткен жансың? – деп сұрапты.

Баланың басы таз, киімі өрім-өрім екен.

– Ардақтаған анадан алса, төгілмей ме ырысың. Асқар таудай әкенді алса, көрген күнің құрысын! – деп бақырып қоя беріпті бала.

– Не болды? Жәндеп айтшы? – деп сұрапты Кендебай.

Бала көзінің жасын көл қылып, ауыр бір күрсініп алып, былай деп жауап беріпті:

– Мен Мергенбай деген батырдың жалғыз баласы едім. Қазір алтыға шықтым. Биыл төртінші жыл елімізге жау тиіп, жылқы біткеннен тұяқ қалдырмай айдап өкетті. Әкем алып ұйқылы батыр еді. Ұзақ жортуылдан келгенде, алты күн қатарынан ұйықтайтын. Осы ұйқыда жатқан әкемді жау әскері байлап өкетті. Әкемді ара-шаламақшы болып жетіп барған шешемді қайырымсыз жау алдына өңгеріп жөнөп берді. Мен жетім қалдым. Ішерге асым, киерге киімім болмаған соң, амалсыздан Тасқара байдың қозысын бағып жүрмін. Арыдым, тоздым, ернім жалақ, басым таз болды. Содан бері көзімде жас, көңілімде қайғы. Мен әке-шешеме жылаймын, бай жылқысына жылайды.

– Олай болса, жылама. Мен әке-шешенді іздеп тауып берейін, – деп Кендебай жүріп кетеді.

Бала қуанып қала береді.

Керқұла ат құстай ұшып, құйғытып барады, айлық жерді алты-ақ аттайды. Бір жерге келгенде Керқұла атқа тіл бітіп:

– Досым Кендебай, іздеген жоғың алыста емес, осы арадан табылады. Мынау таудан әрі ассаң, ағып жатқан өзенді көресің. Өзеннің ортасында бір арал бар. Сол аралда хан тұрады. Қойшы баланың әке-шешесі сол ханның қолында. Олар терең зынданда жатыр. Зынданның аузы құлыптаулы. Таудың арғы беткейінде сиыр бағып жүрген зор денелі бір адам бар. Ол – жорықта қолға түскен адам, қазір ханның құлы. Сол адамға бар да, жолына жетерлік пұл бер. Оның киімін өзін ки де, оған өз киіміңді кигіз. Сөйтіп әлгі адамды азат ет те, өзін сиырды бағып қал. Қазір құйрығымнан бір тал қыл ал да, мені қоя бер. Сауыт-сайман, құрал-жабдықтарыңды менің үстіме сал. Өзірге саған менің де, құралдың да керегі жоқ. Егер керек бола қалсам, құйрығымнан алған қылды тұтат. Сонда мен дайын боламын. Ендігі әңгімені барған соң көрерсің, – дейді.

Кендебай Керқұла аттың құйрығынан бір тал қыл жұлып алады да, қоя береді. Оның айтқанының барлығын істейді. Малшыны азат етеді. Жолына пұл береді. Оның киімін киіп, сиырды өзі бағып қалады.

Кешке жақын оларды өзеннен айдап өткізейін десе, сиырлар суға түспейді. Кендебай ашуланып кетіп, сиырларды сирағынан ұстап алып, бір-бірлеп лақтыра бастайды. Лақтырған сиырлар өзеннің ортасындағы аралға томпылдап түсіп жатады. Сол кезде ханның кіші қызы судың арғы жиегінде көріп тұр екен.

– Ой, оңбаған-ау, қырасың ғой малды. Күндегідей: «Айырылғырдың суы айырыл!» деп неге айтпайсың? – дейді.

Кендебай: «Айырылғырдың суы айырыл!» деген екен, өзеннің суы екіге айырылып, ортадан жол ашылады...

Сөйтіп Кендебай мал бағып жүре береді. Күндерде бір күн хан өзінің екі баласын шақырып алып:

– Бүгін қара бие құлындайды. Бұл – тоғызыншы құлындауы. Құлындаған күні түнде құлын жоқ болып кетеді. Бүгін осы биені өздерің күзетіндер. Не болғанын көздеріңмен көріндер, – дейді.

Мұны Кендебай естіп тұрады.

Кешке ханның екі баласы күзетке барғанда, Кендебай да жасырынып барып отырады. Біраздан кейін ханның екі баласы қорылдап ұйықтап қалады. Кендебай ұйықтамай отыра береді. Таң біліне берген кезде бие алтын құйрықты, құндыз жүнді арғымақ құлын туады. Бір кезде аспаннан бір бұлт түйіліп келеді де, құлынды ала жөнеледі. Кендебай шап беріп құйрықтан ала түседі. Кендебайдың қолында алтын құйрық жұлынып қала береді. Кендебай алтын құйрықты қойнына тығып, ұйықтап қалады. Ертеңіне таң сәріден хан екі баласын шақырып алып, не көргендерін сұрайды. Балалары:

– Бие құлындаған да жоқ, еш нәрсе болған да жоқ, – деп жауап береді.

Хан тағы да таңғалып отырғанда, Кендебай есіктен кіріп келіп:

– Дат¹, тақсыр, – дейді.

– Датың болса, айт! – дейді хан ақырып.

– Мен айтсам, бұлардың айтып отырғаны – өтірік. Бұларға көрінбей, биені мен де күзеттім. Түн ортасы кезінде екі балаңыз ұйықтап қалды. Таң алдында бие алтын құйрықты, құндыз жүнді құлын туды. Аспаннан бір бұлт түйіліп келді де, оны көтеріп ала жөнелді. Мен құйрықтан шап беріп ұстай алдым. Бұлтпен араласқан үлкен дәу құлынды алып кетті де, құйрық менің қолымда қала берді, – дегенде, сөздің аяғын күтпей:

– Құйрық қайда? – дейді хан.

– Тақсыр, сабыр етіңіз. Мен алтын құйрықты пайда қылғым келсе, сізге айтпаймын ғой, міне құйрық, – деп Кендебай құйрықты қойнынан суырып алғанда, үйдің іші жап-жарық болып кетеді. Ханның балалары ұялып, жерге қарайды.

– Қазір үшеуің іздеп шығып, құлынды тауып келіндер. Таба алмасаңдар, менің маңымды көрмендер! – дейді хан.

Кендебай өзеннен өтіп, Керқұланың қылын тұтатқан кезде ат жетіп келеді. Керқұла атты мініп алып, қару-жарақты асынып алып, сауыт-саймандарды киіп алып, Кендебай жөнөп береді. Кендебай жолда әлденеше қиыншылыққа кездеседі...

Әуелі алдынан бір үлкен тау көрінеді. Тау теңселіп, қозғалып, оған қарай жақындап келеді. Бұл – жеті басты дәу екен...

¹ Дат – сөйлеуге рұқсат сұрау. Қазір айтылмайды (ред.).

Кендебай қолына жүз батпан шоқпарын алып, Керқұла аттың барлық шабысымен дәуге қарсы шаба жөнеледі. Көзді ашып-жұмғанша ағып бара жатып салып кетеді. Дәудің бір басы ұшып түседі. Кейін қарай шауып тағы да соғып өткенде, екінші басы ұшып кетеді. Осылай ерсілі-қарсылы жеті өтіп, жеті рет соққанда, жеті басы бірдей ұшып кетіп, дәу төңкеріле құлайды. Кендебай дәудің көзін ойып, қоржынға салып алады.

Бір кезде алыстан арыстанның ақырған даусы естіледі. Ілгері екі-үш аттағанда, бір леп Кендебайды тартып ала жөнеледі. Бір уақытта Кендебай арыстанның апандай аузын көреді. Кендебайды тартып жатқан соның лебі екен. Кендебай алты құлаш алмас қылышын көлденең ұстай қояды. Алмас қылыш арыстанды екі бөліп, Кендебайды ар жағынан бір-ақ түсіреді. Кендебай арыстанның азуын қағып алып, қоржынға салады.

Ақыры, Кендебай алтын құйрықты құлынды тауып алып, аман-есен ханның үйіне қайтып келеді...

Хан қуанып, үлкен той жасайды. Той үстінде түк таба алмай сандалып, мойындары ырғайдай, сирақтары шидей болып, азып-тозып ханның екі баласы келеді. Хан Кендебайды төрге отырғызып, оның аты-жөнін сұрайды.

– Мен хан баласы емеспін, адам баласымын. Өз атым Кендебай, ел мені Керқұла атты Кендебай деп атайды. Сіздің еліңізге ерігіп келгенім жоқ, жұмыспен келдім. Рұқсат болса, айтайын, – дейді Кендебай.

– Айт, айт, балам! – дейді хан.

– Бұдан бірнеше жыл бұрын сіздің жорықшыларыңыз елімізді шауып кетіпті. Малымызды айдап, қолға түскен батырымызды байлап алып кетіпті. Сол батырды босатып әкетпек болып келдім.

Хан:

– Сенің алдыңа қоятын бір шартым бар. Ол мынау: дүниеде жеті басты дәу бар, ақырған арыстан бар. Осыларды өлтіріп, бастарын алып кел. Осыны орындасаң, батырыңды босатып беремін, – дейді.

Кендебай Керқұла аттың қанжығасындағы қоржынын алып келіп, арыстанның азуын, жеті басты дәудің көздерін ханның алдына қояды. Хан разы болып, зынданда жатқан Мергенбай батырды, оның әйелін, қолға түскен басқа адамдарды азат етеді.

Ата-анасына қосылып, қойшы бала қуанады. Баласына қосылып, ата-ана қуанады. Ұлы думан, үлкен той істейді. Кендебай тұрғанда елге батып ешбір жау тие алмайды. Сөйтіп бұл ел «Керқұла атты Кендебай батырдың елі» деп атанып кетеді.



кер – үлкен, алып, ұлы деген ұғым

құла – сары мен жиреннің арасындағы жылқы түрі

торсық – сусын құю үшін ысталған теріден жасалған ыдыс

төбелері көкке жетіпті – қуану

атан – төрт жастан асқан піштірілген екі өркешті түйе

құлан – есектен сәл үлкенірек, жылқы тектес тағы аң

құралай – киіктің төлі, лағы

(алты) кез – 71,12 см-ге тең ұзындық өлшемі

ырыс – мол байлық, береке

жортуыл – тонау, ұрлау, шабуылдау мақсатымен жорыққа, жортуылға шығу

жалақ – желқақты боп жалана бергеннен пайда болған еріндегі жара

тұтат, тұтату – от жағу

пұл – ақша, теңге

(алты) құлаш – керіле созылған екі қол ұшының арасы

ау – балық ұстайтын үлкен сүзгі тор



1. Ертегіні тұтас оқып шыққаннан кейін алған әсеріңді өз сөзіңмен әңгімеле.
2. Кендебайдың Керқұланы тауып, өсіргендегі үмітін, сүйінішін өз басыңнан кешкендей ойша сезініп көр.
3. Ертегінің тағы қандай жерлерінде оның кейіпкерлерімен бірге шаттық, қуаныш, жан ашу сезімдеріне бөленуге болады?
4. Кендебай мен қозы баққан баланың кездесу сәтін сахнаға бейімдеп, рөлдерді өздерің ойнап көріңдер.
5. Кендебайдың ер жетуін суреттейтін жерлерін мәтіннен тауып, мәнерлеп оқы.
6. «Керқұла аттың өсіп-жетілуі» деген тақырыпты негізге алып, ертегі әңгіме жазып көр.
7. Кендебайдың орнында сен болсаң, қойшы балаға қандай жақсылық жасар едің?
8. Ертегіні неше бөлімге бөлуге болады? Оларға тақырып қой.
9. Кендебайдың болашақ ерлік істерге баруына себепші болған оқиғаларды тауып, дәйекте (дәлелде).
10. Ертегіге жоспар құрып, оған жауап дайында.
11. «Керқұла атты Кендебайдың» қиял-ғажайып ертегіге жататынын дәлелде. Осы ертегіні «Ер Төстік» ертегісімен салыстырып көр.
12. Ертегіден мақалдар мен мәтелдерді теріп жазып ал.



Идея. Көркем шығармада айтылатын ойды идея дейді. Мысалы, «Керқұла атты Кендебай» ертегісінің негізгі идеясы – ізгі мұраттарды арқалағандар жеңіске жетеді.

Ертегінің жанрлық ерекшелігі – оның мазмұны, идеясы, құрылымы, тілі ертегілерге ортақ, ұқсас: мазмұны мен оқиғасы ерекше әсерлі, әдеттегіден айрықша болады; идеясы – жақсылық жамандықты жеңеді. Құрылымы: басталулары ұқсас (ертеде, баяғыда, т. б. с. с. болып басталады), оқиғаның байланысы ерекше мақсатты орындауға шығады, дамуы ұқсас (қиындықтарға кездеседі), оқиғаның шешілуі де ұқсас (басты кейіпкер мұратына жетеді), т. б. с. с.

Ертегінің түрлері: жан-жануарлар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, шыншыл ертегілер, т. б.

Өздерің оқыған «Керкұла атты Кендебай» ертегісіндегі адамдар жақсы өмір үшін әділет жолында күресіп жатады. Сол жолда небір қиындықтарды жеңіп, жауыз күштерді ауыздықтайды. Біз олардың сыртқы түрін, қимыл-әрекетін, мінез-құлқын, басқалармен қарым-қатынасын ойша біліп отырамыз да, көз алдымызға елестетеміз. Жақсы ісіне сүйсініп, мейірімсіздік танытқандарға ызамыз келеді. Бұның бәрі шығарманың өн бойында көркемделіп, күшейтіліп, нақтыланып көрсетіледі. Ертегіні шығарушы халық ертегідегі адамдар әрекетінің бәріне бірдей қарамайды, яғни біреулерін ұнатып, кейбіреулерін жек көре баяндап жатқанын аңғарамыз. Сонымен шығармадағы адамдардың көркем бейнесін кейіпкер дейміз. Мысалы, «Керкұла атты Кендебай» ертегісін бізге жеткізген халқымыз Кендебайдың ісін, әрекетін құптап, кейінгі ұрпаққа үлгі етіп ұсынады да, хан балаларын күлкі ете көрсетеді.



Кітаппен алғашқы танысу

Қолымызға жаңа кітап алғанда, әрине, оның атына қараймыз. Аталуы бойынша не туралы екенін болжаймыз. Бар болса, эпиграфына ой жүгіртеміз. **Эпиграф** кітаптың негізгі ой-мақсатын елестететін бір я бірнеше сөйлемнен түзіледі. Шығарманың не туралы екенін білу үшін аннотацияны оқимыз. **Аннотация** кітап мұқабасының ішкі бетіне орналасады. Онда кітаптың тақырыбы, идеясы және басты мәселелері өте қысқа түрде айтылады. Аннотациядағы алғашқы ұғымды кеңейте түсу мақсатында алғы сөзге көңіл бөлеміз. **Алғы сөз** кітапты түсінуге көмектесіп, таныстырады.

Екінші кезекте кітаптың **мазмұндық тізімі**, **суреттермен безендірілуі**, **түсіндірме сөздіктер**, т. б. анықтағыштармен танысу жүреді.

Қырық өтірік

Бар екен де, жоқ екен, аш екен де, тоқ екен. Ерте-ерте, ертеде, ертегі өткен заманда, халықты хан билепті, халық ханнан зар илепті. Хан бүлік болып, хан еріксе, халық ойыншық болыпты... Нақ осы айтқанның өзіндей хан, ұстараның жүзіндей хан, қаны тасып еріккен хан, шарап ішіп желіккен хан халқына жар шақырыпты:

– Кімде-кім алдыма келіп, кідірмей, мүдірмей, қырық өтірік әңгіме айтып және артынан қырық ауыз өтірік өлең айтса, сол адамның төбесінен төмен қарай алтын құямын. Бүкіл өміріне жететін байлық мал-мүлкімнен бөліп беремін. Ол аз болса, қызымды беріп, күйеу ғып, қасыма уәзір етіп отырғызамын. Бірақ сондай сертім бар: егер әңгімесінің, яки өлеңінің ішіне бір ауыз да болса рас сөз қосылса, тоқтаусыз дарға тартқызамын, – депті.

Ханның бұл хабары ел арасына тарап, жұрттың құлағына тегіс тиген соң, «үмітсіз шайтан», әркімнің-ақ арқасы қозып, иегі қышиды. Небір аузы-аузына жұқпаған ділмар шешендер, небір ақындар ханның алдына барып, қиыстырып айта алмай, келістіріп сөйлей алмай, талайлар дарға күнәсіз тартылыпты.

Кейбіреулер даладан «айтармын-ау» деп, құлшынып келсе де, қаһарлы ханды, қанға боялып тұрған дарды көргенде, ақылынан адасып, есінен танып, үрейі ұшып, түк айта алмай, сырттан қайтып кетіпті.

Сертін орындай алмай, күнәсіздан-күнәсіз ханның ойыншығы болып, дарға тартылып өлгендерден ханның сарайы қан сасыпты. Жұрттың ең соңынан кедейліктен әбден сіңірі шыққан, мойны ырғайдай, өмірінде жарып ас ішіп, бүтін киім кимеген, жарлылықтан басқа міні жоқ, үсті-басы пәре-пәре, аяғы тілінген, алақаны жарылған, көзі аларған, ерні кезерген бір тазша бала келіпті. Есік алдында отырған жұрт:

– Жаным-ай! Жауқазындай жас бала көрінесін, сенен естияр небір шешендер, небір ділмарлар айтамын деп келіп айта алмай, босқа өлгендердің есебі жоқ. Жарқыным, тумай жатып өлуге асығып жүрген не қылған баласың?! Ізіңше еліңе қайт! Тілімізді ала ғой, – деседі. Бірақ бала көнбейді. Хан сарайына кіріп, ханның алдына келіп, алдиярлап бас иіп, тізе бүгеді.

«Г.» – Е, не арызың бар? – дейді сонда хан.

– Тақсыр! Жарлығыңызды естіп, өтірік әңгіме мен өтірік өлең айтқалы келіп тұрмын, – дейді Тазша бала.

Хан миығынан күліп мысқылдап, тазшаны көзіне ілмей:

– Үлкендердің қолынан келмеген сенің қолыңнан қалай келсін? Айта алмассың! Қыршыныңнан қиылып кетерсін? – депті.

– Тақсыр! Сол көптен менің жаным ардақты ма? Айта алмасам, өз обалым өзіме, рұқсат етіңіз! – дейді.

– Ал ендеше сөйлей ғой, – дейді хан.

Тазша бала сөйлеп ала жөнеледі.

– Тақсыр! Шешемнің құрсағында жүрген кезімде, әкемнің әкесінің жылқысын он бес жыл бағыппын. Жаздың сарша тамызында, ми қайнар ыстықта жылқымды суарайын деп құрық салып, жау тигендей қуалай жөнелдім. Айдын шалқар бір құдыққа келсем, тақсыр-ай, күннің ыстығын сонан білерсіз – құдықтың суы қалыңдығы кісі бойы, қол ұсыным мұз болып қатып қалыпты. Жалма-жан суат оя қояйын деп, ат үстінде тұрып, балтамен олай шапқыладым – ойылмады, былай шапқыладым – ойылмады. Балтамның жүзі жапырылып қалды, балтамды қойныма сала салып,

сүйменді қолыма алып, олай түйгіштедім – болмады, бұлай түйгіштедім – болмады. Сүйменім майырылып қалды.

Енді не қыламын деп дағдарып тұр едім, бір амал ойыма түсе қалды. Дереву кенірдегімнен ұстап, басымды кеудемнен жұлып алып, шекеммен мұзды ақырын бір нұқып қалып едім, тақсыр-ай, бірі өтірік болмасын, мың жылқым қатар тұрып су ішетін суат ойылды да қалды және менің бағыма құдықтың суы зәрдей ашы шығып, сонда да жылқым талғамай ішіп, қарны қампайды да қалды.

Онан соң жылқыларымды көк мұзды жарып шыққан сар балауса мен көк жоңышқаға матап салып, санамай, түстемей түгендегенімде, алты құлаш ала биеден туған жеті құлаш жирен құлыным жылқының ішінде де, сыртында да жоқ болып шықты. Ұры алғанын да білмедім, пері алғанын да білмедім. Өрі-бері қарап, тауып ала қояйын деп, жалма-жан құрығымды мұзға шанша салып, басына шығып, төңірекке көз жіберіп едім – көрінбеді. Құрығым аласа болған шығар деп, құрықтың басына пышағымды шаншып, оған шығып қарап едім, тағы көрінбеді. Пышағымның басына қынымды шаншып, оған шығып қарап едім, сонда да көрінбеді. Көңлім әлі биіктетуде болып, қамшымды шаншып, тағы биіктеттім; оған да шығып қарап едім, жау алғыр тағы көрінбеді. «Енді не жалғаймын?» деп көзімді жұмып, ойға қалып тұрғанымда, қалт есіме түсе қалды: тілімнің астына салып жүрген тебен инем бар екен, қуанғанымнан соны ала салып, қамшымның басына шаншып, оған шығып, көзімді адырайтып қарап едім және көре алмадым. Әбден дағдарған соң, құрығымнан: «Апырмай, енді не жалғайын, ақылың болса, айтшы!» деп ақыл сұрадым. Ол ант ұрғаның жатып-тұрып өзімді сөккені ғой. Сөккенде не дейді? «Ақылың болса, айналып үйіріліп жерге қарай бергенше, көзіңді шарта жұмып, аспан жаққа қарасан болмас па еді?» дегені ғой. «Апырау, аспанды бұлт басып тұрғанын көрмейсің бе?» деп едім, одан жаман сөгіп: «Ант ұрған-ау, қолың жоқ па еді! Бұлттың әрісін әрі, берісін бері серпіп жіберсең болмас па еді?» дейді.

Ойлап тұрсам, оның сөзі жөн екен, дереву қолымды созып жіберіп, бұлттың былайғысын былай, олайғысын олай серпіп жібергенімде, күннің көзі жарқырап, шайдай ашылды да қалды. Көзімді шарта жұмып, аспанға қарасам: тамаша! Мұнан артық не болсын? Темірқазықтың¹ ар жағында, Шолпан жұлдыздың бер жағында, Қап тауының² етегінде манадан бері қарап таба алмай жүрген жирен құлыным бір бөйтеректің бұтағына шығып, құлындап,

¹ Темірқазық – жұлдыздың аты.

² Қап тауы – ертегілік тау аты.

құлынын емізіп тұр екен. Қуанғаным сонша, құрығымның басында тұрып секіре беріппін. Жалма-жан құрығымды қайық қылып, пышағымды ескек қылып, теңізге түсе қалып едім, шым батып барамын. Дереву пышағымды қайық қылып, құрығымды ескек қылып, түсе қалғанымда, кірпік қаққанша сыр етіп теңізден өте шықтым.

Жириен құлынға міне салып, жас құлынды алдыма өңгеріп, қайта теңізге түсе қалғанымда, шым батып барамын. Дереву жас құлынға мініп, енесін алдыма өңгеріп, түсе қалғанымда, жануардың сушылы-ай, көзімді ашып-жұмғанша теңіздің бетімен де емес, түбімен де емес, ортасымен де емес, сыр етіп өте шықтым.

Жылқыға келген соң, жүріс алған шіркін тағы шығып кетіп, өуре қылып жүре ме деп, енесін құлынына, құлынды айғырдың құйрығына байлап, жылқыға қоспай, далаға айдап қоя бердім.

Бір уақытта айдын мұздың үстіне қарап тұрсам, бітпеген қу тобылғының түбінде тумаған бір ту қоян жатыр екен. Жалма-жан садағымды алып, оғымның масақ жағымен атып едім – өтпеді; масақ жағын кіріске қойып, кері жағымен тартқанымда, жұлдыздай ағып өтті де кетті.

Асығып-үсігіп атымды бір қу қазыққа байлай салып, етегіме тезек тере бердім. Бір уақытта қарасам, атым өз-өзінен ер-тоқымын бауырына алып, тас-талқан болып үркіп, тулап жүр екен. Етегімдегі тезегімді төге салып, атыма қарай жүрейін десем, сұмдық-ай! Манадан тезек деп тергенімнің бәрі де бөдене екен, пыр-пыр етіп алды-алдына ұшты да кетті.

Манағы қу қазық деп атымды байлағаным, аққудың мойны екен; соның серіпкен қанатынан үркіп, атымның тулап жүргені де сол екен. Атымды ұстап алып, манағы инемді қазық қылып, басымды тоқпақ қылып, жерге қағып жіберіп, атымды соған байлап қойып «уһ» деп бір дем алғаным ғой. Атып алған қоянымды сояйын десем, қынымда пышағым жоқ. «Апырым-ау, қайда қалды?» деп ойға қалып тұрғанымда, үш күн, үш түн дегенде барып есіме түсе қалды; баяғы құрығымның басына шанышқан бойымен сонда ұмытылып қалған екен. Соған қайта баруға еріндім де, күрек тісімнің біреуін суырып алып, сонымен соя бердім. Жылдамдығым қандай, қоянды үш күнде әрең сойып болдым. Оның етін тұздап, қақтап, енді майын ерітіп алайын деп, бір бүтін қазанға салып еріткенімде, менің сорыма майы ағып тұрмады. Дереву бүтін қазанды тастай салып, бір тесік қазанға салып едім, тақсыр-ай, мұндай қызықты көріп пе едіңіз, бір тамшы тамбай тұра қалды.

Еріген майды ыдысқа қотарғанымда, бір түйе қарнына, бір өгіз қарнына, бір борсық қарнына әрең-әрең сыйғыздым.

«Бұл титтей май менің қай бүйірімді бұлтитады? Онан да етігімді майлап алғаным олжа шығар» деп, бас салып етігімді майлағанымда, бір етігімнің жұлығына зорға жетті, қонышына жетпеді. Сыңар етігім мүлдем ауыз тиместен қалды. «Ер еңбегіне бір тойсын» деген сөз бар еді-ау деп, қоянның бір кесек етін қолыммен әрі-бері күн көзіне ұстап пісіріп, аузыма салайын деп апарғанымда, сүмдық-ай, аузым орнында жоқ, жүрегім мұздай болып: «Апырмай, аузым қайда?» деп қайта-қайта бетімді сипаласам, аузым жоқ дегенім ойыншық екен, толайымен кеудемде басым да жоқ екен. Тақсыр-ай, сондағы қорыққаным әлі күнге дейін есімнен кетпейді!

«Апырмай, бассыз қалай күн көремін!» деп, алақанымды маңдайыма қойып, ойға батып тұрғанымда, біреу иығымнан тартып: «Әке, мынау басты танысыз ба?» деді. Байқап қарасам, өзімнің басым, тауып әкеліп тұрған өзімнің балам. «Шырағым, мұны қайдан таптын?» деп сұрағанымда: «Суат ойған жерінде жатыр екен. Сенің басың екенін танып әкелдім» деді. Тақсыр-ай, сондағы қуанғаным әлі есімнен кеткен жоқ: «Көп жаса! Өркенің өссін!» деп балама алғыс айттым.

Көптен ұйқы көрмей, сергелдең болып жүрген байғұс басым, сол мезгілде ұйқы қысып қалғымайын ба. Мұздан төсек, жерден жастық, қардан жамылғы қылып жата қалсам, жылы төсекте бұйығып өлген адамдай ұйықтаппын да қалыппын. Түн ортасында бір нәрсенің сарт-сұрт естілген дыбысынан шошып ояндым. Қарасам, екі етігім жұдырықтасып, қып-қызыл ала қан болып төбелесіп жатыр екен. «Шырақтарым-ау, бұларын қалай?» деп сұрағанымда, май жағылмаған етігім жыламсырап, «Қайтейін, май біткеннің бәрін анау жалмауыз жалмап қойды, маған ауыз тигізген жоқ» деді. Екінші етігім анау етігіме тап беріп: «Өзіңнің кем несібелігіңнен көрмей, майдың жетпегенін менен көргенің сасқаның ба?» деді. Ашуымның әбден келгені емес пе, маңдайларынан бір-бір шертіп, екеуін екі жағыма қойып жата бердім.

Таң атқан соң қарасам, көзін ашпағыр май жағылмаған етігім өкпелеп, түнде қашып кетіпті. «Алда, жүгермек-ай!» деп, екі аяғымды бір етікке тығып алып, ізіне түсіп қуа бердім.

Айдан айлар жүрдім. Зорығып, астымдағы атым өлді. Жылдан-жылдар жүрдім. Бір күндерде өгіздің желкесіндегі жауырына қауын егіп өсіріп отырған бір егіншіге кез келдім. Егінші бейшара бір піскен қауынды алдыма қойып: «Жарқыным, пышағың бар екен, өзің жарып жей ғой» деді. Кездігімді суырып алып, қауынға салып қалғанымда шіркіннің жетесі босап жүр екен, теміртегі суырылып, қауынның ішіне түсті де кетті. «Қап, жолым қырсы-

ғып жүрген бейбақ едім, бұл да соның салдары ғой, – дедім де, – бала күннен бірге өсіп, біте қайнаған замандасым едің, қалай көзім қиып, тастап кетейін» деп, қауынның ішіне сүңгіп кірдім де кеттім. Ал ізде: тау да қалмады, тоғай да қалмады. Апта болды-ау дегенде, мен сияқты жоқ қарап, сандалып жүрген бір жоқшыға кез болдым. Жоғымның түсі-түгін, ен-таңбасын айтып сұрап едім, оспалар шіркін, менің бетіме «тфу!» деп былш еткізіп түкіріп жібергені ғой. «Ау! Есалаңбысың?! Неге түкіресің? Мен жоқ сұрап тұрмын ғой!» дедім. Өзі бір шытынаған адам екен, менен қалыспады, өкірендеп: «Есалаң демей не дейін, мен бір айдан бері әлденеше атымды зорықтырып, бір айғыр үйірлі қысырағымды таба алмай жүргенімде, сен төрт еліге толмайтын теміртекті іздейсің!» дегені. Мұның бұл сөзіне шыдай алмай, сол жерде жаттым да төбелестім. Қан болмаған жеріміз қалмады. Ақырында оның да, менің де сілеміз құрып шаршаған соң, екеуміз де төбелесті доғарып, бір-бірімізден насыбай атысып жарасып, жөн-жөнімізге кете бардық.

Бір күндерде қалың жиынның үстінен шықтым. «Жақсы болды ғой, осы жиында етігіме де, кездігіме де сұрау салайыншы» деп, ошақты жағалап келе жатқанымда, тойда табақ тартып жүрген бозбалалардың арасында табақ көтеріп жүрген баяғы қашқын етігім анадайдан көзіме түсе кетті, қуанғаннан есім шығып секіре беріппін. Етігімнің де көзі мені шалып қалып, қуанғанынан қып-қызыл болып, қолындағы көтерген бір табақ етті ұсына түсіп: «Мені қоянның майынан құр тастасаң да, мен сені құр тастамаймын» деп алдыма әкеп қоя салды.

– Пай! Пай! Тақсыр-ай, сондағы ұялғаным өмірімде есімнен кетер емес. Мінеки, тақсыр, туғаннан бері басымнан өткен істер осы! – деп, бала әңгімесін бітіріпті.

Тазша баланың бір ауыз шын сөз араластырмай, қиыстырып айтқан әңгімесіне хан бас иіп: «Кәне, бала, енді өтірік өлеңінді айт!» депті. Сонда бала былай деп өлең айтыпты:

Өтірік өлең

...Жүк артып инелікке ерте көштім,
Шүйкелеп сары майдан арқан естім.
Мұртына шегірткенің ат арқандап,
Дегенде өлдім-талдым әрең шештім.

Міндім де ақсақ қоңыз аяңдадым,
Болдыртып аяңымен қоян алдым.
Апырмай, сол қоянның семізін-ай,
Көтеріп қоңызыма қоя алмадым!..

Үш жаста мергеншілік кәсіп қылдым,
Ши оқпен мың құланды атып қырдым.
Ауынан өрмекшінің кілем тоқып,
Ұялмай жүз тұсақтан сатып тұрдым...

Балықтың қабырғасын отқа жақтым,
Өтірік өлең айтып жұртқа жақтым.
Бір сонам асыранды қашып кетіп,
Мекеден он жыл іздеп әрең таптым.

Қамысты жылқы ұстауға құрық қылдым,
Жусаннан үйге тіреу сырық қылдым,
Бір талын сақалымның кесіп алып,
Көшкенде мал айдайтын шыбық қылдым.

Жүз салған қорғасыннан қара балтам,
Шықпады он матадан сыңар қалтам.
Дәулеттің маған біткен арқасында
Көшкенде жүз түлкіге жүгімді артам.

Айдадым жылқы қылып отыз түлкі,
Борсықты ұстап мінсең, аттың мүлкі.
Ішінде топ адамның тулап жығып,
Қылдың-ау, ойбай қырсық, жұртқа күлкі!..

Мен көрдім қара шіркей бала қаздай,
Жүк арттым бес қарсаққа ала жаздай.
Түлкісін қырдың қызыл жайлаймын деп,
Қан түсіп аяғыма өле жазды-ай!

Тамырға өтірікті қап-қап бердім,
Найзасын нән қамысқа саптап бердім.
Жүйрігін тасбақаның ұстап мініп,
Түлкіге төсте қашқан тап-тап бердім.

Басынан Қап тауының қора қылдым,
Бітер деп бес мың жылқы жора қылдым.
Топан су тау басында дамыл бермей,
Қылмасқа енді қора тоба қылдым.

Баласы қасқа айғырдың бөлтірік-ті,
Айтпаймын өлтірсең де өтірікті.
Мың кісі бар тышқанға мінгескенде,
Апыр-ай, тулап жығып өлтіріпті!



5 сурет Шегіртке мінген Тазша бала.

Мен өзім кішкентайдан қарға бақтым,
Қашырмай сол қарғаны зорға бақтым,
Біреуі жануардың үздік шығып,
Мойнына ақ киізден тұмар тақтым.

Басында керегенің үрген қарын,
Көгердім балуандықпен соның бәрін,
Түйеге төстеп барып қойғанымда,
Мертікті көтере алмай қара нарым.

Шымшықтың шылым шектім бақайынан,
Қоянның атым үрікті топайынан.
Баланың ақылы артық, ойы жетік,
Көргышқан етік қылдым шоқайынан...

Мыс егіп көбік қарға, алтын ордым,
Ізіне абжыланның қақпан құрдым,
Шегірткем мініп жүрген тулап еді,
Жалғыз тал қыл қамшыммен өлгенше ұрдым...

Биені қымыз іштім мұзға байлап,
Тышқанды жауыр қылдым үш жыл айдап,

Қырық тоғыз мүшелімде әкем туып,
Жүгірдім қуанғаннан алақайлап...

Сауысқан алып ұшты бөлтірікті,
Айтпаймын, өлтірсең де, өтірікті.
Шіркіннің тепкісінің қаттысын-ай,
Бір шалды шыбын теуіп өлтіріпті!

Шаянның шаңырақтай омыртқасы,
Көнекей көлбақаның жұмыртқасы.
Болмаған енді шындық несі қалды!
Түбінен жау қияқтың ердің қасы!

Жонынан атжалманның айыл алдым,
Үш жөргем, ішін жарып, майын алдым.
Ізіне аттың басқан қақ тұрыпты,
Қырық құлаш қармақ салып жайын алдым.

Шымшықтың шылым шектім қу басынан,
Атжалман арқан естім шудасынан,
Қырық қарға, отыз сона құда түсіп,
Инелік киіт киді құдасынан.

Серік боп құрқылтаймен қылдым сауда,
Айналды мұның арты үлкен дауға.
Борсыққа жарап жүрген міне шауып,
Ұрандап бір бүйірден тидім жауға.

Дарияға тоған салдым ебелектен,
Жаратып, қасқыр құдым көбелекпен.
Жығылып таскенеден мойны үзіліп,
Бір кемпір «ә» дегенше өле кеткен.

Аспанға алты жерден тіреу қойдым,
Борышыма қатынымды кіреу¹ қойдым,
Жүрегін құрқылтайдың төрт бөліп жеп,
Нансаңыз өмірімде бір-ақ тойдым.

Сауысқан әбден асты аққуды іліп,
Елімді қызғыш шауып, салды бүлік,
Қақалып кеше кешке жеген етке,
Қолқамда бес жыл тұрды көрі жілік.

¹ Кіреу – бір жерде борышын төлегенше бере тұратын зат мағынасында.

Баланың әңгімесі де, өлені де ханның өзі қойған шартындағыдай бір ауыз шын сөз қосылмай айтылғандықтан, хан жеңіліпті, айтқан уәдесін орындапты.



бүлік – дау-дамай, қақтығыс, сойқан, лаң, бүліншілік
желігу – қызбалық, желікпе, елігу
дар – адам мойнына арқан, жіп салып асып өлтіру үшін құрылған қос бағаналы ағаш
ділмар – тілге шешен, сөзге бай
миығынан күлді – мұртынан күлу, езу тарту
қыршынынан қиылу – дүниеден жастай кету, мезгілсіз қайтыс болу
сарша тамыз – шілденің аяқ кезі мен тамыздың бас кезіндегі ми қайнататын ыстық, аптап
сүймен – қатқан жерді, мұзды оятын ұшы бар ауыр сом темір
құрық – жылқы ұстау үшін ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық
қын – қылыш, пышақ сияқты өткір құралдарды салып қою үшін теріден, киізден жасалған қынап
сөгу – қатені түзету үшін кінәлап бетке ауыр сөз айту
жұлық – аяқкіімнің ұлтаны мен басының және жиегінің ұштасқан жері
жетесі босау – пышақтың сабы мен жүзінің қосылған жері, сағағы, мойны босау
теміртегі – жай темірден соққан жасық пышақ
оспадар – өрескел қылықты, о жар, ұрда-жық мінезді адам
қысырақ – құлындамаған жас байтал
шүйке – иіруге арнап түтілген, шумақтап оралған жүн
тұсақ – бір жас пен екі жас арасындағы ұрғашы қой
мертігу – бір жері сыну, шығу, майып болу
топайы – жылқының бақайшақ сүйегі
абжылан – су жылан
мүшел – адам жасының әрбір 12 жылдан тұратын бөлігі
айыл – ер-тоқым ауып кетпес үшін малдың бауырын, шабын орап тартатын жалпақ қайыс
жөргем – будақтап өрілген ішек
киіт – қудандалы адамдардың бір-біріне киім-кешек түрінде беретін сый-сияпаты



1. Өтірік әңгімені толық оқып шығып, мазмұнын есіңе сақта.
2. Өтірік әңгіме оқиғасының қызық та күлкілі болып шығуына, мән-мағынасына зер сал.
3. Өтірік әңгіменің оқиға тұтастығын аңғар.
4. «Қырық өтірік» атты әңгіменің тууына себепші болған оқиғаны баяндап, мәтіннен тауып оқы.
5. Тазша баланың қырық өтірік әңгімесін өз алдына оқып, бөлімдерге бөліп көр: а) жоғалған құлын хикаясы; ә) қоянның оқиғасы; б) етіктің шатағы, т. с. с.
6. Әр бөлімнің мазмұны мен оның ішіндегі өтірік әңгімені бөлек айт, оның неге өтірік екенін дәлелде, күлкінің әсері қандай екенін айт.

7. Өтірік өлеңнің әр шумағын жеке-жеке оқып, оның мәнін, мағынасын түсіндіріп отыр.
8. Өтірік әңгіменің тұтас мазмұнын көз алдыға қайта елестет.
9. Өтірік әңгімеден тұтастай қарағанда қандай құндылықтар аңғаруға болады (тапқырлық, тұрмыс даналығы, байқампаздық, пайымдылық, т. б.)?
10. Ертегінің басталуы мен аяқталуында өзін бұрын оқыған ертегілермен ұқсастық бар ма?
11. «Қырық өтірік» ертегісін ертегілердің шыншыл түріне қандай сипаты жағынан жатқызуға болады деп ойлайсың?
12. Кітаптағы осы ертегіге берілген суреттерге назар аудар, ондағы адамдардың кейпі не туралы айтады?
13. Өзің де өтірік өлең немесе өтірік әңгіме жазып көр.



Ертегі оқиғасы проза түрінде де, өлең түрінде де болады. «Қырық өтірік» ертегісі – соның бір мысалы. Бұл ертегінің басқа ертегілерден өзгешелігі айтушыдан аса таланттылықты талап етеді. Ертегінің шартының өзі – бір түйір шындық қоспау керек. Сюжетінің тартымды, қызық болатыны да сондықтан. Ал өлең сөзбен баяндауда автор оқиғаны баяндап жеткізумен бірге өлең сөз талабын (ұйқас, ырғақ, т. б.) орындауы қажет.



Ертегідегі қырық өтіріктің суретін көз алдына елестетіп, бояумен суретін сал (оқулықтағы суретке көңіл бөл).

1-сурет. Инеліктерге жүк артып көшіп бара жатқан көрініс.

2-сурет. Шегірткенің мұртына атты арқандау.

3-сурет. Ақсақ қонызға отырып, қоянды қуған адамның суреті... т. б.

АҢЫЗ ӘҢГІМЕЛЕР

Ауыз әдебиетінің бір алуан саласы – аңыз. Аңыз белгілі бір адамның атына, іс-әрекетіне байланысты туады. Кейде аңыз әңгімеде шындық оқиға мен қиял-ғажайып оқиға аралас келіп отырады. Аңыз әңгіме көбінесе тарихта болған адамның басына құрылады. Ол адам не батыр, не ел басшысы немесе әділ би, ақыл-парасатымен ел құрметіне бөленген беделді адам болуы мүмкін. Бірақ ол адамдардың айтқан сөздері мен істеген іс-әрекеттеріне байланысты айтылған әуелгі шындыққа қоспалар қосылып, сол істептіміс, сол айтыпты-мыс деген әр түрлі лақап біртіндеп аңызға айналады. Оны әңгіме, жыр етіп, біреуден-біреу жаттап алып, кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырған.

Қазақ аңыздарындағы Асанқайғы, Жиренше, Қорқыт, Жошы хан сияқты кейіпкерлер – бәрі де тарихта болған, ел басқарған адамдар, бірақ кейін олардың әрекеттері, сөздері біреуден біреуге ауызша айтыла-айтыла аңыз болып кеткен. Бұлармен бірге Қожанасыр, Алдаркөсе сияқты қарапайым, жай адамдар туралы да аңыздар көп. Ел оларды сүйіп айтады. Енді олардың кейбірімен өздерің танысып көріңдер.

Асанқайғының жерұйықты іздегені

Асанқайғы Желмаяға мініп, жиһан кезіп «Жерұйық» дейтін ну орманды, көкорай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді.

Асанқайғы Маңғыстауға үш барып, үш қайтыпты: «Түбінде мал баққан шаруаға Маңғыстаудан жақсы жер болмас» депті.

Жетісуды көргенде: «Мынау Жетісудың ағашының әр бұтағы жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс» депті.

Осы күнгі Мерке жеріндегі Аспараны көргенде: «Ей, Аспара, көршіңмен тату бол, шөбіңе суың жетер!» деп жүріп кетіпті.

Баянауыл тауын көргенде: «Баянға жаймай қой семірмес» деп Асан қазіргі Баянауылды өзіне жайлау етіпті.

Әулиеатаның батысындағы Жуалы жерін көргенде: «Жерің семіз, шөбің шүйгін, қарың мол, топырағың май екен, қадірді егін салған ел білер» депті.

Қарсақбай аймағын көргенде (Жезқазған жері): «Айналаң жапан тұз екен, тауыңның асты жез екен. Жұртың ашықпас!» деп жүріп кетіпті.

Шыңғырлау өзенін көргенде, Асан түсе қалып, Желмаясын суарады: «Жылқының өзі өскен жоқ. Шыңғырлау, сен құт болған екенсің, сен өсірген екенсің!» деп қонып кетіпті.



6 сурет Асанқайғының Жуалы жерін көруі.

Асан шұрайлы қоныс, нулы өлке іздеумен өмір бойы Желмаясымен желіп өткен екен. Ұлытаудың бас жағына келіп дүние салыпты.



желмая – түйенің бағалы тұқымының бірі
бозторғай жұмыртқалайтын қоныс – тыныштық орнаған жер
қоныс – тұруға, өмір сүруге болатын жер
Аспараны көргенде «көршімен тату бол» деп айтқан сөзінің мәні Қазақстан мен Қырғызстаннан ағатын Шу өзені туралы болса керек.



Асан Сәбитұлы өмірде болған адам. Оның Асан атына «қайғы» сөзінің қосарланып айтылуы – Асанның өмір бойы тыным таппай «Жерұйықты» іздеп, көп жағдайда ел үшін қайғыға, ойға батқанынан «Асанқайғы» аталып кеткен.



Қазақ аңыздары – тарихта болған адамдардың айтқан сөздері, істеген игі өрекеттері біреуден-біреуге айтыла-айтыла аңызға айналып кеткен.



«Жерұйық» тақырыбына сурет, өлең, эссе, ән, т. б. шығармашылық жұмыс жаз. Мен шығарманы былай бастар едім.
«Асан атамның жолын жалғастырғым келді. Қазақстанның үлкен картасын қолыма алдым... Міне, мына қоныстағы ағайындар су тапшылығын көріп отыр, мына жер атом жарылысының азабын шегуде...»



1. Бұл әңгіменің неге аңыз екенін мына белгілер бойынша айт:
 - а) Асан Сәбитұлының тарихта болғаны;
 - ә) Жерұйықты іздеудегі мақсаты, арманы;
 - б) Көрген жерінің бәріне қонымды баға беруінің мәні, оның шындыққа қатысы;
 - в) Өркімнің туған жері – жерұйық. Мүмкін сендердің туған жерлеріне де Асан атаң барған шығар?
2. Өзіңнің туған жеріне Асанқайғыша баға беріп көр. Суретті пайдаланып, шығарма жаз, эпиграф етіп Асанқайғының бір сөзін алуға тырыс.

жиде қалтұт нәм жекүл

Ақсақ құлан, Жошы хан¹

Жошы ханның ашамайға мінгізген жас баласы аңшылармен бірге жүріп, бір жерде қашып бара жатқан ақсақ құланды қуып кетіпті. Ақсақ құлан жүйткіп бара жатқан бір топ құланға қосылыпты. Баланың астындағы еріккен тұлпар елігіп, құйрығын шаншып құйғытып, құландарға қосылады. Құланның әңгісі

¹ Жошы хан (1187–1227) – Шыңғысханның үлкен ұлы. Қазақ елінің билеушісі, ханы болған.

баланы шайнап өлтіріп кетеді. Аңшылар баланы іздеп таба алмайды. Жошы аңшыларға қаһарын төгіп: «Баламды тауып бер» деп қалың кісіге іздетеді.

Баламды өлді деп естірткен адамның құлағына қорғасын құямын деп жарлық қылады. Аңшылар бір жерден баланың жұлмаланған қолын табады. Енді ешкім баласының өлгенін Жошы ханға айта алмайды. Ақыры көпшілік ордада отырып, бір домбырашыға күймен айтқызады. Сондағы күйдің айтқан жыры мынау екен:

Уа, иеміз, Жошы хан!
Домбыра не деп жырлайды?
Сарнап бір даусын қырнайды.
Құлағың сал осыған...
Ақсақ құлан, қу құлан,
Қияннан қашқан ту құлан.
Қиырсыз құла далада,
Анда жүрген балаға
Кез болып бір қашыпты,
Белден-белге асыпты.

Ақсақ құлан, Жошы хан!..
Елсіз құба далада,
Қат-қат бұдыр салада,
Мекендеп өрген, өрбісіп,
Ордалы құлан жосыған.
Қуып ақсақ құланды,
Еріккен тұлпар құнан да,
Ордалы үріккен құланға
Құйғытып ойнап қосылған...

Өлім деген тәңір ісі,
Желіккен құлан өңгісі,
Құлан мен тұлпар еріккен,
Жосыған құлан желіккен,
Балаңды шайнап өлтіріп,
Жұлмалап жалмап кетіпті
Ордалы құлан шошынған.
Сөзді айтып жырлап, зарлаған
Домбыраның балаңды
Есірткені осы хан!
Өзгеге артпа жалаңды,
Еліктірген балаңды
Сол қу құлан, ту құлан.
Ақсақ құлан, Жошы хан!..
Илаң, ханым, осыған!!!

Жириенше шешен мен Қарашаш сұлу

Қаракөз ханым өлген соң Жириенше үйленбей көп жүріпті. Ойлаған сынына сай қыз кездеспейді, кез келген қызды ұнатпайды. Сөйтіп жүргенде бір жігіт кездесіп, жолдас болыпты. Өзі көп үндемейтін адам екен. Бір мезгілде Жириенше жігітке қарап: «Жол қысқартайық» дейді, жігіт жауап қайырмайды. Тағы бір кезде Жириенше жігітке: «Ағаш қазан қайнатайық» дейді, жігіт жауап қайырмайды. Тағы да біраздан соң бір көшіп кеткен елдің жұртын көргенде Жириенше: «Мынау бір бейбастақ үйдің жұрты екен» дейді. Жігіт оған да жауап бермейді. Сонымен екеуі бір елге жақындағанда, жанбыр құйып кетеді. Ауыл сыртында тезек теріп жүрген бір топ қыз жанбыр жауып кеткен соң, қаптарын арқалап, ауылға қарай жүгіре жөнеледі. Тек бір қыз сырт киімін шешіп қапқа жауып, өзі соның ығында отырып қалады. «Мына қызда бір сыр болар» деп, Жириенше отырып қалған қызға келеді. Қыз асқан сұлу екен, Жириеншеге қыздың көркі ұнайды. Енді ақылы қандай екен деп сынау үшін: «Сен көп қыздан неге бөлініп, жалғыз отырып қалдың?» дейді Жириенше.

– Мен басқа қыздарға еріп ақымақ болайын ба? – дейді қыз.

– Олар қалай ақымақ болады? – дейді Жириенше.

– Олардың ақымақтығы мынада: келе жатқан алды бар, арты жоқ шағын бұлт. Бұл өткінші жанбыр, аз жауып ашылады. Ал олар үйге барғанша отындары да, барлық киімдері де су болады. Су болған отындары жанбайды, киімдерін кептіре алмайды. Мен отыныма шапанымды жаптым, отынымның ығына өзім отырдым. Менің су болған жалғыз-ақ шапаным. Отыным, өзге киімдерім құрғақ; үйге барғанда отынымды жағып, шапанымды кептіріп аламын, – дейді. Қыздың көркіне ақылы сай екеніне көзі жетіп, қара көз, қара шашты сұлуға тағы бір сөз айтып көрейін деп, Жириенше:

– Бүркеніп жалғыз отырсын,
Бойға жеткен жас бала.
Ұнатсаң айтқан сөзімді,
Күлімдеп көзің бері қара!

Оңаша бір сөзім бар,
Ақылың болса сен ұғар.
Менің атым Жириенше,
Жол берген маған хан-қара, –

дейді. Сонда қыз бөгелместен:

– Сыртыңнан естіп қанық ем,
Шешен деген атыңды.
Түсіңе бұрын танық ем,
Жаңа көрдім затыңды.
Айтар жерің осы ма,
Көңілдегі датыңды? –

деп күлімсіреп, өң бергендей болып:

Уәде қылып келіп пе ең,
Сөйлесем деп осы жерге,
Жалғыз атты жолаушы,
Аулақ менен көш жерге.
Құрбыңды іздеп тауып ал,
Жас қыз сөзіңді естір ме? –

дейді.

Жириенше шешен қызды әбден ұнаттып, ішінен: «Құдай жазса сені алармын» деген ойға келеді. Ауыл мен екі арада өзен бар екен.

– Мынау өзеннің өткелі қай жерде? – дейді Жириенше.

– Мына жерде бір өткел бар – жақын; жақын да болса алыс, – дейді қыз.

– Сенің үйің қайсы? – дейді Жириенше қызға.

– Менің үйім – анау үлкен ақ үйдің жанындағы қараша үй, – дейді қыз.

Жириенше алыс өткелге кеткенде, жолдасы жақын өткелге бұрылады. Қыздың «алыс, алыста болса жақын» деген өткелінің суы саяз, асты құмқайыр екен. Жириеншенің аты желіп өтеді. Ал «жақын, жақын да болса алыс» деген өткелдің суы терен, асты балшық екен, жолдасының аты батпақтап зорға өтеді.

Жанындағы жігітке: «Сен қайда қонасың?» дегенде, «Мен мына ақ үйге қонамын» дейді ол. «Ендеше мен қараша үйге қонамын» дейді шешен. Сөйтіп екеуі екі бөлініп, бірі байға, бірі кедейге барып түседі. Бір уақытта отынын арқалап манағы қыз да келеді. Жириенше төрге жайғасқан соң, үйдегі кемпір амандықтан кейін: «Шырағым, мынау байдың үйі тұрғанда, біздің қосқа қалай түстің?» дейді. Жириенше: «Менің баспанам да осындай еді, өз үйім тәрізді болған соң өзімсініп түстім» дейді.

Жириенше түскен үй іңір болған соң от жақты, келін сиыр сауды. Кемпір от басында, қыз үйдің іргесінде отыр.

Жириенше төрде отырып, қызға қарап басын сипайды. Бұл: «Сенің қалыңмалың шашымнан көп-ау» дегені еді. Қыз оған түсініп, астындағы тақыр тулақты сипайды. Ол: «Теңімді тапса, тақыр ке-

дей болса да береді» дегені еді... Жиренше мен қыз бірін-бірі ұнатқанын осылай ыммен ұғысады.

Таң атқан соң жұрт тұрып, жайланған кезде бай Жиреншені шақыртып алады. Жиренше келсе, кешегі жігіт мәз-мейрам болып сонда отыр екен. Амандасқаннан кейін бай: «Кешегі бірге келген кісі осы ма?» дейді, жігіт: «Иә», – дейді. «Екеуің бірге келіп, екі бөлек түскендерің қалай?» дейді бай. Жиренше: «Бұрынғының сөзі бар еді, сол есіме түсіп, бөлек түстім» дейді. «Ол не деген сөз?» дегенде, Жиренше:

– Өзін білмес ісінді
Білгендерден сұрап біл.
Өліп жатсаң, наданнан
Қабырыңды жырақ қыл! –

деген дейді.

Бай: «Екеуің жолда не сөйлестіңдер, не айттыңдар?» дегенде, жігіт түндегі жол-жөнекей айтылған сөзді баяндайды. Жиренше: «Екеуден-екеу жапанның сары даласында келе жаттық. Әр түрлі сөз айттым, біреуіне де жолдасым сөз қайтармады. Сонан соң мен де үндемей отырып едім, ұйқы келді, маужырап жүре алмадық. Ұйқыдан мезі болған соң «жол қысқарталық» дедім. Оным: «әңгіме айт» дегенім еді. Екінші, «ағаш қазан қайнатайық» дегенім «насыбай атып алайық» дегенім еді. Үшінші, «бейбастақ үйдің жұрты» дегенім, бір жұртта екі басы бірдей күйік көсеу жатыр екен. Айтқан сөзімнің біріне жауап қайырмаған соң, «мына жігіт надан екен деп, бөлек қонған едім» дейді. Бай Жиреншенің бұрын атын есітіп, бір көруге құмар болып жүреді екен. Өзін көріп, сөзін естіген соң есі кетіп, мал сойып, қымыз құяды. Бәйбіше: «Шырағым, бүгін осында бол!» деп қондырады. ...Бай Жиреншенің ақылына қызығып қызын бергісі келеді: Қызы: «Мені бір жалғыз атты кедейге бар дегені несі, бармаймын» деп астан-кестен болып бүлінеді. Қызынан бұл сөзді есітіп, өтірікші болдым-ау деп ойланып отырғанда, Жиренше: «Бай, сіздің қиналып отырғаныңыз маған әбден батты. Көнбеген балаңызды қояйық, мынау көршініңіздің қызының қалыңмалын төлеп, алып берсеңіз болады» дейді. Бай көрші жігітті шақырып алып, сұраған малын беріп, Қарапашты Жиреншеге қосады.

Жиреншенің хан сынағына түскені

Бір күні Жиреншені хан шақыртып алып, оған қырық сиыр берітті.

– Осы сиырлардың ішек-қарнын тірідей тазалап әкел; барлы-

ғын да соясын; сойғанда біреуінің ішінен бір түйір де қылтан шықпасын! – депті.

Жириенше қырық сиырды айдап, әйелі Қарашашқа келеді.
Қарашаш:

– Қорықпа! Сиырларды ащы құдықтың басына айдап барып, жалғыздап суар да, суарғаныңды сол жерде айналдыра қуа бер; әуелі ішінің қармауы кетер, онан кейін жын аралас су кетер, ең соңында қара судың өзі кетер, – депті.

Жириенше Қарашаштың барлық айтқандарын істеген екен, оның айтқандарының барлығы да дұрыс келіпті. Сөйтіп қырық сиырдың барлығының ішін тазалап, ханға алып келіпті. Хан сиырларды шетінен сойғыза бастапты. Сонда ешбіреуінің ішінен қылтан таба алмай, аң-таң болған екен.

Бір күні хан Жириеншеге хабар береді:

– Жириенше біздікіне келсін, келгенде жолмен де жүрмесін, жолсызбен де жүрмесін, – депті.

Жириенше бір ит пен бір ешкіні қосақтап алып, жолға түсіп, ханның үйіне қарай келе жатады, ханның үйіне жақындайды.

Оның келе жатқанын хан көріп:

– Мынау кім өзі? Жолмен де жүрмейді, жолсызбен де жүрмейді. Қалай жүріп келе жатқан адам? – депті.

Жириеншенің тапқырлығын көріп, хан таң қалған екен.

Тағы бір күні хан Жириеншені шақыртып алып, оған сексен еркек қой береді де:

– Жазғытұрым қой қоздаған уақытта, осы қойлардың барлығын қоздатып алып келесін, – деп жарлық етеді.

Жириенше қойларды алып, Қарашашқа келіп ақылдасады,
Қарашаш:

– Сасатын түгі де жоқ! Қойларын шетінен сойып жей берелік. Хан келсе, жауабын өзім беремін, – дейді.

Қой қоздайтын уақыт жетіп, о да өтіп кетеді. Хан Жириеншеге хабар жібереді. Жириенше жауап қатпай, қойларды шетінен жалғыздап сойып жеп, жата береді.

Бір күні хан шыдай алмай атына мініп, Жириеншенікіне келеді. Оның келе жатқанын Қарашаш көріп, Жириеншені үйге жатқызып тастайды да, өзі білегін қанға былғап, ханның алдынан шығады.

Хан:

– Жириенше қайда? – деп сұрайды.

Қарашаш:

– Жириенше үйде, жас босанып жатыр! – депті.

Хан:

– Ол не дегенің! Еркек адам да бала таба ма екен? – деп күліпті.

Сонда Қарашаш:

– Тақсыр, еркек адам бала тумаса, еркек қой қалай қоздайды? – депті.

Хан Қарашаштан жеңіліп, атының басын бұрып алып, ізінше кейін қайтқан екен.

Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?

Баяғыда Жириенше деген өзі кедей бір шешен болыпты. Ол асқан ақылды, сөзге ұста, шешен адам екен. Жириеншенің шешендігіне қызығып, хан шақыртып алып, оны өз қасына ертіп жүреді екен. Бірақ Жириенше ханды жақтамапты, елдің сөзін сөйлепті. Ол ханның алтындаған сарайына тұрақтамай, өзінің кішкене күркесіне келіп жатады екен. Өз үйіне келгенде, ол мың жасап, бой жазып қалады екен. Үйі өте кішкентай болса керек. Киізі қырық жамау күркесіне келіп: «Қайран менің өз үйім, кең сарайым – боз үйім» деп керілгенде, Жириеншенің екі аяғы тізесіне дейін күркеден сыртқа шығып жатады екен.

Бір күні хан нөкерлерін ертіп, серуенге аттаныпты. Еріккен ханға ермек керек. Хан Жириеншені шақыртып алып, ертіп шығыпты. Хан сәмпылдап, әңгімені соғып келеді. Күн желтендеу болса керек. Бір адырдан аса бергенде, ханның алдынан жел қуған бір түп қаңбақ домалап, ұшып бара жатады.

– Уа, Жириенше, анау қаңбақ қайдан келеді, қайда барады екен? Сұрап келші! – дейді хан.

Жириенше шауып ала жөнеледі. Жетіп барып, қаңбақты қамшысымен ұрып тоқтатады да, біраз бөгеледі. Аздан кейін қоя беріп, ханға қайтып келеді. Жел қуған қаңбақ бөгелсін бе, домалай жөнеледі.

– Уа, Жириенше, сөйлестің бе, не айтты қаңбақ? Қайдан келеді екен, қайда барады екен делегейленіп? – дейді хан.

– Сөйлестім, тақсыр! Сөгіп салды өзімді, – деп жауап береді Жириенше.

– Ал айт, қаңбақ не деді?

– Тақсыр, соны сұрап не қыласыз. «Желдің өтінен шықтым, ығына қарай ығып барам; желге ұшам, сайға қонам; оның несін сұрайсың? Білмеуші ме едіңдер? Ұшарымды жел біледі, қонарымды сай біледі. Осыны сұрата жіберген хан ақымақ па, сұрай келген

сен ақымақ па?» деді де, қаңбақ ұша жөнелді, тақсыр, – дейді Жириенше.

Хан ұялғанынан еш нәрсе дей алмай қалады.



қармауы – малағы

шешен – тапқыр сөйлейтін адам

қаңбақ – шөптің түрі

адыр – қыр

жын аралас су – малақ пен су

нөкер – ханның жанында еріп жүретін адамдар



1. Жириенше де, Қарашаш та өмірде болған адамдар. Оларды өз Жәнібек ханның тұсында, соның арғы-бергі уақыттарында, XV–XVI ғасырларда өмір сүрген деп білеміз. Өйткені Жириенше мен Қарашаш туралы аңыздарда көбінесе Жәнібек хан бірге айтылады. Олар туралы ел арасында көптеген аңыз әңгімелер бар. Аңыз әңгімелердің ертегіден айырмашылығының өзі – аңыз кейіпкерлерінің тарихта болған адамдар екендігі. Жириенше туралы аңыз әңгіме бойынша Жириеншеге мінездеме бергенде, оның мына қасиеттерін ескеру керек: біріншіден, Жириенше әрқашан әділдікті, шындықты айтады; екіншіден, кісімен ақылдасуды ұмытпайды; үшіншіден, сөзді тауып айтады; төртіншіден, хан екен деп жағымпазданбайды, өзін еркін ұстап, ханмен тең дәрежеде сөйлеседі.



1. Жириеншенің Қарашашпен ақылдасып әрекет жасауына өзің қандай баға бересің?
2. Жириеншенің жолмен де емес, жолсызбен де емес күйде жүріп келе жатқанын ханның «хайуанша» деген сөзі арқылы ашып айт.
3. Жириеншеге хан неге қиын тапсырмалар берді деп ойлайсың?
4. Хан өзінің жеңілгенін мойындайды. Ханның осы мінезіне қарап, ханға мінездеме бер.
5. Өзің өз кемшіліктеріңді мойындай аласың ба? Есіңе түсіріп көрші.
6. Аңыздан қандай тәрбиелік өнеге алуға болады?
7. Ханның теріс және оң шешімдері туралы диалог түрінде өзара сөйлесіңдер.
8. Жириеншені хан не үшін бағалап қасына ертіп жүрген?
9. Қаңбақтың адамша сөйлеуі шындық па, әлде ауыз әдебиетіне тән белгі ме? Ер Төстіктің аты да адамша сөйлейтін бе еді? Ауыз әдебиетінің бұл белгісін тұжырымдап айт.
10. Жоғарыда Жириенше шешен туралы берілген мәтіндердің әрқайсысына ат қой. Неге солай атағың келді, дәлелде.
11. Жириенше қаңбақ айтты деп, ханды оңдырмай жеңгеніне қарап, Жириеншеге қандай мінездеме берер едің?
12. Жириенше ханнан не себепті қорықпайды? Бұл жерде халқымыздың қандай асыл қасиеті байқалады? «Сұраған сен ақымақ па, сұратқан хан ақымақ па?» деген сөзге хан қатты ашулануы мүмкін еді ғой.

13. Жиреншенің бойында өзіне ұнайтын қандай қасиеттер бар?
14. Тауып сөйлеуге байланысты төрт-бес мақал жаз.



Аңыз әңгімелердің бірінші белгісі – кейіпкерлері тарихи тұлғалар. Екінші белгісі – кейіпкерлерінің сөзі де, ісі де танданарлық тапқыр болады. Аңызға айналатыны да осы тапқырлық қасиеттері. Үшінші белгісі – оқиғаның шешілуі әрі сүйсінтеді, әрі еліктетеді, адамды жақсылыққа жетелейді.



1. Жиренше, Қарашаш және ханның диалогінен сахналық көрініс әзірлеңдер.
2. Аңыз сюжетіне ұқсас жағдаятты ойдан құрастырып, тауып сөйлеу жарысын ұйымдастырындар.



ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР

Қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы – шешендік сөздер. Шешендік сөздер – елге белгілі адамдардың қайсыбір оқиғаға байланысты айтқан тапқыр сөздері. Ол сөздер мәйекті, өткір, көңілге қонымды болғандықтан, елге тез тарап, ауыздан-ауызға көшіп сақталып отырған. Шешендік сөздер әдетте екі адамның белгілі бір талас мәселені шешудегі сөз жарысында туып, елге жайылып кетеді. Ондай дауды қазақ тұрмысында, негізінен, билер шешіп отырған. Сондықтан да шешендік сөздерді айтушылар көбінде билер, шешендер болып келеді.

Шешендер мен билердің сөздері жазылып сақталмағандықтан, бізге тек ауызекі түрде әр түрлі өзгерістермен, түрленулермен жеткен. Тіпті айтушылары ұмыт болған шешендік сөздер сан қилы замандардан өтіп, ертегілердің, жырлардың, хикая-дастандардың құрамына да еніп кеткен. Мысалы, Жиренше шешеннің айтқандары аңыз әңгімелерге айналып жеткенін осының алдында ғана оқып білдіңдер.

Шешендік сөздер дау-тартыстардағы айтылатын айтыстармен ғана шектелмеген. Көпті көрген өнегелі адамдардың бата-тілек, насихат-нақыл сөздері түрінде де айтылып отырған.

Шешендік сөздерде халықтың бастан кешкен оқиғалары, ақыл-ойы, арман-тілегі бейнеленеді, тілінің байлығы, оралымдылығы байқалады.

Шешендік сөздер адамды жақсы мінездерге баулиды, бірлікке, татулыққа, үлкен-кішіні сыйлауға шақырады. Мысалы, мол шабындыққа таласып, жанжалдасып жатқан екі кісіге он үштегі бір бала айтыпты деген сөз бар:

Өзімнің атым Күдері –
Ер Көшектің баласы.
Талассаң бағың кетеді,
Таласпасаң нетеді?

Бірлік қылсаң, ағалар,
Анау тұрған шабындық
Баршанызға жетеді.
Дүние, шіркін, жалған ғой,
Бастарыңнан әл-ақ өтеді.

Шешендік сөздер көбінесе дауларға байланысты туған десек, шешендер екі кісі, екі ру арасындағы мал-мүлік, ар мен жер, ер мен жесір құны сияқты даулардан бастап, екі ел арасындағы мемлекеттік келісім сөздерге дейін аталы сөзбен тындырып, бітімге келтіріп отырған.

Әліпшілігіміз

Елдің намысын, бірлігін қорғайтын сондай даулардың бірін қалмақ ханы Қоңтажыны Қазыбек би жас бала күнінде шешендік өнерімен, шешендік сөзімен келісімге келтірген деген сөз бар:

Жана үйреткен жас тұлпар
Жарысқалы келгенмін,
Танымайтын жат елге
Табысқалы келгенмін.
Қазақ-қалмақ баласы,
Табысқалы келгенмін.
Табысуға көнбесең,
Тұрысатын жерінді айт!
Сен – қабылаң, мен – арыстан,
Алысқалы келгенмін.

Сөйтіп он үш жасар Қазыбек қазақ пен қалмақ елінің табысуын тілейтіндігін білдіреді.

Сендер де шешендік сөздердің жақсы үлгілерін көп оқып, көңілге тоқуға тырысыңдар, шешендік сөздер сендердің ой-саналарыңды оятып, жақсы мінезге, байқағыштыққа, сергек те зерек болуға үйретеді, әрі тілдерінді байытып, ұтқыр да ойлы сөйлеуге баулиды.

Тайкелтірдің төрелігі

Төле би Тайкелтірдің болашағын болжайды. «Ұсақ-түйек ауыл арасындағы дау-шар емес, ел намысын жібермейтін, қысылғанда халқына пана бола алатын алғыр, ұтымды адам болып өскелі тұр. Бұл мына шалдар ойлағандай Айдаболдың ұлы емес, халқының ұлы болар-ақ. Бұған түзу бағыт беріп, алға тарту керек. Мен қателесем, ел кешпейді. Олай болса бұл баланың шешендігіне, тапқырлығына өзімнің де, мына отырғандардың да көзін жеткізейін» деген оймен би атқосшы жігітін шақырады.

– Қонақ үйдегі екі кісіні таласып жүрген ер-тұрманмен осында әкелші!

– Күп, тақсыр! – деп жігіт үйден шығады.

Әдемі киінген екі кісі сәлем беріп, қол қусырып кіреді. Атқосшы жігіт алдыңғы қасына күміс қақтаған, былғары тоқымына зер төккізген ерді ортаға әкеліп қояды.

– Иә, балам Тайкелтір, осы ер-тұрманға мына екеуі талас. Бұлар тоқтарлық бітім айтып, екеуін де риза етші? – дейді Төле би.

Тайкелтір біраз бөгеліп қобалжып қалады да, орнынан тұрады. Кереге басында ілулі тұрған Төле бидің тобылғы сапты қамшысын қолына алып, ортадағы ерге жақындап барып жүгініп отырып, жан-жағына байырқалап қарайды:

– Қасың қайың, қапталың тал,
Шебер шапқан сары ерсің.
Таласпен келген екеуің,
Бір ерге қалай мінерсің? –

деп алдағы ерді қамшымен тартып-тартып жібереді де, есік алдында тұрған Төле бидің жігітіне:

– Мә, осы ерді саған беремін, ие болып мініп жүр, – дейді.

Дауласып жүрген екі кісіге:

– Қалай, ризасыңдар ма менің айтқаным, жоқ па? – деп сұрайды.

– Ризамыз, төрене құлдық, егер ер бірімізге тисе, екіншіміздің өмірі өкінішіміз кетпейтін еді, дұрыс жасадыңыз. Төле ағамыздың атқосшы жігіті-ақ мініп жүрсін, – деп ризалығын білдіреді.



пана болу – камқор болу

түзу бағыт – дұрыс жол көрсету

байырқалап қарау – бакылап, зерттеп қарау



Атақты билер, шешендер ешқандай арнайы білім беретін оқу орындары болмаса да, өздері шөкірт даярлаған. Өз қастарына ертіп жүрген. Өздері ғана билік айтып, дауды шешпей, шөкірттеріне жолдарын берген. Атақты Төле бидің Тайкелтірге жолын беруі – өнегелік жол.



1. Мәтінді түсініп оқы.
2. Төле бидің ойлаған ойын айтып көр.
3. Мәтіннен көрінетін қазақ халқының салт-дәстүріне, сәлем беруге назар аудар.
4. Тайкелтірдің тапқырлығын айт.
5. Таласқан екі адамның сөзге тоқтауы нені білдіреді?

Қазыбек би мен Бұқар жырау

Бұқар жыраудың қартайған кезінде көңілін сұрамақ болып Қаз дауысты Қазыбек би келеді.

Төсекте жатқан Бұқар жырау:

– Бірден онға дейін санның мағынасын маған ешкім айтып бере алмады, Қазыбек сен айтып берші, – деген екен.

Сонда Қазыбектің берген жауабы:

– Бір дегеніңіз – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегеніңіз – егесіп өткен ер жаман.

Үш дегеніңіз – үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.

Төрт дегеніңіз – төскейге шыға алмаған кәрілік жаман.

Бес дегеніңіз – білікті адамнан белгілі азамат тумаған жаман.

Алты дегеніңіз – аймағын билей алмаған хан жаман.

Жеті дегеніңіз – жетем деген мақсатына жете алмаған жаман.

Сегіз дегеніңіз – серкесіз бастаған қой жаман.

Тоғыз дегеніңіз – толғаныңыз.

Он дегеніңіз – өткеніңіз, о дүниеге жеткеніңіз.

Сырым мен Малайсары

Сырым ат жалын тартып мінген жас кезінде атақты Малайсары биден бата алуға келеді. Би оған бұрылып қарап:

– Уа, кімнің баласысың? – дейді.

– Дат баласымын, – дейді Сырым.

– Қой жая алмайтын жаманнан қолақпандай бір ұл туды деуші еді. Сірә, сен сол бала боларсың-ау.

– Болсақ болармыз. Бір құшақ отыннан бір оқтық шыбық шықпас па?

– Шешен Қаражан қайратты адам еді. Күндіз келген жиырма кісіні де, түнде келген жиырма кісіні де қонақ етіп, ренжітпей аттандырып жіберуші еді. Сол шешене тартқан боларсың?

Ұғас – Әкем би болмаса да, би түсетін үй болғаны ғой. Шешем қырық кісіні ренжітпей аттандырса, «қырықтың бірі – қыдыр» деген, маған, бөлкім, қыдыр дарыған шығар, ата.

Сонда барып Малайсары:

– Ал мына жерге отыр, балам, – депті. – Келген жұмысыңды айта отыр.

Сырым жайғасып отырғаннан кейін:

– «Үйіңнің алдында төбе болса, ерттеулі тұрған атпен тең, ауылыңда ақылғөй қарт болса, жазып қойған хатпен тең» деуші еді. Сізге сәлем беріп, өзіңізден бата алғалы келдім, – депті.



7 сурет. Бала Сырым.

Малайсары жүзі жадырап, шешілеп сөйлеп кетіпті:

– Жайыңа енді түсіндім, балам. «Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар?» дейді халық. Топқа кіріп сөз бастайтын, атқа мініп қол бастайтын бала екенсің. «Асыл тастан, ақыл жастан» деген. Азуын алдырып, ақылын шалдырып отырған шалдан не сұрайсың? Бітпеген ісім көп...

– Ол қандай іс?

– Біздің Байұлының барымтаға барған бір жігітін Өлімнің кісілері өлтіргелі үш жыл болды. Сол ердің құны

әлі жоқтаусыз... «Ердің құнын жастың жайсаңы не қарттың шайтаны даулайды» дейді екен бұрынғылар. Қартайғанда қазымыр атанып, Өлімнің Ақсуат биіне бара алмадым, жастан жайсаң шығып, ағасының құнын сұрай алмады. Ел арасы дұрдараз болып бүлініп барады, жапсарлас отырған ел бір-біріне қатынасудан, қыз алып, қыз беруден қалды.

– Онда, ата, осы тапсырмаңызды орындап келіп сөйлесейін! – деп Сырым ауылына қайтып кетеді. Қасына елдің басты адамдарынан он шақты кісі ертіп, Өлім руының ақсақалы Ақсуат бидің ауылына келеді.

Ақсуат би ауыл үстін ат тұяғы шаңдатады деп, ауылына аттылы кісіні түсірмейді екен. Ауыл сыртына ат байлайтын мамаағаш қақтырып, арқан кергізіп қояды екен. Жолындағы кермені көргенмен, Сырым бастаған топ оған аялдамай, бидің ауылына атпен келеді.

Сонда сыртта тұрған ақшұнақ шал – Ақсуат би ақ таяғын көтеріп, жолаушыларға ақырыпты:

– Уа, тоқта, түге! Тапа тал түсте шабатындай, ауылымның үстін шаңдатып келе жатқан бұл кімдер? Елмісіңдер, жаумысыңдар?

Сонда Сырым Кертөбел атын шаужайлап, омыраулатып топтан озып:

– Уай, би! Ел десең – елміз, жау десең – жаумыз. Алты қырдың астынан ауылына жаяулап келетін Байұлы Өлімнің жас келіні емес! – дейді дауыстап.

Ақсуаттың құлағына Өлімнің бір жігіті сыбырлап: «Өздері он екі атты екен», – дейді. «Онда он екі ата Байұлы атқа мінген екен, үй-үйге бөліп түсіріндер», – деп Ақсуат би өз үйіне кіріп кетеді.

Сырым екі жолдасымен Ақсуаттың үйіне түседі, бірақ би шешіліп сөйлесе қоймайды.

– Би, аты-жөн сұраса отырайық! – дейді Сырым сусын ішкен соң.

– Бала, менің не жөнiмдi сұрайсың, – дейдi Ақсуат қисайып жатып. – Елiмдi сұрасаң – Өлiм, жерiмдi сұрасаң – Байырған, атымды сұрасаң – Ақсуат. Осы елдің ортасындағы бір қазығымыз.

– Би, сөз білсеңіз, «суатпын», «қазықпын» деп мақтанбаңыз, – дейді сонда ілік іздеп отырған Сырым. – Су жаманы суат басынан соқпақ кетпейді. Мүлік жаманы қазық басынан тоқпақ кетпейді. Бұйрыған деген біздің жерде шөп болады, жеген мал тоқ болады, тоқ малды сойылдап айдаса, лезде жоқ болады. Өлім болсаң – әліңді біл, ағайымның құнын бер!

– Бала, сөзіңе қандым. Байұлының бір жігіті біздің елдің малшыларынан жазым болуы рас еді. Ердің құны мың қой, үлесе келсе, үй басына бір қой. Бір қойдан Өлімнің үйі кедейленіп қалады деп жүргенім жоқ, жоқтаушысы кездеспей жүр еді. Іздеушісі болса, табылмас жоқ болмайды. Жорта өлтірілген емес, жортуылда болған жазым ғой. Билігін өзіңе салдым, төрелігін айта ғой, – дейді.

– Бір қора қойдың бір жазғы төліменен біз де Байұлын байытайын деп келгеніміз жоқ. Ағайын арасындағы қатынасты қалпына келтірейік деп келдік. Егер билікті маған берсеңіз, жорта емес, жортуылда болған «жазым» деп отырсыз ғой. Ерімнің құны жарты құн болсын және қой емес, қозы емес, елу жылқы болсын, – деген екен Сырым.

Осы билікке екі жағы да тоқтап, екі рулы ел табысып тарқапты. Тиісті малын алып, Байұлының жігіттері жүргелі тұрғанда, Ақсуат Сырыммен былай деп қоштасыпты:

– Сырым, шырағым! Баланың екі түрі болады: үй баласы, ел баласы. Ел арасының бүтіндігін ойлап, ел баласы болайын деген ер екенсің, мұратыңа жет, бағың ашылсын! Алғашқы айтылған билігің екен, әділдігің үшін жолыңа нар бастаған бас тоғыз байлаттым, бұдан былай сенің сыбағаң бас тоғыз болсын!

Сырым елу жылқыны елге айдапты, олжасының басқасын жолдастарына үлестіріп, қалы кілем жабылған қара нарды өзі жетектеп әкеліп, Малайсары қарттың босағасына байлапты.

Малайсары қария Сырымға разы болып, қой сойып, қонақ қыпты.

– Кеудең тола бауыр болсын,
Арқаң кара нардай жауыр болсын.
Үйіңнің сыртынан дүбір кетпесін,

Құлағыңның сыртынан сыбыр кетпесін,
Бірақ жасың жетпіске жетпесін! –

депті Малайсары Сырымға сөз арасында.

«Жасың жетпіске жетпесін!» деген сөз Сырымның көңіліне келіп қалыпты.

– «Кеудең тола бауыр болсын» дегеніңіз өкпешіл болма, кең-кешірімді бол, ат төбеліндей аз қазақты алыс-жақын деп бөлмей, бауырмал бол дегеніңіз болар.

«Арқаң қара нардай жауыр болсын» дегеніңіз ел жүгін арқама батты деп ауырсынба, шыдамды бол дегеніңіз болар.

«Үйіңнің сыртынан дүбір кетпесін, құлағыңның сыртынан сыбыр кетпесін» дегеніңіз жора-жолдастарың көп болсын, ел мұңына, жетім-жесірге құлағың түрік, есігің ашық болсын дегеніңіз болар. Ал «Жасың жетпіске жетпесін» дегеніңізді түсіне алмадым, – деген екен Сырым.

Сонда Малайсары даусын көтеріп:

– Менің жасым қазір сексенде, жетпіске жеткен соң, жеті пәлеге душар болдым: өткелсіз суға, асусыз тауға кездестім, қара пашты шешеге, қайырымсыз әкеге душар болдым... Мен сені сол пәлелерден аулақ болсын деп едім. Сен оған түсінбеген екенсің ғой. Әйтпесе, мен саған жетпіс түгіл, жүз жетпіс жасты көпсінермін бе? – дейді.

– Өткелсіз суға, асусыз тауға кездескеніңіз – буыныңыз босап, тізеңіз қалтыраған екен. Қолыңызға таяқ ұстаңыз, таяныш болады. Табылмас жоққа кездессеңіз, көзіңізді мұнар шалған екен. Бес-аспапты кісеңізді беліңізден тастамаңыз, шақша салатын жанқалта салдырып алыңыз. Керегіңіз жаныңыздан табылады. Қара пашты шешеге, қайырымсыз әкеге кездессеңіз бала мен келін қалдырыңызға жетпейді екен. Оларға жағу үшін көзді соқыр, құлақты керек болыңыз. Даусыз дертке кездессеңіз, оны ұлғайған жасыңыздан көріңіз, – дейді Сырым.

– Бәрекелді, балам! Бәрін дұрыс түсініп, дұрыс шештің. Енді есіңе салатын үш сөзім бар: обал, сауап, борыш. Осы үш сөзді есінде сақтасаң, айналаннан елін кетпес; елің сүйсе, басқа дұшпан ештеңе етпес, – дейді Малайсары қарт. Жас қонағын ертесіне аттандырып тұрып қарт:

– Ей, Сырым! – деп қолымен басын көрсетіпті.

– Ләшпай, ата! – деп Сырым жалт қарап, қолымен тілін көрсетіпті.

Ауылдан ұзап шыққан соң жолдастары Сырымнан:

– Өлгі шалдың қолымен басын көрсеткені несі? Сенің тіліңді шығарғаның не? – деп сұрапты. Сырым миығынан күліп:

– Шалдың басын көрсеткені – «басқа пәле неден?» дегені. Менің тілімді көрсеткенім – «басқа пәле тілден» дегенім. Сонда ол басын изеп, қолын бұлғады. Ол «бақыт та тілден, пәле де тілден, тіліңе сақ бол» дегені еді, – депті.



ат жалын гартып – *мұнда*: жігіт болған кезі

Қыдыр – діни ұғым, жақсылық әкелуші

ақылгөй қарт – ақылшы, ақыл беретін қарт

Байұлы – кіші жүздегі ру аты

Әлім – бұл да кіші жүздің руы

дұрдараз – ұрыс-керіс



Тарихта Қошқарұлы Жәнібек – Төле биден, Сырым Датұлы – Малайсарыдан бата алған. Қазақта бұл дәстүр ежелден бар. Шешендікке, билік айтуға талап еткен жастар елге атағы шыққан би-шешендерден бата, таңдаған жолына рұқсат алатын болған.



Қазақ халқы ақындық пен шешендікті қасиетті өнер санаған, оған тыйым салынбаған, шек қоймаған. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Сөзге сөзбен жауап бермесе, сөздің атасы өледі» деп, кімнен болса да тартынбай, тайсалмай сөйлеуді талап еткен.



1. Сырымның шешендігімен бірге қалың қазаққа әйгілі ер екенін, орыс отаршыларына қарсы күреске бастаған атақты батыр болғандығын есіңе ал.
2. Малайсары мен Ақсуаттың өз елдерінде белгілі би болғанын қалай аңғаруға болады?
3. Бала Сырым Малайсарыға барғанда, қарт би баланы қалай сынады?
4. Сырымның тапқырлығын, ақылдылығын, ділмарлығын байқататын сөздерді айтып бер.
5. Сырымға Ақсуат би берген батаның мәніне көңіл бөл.
6. Бала Сырымның портретін сен қалай салар едің?
7. Өзіңе ұнаған шешендік сөз үлгілерін жаттап ал.

ДІНИ ӨҢГІМЕЛЕР

Қасиетті Құран Кәрім жайында

Құран – ислам дінінің ең негізгі, басты кітабы. Ол діннің ғана емес, араб әдебиетінің классикалық үлгісі. Араб әдебиеті тарихында кітап болып басылып, жарық көрген тұңғыш көркем шығарма. Онда тарих, әдебиет, шарифат, салт-сана, әдет-ғұрып, тазалық, әділдік, шипагерлік секілді жан-жақты бай мазмұн қамтылған.

Құранда 114 сүре бар. Құран Кәрім аяттарын Алла тағала Жәбірейіл періште арқылы пайғамбарымыз Мұхаммед Ғалайһса-



8 сурет Қасиетті Құран Көрім.

ламға 23 жыл ішінде әр түрлі тарихи оқиғаларға байланысты уаһи (хабар) түсірген. Мұхаммед – Алланың елшісі және жер бетіндегі үмбетіне (пенделерге) шарапатын тигізуші ең соңғы пайғамбар. Кейін бірінші Халиф Әбубәкір Сыдық пайғамбарымыз Мұхаммедтің сахабасы Зейд ибн Сәбитке кезінде пайғамбарымыздан жаттап, ұғып алған адамдар арқылы құран аяттарын ел арасынан жинауды тапсырды. Өйткені ол көп елдің тілін меңгерген, сауатты да білімді, пайғамбарымыздың сенімін ақтаған сахабаның бірі ғана емес, бірегейі еді.

Екінші Халиф хазірет Омардың уақтысында соғыс жорықтары салдарынан көптеген сахаба хафиздердің арасы сиреді. Сол себепті құран аяттарын жинастырып, топтастыра бастады. Ал хазірет Оспанның кезінде Құранды толық етіп жинап, кітап қылып шығарды. Құран Көрім барлық іс бір Алланың әмірімен болатынын айттып, адамдарды сабырлы, салиқалы, мейірбан, қайырымды, күнәдан пәк болуға тәрбиелейді.



1. Құран Көрім жайында не білесің?
2. Құранда неше сүре бар?
3. Құран Көрім адамды қандай болуға тәрбиелейді?
4. Мәтінді түсініп оқып, мазмұнын есіңе сақта.

Адамата

Алла тағала күллі ғаламды (әлемді) алты күнде жаратты. Онда Адам баласы мен жан-жануарлар, құстар мен балықтар, түрлі жәндіктер өмір сүруі үшін бар қажетті нәрселерді пайда қылды.

Сондай-ақ күн мен жұлдыздарды, жер мен айды жаратушы ием белгілі бір тәртіппен өзінің, яғни Алланың ықтиярында қозғалысқа келтірді. Сонан соң періштелерді де жаратты. Олар раббийын (жаратушы Алланы) мадақтады. Оған құлшылық етті. Бар ыждағатымен сәждеге бас ұрды.

Онан әрі Алла тағала байтақ Жерді мекен тұтуға Адаматаны және оның ұрпақтарын жаратуды ойлады. Ол періштелеріне: олардан басқа адамзатты жарататындығын, әрі оларға байтақ Жерде еңбек етіп, тіршілік етуге, өсімдіктермен қоректеніп, жер асты байлықтарын ашып игіліктенуге, сол арада өсіп-өніп, ұрпақ жаюға дәрмен-қуат беретіндігін айтты.

Періштелерді Алла тағала жаратты, оларға рақым-шапағат нәсіп етті. Олар Аллаға сиынды. Құлшылық етті. Алланың адамзатты жаратпақшы болғанын естіген соң, періштелерде уайым пайда болды. Олар «міндетімізді орындамағандықтан немесе арамыздан әлдекім Алла тағаланың тілегіне қайшы келгендіктен осылай болған шығар» деп қауіптенді де, табанда Алланың алдына барып былай деді:

– Өзіңізді ұлықтап, мадақ айтушы біз тұрғанда, жер жүзіне басқа біреуді жаратып, ие етуіңіз қалай? Олар қалайда билікке, мүддеге таласып, күнәға батып, бірін-бірі қырады, қан төгіс жасайды. Ұлықтығыңызға шек келтірмей, құлшылық етуші – біз ғанамыз.

Олар осыны айтқанда, өз уайымдарынан арылу мақсатын көздеді. «Байтақ жерде өніп-өсуге Алладан ықылас алсақ» деп те дөмеленді. Өйткені олар Алланың шапағатына алғаш бөленгендер, Алланың күдіретін де әбден білетіндер еді. Олар Алланың еркін терістемек, Алланың парасатына шүбәланбақ емес еді. Адаматаны және оның ұрпақтарын дағтамақ та емес еді. Себебі, олар Алланың өмірін бұра тартпайтын.

Алла тағала олардың көңілін күпті еткен сұрауларына жауап берді. Көңілдерін жайландырып, уайымнан айықтырды. Алла тағала былай деді:

– Шынында, мұны білмейтіндерің маған мәлім. Мұрагер ретінде оларды таңдауымның байыбына бара алмайтындықтарың да маған аян. Адамды жаратамын. Жер жүзінің мұрагері көңілімдегідей болмағы керек. Қазірше ғайып саналатын істі сендерге көрсетемін. Жаратып, жан бітіргеннен кейін, оған жүгініп тағзым етіп, бас иесіндер.

Алла тағала балшықтан Адамата – Сапиолланы жасады. Оған Алла тағала өзінің демінен дем үрледі, яғни жан берді. Сонымен ол тіршілік тынысына ие кәдімгі адам болды.

Адаматаға жүгіну жайында Алла тағала періштелерге әмір берді. Олар Алланың әмірі бойынша Адаматаға ізетпен келіп, бөйек болып бас иді. Бірақ ібіліс Алланың әміріне бағынбады. Қасарысып, әспенсіді. Адаматаға тағзым етуден бас тартты. Бұл қылық Аллаға шек келтіру еді.

Алла тағала ібілістің тағзым жасаудан бас тартып, жаратушының әміріне қарсы келуінің себебін сұрады.

– Өз құдіретіммен жаратқан адамға ізет-ілтипат жасауыңа не нәрсе бөгет болды? Менменсіген паңбысың, әлде әсілінде ізгі-ұлы жанбысың?

Ібіліс:

– Мен өзім адамнан әлдеқайда зерделімін, – деп дау айтты. – Мәртебе жағынан менімен шендесе алатын, нәсіл жағынан маған тең келе алатын жан жоқ, – деп күпінді. – Онан қалайда артықпын, – деді ол, – мені өзің оттан жараттың, ал оны балшықтан жасап отырсың.

Ібіліс әшкере азғындыққа басып, Алланың әмірін елең құрлы көрмеді. Алла тағала өз құдіретімен жаратқан адамға ол тағзым етпек түгіл, көз қырын да салмай, Аллаға күпірлік келтірді.

Алла тағала ібілістің азғындығына орай, оған жаза берді.

– Бұл арадан қаранды батыр, – деді. – Сендей қуаландыға қарғыс, нәлет қамыты қиямет-қайымға дейін сенен алынбасын!

Ібіліс Алладан кеңшілік тілеп: «Адамзатқа қиямет-қайым болғанша тірі жүрсем» деп Аллаға жалбарынды. Ібілістің кеңшілік сұрау себебі, Алла тағалаға жасаған бүкіл тағат ғибадатының (Алланың сүйіспеншілігіне, рақым, мейіріміне бөленсем деп және оқыған намазының) ақысын сұрады.

– Сол күнге жетуіңе кеңшілік еттім, – деді оған Алла тағала, тілегін қабыл алғанын білдіріп.

Ібіліс бұлайша кеңшілік алып арманына жеткенімен, Алланың рақымына рақмет айтпады, қайта жақсылыққа жамандығын сайлады.

– Мені аздырған өзің, – деді ол Аллаға, – адам баласына сілтеген дұрыс жолыңда оларды тосамын да, тұс-тұсынан тап беремін. Көпшілік адамның өзіңді алдамасын сонда байқарсың.

– Өз таңдаған жолыңмен жүре бер, – деді Алла оны айыптап, – теріс кетсең тек демен! Өз даусыңмен адамдарды үрейлендірерсің, зорлық арқылы оларға қарсы тұрарсың, дүние-мүлкін, перзенттерін тартып аларсың, оларға сұрқиялықпен уәде де берерсің, бұлдыр үмітті де меңзерсің, бәлкім! Жәдігөйдің уәдесінде опа болмас, өзіме иман келтірген адамды алдауыңнан қағамын қалайда. Әсте оларға қожандатқызбаймын сені. Олар

да саған бағынбайды, айтқаныңа көніп, айдағаныңа жүрмейді де. Адамдарды дұрыс жолдан тайдырып, уасуаса айтып аздыруды ғана кәсіп еткің келсе, әсте береке таппайсың. Онда сені және саған ілесушілерді сөзсіз тозаққа топырлатамын.

Періштелер Адаматаға жүгінеді, артықшылығын мойындайды, оның мәртебесінің өздерінен жоғары екенін таниды. Алланың өздеріне қарағанда Адаматаға әлдеқайда артық қайыршапағат етіп отырғанын мойындайды. Алла тағала періштелерден гөрі Адаматаға білімді сіңіріп, көз аясын кеңейтті. Он сегіз мың ғаламның атын үйретті. Сонан соң Алла тағала періштелерді шақырды.

– Шын сөйлейтін болсандар, – деді Алла тағала оларға, – көне, он сегіз мың ғаламның атын айтып шығындар.

Алла тағала періштелердің қабілеті, білімі шамалы екендігін әйгілеп, өздерінен гөрі Адаматаның анағұрлым парасатты екенін, оның мәртебесін жоққа шығаруға болмайтындығын оларға көрсету үшін осылай істеп еді. Алла тағаланың сұрауына жауап қайтара алмаған періштелер төбеден ұрғандай тұрып қалды. Қаншалық далбаса қылса да, олардың атын айтып бере алмай мысы құрыды. Адаматаның дәрежесі жоғары екенін білді.

– Әлемнің құпия сырлары маған аян, – деді Алла періштелерге. – Өшкере әрекеттерінді де, ішкі ойларыңды да білемін демедім бе сендерге?

Сол тұста періштелер Алланың рақымын ұғынды. Адамды жаратуының сыры мен мақсатын түсінді.

Алла тағала ібілісті мейір-шапағатынан кенелу құқығынан мақұрым етіп, оған өз құдіретін көрсетті. Алла тағала Адамата мен оның зайыбы Хауаананы жұмақта тұрғызды, әрі оған былай деді:

– Шапағатым мәңгі есінде болсын, хикметті құдіретім бойынша сені жараттым. Еркім бойынша адам еттім, сен деп рухымды үрледім, періштелерді аяғыңа жықтым, парасат пен білімді атадым. Ібіліске атаған мархабатымды қайтарып алдым. Сенім-уәденнен тайып опасыздық жасасаң, жұмақтан қуып, тозақтың азабын бұйырамын. Сұрқия ібіліс сенің және зайыбыңның қас жауы екенін ұмытпағайсың.

Алла тағала Адамата мен Хауаана жұмақтағы жемістерді қалағанынша үзуге және жеуге рұқсат етті. Десе де, оның ішіндегі бір ағашқа жуымау жөнінде тыйым салды. Олардың жаңылып соқтығып қалуынан сақтану үшін, ол ағаштың тұрған орнын да айқын көрсетті.

– Егер сол ағашқа жақын барсаңдар, әрі оның жемісін үзсеңдер, онда менің қаһарыма ұшырайсыңдар, – деп ескертті.

Адамата жұмаққа кірді, онда не керектің бәрі бар еді. Оның үстіне жұмақ көздің жауын аларлықтай көрікті еді. Ол бәрі-бәріне мейлінше кенеліп тұра берді. Ол жұмақтағы ағаштар арасында сейіл-серуен жасап, дарақ көлеңкелерінде саялап, әдемі гүлдерді үзіп, дәмді жемістерді емін-еркін жеп, көусар суларын қанғанынша сімірді. Зайыбы да рақатты өмірдің ләззатын бірге татып, онымен бір мезет бақытты еді.

Бұған ібілістің іші күйді. Адаматаның Хауаанамен бірге жұмақта рақатқа кенеліп жүргенін көргенде, қатты ішқұса болған ол Адамата мен Хауаананың бақытты өмірін – тірлік шырқын бұзуға ниет бекітті. Өзінің жұмақтан қуғындалып, Алланың мархабатынан мақұрым қалуын Адаматадан көрді. «Алла тағаланың Адаматаға тағзым жаса деген әмірінен бас тартып, қызғанышым әшке-ре болған соң ғана қарғысқа жолықтым» деп санады. Ол Адаматадан кегін қайтаруды ойлады. Сонымен ол жұмаққа келіп, Адаматаны мүләйімси әңгімеге тартты. Адаматаға ақжарқын ізгі ниет көрсеткенсіді. Күллі айла-шарғымен Адаматаға жанасып, оларға іш тартып күйінгенсіді. Олардың бақытты өмірін қорғаушы бейнесіне кірді.

– Алла тағала сендерді әлгі ағашқа жолама деп тыйым салғанда, – деді ол, – сендерді періштеге айналып, осы арада мәңгі бақи тұрып қалмасын деген оймен тыйым салды.

Адамата мен Хауаананың тым селқос рай ұстап, уағыз-насихатына құлақ аспағанын байқаған ібіліс ант-су ішіп: «Адал ниет, шын пейілмен ақыл айтып тұрмын, сендерге сұмдық сайлайын деген ой менде мүлде жоқ еді, – деп тіл-жағын безеп, арамзалығын, арамдығын ділмарлықпен өткізуге тырысты. – Алла тағала тыйым салған ағаштың жемісі тіл үйірерліктей дәмді әрі төтті. Түрі де әдемі» деп азғырды. Адамата мен Хауаана оның жылы сөзіне тебіренді де алданды.

Адамата мен Хауаана Алланың әміріне қиғаштық істегендіктен, жұмақта үздіксіз тұра беруден шектелді.

– Бұл ағашқа жоламаңдар дегенім қайда? – деді Алла тағала оларға, – сайтан (ібіліс) екеуіңнің қас жауың демедім бе?

Адамата мен Хауаана өздерінің әрекетіне қатты өкінді. Аллаға тәуба келтірді.

– Уа, рабби иеміз! Уәдемізге опа қылмадық, алдыңызда айтқан сөзімізде тұрмадық. Кешірсесеніз, есіркемесеніз, мүлде құрыдық, – деді екеуі.

– Пәни дүниеге жөнелтемін, – деді оларға Алла тағала, – өзара өш боласындар. Жерді мекен тұтасындар.

Алла тағала Адамата мен Хауаанаға кеңшілік жасады. Екеуінің жаза басқанын кешірді. Сонымен көңілденіп, олардың жүректері орындарына түсті. Десе де, жұмақтың қызығынан үміттерін біржола үзе қоймады. Олардың ойын, көңіл күйін аңғарған Алла тағала екеуін жұмақтан шығуға әмір етті. Оларға ібіліспен арадағы жаулығы өлі де сақталатындығын айтып, одан абайлауды, ендігәрі оның азғыруынан, еліктіруінен аулақ болуды айрықша ескертті.

– Жұмақтан бірге түсесіңдер! – деді Алла тағала, – сендер біріңе-бірің жаусың. Егер сендерге менің әмірім жетсе, кім сол әмірім бойынша істесе, ол адаспайды әрі қасірет-қайғыда қалмайды.

Алла тағала Адаматаға тірлік мақсатын және қимыл бет-алысын аңғартты. Бақыт дәуренінің озғанын, жұмақтан шыға тіршіліктің басталатындығын, сондай-ақ оның алдында дұрыс жол мен теріс соқпақ, иман мен сатқындық, жеңіс пен жеңіліс сияқты екі жолдың тұрғанын, кім Алла меңзеген дұрыс жолмен жүрсе, оның өміріне құлақ асса, сол адам сайтанның азғыруынан қорықпайтындығын, кім Алланың өмірін қабыл алмай дұрыс жолдан тайса, сол тұрмыста таршылық тартып, теріс жолға түсетіндігін айтты.



Алла – ислам діні ұғымында күллі ғаламды жаратушы. Бәрі де бір Алланың құдіретімен болмақ. Оның сипаты: әкесі де, шешесі де жоқ, және, ең бірінші, некесіз, тумаған, тудырмаған. Жерде де жоқ, көкте де жоқ. Бәрін өзіне лайықты сипатпен білуші.

уаһи – хабар (тек Жәбірейіл періште арқылы пайғамбарымыз Мұхаммедке аян беріп, құлағына сыбырлап айтуы нәтижесінде ғана түсірілді).

сахаба – пайғамбарымыздың әрдайым қасында жүріп, уағыздары мен соғыс жорықтарына қатысып, ислам дініне үлес қосқан серіктері.

хафиз – құранды жаттап, үнемі есінде сақтаған адамдар.

қари – құранды жаттап, оны жеті түрлі қырағатқа (әуенге) салып оқушы адам.



Құран мазмұнымен толық танысуға қол жеткізген адамдар оның құдіретіне таңғалумен келеді. Ол адамның жаратылуынан бастап ғалам жаратылысын толық қамтиды. Бүгінгі ғалымдар тапқан жаңалықтардың барлығы Құранда жазылған. Құран кітабының қасиеті сондай – осы күнге дейін бірде-бір әрпі өзгеріске түспеген.



Құран – ислам дінінің негізгі ережелері, уағыздары жазылған діни кітап.

Құран оқу – сүрелер мен аяттарды дауыстап оқу, жатқа айту.

Құран түсіру – қайтыс болған адамның аруағына бағыштап құран оқыту.



1. Адаматаны жаратудағы Алланың ойы қандай?
2. Перштелер неге уайымдады?
3. Адамды Алла қалай жаратты, оның тұңғыш есімі кім?
4. Адамата мен Хауаананы кім азғырды?
5. Алланың ібіліске берген жазасын айт.

Сымайыл

Ибраһим әйелі Сараны және күні Ажарды алып, түйелерін айдап, барлық дүние-мүлкімен Палестинаға келеді.

Ибраһимнің әйелі Сара бала көтермеген еді. Ері перзент сүюді қаншалықты армандағанымен, ерін бұл арманына жеткізуге өзінде амал болмаған соң, Сара іштей қатты қиналатын еді. Сондықтан Сара өзінің адал күні Ажарды некесіне алуды еріне ақыл етіп айтты: «Онан бала көрсең, бүкіл отбасыңызбен ұрпақсыздықтың азабынан құтыламыз». Ибраһим әйелінің ақылын алды.

Арада көп өтпей Ажар бір ұл туды. Оған Сымайыл (Сымағұл) деп ат қойды. Бала өте зерек боп өсе бастады. Ибраһим бұған ерекше қуанды. Бірақ Сараның өзегін қызғаныш өртеді. Ажар Сымайылды тапқаннан кейін, ол қорланып, іштей қатты құсаланды. Сымайылды немесе Ажарды көргенде қатты ашуланатынды шығарды.

Сара күні бойы жай таппай мазасыз халге түсті. Сымайыл мен оның анасы Ажар бұл арадан кетпей, оған тыныштық жоқ сияқтанды. Сара күйеуіне осы тілегін білдірді:

– Сымайылды шешесімен бірге неғұрлым алыс жерге апарып, көзімнен таса етсең, жақсы болар еді. Осы екеуін көрсем, не олардың дауыстарын естісем, өзімді қоярға жер таппаймын.

Ибраһим әйелінің талабын құптады. Бұл оған Алланың өміріндей сезілді. Ол баласы Сымайылды және оның шешесі Ажарды көлікке мінгізіп, Алланың жөн сілтеуі бойынша олармен бірге өзі де жолға шықты. Жүре-жүре олар жер түбіндегі бір құмды жерге жетті. Ибраһим ана мен бала екеуін қылтиған қылтанағы жоқ, құла дала қу медиенге тастамақшы болды. Бұл кезде ол екеуінің азығы да, сусыны да таусылайын деп қалып еді. Бірақ олар Алладан күдер үзбеді.

Ибраһим Сымайылды шешесімен бірге осы тақыр, жапан түзге тастап, еліне қайтайын дегенде:

– Ибраһим! – деді Ажар оның етегінен ұстай алып. – Қайда барасың? – Бізді осы араға тастасаң, ит-құсқа жем боламыз

гой, бізге кім пана болады? Ащы күннің аптабына қайтіп шыдаймыз? – деп жалынды, Ибраһимнен аяушылық күткен Ажар тіпті еңіреп те жіберді.

Бірақ оның жалынышты, көз жасы күйеуін ешбір жұмсарта алмады.

– Мұның өзі Алланың өмірі, оған сөзсіз бойсұнуымыз керек, – деді ол.

Алланың өмірі екенін білген соң, Ажар да іштей құптап, үндемеді.

– Алла бізді әсте қараусыз қалдырып қоймайды, – деді ол ақырында.

Бір Алланың өзіне ғана сенген Ибраһим қайтып кетті.

Ибраһимнің сол кезде қатты күйзелісте болғаны шүбәсіз еді. Ол неге күйзелмеске? Ансап, көксеп жүріп, қартайғанда әрең көрген жалғыз баласын, міне, елсіз иенге тастап келеді! Ол жүріп келеді. Ботадай боздап келеді. Алайда ол пайғамбар ретінде, ғалайһиссалам ретінде мұндай айырылысу азабына шыдамаққа керек. Ол жар дегенде жалғзын жапан түзге тастап, үйіне оралды. Ол ана мен бала екеуіне жар бола гөр деп Алласына ғана жалынбақ.

– Ей, Алла тағала! Баламды ебелек ұшпас елсізге қалдырдым, ол өз сарайыңызға жақын. Ей, Алла тағала! Өмсе естеріне алып отыру үшін, оларды өзіне мінәжат ететін қыла гөр! Ел-жұртты оларға сый-сыяпат жасайтын ете гөр! Оларға жеміс-жидекті шапағат ете гөр! – деп жалынды ол.

Зәмзәм

Ажар тағдырдың басқа салғанына көніп, тап болған тауқыметке төзді. Ашыққанда жолға алған азғана азығын қорек етті. Шөлдегенде сусынға алған суынан бірер ұрттап шөлін басты, бірақ көп ұзамай оның алып жүрген азығы мен суы тақа таусылды да, аштықтан ішегі шұрылдап, шөлден ерні кезерді. Ажар мұның бөріне шыдады, алайда емізуге омырауында сүті, беруге қолында суы жоқ болғандықтан, бауырындағы баласы аштыққа, шөлге шыдамай шырылдап безек қақты. Бұған қабырғасы қайысқан ана көз жасын көлдетуден басқа амал таппады. Баласының шөлін көз жасымен, бойдағы қанымен баса алсам деп ойлады ол. Әйткенмен бұл ананың жүзеге аспайтын тілегі ғана еді.

Баласының күннен-күнге жүдегенін көргенде Ажар қатты күйзелді. Лажы болса бұл қиыншылықтан құтылудың жолын іздеп табуға оқтайланды. Сонан Ажар баласын жерге қойды да, су іздеп

шықты. Ол жүріп келеді. Баласының жылаған даусына елендеп қабырғасы қайысады. Баласына бірер ұрттар су, бірер тістер азық табу үшін ол Сафа тауының әр тасын түгел аударып шықты, бірақ ештеңе таба алмады. Қинала-қинала баласының қасына қайтып келді. Кенет ол Марва тауы жақтан бір сағымды байқады да, ештеңе кездестіре алмады. Міне, осылайша ол әр жаққа жеті барып, жеті келді. Баласының шырылы оның жүрегін парша-парша етуде.

Баланың кенезесі кеуіп, әлі құрып, жылауға да шамасы келмей қалды. Өзеуреп қол-аяғынан дәрмен де кетті. Кірпігі әрең қимылдайды. Жас нәрестенің жан тәсілім етуге айналғанын көргенде, оны құтқаруға шара таба алмай анасының мысы құрыды. Сұлық жатқан баланы көргенде әрқандай адамның, қанша тасбауыр болса да, оларға жаны ашыр еді. Бала ақырын бір аяғын көтеріп, жерді түртіп қалды. Кенет оның өкшесінің астынан бүркылдап су шықты, тасты жарып мөлдір бұлақ ақты.

Баласы екеуіне Алланың жасаған рақымын және қамқорлығын көзімен көріп тұрған ана тұла бойы талмаусырап отыра кетті. Маңдайынан шыпылдап тер де шықты. Сонан Ажар ештеңеге қарамай Сымайылдың қасына барып оған су берді. Бала ақырын-ақырын серги бастады. Ол баласын бауырына алып әлдиледі, көзінен ыстық жас парлады. Шаршап-шалдығу, қайғы-қасірет және мұң-шер сол жаспен бірге шайылып кеткендей болды. Баланың



9 сурет. Сымайылдың өкшесі тиген жерден бұлақ пайда болуы.

өмірі қатерден қағылды. Осы сәтте ғана ана су ішуге мүрсат тауып, қанғанша сімірді. Ақырын-ақырын ол да әлденді. Басынан неше күннен бергі торлаған қара бұлт сейілді. Мұның өзі Алланың шапағаты, мейір-рақымы еді.

Әлгі су әби зәмзәм еді. Ол сол кезден бастап күні бүгінге дейін тоқтаусыз ағуда. Қажыға барушылар осы зәмзәмға келіп, одан шөлдері қанғанша ішіп, туыс-туғандарына көтергендерінше алып қайтады.

Бұл арадан су шыққан соң, құстар да оның көгінде үйіріліп ұша бастайды. Сол тұста осы арадан көшіп бара жатқан сауда керуені ұшып-қонып жүрген құстарды байқап, бұл арада су болу керек деп бірнеше адам жібереді. Судан хабар тапқан олар осы араға келіп қоныстанады. Ажар бұған қатты қуанады. Олардың өздеріне көрші болғандарын да ұнатады. Ана мен бала екеуінің қасына бұл адамдарды әкелген Алласына Ажар рақметін жаудырады.



1. Сымайыл өмірге қалай келді?
2. Сараның қызғаныш сезімін айт.
3. Ибраһимнің Сара өтінішін Алла әміріндей орындау себебі неде?
4. Ажар ананың зарын әңгімеле.
5. Алланың шексіз мейірімі туралы ойлан.
6. «Алланың мейірімі» деген эссе жаз.

ӘДЕБИ ЕРТЕГІЛЕР

Ертегілердің бір саласы – әдеби ертегілер. Әдеби ертегінің жазған авторы белгілі болғандықтан, оны әдеби ертегі деп атайды. Әдеби ертегілер көбінесе ел арасында ауызша айтылып келген аңыз әңгімелердің негізінде туады. Әдеби ертегілер өлең және қарасөз түрінде айтыла береді. Әдеби ертегілер де еңбек адамын қадірлеуді, туған елін сүюді, биік адамгершілікті, шыншыл, әділетті болуды уағыздайды.

Мысалға Әбділда Тәжібаевтың «Толағай» әдеби ертегісіне Толағай атты батыр бала туралы және оның атымен аталып кеткен Толағай тауы туралы халық аңызы арқау болған.

Ақын, жазушылар кейде қызықты ертегілерді балаларға арнап әдейілеп те жазады. Олар да әдеби ертегіге жатады. Сондай ойдан шығарылған ертегінің бірі – Мағжан Жұмабаевтың «Жүсіп хан» ертегісі. Орыс жазушысы В. Гаршиннің атақты «Саяхатшы бақа» ертегісі де дүние жүзіне кең тараған.



1. Әдеби ертегілердің халық ертегілерінен басты айырмасы неде?
2. Өзің сүйіп оқыған әдеби ертегілерді ата.

ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ

(1909–1995)



Әбділда Тәжібаев – туған әдебиетіміздің ірі тұлғаларының бірі. Ол 1909 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген.

Атақты ақын Нартай келіп, Әбділданың анасы Айманкүлмен айтысқа түскен. «Сыр елі – жыр елі» атанған Сырда туып-өскен Әбділдаға іргелі ақындардың жыр додасы да өзіндік әсерін тигізсе керек.

Әбділда Тәжібаев «Күй атасы», «Ақын», «Портреттер» аталатын дастандар жазумен бірге, лирикалық поэмалардың қазақ әдебиетінде озық үлгілерін қалыптасты-

руға да үлкен үлес қосты. Әдебиетті зерттеумен де айналысты. Балалар тақырыбына да қалам тартты.

Толағай

Ерлік туралы аңыз

Ел аузында ертеректен,
Ертеқ болған қызық көптен
Бір әңгіме есімде бар.
Айтып соны баяндайын,
Ерінбейін, аянбайын,
Тыңдау үшін кел, балалар.

Бес жүз жылдар шамасында
Сонау Ертіс жағасында,
Болған біреу Саржан атты.
Даңқы шыққан мерген екен,
Талай жерді көрген екен,
Сүйіпті жұрт сол қазақты.

Жұбайы да өзіне сай,
Аты Айсұлу – ақ маралдай,
Ақша беті айменен тең.
Көркінен де ақылы басым,
Көршілердің кәрі, жасын
Сүйсіндірген қылығымен...

Айы толды, күні жетті,
«Ұл туды» деп ел шу етті,
Дүниеге бір бала келді.
Отыз күндік мерекені,
Естен кетпес берекені,
Сол ауылға ала келді.

Ақ тілекті дос-жарлары
Ат арытып жетті бөрі,
Қалмай адам көңлі жақын.
Ақсақалдар қол көтеріп,
Жас бөбекке бата беріп,
Толағай деп қойыпты атын.

Балғын бөбек жетті бірге,
Ілінбесін көз бен тілге.
Кереметтен туған жандай:
Кере қарыс, ақша мандай,
Күн нұрынан жаралғандай,
Көзі түскен таңғалғандай.

Үштен төртке жетті жасы,
Туған айдай екі қасы,
Ақ тістері ақ меруерттей.
Қос жұлдыздай көз жанары,
Қос бетінің тамып қаны,
Жалындайды жанған өрттей.

Тым ерекше, тұлға пішін,
Өлшеп болар емес күшін,
Қуанышты ата-анасы.
Бота болып ойнағалы
Арқаласа он баланы –
Қайыспайды қабырғасы.

«Алып болар» деді үлкендер,
Тірі болсын, туды бір ер,
Ер жетуін күтті халық.
Арнап келіп көрер болды,
Көрген соң көз сенер болды,
Алыстағы ел хабарланды.

Жеті жаста садақ тартты,
Атқан оғы тасты уатты,
Жай отынан кейін емес.
Темірден де өткізеді,
Түндік жерге жеткізеді.
Ел осыны етті кеңес.

Еріп көрі мергендерге –
Әкесімен шықса бірге
Аң аулауға – кең даладан
Құтылмайды қашқан құлан.
Жалғыз толғап тартуынан,
Жан құтқармас болды қыран.

Осындай бір аншылықта
Кетіп ұзап – айшылыққа,
Шексіз-шетсіз көлге келді.
Мөлдір судан шөл қандырды.
«Алайын, – деп, – көзімді іліп»,
Әкесімен тілге келді.

Жалғыз ұлы – көз жанары,
Сұраса да берер жанын:
«Ұйықта, қозым» деді Саржан.
Ұйқыдағы Толағайды
Айналады, толғанады,
Көбелектей от айналған.

Елсіз, малсыз көлдің қасы,
Қалың қамыс айналасы.
Көз қызығар ұшқан құсқа.
Оқта-текте үн береді,
Үрейді ала күңіренеді,
Жем іздеген жолбарыс та.

Жолбарыстың естіп үнін,
Оятайын десе ұлын,
Аң батырын атқызбаққа:
Сабырсыз боп қызбайын деп,
Тәтті ұйқысын бұзбайын деп,
Өзіне-өзі салды тоқтау.

Сол кезде бір сыбдыр шықты,
Жалт бұрылды, көзін тікті,

Көрдi Саржан аң балуанын.
Жортып жүрiп келiп қапты,
Жол тосқанын аңғармапты,
О да торып қалды жауын.

Оқтан үшқыр өр жолбарыс,
Жiбермейтiн жатқа намыс,
Лақтыратын атандарды,
Жымитты да қос құлағын,
Көздерiнен шашып жалын,
Жер бауырлап жата қалды.

Сонда мерген қатты састы,
Адамды аңның сұсы басты,
Жолбарыстан көз алмады.
Қимылдаса, атқалы тұр,
Қанды аузын басқалы тұр,
Арбасуға төзе алмады.

«Өлдiм, балам, Толағайжан!»
Деген дауыс шықты жаман,
Атып сонда тұрды бала.
Тырнақтарын араңдатқан,
Аждаһадай аузын ашқан,
Жолбарысты көрдi бала.

Өкесiнен әл кетiптi,
Қояр емес, жауы мықты,
Мендеп барад, күшi басым.
Тал шыбықтай майыстырып,
Теңбiл шұбар алған мiнiп,
Күйретегiн қабырғасын.

Толағайды ашу қысты:
«Келе қал, – деп, – болсаң күштi»,
Құйрығынан алды барып.
Таяқ құрлы көрмей тiптi,
Жолбарысты дөңгелеттi.

Ойнағандай шыр айналып,
Ұршықтайын үйiргенде,
Екпiнiнен соққан желге,
Көк құрақтар қалды жатып.
Өлден кейiн аспандатып

Айдын көлге жіберді атып,
Күмп етті де, кетті батып.

– Бұл не деген үлкен мысық,
Салқындады-ау суға түсіп, –
Деді бала, күлімдеді.
Әкесі де езу тартты.
«Мысық» жүзіп бара жатты,
Қайырылатын емес енді.

II

Жылдар өткен...

Жазғытұрым

Басталды бір жаман ырым,
Жаумай жауын жалғыз тамшы.
Ерте солды гүл-бөйшешек,
Еркін өспей, қурады шөп,
Етке тиді ауыр қамшы.

Еккен егін өнбей жерге,
Еткен еңбек ұшты желге,
Ел күйзелді ем таба алмай.
Жабырқаған жарлы қауым
Жалбарынды тілеп жауын,
Көкжиектен көзін алмай.

Сезген мұны Толағай да
Сабырсыздық болды пайда,
Ойланады ұзақ күндер:
«Қайтсем жауын жаудырамын,
Ел сусынын қандырамын,
Адал ақыл айтар кімдер?»

Көп өтпеді. Бір күндері
Шешесіне еркеледі.
Отыр сұрап әр нәрсені...
– Тағы да бір бар сауалым:
Көп жауады қайда жауын?
Білсең, апа, айтшы! – деді.

Айғақ ете үлкендерді
Апатайы жауап берді:

– Деген сөз бар: «Тауда тандыр».
Қарлы, шынды тау жерінде,
Тарбағатай өңірінде
Үзілмейді жылда жаңбыр.

Толағайың тыңдап алды,
Екі беті гүл-гүл жанды.
Кідірмеді, жүріп кетті.
Кеудесімен бұлт бөгеген,
Бұлттан жаңбыр себелеген
Асқар тауға келіп жетті.

Таңдап жүріп тау жотасын,
Талғай қарап орман, тасын,
Тарбағатай өңірінен,
Көңілі сүйген бір шатқалды
Ұзақ ырғап бөліп алды,
Өркештенген түйінінен.

Басындағы қарын қоса,
Баурындағы аңын қоса,
Шайқап бұлақ, көк орманды,
Күшпен әрең алды-дағы,
Арқасына салды-дағы,
Келген ізбен қайта оралды.

Арқалады ауыр тауды,
Жаншып бара жатыр жанды,
Маңдайынан тер көл боп ақты.
Жеткенше дем алмайын деп,
Жарты жолда қалмайын деп,
Шаршаса да, тоқтамапты.

Тау жақындап қалды келіп,
Бұйраланған бұлт еңсеріп,
Таңданысты көрген адам.
Өлден кейін танылды анық,
«Толағай!» деп шулап халық,
Қуанбаған қалмады жан.

Құйды жаңбыр, сел боп ақты,
Күн күркіреп шатырлатты,

Күйген жердің кірді жаны.
Шөлдегендер суға қанды,
Ауыл қайта ажарланды,
Тарқады елдің бір құмары.

Талған дене, жанған өкпе,
Келген шыдап сонша көпке.
Ұзақты күн сыр бермеген.
Жетеріне жеткен кезде,
Күн еңкейіп шөккен кезде,
Сүрінді алып әлденеден.

Кетті құлап, тұра алмады.
«Апа!» деді жалғыз ғана,
Тау да басып, шөге берді,
Апасы жас төге берді,
Отаны үшін өлді бала.
Кім қалды екен егілмеген,

Кім қалды екен төгілмеген,
Көз көргеннен Толағайды.
Күніренді де анасындай,
Күн де батты шарасыздай,
Түн қап-қара шашын жайды.

Ауысыпты заман талай,
Аталғалы тау – Толағай..
Соны үлкендер ертегі еткен,
Алыпты тау басып жатқан,
Ана сүтін тас боп қатқан
Көреді өлі өткен, кеткен.

Толағайдың төңірегінде,
Толқындаған желмен бірге
Көк теңіздей көк шалғыны.
Алыпты жұрт ардақтайды,
Алып атын бір атайды
Жылда жаңбыр жауған күні.



Отыз күндік мереке – қазақта үлкен қуанышты ұзақ уақыт тойлаған дәстүр болған. «Отыз күн ойын, қырық күн тойы» деген сөз содан қалған.
жай оты – найзағай

сұсы басты – айбатынан сескенді
еткен еңбек ұшты желге – пайдасы болмады, зая кетті
егілмеген – жыламаған



Толағай – халық арманынан туған кейіпкер. Ертегі идеясы – елі үшін, отаны үшін сондай ерлер туса екен деген тілек, ниет. Толағайдың тауды көтеруі шындыққа сай келмейді. Бұл батырлар жырындағы өсірелеп суреттеуге келеді.



1. Ертегі дастанға қандай оқиға арқау болған? Ақын суреттеп отырған оқиға қай заманға сай келеді деп ойлайсың?
2. Толағайдың жанашырлық, елге деген сүйіспеншілік сезімдері өз бойыңнан табыла ма?
3. Шығарманың мазмұнын, ақынның айтпақ ойын өз сөзіңмен әңгімелеп бер.
4. Ертегіні бөлімдерге бөліп, әр бөлімге ат қой.
5. Ертегінің қысқа мазмұн-жоспарын құр.
6. Толағайды әдеби кейіпкер ретінде сипатта (дүниеге ерекше болып келіп, бөлекше өсуі, портреті, мінез-құлқы, адамгершілік сезім-қасиеттері, ерлік істері, ел есінде сақталуы, т. б.).
7. Толағай секілді ер болу қолыңнан келе ме? Алда-жалда жұрт күйзелсе, сен не істер едің? Жазбаша жауап бер.
8. Толағайды бұрын оқыған ертегілердегі кейіпкерлермен салыстыр (Керқұла атты Кендебай, т. б.).

МЫСАЛДАР

Мысалда аңдар, құстар хайуанаттар, өсімдіктер іс-әрекеті, мінезі арқылы адам бойындағы мінді, кемшілікті тұспалдап, әжуа-күлкі етеді. Мысалдар өлеңмен де, қарасөзбен де жазылады. **Осындай шағын көлемді, оқиғалы, адамға сабақ болатын тағылымдық шығарманы мысал дейді.** Мысалдар еңбексүйгіштік, әділдік, адалдық, қарапайымдылық сияқты жақсы қасиеттерді мадақтап, уағыздайды, жағымсыз қылықтарды мысқыл түрінде күлкі ете отырып, одан сақтандырады.

Мысалдарда жануарлар мен жәндіктер адам істейтін әрекеттерді жасайды. Бұлай көрсетуді аллегория дейді.

Қазақ әдебиетінде мысал жанры Абайдан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы, Сәбит Дөнентаев секілді ақындар Абай дәстүрін ілгері оздырды. Бұлар орыс мысалшысы И. А. Крыловтың туындыларын қазақы түсінікке лайықты етіп аударды. Сондықтан Абай мен Ахмет мысалдары аудармадан гөрі қазақтың өз топырағында жаратылған шығарма кейпінде көрінеді.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

(1873–1938)



Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы бұрынғы Торғай облысында, орта дәулетті шаруа отбасында дүниеге келген. Жазықсыз жалаға ұшырап, 1938 жылы атылған. А. Байтұрсынұлы халқымыздың тарихында үлкен орны бар қоғам қайраткері, тамаша оқулықтар жазған педагог, дарынды ақын, шебер аудармашы, ірі ғалым болған.

Орыс ақыны И. А. Крыловтың мысалдарын Абайдан соң Ахмет Байтұрсынұлы да аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте кітап етіп шығарған болатын. Ахмет аударманың қазақ оқушысына, халық ұғымына жақын да түсінікті болуына, шығармада көтерілген тұрмыстық-әлеуметтік мәселелердің қазақ халқына да ортақтығына, айтылатын ойдың салмағына, беретін ғибратына баса назар аударған. Сондықтан ол кітап Ахмет Байтұрсынұлының төл туындылары қатарынан орын алады.

Өгіз бен Бақа

Бір Өгіз айдын шалқар көлге келді,
Жағалап суаты бар жерге келді.
Шілденің сарша тамыз ыссы кезі,
Бек қатты қаны қашып шөлдеп еді.

Су ішіп көлдің шықты жағасына,
Мал еді көз тоятын қарасына.
Артықша бір көлбақа күншіл екен,
Сол көлдің Бақасының арасында.

Өгізді суға тойған Бақа көрді,
Секіріп көршісіне жетіп келді.
«Боламын сонау мен де өгіздей» деп,
Жел тартып, ісіп-кеуіп, қарнын керді.

Сұрады жолдасынан: «Толдым ба? – деп, –
Өгіздей анау тұрған болдым ба?» деп,

Өгіз бен екеуіне қарап тұрып,
Жолдасы жауап берді сонда бүй деп:

«Өгіздей болу саған қайда, шырақ?!
Араңыз екеуіңіздің тым-ақ жырақ!
Онымен бірдей болып толмақ түгіл,
Қалпыңнан асқан жоқсың артығырақ».

«Қарашы! Енді қандай болдым? – деді, –
Міне, мен жаңа айдай толдым!» деді.
Жолдасы тағы қарап денесіне:
«Қалпыңда қараң менен пормын» – деді.

Дүниеде мұнан күншіл кем-ді Бақа!
Зорланды қарнын керіп, енді Бақа.
Шыдамай жұқа қарын керуіне,
Жарылып сол арада өлді Бақа.

* * *

Күнәсы күндегеннің жаман қатты,
Күндей ме біреуге Алла берген бақты?!
Өгізді күндеп, сондай боламын деп,
Көлбақа онан қанша пайда тапты?

Әуелде Құдай өлшеп берген дене,
Қаншама зорлағанмен артылмапты.
Нақыл сөз: «Өлім білмес әлек» деген,
Осындай әуре болған жаннан қапты.

Егіннің бастары

Бір адам жас баласын жанына алды,
Екеуі сайран етіп кетіп қалды.
Қыдырып арлы-берлі жүрді-дағы,
Егінші егін еккен жерге барды.

Аралап әр егінді қарап жүрді,
Кезі еді пісіп болған егін түрлі.
Бастарын дөнге толған төмен салып,
Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды.

Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке қарап,
Бейне бір жалғыз өзін көпке балап.

Баланың сол бидайға көзі түсіп,
Билмекке кетті көңілі жөнін сұрап.

«Құбылып бидайлар тұр басын салып,
Жіберген мырза Құдай нұрға қанып.
Әй, әке! Мұның мәнін түсіндірші?
Бір іске тұрмын өзім қайран қалып!

Бір бидай көтеріп тұр басын көкке,
Қарайды шекірейіп өзге көпке.
Өзіне өзгелерді теңгермейтін,
Соншама бұл бидайдың дәні көп пе?»

«Айтайын мұның мәнін, балам, саған:
Шырағым, түрін көріп танданба оған.
Өзгесі төмен қарап бүгілгенге,
Ойлама, кем екен деп бәрі сонан».

Және де әкесі айтты баласына:
«Сұқтанба құр сорайған қарасына!
Құдайым өзгесіне дән бергенде,
Бұл бидай дәнсіз қалты арасында.

Бидайлар басы толық иіліп тұр,
Дән берген қожасына сиынып тұр.
Басында бұл бидайдың дәні болмай,
Кекірейіп, көкке қарап, бүлініп тұр.

* * *

Елде көп бұл бидайдай адам, – деді,
Тәкаппар, оны халық жаман, – дейді,
Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның,
Тұтынба бұл мінезді, балам» деді.



сарша тамыз – өте ыстық

бек – өте

шырақ – мұнда айналайын

жырақ – алыс

пормың – форман, пішін

көкке қарап – аспанға қарап

шекірейіп – басқаларды менсінбей

теңгермейтін – тең көрмейтін
сұқтанба – *мұнда* танданып қарама
төкашпар – ешкімді менсінбейді



1. Мысалды мөнерлеп оқы.
2. Мысал өлеңнің композициялық құрылымын талда.
3. Мысалдың тұспалдап айту, астарлап білдіру арқылы адам мінездеріне меңзейтінін дәлелде.
4. Көрсеқызарлық, мақтаншақтық, әлп келмейтін істерге ұрыну сияқты жағымсыз мінездерді шенеудің мәнше көңіл аудар.
5. Әке мен баланың диалогін екі оқушы кезектесіп оқы.
6. Мысалдан қандай ойды аңғардың?
7. Мысалдың қорытындысын түсіндіріп айт.
8. Мысалдардың өзіне ұнаған бір көрінісіннің суретін сал.

XIX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ

Махамбет Өтемісұлы

(1803–1846)



Махамбет Өтемісұлы – жалынды жауынгер ақын. Ол – 1836–1841 жылдары Батыс Қазақстандағы Бөкей ордасында Ресейлік патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы көтерілген қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының бірі. Оның еркіндікті, теңдікті аңсаған, халқының мұңын мұндап, жоғын жоқтаған қылыштай өткір жырлары сол көтеріліс ұранындай болған. Исатай батыр бастаған көтерілісші сарбаздардың жүрегіне сенім ұялатқан, жігер қосқан. Махамбет жырларының құдіретті

күші оқырмандарды күні бүгін де ерекше сезімге бөлейді. Жас ұрпақты халқын, Отанын сүйеге тәрбиелейді.

Соғыс

...Құдайлады хан ұлы,
Іздеген жауы біз болып,
Жау қарасы көрінді,
Жиылған әскер білінді,
Исатай – басшы, мен – қосшы.
Исатайдың сол күнде
Ақтабан аты астында,
Дулығасы басында,
Зығырданы қайнайды.
Астына мінген Ақтабан
Ақ бөкендей ойнайды.
Қасына ерген көп әскер
Маңыраған қойдай шулайды.

Артымыздан келіп қол жетті,
Аз жетпеді, мол жетті.
Жеткен жерін айтайын,
Бекетай құмның басында,
Ағаш үйдің қасында,
Түніменен түйіндік,
Таң атқанша тарандық.
Таң ағарып атқан соң,
Төнірек жаққа қарандық.

Қарап тұрсақ әр жерден:
Жау бір өрттей қайнайды,
Қайнағанмен қоймайды,

Мылтығын қардай боратып,
Жетіп келді қамалға,
Қамалды бұзып аларға.

Толғай-толғай оқ атқан,
Он екі тұтам жай тартқан.

Қабырғасын қақыратқан,
Тебінгісін тесе атқан,
Тізгінінен кесе атқан,
Біздің қайсар батырдың
Жүрегін сөйтіп оятқан.

Қызғыш құс

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос,
Исатайдан айрылып,
Жалғыздықпен болдым дос.

Көл қорыған сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен.
Ел қорыған мен едім,
Мен де айрылдым елімнен.

Сені көлден айырған
Лашын құстың тепкіні,
Мені елден айырған
Хан Жәңгірдің екпіні.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Айтып айтпай не керек,
Құсалықпен өтті ғой
Махамбеттің көп күні.



1. Тарихи деректер

«Исатай – Махамбет көтерілісі» деп аталатын көтеріліс 1834–1838 жылдарда Батыс Қазақстан облысында Еділ мен Жайық өзендері аралығындағы Бөкей ордасы деп аталатын жерде болған. Ол, негізінен, Ресей патшалығының қазақ жерлерін отарлап басып алуына қарсы бағытталған. Көтерілісті Исатай Тайманов және оның ер жүрек серігі, ақын Махамбет Өтемісов басқарған. 1838 жылы зеңбірекпен, мылтықпен қаруланған патша әскерінен нашар қаруланған көтерілісшілер жеңіліс табады. Исатай осы ұрыста оққа ұшады. Көтерілісшілер қатаң жазаланады. Махамбет қуғынға ұшырайды. Халқын көтеріліске қайта көтеру ойынан қайтпайды. Міне, осы жайлар туралы ақын көптеген жалынды жырлар шығарған. Олар ерлікке, батырлыққа, азаттыққа, еркіндікке шақырған өжет үнді, рухы күшті өлеңдер еді. Махамбетті отаршылдар жіберген аңдушылар тобы 1846 жылы жасырынып келіп, алдап қолға түсіріп, басын қылышпен шауып мерт етеді.

2. Өлеңді оқи білейік

Өлеңді оқу сырын меңгеру қиындық келтірмейді. Өлеңді бір я бірнеше рет оқып шыққан соң, мынадай мәселелер бойынша ойланамыз:

– ақын не айтқысы келіп отыр?

– қандай ойлар айтылған?

– қандай сезім оянады?

– қандай көңіл күйді шақырады?

– әр жолда қандай сурет, қандай ой, сезім бар?

– әр шумақ не туралы?

– ой мен сезімді күшейту үшін, сөздің әсерін арттыру үшін теңеу, эпитет, метафоралар қолданған ба? Олар өлеңге қандай күш беріп тұр?

– өлеңді оқудың дауыс құбылысын анықта: мына жерін ойлана оқу керек, мына жерін көтеріп айту, мына жерінде ыза, кек, ал мына жерде жанашыр нәзік сезім бар, т. б.

– дауыс арқылы оның мағынасын ашып оқыңдар.

– ұйқастарына көңіл бөліңдер. Ұйқасып тұрған жолдарды дауыс арқылы бір-біріне байланыстырып оқыңдар. Осылай бірнеше рет оқыған соң, оны жаттау қажет. Жатқа оқығанда жоғарыда айтылған кеңестер ойда болуы тиіс.



1. «Қызғыш» өлеңінде қандай оқиға суреттеледі?
2. Исатайдың кім екенін мұғалімнің көмегімен біліп ал.
3. Өлеңнен Исатайдың сырт тұлғасын, астына мінген атын, жаумен айқасқандағы ерлік бейнесін суреттеген жолдарды тауып оқы.
4. Өлең сөзіне зер сал: *зығырданы қайнау, түнімен түйіну, таң ат қанша тарану, он екі тұтам жай тартқан, қабырғасын қақыратқан, тебінгісін тесе атқан, тізгінінен кесе атқан* деген сөздердің мәнін түсініп алыңдар. Өлеңде «жүрегін оятты» деп кімді айтып тұр? «Ояту» деген сөз осы жерде қандай мағынада қолданылған?
5. Мұхит Қалымовтың «Исатай – Махамбет» атты картинасын көрдің бе? Оның Махамбет Өтемісұлының «Соғыс» деген өлеңімен мағыналық байланысы бар ма? Пікіріңді сурет бойынша дәлелде.
6. Өлеңде ақын өз сөзін қызғыш құсқа арнау арқылы нені меңзеп отыр?
7. Өлеңнің композициялық құрылымына назар аудар.
8. Табиғаттағы құбылыстарды өзінің тағдыр-талабымен салыстыра суреттеудегі ақын шеберлігін мысал арқылы дәлелде.
9. Өлеңді жаттап ал.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

(1841–1889)



Ыбырай Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің атасы, ұстаз. Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы Қостанай облысында дүниеге келген. Өз әкесі Алтынсары Ыбырайдың 4 жасар кезінде қайтыс болады да, Ыбырай атасы Балғожа бидің тәрбиесінде өседі.

1844 жылы Орынборда қазақ балаларына арналған жеті жылдық мектеп ашу туралы патша ережесі бекітіледі. Балғожа би осы ашылмақ мектепке 1846 жылы бес жасар немересі Ыбырайды жазғызып

қояды. 1850 жылы 23 тамызда орыс-қазақ мектебі ашылып, қазақтан 30 бала алынады, солардың бірі Ыбырай Алтынсарин болады.

Жеті жылда Ыбырай мектептен жақсы білім алып шығады. Ендігі жерде өзі алған білім нұрын халқына шашқысы келіп, мектеп ашуды армандайды. Көп жылдар аңсап, өз өмірінің арманы болған мектебі тек 1864 жылы ашылады. Бала оқытқанына қатты қуанған Ыбырай: «Он төрт бала оқытамын. Бала оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай тиістім. Балалар да менің айызымды қандырып, оқуды тез меңгеріп алды» деп жазған екен бір хатында.

Иә, Ыбырай Алтынсарин – халқына білім беріп, мәдениетті ел қатарына жеткізуді армандап, өзінің бар өмірін сол жолға арнаған адам. Сонымен қатар ол балаларға арнап әр түрлі тақырыпта көптеген өлең, шағын әңгімелер жазды. Орыс әдебиетінен балаларға лайық көркем шығармаларды аударды. Сол көркем шығармалардың бәрінде де ол балаларға білім, тәрбие, үлгі-өнеге беру мақсатын көздеді.

Өздеріңе ұсынып отырған шығармасынан осы мақсатты аңғарасыздар.

Ыбырайдың «Өзен» атты табиғат лирикасын оқып, өз туған жеріндегі өзенмен салыстырып көріңдер.

«Дүние қалай етсең табылады?» деген көлемі шағын әңгімесін асықпай, түсініп оқып, пікір таластырыңдар.

Өзен

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған,
Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.

Көңілің суын іпсең ашылады,
Дененде бар дертінді қашырады,
Өксіген оттай жанып жануарлар
Өзеннен рақат тауып басылады.
Қынарда тілсіз тұрған тоғайлары
Шуылдап желмен бірге бас ұрады...

Он мың мал айдап өтсең лай қалмайды,
Тасыса, су бармаған сай қалмайды.
Тасыған өзен судың қуатымен
Көк шалғын шөп бітпеген жай қалмайды.

Ел қыстап күн көреді жанабында –
Дәм болар, алуан-алуан балығында...
Тас таста, алтын таста сынамаққа,
Сонда да аққан өзен қалыбында...



өксiген – бұл жерде: шөлдеген мағынасында.

қынарда – жағасында, маңында.

жай – орын (жер), қоныс.

жанабында – жанында, маңында.

дерт – ауру



1. Өзеннің табиғаттағы, адам өміріндегі атқарар жүгін ақын қалай көрсеткен?
2. Өлеңде қандай көркемдегіш сөз және сөз тіркестерін қолданған?
3. Өлеңнің бірінші шумағында өзеннің және екінші шумағының соңғы екі жолында тоғайдың қандай сөздермен қалай суреттелгеніне назар аудар.
4. Өзің көрген, байқаған, шомылған өзенді, көлді өз сөзіңмен әңгімелеп айта біл. Олар адамның қандай игілігіне жарап жатқанын баяндап жаз.
5. Өлеңнің буын өлшемін және ұйқас түрін анықта.

Дүние қалай етсең табылады?

Француз жұртының бір білімді адамы жазады:

– 1791 жылда, өзім университет деген үлкен шkolда оқып жүрген жігіт күнімде, әр жеті сайын Версаль қаласындағы шешеме жаяу барып-қайтып тұрушы едім. Сонда әрдайым жолымда бір Антон деген тіленші отырып, қайыр сұрап алып жүруші еді. Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойлы арықтау кісіге ұшырасып, жөнiмiз бiр болған соң бiрге келе жатқанымызда, әдетше манағы Антон алдымыздан шығып қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да айтты:

– Сен қарауға еп-есті кісі секілді көрінесің және жұмыс істеуге қуатың да бардай көрінеді, сөйтіп тұрып мұндай жаман іспен өзінді кемшілікке салып жүрсің. Бай болғың келсе, мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ тіленшілік қылғаным жоқ. Ел ішінен ескі шүберек сұрап жиып жүрдім. Ол шүберектерді апарып қағаз істейтін фабриктерге сатып, соныменен азды-көпті ақша болған соң бір есек, бір арба алдым. Мұнан соң әуелі аздап, бара-бара көбірек, әр үйден ескі-құсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша тауып, енді бір қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісім нық, жинақы және еріншектікті білмегеннен соң, осы күнде екі әйдік фабрикамды балама бердім. Үмітім бар, балам да аштық көре қалмас деген. Себебі, баламды да жасынан бос жүруге, ерін-

шектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша, машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың, Антон, – деді де, жөніне жүріп кетті.

Антон бұл сөздерді есіткен соң терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып, бір орнында тұрып қалды.

1815 жылда Брюссель деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім. Дүкеннің ішінде бірнеше приказчиктерге олай-бұлай етіңіз деп бұйырып тұрған бір купецтің кескіні көңіліме таныс реуішті көрінді. Сөйтіп тұрғанымда әлгі кісі мені көріп, бетіме қарап тұрды-тұрды да, қасыма келіп айтты:

– Айып етпесеңіз сұраймын, мұнан жиырма бес жыл бұрын сіз оқу оқып жүріп, жұма сайын Версальдегі үйіңізге барып жүрген жеріңіз бар ма еді?

Сонда ойыма түсіп, таң қалып:

– Сен Антонбысың? – дедім.

– Рас, – деді Антон, – мен сондағы көрген тіленші Антоныңыздың өзімін. Сол жүргеніңізде бір күн қасыңызда бірге жолыққан кісінің айтқандары көңіліме кіріп, тіленшілікті тастап, жұмысқа кірістім. Ісіме нық, малыма күтімді болдым. Ақырында сол кісінің айтқаны келіп, мінеки, осы зор дүкеннің иесі болдым, – деді.



өйдік – үлкен, еңселі

реуішті – сияқты, тәрізді



Ыбырай заманында қазақ елі Ресей боданында еді. Ол кезде қазақ жұртында діни медреселер, молдалардың діни сауат ашатын жеке оқуы ғана болды. 1864 жылы жалпы білім беретін орыс-қазақ мектебінің ашылу себебі – қазақ елін басқару үшін орыс әкімдеріне көмекші тілмаштар керек еді. Алайда Ыбырай сияқты елжанды адамдар ондай мектепті бітірген соң, тек тілмаш болып қалмай, халқына қызмет ететін жолдарға түсіп жатты.

Ы. Алтынсарин қазақ балаларына мектептер ашумен бірге, оларға арнап оқулық кітаптар жазды, мұғалімдер дайындауға атсалысты. Қазақ балалары үшін алғашқы оқулықты «Қазақ хрестоматиясы» деген атпен Ы. Алтынсарин жазды.



1. Өңгіменің мазмұнына зер сал. 2. Еңбек етуден ерінген адам кедей болатынын, қайыр сұраудан арланбайтынын байқадың ба?
3. Қайыршы Антонға бейтаныс кісінің ақылы қалай әсер етті?
4. Антон бұл сөзден қандай қорытынды шығарды? Мәтіннен тауып оқы.
5. «Еңбекпен тапқан нан», «Байлықтың көзі – еңбекте» деген тақырыққа шағын шығарма жаз.



Әдеп

Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып, сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып иіліп, бас ұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі үлкен әкім-төре одан да төменірек бас ұрып сәлем алды. Қасындағы бай:

– Тақсыр, осынша жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша бас ұрасыз? – деп айтты дейді.

Сонда әкім:

– Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп әдептілігін көрсеткенде, мен одан әдепсіз болып қалайын ба? – деді дейді.

Қанағат

Өзіреті Әліден бір кісі келіп сұрады:

– Толық байлық қайтсең табылады?

Әлі айтты:

– Қанағат ете білсең. Қанша мал көп те болса, қанағаты жоқ кісі байлыққа жеттім деп тоймайды; қанша мал аз да болса, барына қанағат ете білсе, бұл адамның көңілі жайлы, тынышсырақ болады; соның үшін байлық – қанағатта, – деді Өзіреті Әлі.

Жомарт

Атымтай Жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып, жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын таныстары сұрады дейді:

– Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар: ақша, тамақ, жала-нашқа киім, үйсіздерге үй болдыңыз; сөйтіп тұрып, өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мәнісі не? – деп.

Жомарт айтты дейді:

– Төрт түрлі себеп бар: әуелгісі – әдемі ат, асыл киім, асқан сәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге желік кіргізеді, сол желікпен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі – бар бола тұрып, мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер ғибрат алсын деймін. Үшіншісі – күн сайын өз бейнетімнен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі, Құдай Тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген Иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

(1845–1904)

«Абайдың табиғат лирикасы, әсіресе жылдың төрт мезгілін суреттейтін өлеңдері – күшті ақындық шеберлікпен, зор мәдениетпен жазылған аса сұлу, сырлы жырлар. Бұлардың композициялық құрылысында да өзіндік өзгешелік бар. Жыл мезгілдерін сипаттау үстінде алдымен әр түрлі ақындық бояу арқылы оқушының көз алдына түрлі-түрлі табиғат көріністері келеді; жайқалған гүл «бәйшешекті», «көгорай шалғыны» мен «күркіреген өзені» бар, тамылжып тұрған «шыбынсыз жаз» да сонда; ақ кірпік бораны мен үскірік аязы бар, қылышын сүйреткен қырау қабақ қытымыр қыс та сонда; аспанын бұлт торлап, гүлі солғын, сарғыш даласын шық басқан, сұрғылт күз де сонда... Әр өлеңінде ақын әуелі табиғат көріністерін суреттейді, ізінше сол көрініске бөленген қазақ ауылының тірлік-кәсібiне, шаруа-жайына көшеді. «Жазда» күркіреп жатқан өзеннің көгорай шалғын жағасына көшіп барып, қонып жатқан ауыл, ақ білегін сыбанып, үй тіккен қыз-келіншектер, өзен шетінде шыбындап, бөгелектеп тұрған құлын-тайлы көп жылқы... одан әрі сол ауыл шындығы өрістеп кете беретін болса, «Қыста» шидем мен тондарын қабаттап киіп, оранып алса да, долы боранға «бет қарауға шыдамай, сырт айналып», тағы да мал соңында қар жамылып, мұз жастанған жылқышылар, суық өтіп, титығы құрыған тайлар мен жабағыларға ауыз салуға аран ашып, жанталасып, айдалада шоқақ-шоқақ жортып жүрген аш қасқырлар, т. б. көз алдымызға келеді. Мұның бәрі – көшпелі қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігі. Мұнан кейін Абай дәл сол ортадағы биігірек сатыға көтеріліп, саяси сипат алады да, алуан түрлі әлеуметтік мәселелерді қозғайды. Абайдың азаматтық көзқарасы дәл осы арада айқында-ла ашылып қалады».



Зейнолла Қабдолов

Қыс

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы – ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң қыс келіп, әлек салды.
Үшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.

Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.
Бурадай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

Әуес көріп жүгірген жас балалар
Беті-қолы домбығып үсік шалды.
Шидем мен тон қабаттап киген малшы,
Бет қарауға шыдамай, теріс айналды.

Қар тепкенге қажымас қайран жылқы
Титығы құруына аз-ақ қалды.
Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр,
Малшыларым, қор қылма итке малды.
Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,
Құр жібер мына ант ұрған кәрі шалды.



үшпа – бұлт (жеке, шоқ бұлт).

Қондыбай, Қанай – адам аттары.



1. Абайдың табиғат лирикасы туралы ғалым З. Қабдоловтың сипаттамасын зер сала оқып, мұғалімнің көмегімен түсініп ал.
2. Қыстың мына жеке-жеке көріністерін дербес алып қара: а) кейпі (портреті), ә) әрекеті (дем алысы, басқан жері, басын сіліккені, бурадай долданғаны), б) қыстағы балалар, в) қыстағы малшы күйі, г) қыстағы жылқылар күйі, ғ) қыста жылқыға қасқырдың тиюі, д) малды ит-құсқа жем еткенше, тарығып отырған кедей ауылдарға бер деу, е) ант ұрған кәрі қысқа мал бермеу керектігі.
3. Өлеңді «Қыстың сипаты» және «Қысқы ауыл» деп екі бөлімге бөліп оқы.
4. Өлеңнің бірінші бөлімін мәнерлеп оқып, жаттап ал.
5. Бірінші бөлімде ақын қысты адам кейпінде суреттегенін көз алдына елестет. Кейіптеу – жансызды жанды түрінде суреттеу екенін біл.
6. Алдыңғы шумақтардағы әрбір суретті ақын қандай бейнелі сөздермен жасағанын қараңдар: *ақ киімді, ақ сақалды, денелі, мылқау, соқыр, түсі суық, үсті басы ақ қырау, басқан жері сықырлап, бөркін киген оқшырайтып, аязбенен қызарып, қасы жауып екі көзін, бұрқ сарқ етіп долданғанда* – бұл тіркестердегі

сөздер қыс суретін жай ғана айта салмай, оның қандай екенін күшейтіп елестету үшін қолданылғанына назар аудар.

7. Лирика, табиғат лирикасы деген сөздерді мұғалімнің көмегімен түсініп ал.
8. Өз бетіңше Абайдың «Жазғытұры» өлеңін оқы.

Ғылым таппай мақтанба

(Қысқартылып алынды)

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол.
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.

Жамандық көрсең нәфрәтлі,
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі,
Оны ойға жисаңыз.
Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да, ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де – өзі, мал да – өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз...



нәфрәтлі – жеркенішті деген сөз.

ғибрәтлі – үлгілі деген сөз.



1. Абай өзінің ойларын кейінгі ұрпаққа өлең сөзбен де, жай сөзбен де жазып қалдырды. Оның жай сөзбен жазғандарын «Қарасөз» деп атайды. Абай халқына жақсылық туралы ой салу үшін қырық бес қарасөз жазды. Олар бірінші сөз, екінші сөз, үшінші сөз болып рет-ретімен аталған.

2. Шағын эссе-шығарма жазғанда оған өздерінің көзқарастарыңды, ойларыңды, қолдайтын-қолдамайтындықтарыңды, алған әсерлеріңді көрсетіп жазып үйренсеңдер, онда ол шағын эссе болады.

3. *Мәнерлеп оқуды үйрен.* Мәнерлеп оқу дегеніміз, мәтіннің мағынасын түсініп алған соң, сол мағынаны тиісті көңіл күй, ой-сезіммен жеткізіп, дұрыс, анық, дауыстап оқу.

Мәнерлеп оқу өнері бойынша бірнеше кеңесті есте сақтандар.

Мазмұнды талдау. Мәтіннің мазмұнының негізгі ойын анықтап алады. Одан әрі оны бөліктерге бөліп, әр бөліктің мәніне көңіл аударады

Логикалық оқу. Мәтіннің бөліктерінде, әр бөліктің ішіндегі сөйлемдерде негізгі ойды білдіретін сөздерді, сөз тіркестерін анықтайды. Оларды екпін түсетіндей етіп оқиды. Ой арасын дауыс үзілісімен білдіреді. Бұл – логикалық үзіліс.

Көңіл күймен оқу. Мәтіннің мазмұнын дұрыс оқу үшін оның ішіндегі қуаныш-қайғыны, реніш-шаттықты, жеңіл сүйсіне күлу мен ащы мысқылды, т. б. сезіммен, көңіл күймен оқу шарт. Ол үшін міндетті түрде, мәтін мағынасын алдын ала түсініп алу қажет.



Шумақ – өлеңнің негізгі ойы немесе басты идеясы болады. Ондағы негізгі ой бірнеше ой арқылы беріледі. Осылайша өлеңде бірнеше ой айтылады. Әр ойға бір шумақ арналады.

Тармақ – әр шумақ көбінесе төрт жолдан тұрады. Жолды тармақ деп атайды. Кейде шумақ екі, алты немесе одан да көп жолдардан құрылуы мүмкін.

Қарасөз – Абай шығармаларында ғана бар. Басқа ешбір жазушы өз шығармасын қарасөз деп атаған емес.



1. Абай қандай нәрседен жиренуді, неден үйренуді ұсынады?

2. Абайдың бес асыл іс деп отырғаны нелер? *Ғылым таппай мақтанбау, ғылымға көңіл бөлу, балалықты қию* деген сөздерді қалай түсінесің?

3. Өлеңдегі қашық – асық, жамандық – жақсылық, сөну – жану сөздерінің мағыналық айырмашылығына көңіл бөл, *құрмарлану, шаттану, қанағат, рақым* деген сөздердің синонимдерін тап.

4. Өлеңді жаттап ал.

XX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ

(1893–1920)

Сұлтанмахмұт Торайғыров – XX ғасырдың басындағы әдебиетімізде ерекше орны бар, аса көрнекті ақын. Ол өзі жасаған дәуірдің шындығын көрсететін көптеген шығармалар жазды. Шығармаларында қазақ ауылындағы жағымсыз көріністерді сынады, халықты мәдениетке шақырды, надандықпен күресті.

Сұлтанмахмұт бірқатар өлеңдерінде жыл мезгілдерін, табиғат көріністерін шебер суреттейді. Ақын өлеңдерінде ағарып атқан таңның, жазғы мақпал түннің келісті суреттері көркем бейнеленеді.



Шілде

Түскендей әуе жерге қырық күн шілде
Ішкен мас, жегендер тоқ күнде-күнде.
Қысқа түн қымқырылды, таң көрінді:
«Кел, шық» деп, иек қағып жарық күнге.

Ән салды таңды мақтап сансыз торғай,
Бас иіп, бәйек болып, жерге қонбай.
Шайқалып таң желіне тербетілді,
Көк майса көзі ілініп тұрған сондай.

Асыл шөп, жасық шықтың иісі аңқып,
Батқандай мелдегінен нұрға қалқып.
Күлімдеп көктің жүзі көңілі шат:
Жауһардай күн шығар деп бізге балқып.

Көлбендеп көкке қарай жердің буы.
Айнадай анандайдан көлдің суы.
Би билеп суда тұрған барлық қамыс,
Ән салды домбырамен құстың шуы.

Мақтанып қара түнде нұрын шашқан
Айдың да өлеусіреп түсі қашқан.
Шығарын сұлу күннің сезгеннен соң,
Бірі жоқ, тамам жұлдыз бетін басқан.

Жайылып төрге қарай таңның ағы,
Көрінді ауыл-ауыл маңайдағы.
Қарайып, өрген сиыр түйеменен
Ауылдың малға толды әрбір жағы.

Ыңыранып қой қотанда таңды көріп,
Күн шықса, жайылысқа кетпек өріп.
Төбеттер үй алдына жаңа жатты,
Түн бойы қой күзеткен ұйқы бөліп.

Таяқты, жалаң аяқ шалдар тұрып,
Сүйкенген үйлеріне қойларды ұрып.
Бір молда шәугім ұстап, тысқа шықты,
Бүкшендеп, арба айнала қақырынып.

Қисайған қос секілді жалғыз қара –
Ауылдан арқан бойы тұрды дара.
Қолтықтап «Әптиек» пен «Құрандарын»,
Жиылып жатыр сонда біткен бала.

Күн хабар сонда берді нұрын шашып,
Бір күлді жүзіменен амандасып:
«Ал бізге сәуле түсті, алақай!» деп,
Ой мен қыр қарап тұрды жымыңдасып.



әуе – бұл жерде: аспан

қысқа түн – жазда күн ұзақ, түн қысқа болады.

көк майса – шөп

көктің жүзі – аспан

әптиек – дини оқу құрал

мелдегінен – белуарынан деген мағынада.



1. Сұлтанмахмұт Торайғыров өмір сүрген заманда қазақ елінде жалпы білім беретін мектептердің тапшылығынан халық оқу-білімнен алыс болды. Сұлтанмахмұт бұны надандық деп білді. Ол

халық үшін де, өзі үшін де осы надандықтан құтылудың жолын армандады.

2. Сұлтанмахмұт Торайғыров кедей отбасынан шығып, өмір бойы жоқшылық көріп өтті. Оқу оқып білім алуға қаражат болмады. Сондықтан ол тек өз бетінше көп кітап оқып, жас та болса қажырлы қайсарлықпен білімге қол жеткізді. Осы жоқшылық салдарынан құрт ауруына шалдығып, өмірден ерте кетті. Бірақ артына өлмес мол мұра – көптеген өлеңдер, поэмалар, романдар жазып қалдырды.

3. **Талдап оқу.**

Мәтінді талдап оқысақ, оны жақсы түсініп, еске ұзақ сақтаймыз. Талдап оқудың тәсілдері жоспар жасаудан, тезистен және дәлелдемелерден тұрады.

Мәтіннің негізгі ойларын анықтап, оларды рет-ретімен тізімдеп жазып, жоспар құрып аламыз. Сөйтіп, негізгі ойларды, оларды баяндау ретін меңгереміз.

Негізгі ойлардың әрбір ойының мазмұнын өте қысқа түрде жазамыз. Бұл – **тезис**.

Енді тезистегі айтылғандарға дәлелдемелер жазсақ, онда мәтін мазмұны ойға берік сақталатын болады. Дәлелдемелер мәтіннің ішіндегі сөздермен жазылады.

Талдап оқудың тағы бір түрі: мәтін бойынша керекті жерлерге өзіңше сұрақ қойып, сұраққа жауап бере отырып, ойталқы түрінде жазу.

Талдап оқу есте сақталуы үшін мәтіннің мазмұнын, ондағы негізгі ойларды сызба түріне түсіру аса пайдалы. Ол үшін алдымен жоспар құрып, оның әр тармағына дәлелдер тауып нақтылаймыз. Енді оны сызба түрінде береміз. Сызбаны оқығанда, мәтіннің мазмұны немесе оның керекті тұсы толық елестейтін болады.

Бұл – **тірек сызба** деп аталады. Тірек сызбаны көбірек таратып көрсетсек, ол **тірек конспектге** айналады. Тірек конспект кесте түрінде де құрылады.



1. Өлеңді оқып шығып, ондағы суреттелген шілде таңының келбетін көз алдыңа елестетіп көр.
2. Өлеңдегі әрбір көріністі жеке алып қарап, оның суреттеп тұрған бейнелі сөздерін талда: *түскендей әуе жерге, түн қымқырылды, қысқа түн, шайқалып таң желіне тербетілді, көк майса, асыл шөп, жасық шық, батқандай нұрға қалқып, жауһардай күн, көл-беңдеп, айнадай*, т. б.
3. Өлеңдегі кейіптеулерді тауып оқы.
4. «Туған жер» тақырыбына шығарма, өлең жаз.

КЕЙІПТЕУ ТУРАЛЫ

Ақын кейде жансыз табиғат құбылысын кәдімгі тірі адамға, жан иесіне ұқсатып, жандандыра, құлшырта суреттейді. Әдебиеттегі мұндай тәсілді кейіптеу деп атайды. Абайдың «Қыс» өлеңінен үзінді оқып көрейік:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы – ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Осындағы ақ киімді, денелі, ақ сақалды – адам емес, қыс. Қыс дүлей адамның бейнесінде көрінеді, ол – соқыр, мылқау, тірі жанды танымайды да. Ақын әлгі «ақ киімдінің басқан жері сықырлап» келе жатқан дыбысын да естиді.

Сұлтанмахмұт жаздығүні таң атар алдындағы табиғат көрінісін былайша бейнелейді:

Күлімдеп көктің жүзі, көңілі шат,
Жауһардай күн шығар деп бізге балқып...
...Күй билеп суда тұрған барлық қамыс,
Ән салды домбырамен құстың шуы.

Бастапқы жолдағы *жүзі күлімдеп, көңілі шат* деген сөздер әдетте адам туралы айтылады, ал ақын таңмен бірге нұрланған көк өлемін күлімдеген кісі жүзіне ұқсатып суреттейді. Қамыс би билеп, құстар домбыраға қосылып ән салады.

Міне, осылай табиғат құбылыстарын жандандырып, кісі кейпінде суреттеу тәсілін кейіптеу деп атайды



Кейіптеу деп қандай көркемсөздерді айтамыз?

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

(1893–1938)



Күншығыстан таң келеді, мен келем,
Көк күніренеді, мен де көктей күніренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем! –

деген жүрегі от, рухы биік жалынды ақын Мағжан Жұмабаев 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданында дәулетті отбасында дүниеге келеді. Тумысынан өте зерек Мағжан төрт жасында өзінің әкесі Бекен болыстың мектебінде оқып, қазақтың арғы-бергі өлең-жырларын, ертегі-дастандарын түгелге дерлік жаттап алады.

Бала жасынан зерек болып өскен Мағжан «Табиғаттың өз тілі бар» дегенге сенетін. Соны білуді, үйренуді армандады. Мөлдіріне ұзақ қарап, көл жағасындағы ақ маржан тастарды уыстап алып, иіскеп, көзін жұмып, рақаттанып тұрғаны да шындық (апасы Күлөндәм, қызы Күлзипаның естеліктерінен).

Білімге жаны құштар Мағжан Үпедегі (Уфа) Ғалия медресесінде оқиды. Медреседен алған терең білімін жетілдіре отырып, ол әдеби ортаға ерте араласты. Араб, парсы, түрік, орыс тілін жақсы меңгеріп алды.

Ақынның өзі күллі түркі халқының тарихымен танысты. Түркі халқының тарихын жетік білуі оны қазақ топырағында бірден-бір түрікшіл ақын етті.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда Ер Түрігім туып-өскен...

...Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – Ер Түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәңір берген несібі ғой.

Елінді, жерінді сүйсеңдер Мағжандай сүйіп, Мағжандай жаза біліндер.

Қысқы жолда

Қараңғы түн, сар дала,
Көрінбейді айнала.
Боран соғып тұр борап,
Жолды басқан құр сорап.
Астымдағы жануар
Құлағын қайшыландырып,
Зорға борт-борт желеді,
Ызғарлы жел долданып,
Екі иінінен дем алып,
Ішін тартып осқырып,
Кейде қатты ысқырып,

Андай ұлып бір мезгіл,
Екі санын шапақтап,
Біресе сақ-сақ күледі...
Боранын тәңір ашпады,
Жол білінбей бастады,
Көрінген бір жарық жоқ,
Босаңсиды Қаракөк...
Сар далада адасып,
Суық кебін жамылып.
Қаларын кім біледі?..



1. Өлеңді мәнерлеп оқы.
2. Өлеңнің мазмұнына орай сурет салып көр.
3. Ызғарлы желді ақынның жанды заттай етіп суреттеу тәсіліне назар аудар. Кейіптеу тәсілін еске түсір.

Сағындым

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.
«Қарашығым, құлыным!» деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Жатқан үйім – қабырғасы қара тас,
Жарық сәуле, жылы күнге жаны қас.
Ауыр иіс, ылғи қара көлеңке,
Ерте-кеш те, күндіз-түні арылмас.

Тапал, салқын, тым қараңғы үңгір тар.
Есігімде мықты қара құлып бар.
Кіп-кішкене терезелер темірлі,
Мұндай үйден кісіге естілер ащы зар!

Алтын күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым – жүйрік желді сағындым.
Асау тайдай еркелетіп өсірген,
Ағайынды, туған елді сағындым.

Ас бола ма сасық сорпа, қара нан,
Алма бетте қалмады ғой тамшы қан.
Қоңырау қағып оятады ақырып,
Тым болмаса сібірлеп те атпай таң.

Бостандықта өткен күнді сағындым,
Желдей зулап кеткен күнді сағындым.
Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті,
Ойдағыны еткен күнді сағындым.

Ойыны бір құрдастарды сағындым,
Тілегі бір жолдастарды сағындым.
Келешекке бірге жоспар құрысқан,
Сырласатын жан достарды сағындым.

Не көрсем де – Алаш үшін көргенім,
Маған артық ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенім.

Қазағымды, қалың елді сағындым,
Сарыарқамды – сайран жерді сағындым.
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,
Арқадағы айдын көлді сағындым.

Төңірі ием, өзің алшы панана,
Тасбауырлар зарға құлақ сала ма?!
Баласынан тұтқын болып сарғайған
Кім жеткізер сәлемімді анама?

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.
«Қарашығым, құлыным!» деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым.



1. Ақын нені, кімдерді сағыныпты?
2. Ақын абақтыға кімдер үшін түсті?
3. Ақынның қайтпас, қайсар мінезін өлеңнің қай тұстарынан тануға болады? Ол ақынға мінездеме беруге көмектесе ме?
4. Өлеңдегі өзінді толқытып-тебірінткен сөздерді, жыр жолдарын жаттап ал.

Балалық шақ

Балалық шағың –
Патшаның тағы,
Тіл жетпес оны бағалап.
Көп өтпей жыл,
Тек жүрмей – біл,
Ілгері күнді сағалап.
Үйрен білім жастықта,
Білмей өс жанға қастық та!

Білген жан – көсем,
Сөйлесе – шешен,
Жұртты аузына қаратар.
Білімдінің сөзі – ем,
Мейірімі көп, өзі – кең,
Нәрсені іске жаратар.
Жұртына ол мақтаулы,
Сыбаға үлкен сақтаулы.
«Пәлі!» деп қарсы алар.

Іс қылар тежеп,
Жас жүрек өжет
Бет келгенді ара алар.
Қайда барса сыйымды,
Білімі мол – бұйымды.



1. Ақын сөзінің мәні – балалық шақты патша тағына тенең, осы бір қымбат уақытты құр жібермей, өнер үйреніп, білім алыңдар деген пікірін өз сөзіңмен түсіндіріп бер.
2. Ақын білімді адамның бойында ұялайды деп көрсеткен көсемдік, шешендік, мейірімділік, кең мінез, елінің мақтанышы, сүйіктісі болуға ұмтылатын өжеттік, ерлік, жамандыққа қас, жақсылыққа дос қасиеттердің мән-мағынасын түсініп ал.
3. Ақынның мына айтқан сөздерін жадына ұстауға тырыс: «Балалық шағың – патшаның тағы», «Білімдінің сөзі – ем».
4. Осы шығарманы Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңімен салыстырып көр.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

(1846–1945)



Жамбыл қазіргі Жамбыл облысы Шу өзенінің бойындағы Жамбыл тауының етегінде 1846 жылы туған. Жастайынан өлеңді қолма-қол жанынан суырып айтатын болған. Қаршадай баланың өнеріне сүйсінген атақты Сүйінбай ақын оған ақ батасын берген.

«Өлең сөздің даңғылы» атанған Жамбыл ақындар айтысында бірде-бір рет жеңіліп көрмеген дара жүйрік болған. Оның қазақ жерін, қазақ елін жырға қосқан өлең-жырлары кең тараған. Суырыпсалма ақынның

жас ұрпақты отаншылдыққа, еркіндікке, ерлікке шақырған даусы Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше естілген.

Ол – халық ауыз әдебиетін, ескі жыр-дастандарды жақсы білген және жадында жаңғыртып жырлап отырған. Өзі де елге әйгілі батырлар туралы жанынан дастан шығарды.

Жамбылдың «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» деп аталатын дастандары қазақ әдебиетінің ерлік, отаншылдық тақырыптағы іргелі туындылары саналады.

Өтеген батыр

(Үзінді)

...Өттең сені, дүние-ай!
Дариядан су алып,
Көшіп келсе елімнің,
Жарасар еді қонысы.
Шаруасы көбейіп,
Өрлер еді табысы.
Екпей шыққан ол жерде,
Жабайы шыққан арпасы.
Сол араны көргенде,
Өтегендей батырдың
Іштен шықты-ау қапасы.

Өттең сені, елім-ай!
Көшіп мұнда келмейді-ау,

Қадірінді білмейді-ау,
Айтқаныма көнбейді-ау!
Осы жердің қадірін
Біздің қазақ білмейді-ау!
Ақыл айтқан кісінің
Тілін ешкім алмайды-ау!
Жол бастаған ерлердің,
Соңынан елім ермейді-ау!
Ел тілімді алмаса,
Бұл жерге көшіп келмесе,
Қайтып жүрем денім сау?!
Алып келсем елімді,
Жиделібайсын жеріне,
Қалмас еді арман-ау! –

деп Өтеген батыр жұрттың қайғысын жеп, бір жылдай жатып, аңдарын атып, қызыққа батып, бұдан жақсы жер таба алмай, еліне қайта тартады. Содан неше айлар жүріп, туған жерге келеді.

Өтеген аман-есен келді дейді,
Аралап талай жерді көрді дейді,
Бір жайлы қоныс іздеп он жеті жыл
Ел-жұртын аман-есен көрді дейді...



10 сурет. Өтеген батыр.

...Жұртымен амандасып қойдай шулап,
Өтеген демін алды аунап-қунап.
Той қылды ат шаптырып Өтегенге,
Құлпырды Өтеген де құрдай жайнап.

Айтады көрген менен білгендерін,
Аралап жиһан кезіп көрген жерін.
Қаншама қауіп-қатер бәрін көріп,
Еліне қоныс тауып келген жерін.

– Мен келдім сіздерге, елім, қоныс тауып,
Көп көрдім жүрген жерден қатер-қауіп.
Жиделібайсын деген жақсы жерге,
Көшелік, тіл алсаңдар жерден ауып.

Онаша Жиделібайсын жақсы қоныс,
Қазаққа қысылғанда болар тыныс.
Егерде айтқанымға көнбесеңдер,
Бұл жерді ақырында алар орыс.

Өтеген батыр көрген-білгенін айтып, жұртымен тегіс амандасды. Жұрты: «Бұған баруға болады екен, оған қандай қылып жетеміз?» – дейді. Сонда Өтеген айтады: «Оған бір жылда жетеді. Қырық күн шөлі бар, одан қысты күні өтеміз. Қалың қара шеңгелді қырық күнде қиып өтеміз. Сөйтіп жетеміз. Жері кең, бір айырығына бес мың үй сыяды, айырығы көп жерде емін-еркін жатамыз. Ақылдасып, тілді алыңдар. Малдың бөріне жақсы, бірақ жылқыға жайы жоғырақ», – дейді. Сонда Ерсары, Байсары деген кісі: «Өй, олай болса, жылқы – адамның қанаты, сүті – қымыз, еті – бал, жылқыдан айырылып адамның күн көруі кем болады, оған бара алмайды екенбіз?» – деп жұртқа алалық сап айнытқан дейді.

Ақырында жұрт Өтегеннің тілін алмасқа шығады. Содан Өтеген батыр құдайға зарланып, елімен-жерімен қоштасып, Түркістанға кетеді...



1. Жырдағы Өтегеннің әрекеттері мен Асанқайғының жерұйық іздеуінде қандай ұқсастық бар?
2. Жырдан халқымыздың туған жерге және мал жайылымына ерекше мән беретінін қалай аңғаруға болады?
3. Жырда егіншілік кәсіп қалай дәріптелген?
4. Сурет бойынша әңгімеле.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

(1894–1938)

Сәкен Сейфуллин 1894 жылы Қаранды облысының Нилді деген жерінде туған. Сәкен жастайынан ән салып, өлең шығарып, өнерге әуестенумен бірге, саяси тартысқа да ерте араласты. Қазан төңкерісінің от-жалынына өртене жүріп, «Аққудың айырылысуы», «Көкшетау», «Қызыл ат» секілді поэмалар, «Қыр балалары», «Жер қазғандар» атты хикаяттар, «Тар жол, тайғақ кешу» романын жазды. Асқақ та өсем сазды өндер шығарды.



Сәкен өз шығармаларында ерлікті, сұлулықты, адалдықты асқақтата жырлады.

Ақсақ киік

Арқаның Бетпақ деген даласы бар,
Бетпақ – шөл, ойлы-қырлы панасы бар.
Сол шөлде ел жоқ, күн жоқ өсіп-өнген,
Жәндіктің киік деген баласы бар.

Бетпақта қысы-жазы ел болмайды,
Ел жайлау, өзен яки көл болмайды.
Бұтасы қу баялыш, қара жусан,
Көгала бетегелі бел болмайды.

Бетпақтың көлденеңі сегіз көштік,
Сайланып қыс ішінде талай кештік.
Азамат, ат пен айғыр, атан ғана,
Шыдар деп қоста отырып, талай дестік.

Бетпақта елсіз-көлсіз өсіп-өнген,
Жалғыз-ақ құлан, киік шөлге көнген.
Қазақтың малдарындай қыбырласып,
Әр ойдан топ-топ болып жусап өрген...

Бетпақтың көкпек, жусан, шөбі сұйық,
Сол шөпті қорек қылған байғұс киік.
Таңы аппақ, екі көзі мөлдір қара,
Тигендей емес адам өзі қиып.

Киікті қазақ және дейді бөкен,
Бетпақты бұл бейшара қылған мекен.
Бөкенді атып мерген өлтіргенде,
Жазасыз жан өлді деп ойлай ма екен?

Бөккеннен сұлу анды мен көрмедім,
Өзге аңға жануарды тең көрмедім.
Көздері мөлдіреген ақ бөкенді,
Адамның баласынан кем көрмедім.

Қап-қара екі көзі мөлдіреген,
Әдемі екі танау желбіреген.
Елеңдеп жас балаша жалтандайды,
Жел тұрткен жусаннан да селдіреген.

Азайды соңғы кезде байғұс бөкен,
Мың-мыңдап баяғыда өреді екен.
Бұл күнде келе жатқан жолаушыға
Кез келеді анда-санда саяқ-некен.

Кей қазақ әдет қылған киік атып,
Мүйізін пайда қылып, шетке сатып,
Сандалған бір киікке ұшырастым,
Бір жылы Бетпақ шөлде келе жатып.

Бетпақта келе жатты ақсақ киік,
Сандалып қаңғырақтап басын иіп.
Пана іздеп шыбын жанға сүйретіліп,
Мергеннің кеудесіне оғы тиіп.

Тамады қара жерге аққан қаны,
Қиналып еңтігеді шыбын жаны.
Боялып ақ денесі қызыл қанға,
Келеді әлі кетіп жығылғалы.

Қиырсыз, Бетпақдала... қураған шөл...
Жалғыз-ақ сырғандайды қоңылтақ жел.
Меніреу... тірі жан жоқ... жып-жылмағай...
Ел қайда? Ел алыста – шулаған ел!

Сандалып келе жатты ақсақ киік,
Бір тоқтап, анда-санда әлін жиып...
Ақ бөкен сахараның ботақөзі,
Атты екен қандай мерген көзі қиып?

Келеді қаңғырақтап жалғыз өзі,
Тілі жоқ, құр жүректе айтар сөзі.
Шағады шыбын жанның қиналғанын
Жалғыз-ақ мөлдіреген екі көзі.

Жапанда еш сая жоқ шыбын жанға,
Моншақтап жерге тамған қызыл қанға.
Жапанда басын сүйер тірі жан жоқ,
Әл кетіп сорлы киік жығылғанда!..

Ботакөз сахарада қына терген,
Кім екен жапан түзде сені көрген?
Аяныш сезімі жоқ бір қазақ-ау,
Дәл көздеп жүрегіңе атқан мерген.



шөбі сұйық – шөбі аз

саяқ-некен – дұрысы: некен-саяқ (аз мөлшерде деген мағынасы білдіреді)

меніреу – бұл жерде: тып-тыныш дегенді білдіреді



1. Өлеңді оқып шығып, мазмұнын өз сөзіңмен айтып жаз.
2. Өлеңдегі «Бетпақдала», «киік», «бөкен», «таны», «боялыш», «сегіз көштік», «қос», «бетеге», «ел-жайлау» деген сөздерді мұғалімнің көмегімен түсініп ал.
3. Өлеңнің қанша буынды екенін, қандай ұйқасқа құрылғанын анықта.
4. Өлеңді әсерлеп, мәнерлеп оқып, жаралы киіктің аянышты халі мен мергенді айыптаған тұстарына баса мән бер.
5. Өлеңдегі табиғат көрінісін, киіктің сұлу әрі аянышты халін, адам сезімін ақын қандай бейнелі сөздермен жеткізген.
6. Өлең мазмұнын қазіргі экология мәселесімен байланыстырып түсіндір. «Азайды соңғы кезде байғұс бөкен», «Мүйізін пайда қылып, шетке сатып» деген жолдарға көңіл аудар.
7. Жаралы киік туралы өз ойыңды ортаға сал.
8. «Киіктің зары» деген толғау-шығарма жаз.

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ

(1894–1938)

Қазақтың талантты ақыны Ілияс Жансүгіров 1894 жылы 14 мамырда Алматы облысы (бұрынғы Талдықорған облысы) Ақсу ауданында туған. Ол небәрі төрт жасында анасынан айырылып, бірыңғай әкесінің тәрбиесінде болыпты.

Зейінді, зерек бала өзінің әкесінен хат таниды. 1911 жылы ауылдағы қазақ-татар



тіліндегі бастауыш мектепті бітіреді. Одан кейін Ташкент қаласындағы қазақ-қырғыз институтында, 1925 жылы отыз бір жасында Мәскеуге оқуға кетеді. Онда үш жыл оқып, 1928 жылы коммунистік журналистика институтын бітіріп, мол білім алған.

Жансүгіров – жан-жақты талант. Ол балаларға арнап небір әдемі өлеңдер жазған. Оның жақсы өлең-жырларын тыңдап өскен бүлдіршін туған жерін, өскен ортасын, ата-анасын сыйлап өсері сөзсіз.

Ақынның қайсыбір өлеңін оқысаңыз да, ол сізбен ашық сырласып, ішкі жан дүниесін ақтарып тастағандай, сіз өзіңіз бір адал дос тапқандай қатты қуанасыз.

Күй

(Поэмадан үзінді)

Қобызшы – Мольқбай шал Матайдағы,
Матайда – Кенже, Тұңғат Сақайдағы.
Қазақта қобызшының қалғаны сол,
Жорға еді маймаңдаған бақайшағы...

Жайлауда ала қарлы, Аман текше,
Қарлатып, жаңбырлатып нөсер төксе.
Тоқсыртып кәрі аршаны, от маздатқан
Шал үйін сағынушы ек біз ерекше.

Құмар ек қобызшыны қолқалауға,
Жақсы едік жалынуға, аталауға.
Қобыздан күздың күйін, мұздың күйін,
Құмартып келуші едік біз тыңдауға.

Бұлттанса, құрыстанса мұз бенен күз,
Мас етіп, маужыратқан ішкен қымыз.
Тасқындап, көңілі өрбіп, күйі буып,
Дейтұғын: «Кәне, балам, әпер қобыз!..»

Кейде күй талмаураған, талықсыған,
Кейде өжет, кейде долы албытсынған.
Кейде пан, кейде дарқан, кейде сергек,
Шаршы өрге кейде шапшып, шауып тынған.

А деген, асқақтатқан, әнін қосқан,
Үн қайтса қосылуға қобыз тосқан.
Кәрі саусақ қалтылдаған қаздаң қағып,
Ойнақтап, үркіп билеп қылда босқан.

Қыңқылдап қыл күшігі қыңсылады,
Жә, әлде танысқан қыз сыңсығаны.
Жүректің қылмен қабат шегін шерткен
Саусақтың ыршығаны, шымшығаны.

Қайырған, текектеткен, жорғалатқан,
Сарқыған, екшеп қағып, сорғалатқан.
Талмаурап самайдан тер сыпырғанда,
Тартуын «Бозінгенді» қолқалатқан...

«Баяғы, баяғы атам заманында.
Бай бопты Бағлан деген баяғыда.
Арқа оттап, асқар жайлап, құм күзеген,
Қыстауы Амудария аяғында...

Болыпты бір боз тайлақ келесінде,
Ол өзге, өзге түйе төбесінде.
Өренде, өлкеде жоқ айуан екен
Тартпаған бурасына, енесіне.

Туғаннан ардақтапты бай-бәйбіше,
Мал айтып амандыққа әлденеше.
Сақта деп, тілден-көзден сиыныпты,
Су ішсе, қырға кетсе, шөбін жесе.

Батқанда қырдың түні тұмандатқан,
Қатқанда Сырдың суы бұлаң қаққан.
Күл көрпе, қорда төсек, қолға байлап,
Үкілеп қара таспен тұмарлатқан.

Қызылда қыстың күні шұнаң қаққан,
Аязда түкірігін түспей қатқан.
Жабулап Самарқанның жібегімен,
Жабыла жануарды солай баққан.

Күннен күн, аптадан ай, айлар өтті,
Төлежіп, түгі түлеп, желін жетті.
Күн бітті, боз інгенше боталапты,
Ботасы алтын басты, күміс депті.

Бір ұры бұл ботаны ұрлап апты,
Бай-дағы, бақташы да білмей қапты.
Ботаны ел аулаққа буып тастап,
Енесін керуенге әкеп сатты.

Ақшамда апақ-сапақ сауда біткен,
Інгенді тіркеп керуен жүріп кеткен.
Артына қарай-қарай, боздай-боздай,
Құба құм, қоңыр түнді күңіrentкен.

Боздаған ботасына зар илеген,
Қозғалған қоңыр інірді әлдилеген.
Екі көз жасты өзендей сорғалатып,
Төрт табан құмды қосып нан илеген.

Сыр суы көңілі босап сыңқылдаған,
Аспанда қаз бенен қу қаңқылдаған.
Тұнжырап жиде, жыңғыл дым үндемей,
Күйініп көкте жұлдыз, жел жылаған...

Сатылған, саудаланған құл да ашулы,
Айырылған ботасынан бұл да ашулы.
Басы бір – біреуі адам, біреуі айуан,
Білсін бе бірақ бұлар мұңдасуды...

Елсіз жер... еңіреген інгенде күй,
Селеулер жел оятқан билеген би.
Аулақта қорқақ қоян зар тыңдаған,
Тұқырып қала берген, шеңгел мен ши...

Қозғайтын қобыз тартса, әсіресе,
Төңкеріп жан көңілін әлденеше.
Құм кезіп, түзде безіп тыңдайтынбыз,
Түйенің күйін сонау тартқан кеше.

Түн қандай жазғы өліарадағы,
Үн қандай күңіренген даладағы!
Тартынса тақымына таяқтаған,
Таранған тазша-дағы бағанағы.

Құл ұрса, тартқан бұйда іркілмеген,
Бұйда үзсе, қайта мықтап тірке деген.
Телміріп құлға төніп төгілген зар,
Дегендей «неткен қатал шіркін» деген.

Артығың менен сенің: білесің тіл,
Тіліңнің пайдасы не? Жайымыз бір.
Ботама босанайын, бұйдамды қи!
Маған мін, кел қашалық, қайталық жүрі!..

Дегенге түсінсін бе, құл көнсін бе?
Құл қашып қожасынан құмда өлсін бе?
Құл айдап, түн жамылып, інген зарлап,
Керуен кете берген Үргеншіге...» –
деп, күйші отырушы ед ертегі айтып,
Зары деп Бозінгеннің күйін тартып...

Әсем күй саусақта би, саңғыраған,
Жүйрік үн, жүрек жалмап жамыраған.
Боздатса «Бозінгенді» зарлы қобыз,
Сарыны сар даланың аңыраған.

Кер дала, күрең түнгі керуен қандай,
Қоңырау күлдір-күлдір жүрген қандай.
Еңіреп, күңіреніп сарындаған,
Зарлаған тіркеудегі інген қандай!

Боздауын қобыз боздап, аңырауын,
Қыл сарнап, керуеннің дабырауын,
Ұғасың анда-санда ойнақы үннен,
Кей қағыс күлдірлетіп қоңырауын.

Алатау айырыларда алтын күннен,
Күйменен шал сөгілген, күңіренген.
Кеш батып, кешкі қозы жамыраумен,
Қобыздан «інген зары» сонда үзілген.

* * *

Осындай ертегі айтып Мольқбай шал,
Қобызға «Бозінген» деп қосқанда зар,
Жүректі жебе сауған мұңды дауыс,
Жанды улар, жыға жығар, жүрек құлар...

Күй күшті, тауды-тасты бұзатұғын,
Орнына өз өрнегін сызатұғын.
Талқандап тас кереңді үн оятып,
Дүкені дүниенің қызатұғын.

Күй күшті, істі, еңбекті сүйдіретін,
Тамырын тас емшектің идіретін.
Жарлының тілек күйі, жүрек күйі,
Өмірді бүлдіретін, күлдіретін...



Матай – рудың аты, Орта жүз. Найманның бір бұтағы.

Амантекше жер аты

қолқалау – жалынып сұрау

талмаурап, талықсу – әлсіреу, мүлде әлі кету



1. Мәтінді түсініп оқы.
2. Оқып шығып, ақынның айтпақ ойын анықта.
3. Шығарманың композициялық құрылымын талда:
 - а) кіріспе (қобызшы туралы); ә) негізгі бөлім («Бозинген» күйі» туралы); б) қорытынды (күйдің адам өміріндегі маңызы).
4. Шығарманың негізгі бөлімін жоспармен салыстыр: а) Молькбайдың ерекше шебер тартатын күйі; ә) қобыз үнімен күтімдегі інгеннің маңғаз, сұлу мүсінін бейнелеу; б) сатылған інгеннің зарын тарту. «Күй күшті, тауды-тасты бұзатұғын» деген ақынның ойын сен қалай дамытар едің? «Нар идірген», т. б. аңыздарды білетіндерің бар ма? в) ақын қолданған тенеу, эпитетті тауып, талда; г) поэма өзіне қалай әсер етті? Қылқобыздың зарлы үнін поэмадан ести алдың ба?
5. «Қазақтың күйі – қазақтың жаны» деген тақырыпқа диалог құра.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ

(1897–1961)



Мұхтар Әуезов 1897 жылы Шығыс Қазақстан облысының Семей өңірі Шыңғыстау бауырында, ұлы Абай ауылында дүниеге келген. Мұхтар атасы Әуездің тәрбиесін алады. Кіп-кішкентай немересінің зеректігін, алғырлығын байқаған Әуез ата Мұхтарға Абай өлендерін жаттатып, сөз қадірін үйретті. Бала Мұхтар Абай рухымен ержетті. Ал кейін барлық өмірін Абайға арнады. Абай арқылы әлемге қазақ деген халық барын танытты. М. Әуезов ұлы ақын Абайдың өздеріңдей бала кезінен бастап, өмірден кеткеніне дейінгі ғұмырын жазып

шықты. «Абай жолы» эпопеясы – ғасырдың ұлы туындысы. Оны дүние жүзі халықтары оқып, «ғажап» деп таңғалысты.

«Мұхтар Әуезов – ақын. Ол өзінің елінің далалары мен тауларын, адамдарын үлкен эпик ақынша асқан суреткерлікпен бейнеледі. Әуезовтей кісі жырлаған халық шынымен бақытты ғой».

Бержерон (француз жазушысы)

«Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге ала жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: бірі – «Манас», бірі – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы...».

Шыңғыс Айтматов

Халқымыздың шежіресіндей болған, мақтанышымыз болған асыл дүниемен сендер де таныс болыңдар.

Шығарманы оқып отырып, өздеріңмен жасы қарайлас Абай мінезінен үлгі алыңдар. Анасы Ұлжан мен әжесі Зереге бала Абайдың еркелеуі, аналардың мейірімі, Барлас пен Байкөкше ақындарға халықтың ықылас-пейілі, қонақтарын анасы Ұлжанның ыразы-хош қып қайтарғанына Абайдың қуануы – бәрі-бәрі мейлінше нанымды, табиғи суреттелгенін байқандар.

Мұхтар Әуезовтей кемеңгер жазушымыз болғанын мақтан етіңдер.

Ақын қонақтар

(«Абай жолы» романынан)

Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық кейіпте. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет бейнесі баладан гөрі іріленкіреп, бала-бозбалалық қалпына бейімделген. Бірақ әлі сол мүсінде, үлкендік жоқ. Толық балғын емес. Сидиып арықтап, күр созылған сияқты. Күн көрмей өскен реңі солғын, бойшаң ғана өсімдік бейнелес.

Бұрын кара болушы еді, бетінің қызылы да бар еді. Қазірде қаладан қайтқандық және ауру қосылғандық бар ма, әйтеуір, бозғылданған. Сұйықтау қоңыр шашының арасынан бас құйқасы да қылаңданып көрінеді. О да – ауырғандық пен күн көзінде болмағандық белгісі.

Абайдың осы сияқты қалпына ендігі мінез машығы да бір алуан боп, өзінше үйлесті.

Ол атқа мініп жүруге жарағанымен, үйден көп шықпайды. Өзге баладан гөрі, басқа бір ермек, бөлек бір дос тапты. Онысы – әсіресе әжесі. Одан қала берсе, шешесі.

Абай биыл ғана анық бағалады. Бұның әжесі бір түрлі шебер әңгімеші екен. Қызық сөйлейді. Әңгімесінің барлық жерін дәмді қып, қызықтырып айтады. Әуелі Абай ауыра бастағанда, бір күні кешке ұйықтай алмай жатып, әжесінен әңгіме айтуды сұраған. Сонда ол ойланып отырып:

– Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен... – деп, кішкене тақпақтап бастап еді. Абай соны ұғып қапты. Келесі жолы әңгіме сұрағанда әжесінің тізесінен ақырын қағып:

– Е-е... Бұлдыр-бұлдыр күн өткен. Бұрынғыда кім өткен? – деп тағы да әңгіме тілегенін білдіруші еді.

Әжесі әуелде көп-көп ертегілер айтқан. «Еділ–Жайық», «Жұпар қорығы», «Құламерген» – бәрі де айтылды, оның әңгімелерін түсте де, кешке де, тіпті көш бойы да Абай айтқыза беретін болды.

Бергін келе, тәуір болып алған соң, әжесінен тағы бір әңгімелер тапты. Ол – осы ел ішінде Зеренің бір жасынан бергі көргені, естігені жайындағы әңгімелер. Ел мен елдің шабысы, таласы жайында бірталай күндер айтты. Осыдан жиырма-отыз жыл бұрын Найманның осы елге, осы ауылға шапқанын, сонда Бостанбек деген өзінің асыранды баласы өлгенін және Найман қолынан осы ауылға тұтқынға түсіп, жыл жарымдай кісенде жатқан Қожаберді деген ақын жайын айтады. Соның көп өлеңін шұбыртады. Басқа да, «Қара шор шапқан» сияқты, шабысты, жортуылды айтады.

Тағы бір күндер Мамыр, Еңлік қайғыларын да айтып берді. Абай қажымай, жалықпай, ылғи ғана ынтыға тыңдайтын. Кейде әжесі шаршап, айтпай қойса, өз шешесіне жабысатын. Ұлжан да көп әңгіме білуші еді және ол, көбінесе, өлеңді сөзді жиі айтады. Оқымаған шешесінің әлі күнге ұмытпай, білдірмей сақтап жүрген зейініне таңғалады. Нелер ескі заман жырларын, айтыс, өсиет, әзілдерін де көп айтып береді. Екі анасын көңілдендіріп тағы айтқызу үшін кейде өзі қаладан әкелген кітаптарының ішінен «Жүсіп – Зылиқа» сияқты қиссаларды оқып береді. Әндетіп, мақамдап қояды. Шешелеріне ұғымсыз болған түрік тілінің жеке сөздерін жолшыбай қазақшалап отырады. Осымен қайта көңілдендіріп алып, ескі әңгімелерді тағы айтқызады...

Сондай шеше әңгімелеріне бар пейілін беріп жүрген күндердің бірінде бұл үйге екі бөгде қонақ кеп қонды: бірі – қартаң, бірі – жас қонақ. Жасын Абай біледі. Таныған жерде қуанып кетті. Ол былтыр жайлауға келіп, осы үйде үш күндей жатып, «Қозы Көрпеш – Баянды» жырлап берген Байкөкше деген жыршы. Қасындағы қартаң кісіні Абай өзі білмегенмен, шешесі әбден таниды екен.

Қонақтармен жай сұрасып, амандасып болған соң, Ұлжан Абайға қарап жымышп:

– Ал, балам, әжеңмен екеумізді қажай беруші едің, әңгіме, жырдың дүкені, міне, жаңа келді. Мына кісі Барлас деген ақын, – деді.

Шоқшалау ғана ақ сақалы бар, келбетті келген зор дауысты

ақсары кісі. Барлас Абайға салғаннан ұнады. Білгенін ішіне бүгіп, үндемей отырған өзге үлкендердей емес.

Барлас іле сөйлеп кететін жарқылдақ, ашық. Осы үйде талай күннен жатып жүрген ауыл адамы сияқты.

– Е, балам: «Шешенің судай төгілген, тындаушың бордай егілген» дегендей, сөйлеуді де, тындауды да сүйген ел – ел-дағы. Тындауға өзің жалықпасаң, айтуға Байкөкше жалықпас, – деп, жас жолдасына қарап күліп қойды.

Үй іші тегіс қош алған соң, екі ақын да оңай шешіледі. Осы түнде ас піскенге шейін Барлас «Қобыланды батыр» жырын жырлады. Абайдың қазақ аузынан да, кітап ішінен де өмірі естіп білмеген ең бір сұлу, ең бір әсерлі, күшті жыры осы еді. Барлас жырын бітіріп, қол жуғалы қамданған уақытта Абай:

– Мұны айтқан кім? Осы өлеңді шығарған кім екен? – деп, бағанадан бері өзін сүйсіндірген ақынның атын білмек еді.

– Өріден келе жатқан деседі-ау, балам, бұның түбін... – деді.

Қобыландының қоштасқаны, Тайбурылдың шабысы, Қазан мен Қобыландының жекпе-жегі Абайды әсіресе еліткендей болатын. Жатқанда көпке дейін қызып ұйықтай алмады.

Ертеңінде Ұлжан Барлас пен Байкөкшені жібермеді.

– Жүрмендер, асықпай, әлі біраз күн қонақ боп жатып кетіндер, – деді. Бұл – Абайдың тілегі...

Тілі ұғымды, өмірі таныс болғаннан ба немесе Барлас пен Байкөкшенің кезектеп айтқан жырларының кейде шырқаған, кейде қалқып баяулаған, кейде лекітіп соқтырып, ескектете желген өнінен бе, бебеу қаққан қоңыр майда домбырадан ба, қалай да болса, Абай бұл күнге шейін өмірінде дәл осы Барлас, Байкөкше баян еткен дастан, жырларға барабар еш нәрсе есітпеген сияқты болды.

Күндіз де, түнде де Барластардың қасынан шықпайды. Екі ақын Ұлжан үйін барлық осы үлкен ауылға қан базардай қалын жиын үйі қып жіберді...

Осы жолы Абай әрі өзі, әрі шешесі арқылы салмақ салып, Барлас пен Байкөкшені дәл бір айдай жібермеді. Бұл уақыттарда жас бала Барлас, Байкөкшемен біржолата дос, жақын боп алды. Бертін келе, түнде ол Барластың қойнына кіріп те жатады. Күндіз барынша күтеді. Мұның ұғымтал, зеректігіне қатты риза боп, шын сүйінген Барлас, бір оңашада, жай ғана тақпақтап:

– Шырағым, ер жетерсің,
Ер жетсең, сірә, не етерсің?!
Алысқа шырқап кетерсің,
Шындасаң, шыңға жетерсің, –

деп кеп, Абайға домбырасын ұсынды...

Ертеңінде акындар аттарын ерттеп, жүрерге қамданғанда, Абай шешесін тысқа шығарып алып:

– Апа, екеуіне де жақсы қып тұрып сый беріп аттандыршы, – деді. Ұлжан үндеген жоқ.

Қонақтар қымыз ішіп болып, енді қоштасарға келгенде, Ұлжан Барласқа қарап, бір сөз айтатындай пішін білдірді. Қонақтар іркіліп қалған еді.

– Мынау балам оқудан қайтқалы сүле науқас боп, арыла алмай қойып еді. Сендер келгелі жақсы сөздеріңмен ем әкелгендей болдыңдар. Қадамы құтты қонақ болдыңдар, – деді.

Абай, шынында да, дәл осы кезде өзін-өзі бір сырқаттан құлан таза болып алғандай, нық бір қайрат жиып алғандай сезінді. Шешесі үндемесе де, ашып айтпаса да, «білгіш, танығыш, сыншы» сияқты көрінді. Ол бөгелсе де, сөзін бітірген жоқ-ты.

– Тағы да келе жүріңдер. Анау кәрі әжесі мен бізді де көп сейілттіндер. Жолдарың болсын! Келген сапарларыңа тыста бір азырақ ырым байлаттым. Ала кетіндер... Риза, қош боп аттаныңдар! – деді.

Абай тысқа шығып, Барластарды аттандырып салды...

Абай шешесіне риза боп қуанып кеп, бұрынғы бір кішкентай күніндегі еркелігіне басты. Ұлжанның мол денесін қапсыра құшақтап, қатты қысып, бетінен, мұрнынан, көзінен қайта-қайта сүйді.



тәуір болу – жазыла бастау

елдің шабысы – ел ішіндегі дау-дамай, қақтығыс

қажымай – шаршамай

қош алу – келісу

қан базардай – өте көп адамдар

термелеу – белгілі бір мақамға салып орындау

ұғымтал – түсінікті

сүле науқас – созылмады дерт, ауру

құлан-таза болып арылу – толық жазылу

ырым байлау – құрмет көрсету

жетекке алу – жылқыларды жетектеп кету

дән риза – қатты разы болу



Бұл мәтін М. Өуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан алынған үзінді. «Абай жолы» эпопеясы – төрт томдық кітап. Онда Абайдың он үш жасынан бастап, қайтыс болған уақытына дейінгі мезгіл, сол уақытта Абай басынан өткен сан қилы оқиғалар суреттеледі. «Абай жолы» эпопеясы қазақ халқының өмір-тіршілігінің, тұрмыс-салтының көркем сөзбен жазылған шежіресі сияқты.



1. Мәтінді тұтас оқып, оның шаттық сыйлар құдіретін аңғар.
2. Мәтінді а) Абайдың науқас күйі; Абайдың сырт келбеті қалай суреттеледі? Абайдың сырқаттан айығуына кімдер, қандай жағдай себеп

болды? ә) Зере мен Ұлжанның әңгімелері; б) құтты қонақтардың жырлары; в) ақын Барластың өз домбырасын жас Абайға бата-тілек ретінде сыйға беруі; г) ақындарға ризалық деген бөлімдерге бөліп, әр бөлімді жеке оқып, жеке әңгімеле.

3. Мәтінде, тұтас алғанда, жазушы М. Әуезов жас Абайдың өз халқының ертегі-жырларының, өнерлі ақындарының, абзал шешелерінің өдемі әңгімелерінің жылы әсерінен, рухани қуатынан наукасынан сауығып кеткенін суреттегенін аңғар, болашақ ақынның халық өнерінен нәр алып өскенін көрсеткеніне мән бер.
4. Жас Абай сияқты өзін де қандай-қандай ертегі, жырларды тыңдадың, оқыдың, білесің? Тізімін әдебиет дәптеріне жаз.
5. Бұл эпизод – М. Әуезовтің «Абай жолы» романынан үзінді екенін біл.
6. «Абай жолы» романы туралы қырғыз жазушысы Ш. Айтматов пен француз жазушысы Бержеронның айтқанын есіңе түсір.



Портрет

Көркем әдебиетте адамның сырт бітімін, кескін-кейпін, жүріс-тұрысын суреттеуді портрет дейді. Оқырман өзі оқып отырған шығармадағы кейіпкердің сыртқы түрін көргісі келеді, сөйтіп оның қандай адам екенін көз алдына елестетеді. Ал жазушы өз оқушысының кейіпкерді тануына жәрдемдесіп отырады. Портрет бір-екі сөйлеммен де, бірнеше сөйлеммен де беріледі. Мысалы, «Ақын қонақтар» әңгімесінде М. Әуезов он үш жасар Абайдың портретін былай берген:

«Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет бейнесі баладан гөрі ірілеңкіреп, бала-бозбалалық қалпына бейімделген...» десе, Барлас ақынды: «Шоқшалау ғана ақ сақалы бар, келбетті келген зор дауысты ақсары кісі» деп суреттейді.



«Ақын қонақтар» мәтініне сценарий жаз.

(Абайдың әжесі мен анасынан әңгіме сұрағанын, ол кісілердің айтқанын, олардың үйіне келген екі қонақ туралы...)

СӘБИТ МҰҚАНОВ

(1900–1973)

Сәбит Мұқанов – жазушы, қазақ әдебиетінің аса көрнекті қайраткері. Ол 1900 жылы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Сәбит молладан оқып, сауатын ашқан.

Дарынды жастың қолына Абайдың, таттардың көрнекті ақыны Ғабдолла Тоқайдың кітаптары түседі. Абай мен Тоқайдың даналық ойлары, асыл сөздері талапты жастың ой-қиялына ерекше әсер етсе керек. Өйткені



Сәбит өлең жазуға ертерек әуестенеді. Омбы қаласындағы мұғалімдік оқуды оқыған кезден бастап әдебиеттің үлкен жанрларына қалам тартады.

Әйгілі «Сұлушаш» поэмасын, бірнеше дастандарын жазып, шығармашылық жолға біржола бет бұрады.

Сәбит Мұқанов «Өмір мектебі», «Мөлдір махаббат», «Аққан жұлдыз», «Балуан Шолақ», «Ботагөз» сияқты романдар, повестер жазып, қазақ әдебиетін үлкен биікке көтеріп кетті.

Лашын

(«Өмір мектебі» романынан)

Балтабай ауылы маған аса бір жайлы ауыл боп шықты. Бұрын балаларын қадім молдалары оқытып, басын қатырғандықтан, енді мен кеп, жаңа әдіспен оқытып, балалары тез сауаттанып кеткендіктен, әрбір баланың әке-шешелері мен туыстары мені өте қадірлейді.

Бөрі де жылы ұшырайтын бұл ауылдың адамдарынан мен бірнеше адамды ерекше жақсы көріп кеткенмін, соның біреуі – Балғабайдың Ахметі. Көк көзді, шабдан мұртты, ақсұр, қушық бетті, түрін байырғы орыстан айырып ала алмайтын бұл жігіттің бойындағы бар қасиеті – атбегілік пен құсбегілік. Оның «Қараторғай» аталып кеткен жүйрігінің алдына түсетін жылқы құлақ естір жерде жоқ...

Жаз айларында ол үнемі лашын салады екен. Денесінің бар көлемі жұдырықтай ғана, бірақ қанат, құйрығымен тұтас алғанда сүңгуір қайықтай ұп-ұзын көрінетін, маңдайы жайпақтау келген, түмсығы жолбарыстың тырнағындай иілген, сарғылттау қияғының өткірлігі ұстарадай, мөлдіреген қарақаттай қап-қара көздері томпайып, сыртына қарай тепкен, бөтегесі жүйрік аттай төстектеу, сирақтары жіңішке, сарғылт саусақтарының басына имие біткен сұрғылт тұяқтарының ұштары егелген біздей өткір, жазған қанатының ойылыққырап барып, үш жағы іп-істік боп кеткен, құйрықтары сауысқандай ұзынша, қарасұрлау қанатының түсі қоңырлау таңбалармен сапырылысып, түсін кейде қарасұр, кейде қара қоңыр көрсетіп, құлпыртып тұратын... бұл құстың көркемдігіне қанша қызықсаң да, дәл сол отырған түріне қарап, оны «құс алады-ау» дегенге, әсіресе «қаз бен дуадақ алады» дегенге сенгің келмейді... Сол сөздердің растығына Ахметтің қасына ерсең ғана сенесің...

Ахмет лашынын салуға екі-ақ мезгілде шығады: бірі – таң ату мен күн көтерілудің арасы, бірі – күннің еңкеюі мен батуының арасы. Осы екі мезгілдің біреуінде, оның қасына салт атпен еріп

шыға қалсаң, бұл кездерде қандай құстардың қайда жайылатынын жақсы білетін Ахмет: «қазір үйректер пәлен жерде... қаздар пәлен жерде... дуадақтар пәлен жерде...» болжалын айтады да, саған қызық көрсеткісі келген кескінмен: «Қане, қайсысына барамыз солардың?» деп сұрайды, сенің тілеген жеріңе қарай тартады...

Үйрек алу лашынға сөз емес екен. Әдетте үйректер шалшықты көлдер, томарларда көп болады. Шалғынға тығылып отыра берсе, оларды, әрине, лашын түгілі, шындықта жоқ, қиялда ғана бар «бидайық» та ала алмас еді. Алдыратын – ақылы жоқ үйректердің өздері. Әрбір құс салатын адамның қолында дабылы болады. Ол – шеңберлеп иген ағашқа сірестіре керген, кептірген тері. Оны қамшының сабымен қаққыласаң, күңгірлеген даусы маңайды шулатып жібереді. Қазақтың халық өлеңінде «құс салып, айдын көлді дабылдаттым» дейтін дабылы осы... Дабылды қақсаң, неге екенін кім білсін, шалшықта не томар арасында тығылып жүрген үйрек атаулының бәрінде де дегбір қалмай, үрейленген қалыпта ду көтеріле ұшады. Со кезде Ахмет оң қолына қондырған лашынның көзіндегі томағаны сыпырады да, астындағы жарау атты тебініңкірей шоқыта жөнеліп, бытырай ұшып бара жатқан үйрекерге қарай лашынды сілтеп кеп жібереді...

Қазақтың халық өлеңінде: «Қыран құс қисық ұшып, түзу ілер» деген сөз бар. Осының өмір шындығынан алынғанын сен Ахметтің қолынан ұшқан лашынға қарағанда көресің. Алғаш лақтырылғанда сен лашынды құлап бара жатыр екен деп ойлайсың, өйткені ол жоғары емес, төмен қарай құлдырайды. Жерге жақындап барып бауырлай ұшқанда, ол аспанда аққан жұлдыздан кем зымырамайды... Және ол зымыраған қалпында қашқан үйректерді тура қумай, әлдеқайдағы қияға қарай қисая тартады...

Со бетімен біраз қарқындап алғаннан кейін, ұшып бара жатқан үйректердің астына қалай жетіп қалғанына көзің де іліспейді... Лашынның бір ғажабы – ілуге ойлаған үйрегінің дәл астына жетпей, аспанға көтерілмейді... Және ол көтерілгенде қиялап барып емес, атылған оқтай боп шаншыла тік көтеріледі.

Сонда ұмтылған үйрегіне қалай барып айқасып қалғанын шамалап та үлгермейсің!..

Лашын әр түрлі болады екен: біреулері ілген үйрегін ала жерге түседі екен де, енді бірі ілген үйрегінің не желкесін, не топшысын аспанда қиып жіберіп, құлатып, өзі екінші, үшінші... тағы сондай үйректерге ұмтылып, бір барғанның өзінде бірнеше үйректі түсіріп алады екен. Мен қасына ерген жылы Ахметтің лашыны осындай алғыр екен!.. Бұл – былтыр ғана баулып салған, бір-ақ түлекті құс.

– Құстың, – дейді Ахмет, – ең алғыр болатын кезі екі мен үш

түлектің тұсында, оған дейін алаңғасарлау болады да, одан кейін қайраты қайтпағанмен, тақыстанып, жалқауланады...

Қазды алу үйректен әлдеқайда қиын екен. Адамнан алысырақ жерде лашын бір қазды іліп түсіре қалса, бар қаз сол араға қона сап, лашынды қанаттарымен ұрып, не талдырып, не өлтіріп кетеді екен. Бірақ тәжірибелі лашын алған қазының қанатының астына тығылып қалады екен де, қаздар оны сабаймын деп, қазды сабап өлтіреді екен...

Ілуде біреуі ғана болмаса, лашынға алдырмайтын құс дуадақ болып шықты. Сонда ол ұшқырлығымен қашып та құтылмайды, қаздардай төбелеспейді де, оның бар істейтін қайраты – лашын нақ үстіне келгенше отырады да, ілуде жақындай берген кезде басына саңғып жібереді және көбіне лашынның көзіне саңғиды!.. Бұндай саңғуға ұшыраған лашын, енді қайтып дуадаққа жоламайды!..

Со жазда Ахмет салған лашынның неше түрлі тамаша қызықтарын көзден өткіздім... Құс салудың ең қызықты айлары көктем емес, шілдеден былай. Осы кезде ғана құстар семіреді. Ахметтің де ерекше аңшылайтыны – осы кез. Бұл кезде оның жарғақ құлағы жастыққа тимей, ертелі-кешті уақытын құс қонатын өлке-лерде өткізеді. Саятқа оның құмарлығы сондай: қай кезде ұйықтап, қай кезде ас ішетінін білмейсің.

Балтабай ауылында мұғалім боп қызмет атқарған жазда, менің аса бір қызғылықты өткен уақыттарым – лашын салған Ахметтің қасына ерген кездерім еді!..

Мынадай бір саят күндері бүгінге дейін көз алдымда елестейді де тұрады.

Құстың отқа шығар мезгілі таңның сіберлеуінен басталады. Со кезде у-шу боп көлден көтерілген құстар отты жерге жапа-тармағай қонады да, әр тайпа құс өз күзетшісін қарауылға қойып, оттауға кіріседі. Өзі құс болсын да, өзі қарауыл болсын!.. Қане, көзін алдап көр оның!.. Әрине, алдай алмайсың... Ендеше, олардың оттап отырған жеріне, көздеріне шалынбай жету керек.

Білетіндердің айтуынша, аңның өзге сезім мүшелерінен мұрнының сақтығы өткір, құстың құлағының сақтығы өткір, сондықтан жел жақтан жауды аң көзімен көрмей-ақ, құлағымен естімей-ақ, иісін алыстан сезеді де, қорғану қамына кіріседі: құстың мұрны ең топас сезім мүшесі, сондықтан көзі көрмейтін жағдайда оның жауын алыстан сездіретін мүшесі – құлақ. Осындай жайын жақсы білетін Ахмет, жайылымға шыққан құстардың көзі мен құлағын алдас-тыру жабдығын қарастырады.

Не істеді ол? Құс салар күні ол таң қаранғысынан тұрады. Лашынын қолына алған ол, күн бұрын болжамға алған жеріне

көбінесе жаяу тартады, ондағы ойы – атпен қоқиып құстардың көзіне түспеу. Олардың көзіне жаяу да түспеу керек. Ендеше не істеу керек?

Балтабай ауылы отыратын батыс жақ – биік жар. Ахмет екеуіміз сол жардың астына түсеміз де, етегін жағалап отырып, ойға алған жыраға жетеміз. Құрғақ, терең жыраны бойлап отырып, құс жайылымына жақындаған кезде, екеуіміз ауыр киімді шешеміз, етікті тастап, балақты түрінеміз, сөйтіп, еппен ғана қимылдап, құстың жайылымына жетеміз... Бойымызды көрсетпей, еппен ғана басып барған бізді, құстардың қарауылы қанша сақ болғанмен, аңғара алмайды...

Ес білгелі құс салуды көсіп еткен Ахмет жайылымға шыққан құстың құмарта оттайтын кезіне дәл барады. Бұл танның жаңа ғана бозамықтана бастаған кезі... Тегі құс деген алаңғасар «халық» қой деймін, өйткені сақтануда бар қаруы құлағы, сол қарауылына келер жаудың дыбысын тиыштықпен тындаудың орнына, құлағын өздері керең ғып, өздері азан-қазан, у-шу болады да жатады. Сондықтан ба, немене, жасырынып барған саятшыны, көбіне нақ қасына жеткенше сезбейді...

Нақ қасына жақындап, Ахмет дабылын қағып кеп жібергенде, құстар у-шу көтеріле кеп ұшады, со кезде Ахметтің қолынан лашын да ұшады...

Неге екенін кім білсін, дабыл даусынан үрке көтерілген құстар, со қалпымен лағып кете бермей, кең сазды айнала жүйткіп қонып, ұша береді... Лашын сондайда талайын іліп қалады...

Өте бір әдемі көріністер де болушы еді: таң сібірлеп келе жатқанда жер бауырлай құсқа ұмтылған лашынның денесі оның өзі емес, көлеңкесі ғана сияқтанады... Жердің бетін ала зымыраған көлеңке жоғары көтерілген қаз не үйректердің астынан жарқ етіп жоғары шапшығанда, жерден жоғары атқан тас сияқтанып домалана ұшады... Лашын жармаса кеткен құс аспанда қанаты талып құлаған сияқтанып, далбандап төмен құлдилап жөнеледі... Со кезде Ахметте де, менде де ес қалмай, екеуіміз өкпемізді қолға ала ұшамыз... «Бүркітші» деген өлеңінде «Бір қызық ісім екен сүм жалғанда» деп Абай айтқандай, со бір сәт менің өмірімнің де аса бір рақаты еді-ау!



қадім молда – діни оқуды байырғы қадім жазумен оқытатын молда
қияғының өткірлігі – қияқ деген шөпке ұқсатып айтылған тұмсықтың иінінің өткірлігі

атбегі – ат баптаушы

құсбегі – құс баптаушы

дуадақ – шөл құстарының бірі

алаңғасар – қулығы жоқ, алды-артын байыптамайтын аңғал, аңғырт адам
шабдан мұртты – сирек, селдір мұртты
дегбір қалмай – тағатсыздану, шыдамсыздану
түлек – құстың түлейтін шағы
саңғиды – құстың саңғыруы
бидайық – кішкене жыртқыш құс
топшы – сирақ мүшелерінің бірі
жарғақ құлағы жастыққа тимей – күні-түні тыным көрмей жұмыс істеу
отқа шығар – құстың жайылуға шығар кезі
дабыл – құсты үркіту үшін қолдан жасалған дыбыс шығаратын аспап



Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романы жазушының өз өмірбаяны бойынша жазылған. Сондықтан оны **мемуарлық роман** деп атайды. Мемуарлық роман «Өмір мектебінде» С. Мұқанов өзінің бастан кешкен өмірін, сол кездегі қазақ халқының тұрмысын, салт-дәстүрін суреттейді. Жас бала Сәбит үшін өзінің және халқының өмірі ең бірінші үлкен мектеп болады. Сондықтан жазушы мемуарлық романын «Өмір мектебі» деп атаған.

Этнография деп халықтың байырғы тұрмыс-салтын зерттейтін саланы айтады. **Этнографиялық бұйым** немесе **құрал** деп байырғы тұрмыс-салтта қолданылған заттарды айтады. Мысалы, дабыл – этнографиялық құрал. Өйткені ертеде халық оны аңшылықта қолданған.



Шығарма тілінің көркемдегіш құралдарының бірі – **идиомалар**, яғни **фразеологизмдер** – **тұрақты сөз тіркестері**. Мысалы, «құлақ естір жер» деген тұрақты сөз тіркесі идиома болып табылады. Ол «маңай», «жақын», «алыс емес» деген ұғымды білдіреді. Тұрақты сөз тіркестерінің мынадай белгілері бар:

1) оның құрамындағы сөздерді алып тастап айтуға немесе сөз қосып айтуға, болмаса басқа сөзбен алмастырып айтуға келмейді. Сондықтан оларды **тұрақты сөз тіркесі** дейді. Өйткені құрамындағы сөздер бір-бірімен тіркесіп келіп тұрақты болады;

2) тұрақты сөз тіркесі құрамында қанша сөз болса да, бәрі бірігіп келіп бір ғана мағынаны білдіріп тұрады. Мысалы «көз көрім жер» деген тұрақты сөз тіркесі «жақын» деген ұғымды береді.

Мысалы: Оның «Қараторғай» аталып кеткен жүйрігінің алдына түсетін жылқы құлақ естір жерде жоқ (С. Мұқанов).

Көркемдегі құралдың тағы бір түрі – **теңеулер**. Теңеулер сөзге *дай*, *дей*, *тай*, *тей* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Теңеулер бір затты екінші затпен теңеп, салыстырырылып айтылады. Олар анықтауыш қызметінде қолданылып, «қандай?» деген сұраққа жауап береді.

Мысалы: *жұдырықтай, сұңғуір қайықтай, ұстарадай* және т. б.



1. Балғабайдың Ахметі туралы алғашқы деректерді өңгімелеп бер.
2. Лашын құс сипатының суреттемесін тауып оқы.
3. Жазушының мәтіндегі сипаттауы бойынша Ахметтің құс алуды жақсы білетінін теріп өңгімеле.

4. Ахметтің өз өнерін көруге ілесіп шыққан адамға қарым-қатынасын сипаттап айт.
5. Дабылды қалай пайдаланады, мәтін бойынша әңгімеле.
6. Дабыл этнографиялық құрал болып санала ма, дәйектермен дәлелде.
7. «Лашынмен үйрекке шығу» атты тақырыпқа мәтін бойынша мазмұндама жаз.
8. Қаз бен дуадақтың лашынға қарсы әрекеттерін кімнен білген деп ойлайсың?
9. Ахмет құс аулауға неге шілде айынан кейін шығады, одан бұрын неге шықпайды? Салыстырып, қайсысы қисынды екенін айт.
10. Аң мен құстардың өз жауларын сезінулерін жазушы суреттеуі бойынша салыстырып айт.
11. Құсбегі аяласының суреттемесін мәтіннен тауып, тақырып қойып, әңгімеле.
12. Абайдың саятшылық жайындағы өлеңінде құс салуды «Бір қызық ісім екен» деп неге айтқанын, сол өлеңді және «Лашын» әңгімесін пайдалана отырып жинақтап, өз ойыңды білдір.
13. Мәтіннен теңеу сөздерді, идиомаларды тауып, теріп жаз. Олардың қолданыстарын түсіндір.

1. Жазушының сипаттамасы бойынша лашын құстың суретін сал.
2. «Лашын құсты үйрекке салу» атты тақырыпты мәтінді пайдалана отырып, өз қиялыңмен кеңейтіп, шағын реферат жаз.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ

(1902–1985)

Ғабит Мүсірепов 1902 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданында туған. Ауыл ақсақалдары кешке жақын дөң басына, көк майса үстіне киізді жайғызып тастап неше түрлі қисса, жырларды Ғабитке оқытып, ұзақ-ұзақ тындайтын болған. Зерек бала «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр», «Көрұғлы», «Ләйлі – Мәжнүн» сықылды інжу-маржан жырларды сүйсіне оқып, елді қызықтырып, талай беттерін жаттап та алатын.



Ғабит Мүсірепов – әңгіме жазудың шебері болды. Оның ана тақырыбына жазған көптеген әңгімелері бар. «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Амангелді» секілді классикалық үлгідегі пьесалар, «Оянған өлке», «Қазақ солдаты» сияқты кесек романдар жазып, қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасына айналды.

Ғабит Мүсірепов 83 жасында қайтыс болды.

Жаңа достар

(«Қазақ солдатты» романынан үзінді)

...Жайықты өрлей, әр бұтаны тасаланып, алыстан ыңыранғаны естіліп жатқан Каспийге қарай құлап келемін. Теңіз құшағына тез кіруге асыққан Ақжайық төтелеу жерден жол салам деп жарын талай сабалапты да, шалқайып кейін бұрылыпты.

Қаракөк Каспийдің бір сарынмен ғана дем алған ауыр ыңыранысы естіле бастады. Күн де батты. Теңіз үстіне қорғасындай басқан бір ауыр тұман да көтерілді. Қара тұманның ауырлығынан теңіз беті қайысып, төмен түсіп кеткендей сезіледі... Алыстан жымың қағып, шақыра беретін қала оттарына да жақындап келем. Теңіз біресе ауыр күрсінгендей, біресе жалқау есінегендей болады.

Қалаға кіріп, қатар-қатар тізілген көп тақтай дүкендердің оңашарақ тұрған біреуінің жанына келдім де, жып-жылы жерге құлай кеттім. Жұмсақ құм өзінен-өзі үгітіліп, жамбасқа жайлы төсек бола кетті...

– О, қасқанның жатысын-ай!.. – деп, тап өзіме ұқсаған екі бала мені аяқтарымен бүйірге түртіп тұрғандарын бір аңдағандай болып ем, көзімді ашуға дәрменім жетпеді. Ар жағын білмеймін, тас болып қатып қалсам керек...

– Түнде өліп жатқан бала сен бе едің, әй! – дегенге артыма қарасам, бір ересек, бір кішірек бала өзен жағасына жақындай берген екен. Біреуі ашаң, сұнғақ денелі, үстінде шолақ шалбардан басқа еш нәрсе жоқ. Күнге күйіп, күрең тартқан дененің бұлшық еттері иіріліп-иіріліп қояды. Енді біреуі менімен тұстас болу керек, ақшыл денелі, арық, бір аяғын ақсай басып келеді.

– Мен әлі өліп көрген жоқпын! – дедім тайынғым келмей. Жалғыздық жасқаншақ та етеді, жаужүрек те етеді. Мен жасқанбауға бел байладым. Аяғыма білінген бір қатты нәрсені суырып алып едім, түйенің қабырғасы екен. Қабырғаны оңтайлап қолыма алдым да, ана екеуінің жабыла кетуін күттім. Әдетте таныс емес балалардың алғашқы кездесулері азды-көпті жанжалсыз, бірлі-жарымды жудырықсыз өте қоймайтын.

– О!.. Сабаздың өзі екен! – деді ересек бала, менің кескін-келбетіме көңілі толып кеткендей. Мен ожырая қарап тұрған бойым үндемедім. Ойыма киімімді ала қаша ма деген қауіп те туа бастады.

Бірақ менің ойлағаным болған жоқ. Екі бала менің шапанымның қасына барып, өз киімдерін де сыпыра бастады. Ересек бала

билегендей бір қозғалыспен көз ілестірмей, шолақ шалбарды сырғытып жерге түсірді де, содан кейін ерекше бір достықпен кішірек баланы шешіндірді. Ақсақ бала ересектің көзіне дәрменсіз жәутендеп, жалыныш көзімен қарайтын сияқты.

Өзен жағасы аздаған жарлау еді, ересек бала ақсақ баланы суға дейін көтеріп әкелді.

«Анау ағасы, мынау інісі екен...» деген ойдың келуі-ақ мұң екен, Айдаш есіме түсіп кетіп, жалғызсырай бастадым. Иегім кемсендеп, бет-аузым бұзыла бастады. Ересек бала әуелі ақсақ баланы судың жағасына әкеліп қойды да, қарғыш қырға қайтып шығып, қыр басында жатқан барлық шоқпытты аяғымен лақтырып, жағаға түсірді. Содан соң кішірек баланы тағы көтеріп алып, суға беттеді... Ересек бала ақсақ баланы тап менің қасыма әкеліп, ақырын ғана суға түсірді де, маған қарап:

– Атың кім? – деді.

– Қайырғали... Өзіңнің атың кім?

– Шеген... Мынаның аты Бораш... Мұны Боря дейтін боласың. Менің атым онша бұрмалауға келмейді. Шеген аға дерсін. Мен екеуіңнен де үлкенмін. Әкем байғұс баласын еркелете алмайтынын білген ғой сорлы, Шеген дей салыпты...

Шеген менің атымды «Қайырғали, Қайрош, Қайрушке» деп, орысша-қазақша оңды-солды бұрмалап көрді де:

– Атың ат емес екен... Сендей жеке батырға түк лайығы жоқ... Бүгіннен бастап Костя боласың!

Бораш бір аққұба ғана, қагілез, қыз мінезді бала екен. Көздері де жаңа туған бұзаудың көзіндей, бар дүниеге таңдана қарайтын сияқты. Қуануы да, ренжіп қалуы да оп-онай. Мөлдір қара көзінен көңілінің түбі көрініп тұрғандай. Бұл, шынында да, өгей шешенің отын-суына пысықтық жасай алмаған соң, онай ғана тентіретіп жіберген бала болу керек.

– Енді қарын қамын ойлайық. Мына қарында түк жоқ, – деп, Шеген қабысқан қарнын қағып-қағып қойды. Шеген сұлу, сұңғақ денелі, бұлшық еттері болаттай иірілетін, күнге күйген, тобылғы торы екен.

Шеген менің аяғымдағы толып жатқан жара мен жарықтарын көріп, басын шайқады да:

– Уай, мынауың болмайды, – деді, түсінемісің дегендей, көзіме қадала қарап. – Ең алдымен адамға бас керек. Онсыз өмір оған молданың көрінен де қараңғы болады. Онсыз өмір құраннан жаман, түсіне алмайсың. Екінші бізге аяқ керек. Қашсаң – құтылатын бол, қусаң жететін бол. Керек боп қалса, құстай ұшатын бол!

Мынадай табан бола ма екен, қырық тесік! Аяғынның жалпы бітімі жаман болмағанмен, қазіргі халі қанағаттанарлық емес деп танимын. Жата тұр құмның үстінде. Мен қазір келем, – деп, Шеген қалаға қарай жүгіріп кетті.

– Дәрі әкеледі. Екі күнде жазып береді! – деді Борааш ұзай берген Шегенге риза көзбен қарап. Жүзіндегі күрсініс ізі осы арада ғана түгел бір жойылып кетті.

– Сен қалай ақсадың? – дедім Бораашқа іскен оң тізесіне қолымды апарып.

– Әй апам қораның төбесінен құлатып жіберді.

«Әй апасы» өгей шешесі екенін түсіндім де, одан арғыны қазбалағаным жоқ. Борааш шорланып бітіп келе жатқан оң тізесін сипалай отырып:

– Соқаның үстіне құлап түстім... Шеген ағам жазды ғой әйтеуір... енді бір айда жүруге жарайсың дейді... Балық майынан жазылды. Тіпті жазылып қалып еді, өнеугүні «дегдом» ұстап ала жаздап, содан қашқанда тағы бүлдіріп алдым, – деді. Бұл жолы өзінің қашып құтылғанына мақтанатындай жымыиып та қойды.

– Мен де керемет жүйрікпін! – дедім мақтанғым келіп кетіп.

– Ойбай... Шегендей емес шығарсың... Шеген қайда, ол!.. Ол ағып бара жатқан машинаны қуып жетіп, асылып кете береді! Біреу көріп қалса, қарғып түсіп, кете беруі де түк емес. Ол әшейін желаяқ! – деді Борааш масаттана сөйлеп.

– Е, сен қалай қаштың «дегдом» қуғанда?

– Шеген мені көпірдің үстінен өзенге тастап жіберді де: «Судан басынды ғана шығарып, шомылған балалардың ішінде отыра бер: басқа баланың басынан сенің басың кем емес, тани алмайды» деп, өзі көпірдің үстімен тартып отырды...

– Шеген неліктен үйінен қашып кеткен?

– Үйінен емес, ол молдадан қашып кетіпті. Үш жұма бойы арабша оқып, әліп-ки-күсін-ән деген бірдемеге түсіне алмапты да, «мұныңыз немене өзі, мен түсінбейтін нәрсені оқығым келмейді» деген екен. Оған молда он шыбық сынғанша дүре соғыпты. Оның үйі жоқ, жездесінің қолында жүреді екен, – деді Борааш еріксіз күрсініп. Сол кезде:

– Я! Ауп, – деп, биік жардан бір-ақ секіріп, Шеген де қасымызға келіп түсті.

Шеген мен Борааш екеуі үсті-басыма қара ала, торы ала етіп йод жағып, оның үстінен сарғыш бір май жағып, ұзын ақ шүберекпен асты-үстіме түсіп, достық көрсеткендері қатты ұнады.

– Бір жұмада табаның өміркен етіктің ұлтанындай жылтырайтын болады, – дейді Бораш.

* * *

Мені олар «салқын сарайларына» алып келді. Жайықтың жар қабағының астын кеулеп кеткен кең бір үңгір екен. Астына көк құрақ төсеп тастапты. Үңгірдің дәл аузына тіреле өзен жатыр. Үңгір кең, кішігірім бөлмедей бар. Жарығы аузынан ғана түсіп, күн сәулесі жолай алмайтын үңгір «салқын сарай» деп босқа аталмаған сияқты. Әрі еркін, әрі салқын, рақат ұясы осы сияқты көрініп кетті.

– Түпкірге таман, қабырғаның бір жерін әдемілеп тұрып қолмен ойыпты да, оған бірталай кітап тізіп қойыпты. Санай жүру бақташының әдеті ғой, мен бір қарағаннан-ақ он бес кітап екенін сыдыртып санап шықтым. Менің кітаптарға көзім түсіп тұрғанын Шеген де байқап қалып:

– Оқи білемісің? – деді.

– Білмеймін, – дедім ұялған үнмен. Шеген оныма өкінгендей, басын шайқады:

– Оның болмайды, Костя! Оқу керек! Адамның басы қарбыз емес, – деді.

Мен қайда жүріп, қалай оқы дейтініне түсіне алмай, аңырып қалдым. Оқымаған өз айыбым сияқтанып, қысылып та тұрмын. Шеген біраз ойланып қалғандай болды да:

– Есептей білемісің? – деді.

– Білем.

– Нешеге дейін?

– Екі мың сегіз жүз сексен жетіге дейін...

Шеген қарқылдап күліп жіберді. Мақтаныңқырап кеткенімді өзім де аңғардым. Оның үстіне, «екі мың дегенім дұрыс-ақ болсын... Үлкен сан, мақтанарлық сан... Сегіз жүз де жаман емес... Ал сексен жеті деген немене? Не үшін сексен сегіз емес, не болмаса, түп-тура тоқсан емес?» деген ой келді. Шеген көк құрақтың үстіне күлді кетіп, күлкісін әлі тыя алмай жатыр.

– Екі мың сегіз жүз сексен жеті!.. Өлтірдің, Костя, өлтірдің мені! – деп кейде қарқылдап жіберіп, кейде булығып, демін ала алмай, аунап-аунап күледі. Әрі-беріден соң ғана есіме түсті, сексен жеті дегенім өзім баққан сиырларымның саны екен. Шегенге осы жайымды айттым.

– Е, бақташы ма едің? – деді Шеген күлкісін тыйып.

– Иә, жазғытұрдан бері сиыр бағам.

– Біз сені түнде көріп, алып кетсек қайтеді деп те ойлап едік. Бірақ таптық жағына көзіміз жеткен соң, көрерміз деп қозғамап едік. Енді көзіміз жетті, біздікісің! – деді Шеген. Мен «таптық жағын дегенін немене?» деп сұрадым. Шеген маған:

– Шпана, бұзақылардың бірі болып жүре ме деп, жоламап едік. Ондайлар да болады. Олар бізге жолдас емес, – деп түсіндірді.

Пұшық мұрын, бақыр шайнекті отқа қойып жатып:

– Бірақ сен оқуың керек! Оны біліп қой! – деді Шеген.

«Оқымаған бала оқыған балаға жолдас бола алмай ма?» – деп, жәбірленгенімді білдіргім келіп бір тұрдым да, бата алмадым. Сұрай алмадым.

– Өзі орысша-қазақшаға судай! – деді Борапш ақырын ғана сыбырлап.

– Сен ше?

– Оқи алам...

Көзім жасық тартып, үстіңгі қабақтарым азырақ қызып бара жатқандай, аузым балдыр тартып бара жатқандай сезіледі. Жәбір, қорлану, намыстану дегендер қол ұстасып, алқымға келіп, буып бара жатқандай сезіледі.

– Әуелі таза болайық, – деп Шеген менің шапанымды алып, өзенді сабалай бастады. Айналырған екі түйменің біреуі үзіліп кете ме деп, мен қылпылдап отырмын.

– Шапан жарықтық әкеңнен қалса да, ескі иісінен әбден арылатын болсын, – дейді Шеген. Әуелі түймелеріме жаным ашып, Шегеннің қасына барып ем. Артынан сабалаған судың сыртылдағанына қызығып кетіп, шапанымды сабаласуға өзім де қосылып кеттім.

Борашта ерекше бір тәртіптілік бар. Өлдеқайдан ұзындау келген көк ала орамал тауып алып, оны әдемілеп төсеп, әкелген базарлықтарымызды түр-түрімен жайып жатыр. Екі ақ қалайы бокалдары бар екен, оны ысқылап сүртіп, ыстық сумен шайып тастап:

– Шеген аға, шайға келіңдер, – деді.

Шайға отырған соң, Шеген маған тағы үш түрлі өсиет айтты...

– Алтын жатса – алмаймыз! Бір ме?

– Бір...

– Өтірік айтпаймыз! Екі ме?

– Екі...

– Алдау үшін өтірік айтса, кешіреді екен деме, алданбау үшін өтірік айтсаң, іркілме! – деп бір тоқтағанда, мен:

– Үш, – деп қалдым.

– Жоқ үш емес, әлі екеу-ақ, – деді Шеген. Үшіншім – үш күннің ішінде бізбен бірге қуанып, бізбен бірге мұңаятын болмасаң, сен бізге жолдас та емессің. Қуана біліп, мұңая білмесең, тіпті жақсы. Осымен үш болады! – деді.

– Үш! – дедім, мен де ризалығымды білдіріп...

– Уәде ғой?

– Уәде!

– Ал, ендеше, шайыңды іш...



өрлеу – жоғары көтерілу

төтелеу – тура жүріп кету

қорғасындай басқан тұман – *мұнда*: қалың тұман

сұңғақ денелі – ұзын бойлы

жаужүрек – батыр, ер

жасқанбауға бел байлау – қорықпауға өзір болу

негі кемсеңдеу – жылай бастау

қагілез – *мұнда*: жылдам, тез



«Қазақ солдатты» романында Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақ жауынгері Қайрат Сарталиевтің өмір жолы баяндалады. Басты кейпкер Қайроштың соғыстағы ерлік істері, достыққа адалдығының негізі бала кездегі достарына деген сенімінен, адалдығынан басталғандығы көрінеді. «Қазақ солдатты» – Ұлы Отан соғысы туралы жазылған тарихи роман.



Сюжет – француз тілінен енген сөз. Ол оқиғалардың жалғасқан тізбегі деген ұғымды береді. Сюжет *экспозиция, байланыс, әрекеттердің дамуы, шарықтау шегі, шешілуі* сияқты бөлімдерден тұрады. Кей шығармаларда *пролог пен эпилог* та кездеседі. Бұл бөліктердің барлығы да шығарма құрылымында өзіндік міндет атқарады.



1. Шығарма оқиғасы кімнің атынан баяндалады?
2. Жайық өзені, Каспий теңізі көріністері мен Қайроштың көңіл күйінде қандай ұқсастық бар?
3. Шеген мен Бораштың сыртқы кескін-келбетін, мінез-құлқын, іс-әрекетін, тұрмыс-жайын суреттейтін көріністерді мәтіннен тап. Шегеннің портретін ашу үшін жазушы қандай теңеулерді қолданған?
4. Шеген Қайрошқа неліктен сеніммен қарайды, оған қандай қамқорлық жасады, қандай шарт қойды?
5. Балалар күнкөріс жолында не істеді?
6. Шығарманы бөлімге бөліп, әр бөлімге ат қой.
7. Жазушының табиғатты суреттеу шеберлігіне назар аудар.



«Менің достарым» деген тақырыпта шағын әңгіме жазыңдар.

САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН

(1895–1982)



Сапарғали Бегалин 1895 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Дегелең ауылында дүниеге келген. Семей қаласындағы орыс-қазақ училищесін бітірген. С.Бегалин – қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Оның «Ермектің алмасы», «Сахара саңлақтары», «Сәтжан», «Жас бұтақ», «Жеткішектер», «Мектеп түлектері», «Шоқан асулары», «Қыран туралы аңыз» атты әңгіме, хикаяттары жарық көрген.

Жазушы естелігі

«Шығармашылық балалық шақ әсерінен басталады. Әжеңнен, анаңнан санаңа ән болып сіңісетін бесік жыры, елдің эпос айтушыларынан естіген аңыз-ертегілерің, ғаламат батырлық жырлар бала қиялыңды қозғап, қилы-қилы ойларға жетелері хақ. Біз әдебиетке фольклордан келдік. Кейін де ауыз әдебиетінен көп үйрендік.

Олар: ертегілер, қиял байлығы – тапқырлық өлеңдер, халық қаһармандары жайлы аңыз әңгімелер. Балалар жазушысы ретінде үнемі үйреніп отырған мектебіміз – осылар.

Шығармашылық өмір сабақтарымен жалғасады. Мен екі ғасыр, екі дәуірді көзбен көрдім... Өзімнің өмір, тіршілік жайлы ойларымды ортаға сала балаларға арнап бірсыпыра шығармалар жазыппын. Бір елеулі шығармам деп «Бала Шоқанды» есептеймін... Шоқан өміріне қатты құмар ттым. Оның өмірбаяндық дерегінің бәрін қамтуды мақсат тұтпадым, оңай да емес. Көп оқыдым, іздендім, архивтік материалдар мен елден естіген әңгімелердің кейіпкер характерін ашады-ау дегендерін іріктедім. Мен Шоқан өмірінің бір сәтін іздедім. Тапқан да сияқтымын. Ол – Шоқанның кеңсе күзетшісінің баласы Мысықтың балшықтан ойыншық мүсін жасағанын көріп, талабын танып, оны өзімен бірге оқуға алып кетуі. Әсіресе осы оқиға маған қатты ұнап, хикаят жазуға жұмылдырды. «Бала Шоқанды» осылай жаздым».

Бала Шоқан

1

Шыңғыс ауылы күзекке келгенде, сары бала сондай қуанды. Ала жаздай зарыға жалғыз ойнағандағы ойынан кетпейтін бір досы бар. Ол – төре баласы Шоқан. Шыңғыс Құсмұрын еліне аға сұлтан болып тағайындалысымен, осы күзекке екі бөлмелі кеңсе үйін салғызған. Сол үйдің жазғы, қысқы күзетшісі – сары баланың әкешесі. Сары баланың сол сағына күткен досы жолбарыстай шұбар құнанын елеңдете аяндатып жетіп келді. Ә дегенде тосырқап қалған сары бала, балшықтан жасаған ойыншықтарын жия қойып, орнынан ербиіп түрегелді.

– Ей, Мысық, аман ба? Мына ойыншықтарды кім істеді? – деп Шоқан сары балаға жылы амандасып, күлімсірей қарады.

– Өзімдікі, өзім істедім, – деп танауын бір тартып, кішкене көкшіл көзі шүңірейіп, Мысық ойыншықтарын бауырына қарай икемдей берді. Шоқан құнанынан түсіп, өзіне қарай жүргенде, сары бала:

– Иә, бермеймін, – деп ойыншықтарын жинай бастады.

– Ей, Мысық, өзің неге сонша қорқақсың? Алмаймын, көрейін, – деп күлімдей сұрады Шоқан.

– Жоқ, сенің құнаның бар, алып қашып кетесің. Мен жаяумын. Кеше әлгі бір тентек бала өзімді сабап кетті. Сен тимейсің бе? – деп Мысық батылдана, мұңын шаға сөйледі.

– Жоқ, мен алып қашпаймын. Тек көремін.

Мысық Шоқанға бұрынғы үйірлігіне сеніп, ойыншықтарын тегіс көрсетті.

– Сен, немене, мені жатырқап қалғансың ба? – деді Шоқан, Мысықты өзіне тарта сөйлеп. – Сен мына ойыншықтарыңды маған бересің бе?

– Жоқ, бермеймін, кешегі балалардай сен алып қашасың, – деп ойыншықтарын көйлегінің етегіне сала бастады.

– Қорықпа, мен тимеймін. Кәне, көрсетші, өзің ұстасың ғой. Ақысына не аласың, маған ана балшық атыңды берші, – деп, Шоқан зорлық емес, ықтиярымен алмақ болды.

– Не бересің, бауырсақ бересің бе, қант бересің бе? – деп, Мысық икемге келе бастады.

– Беремін, сен маған ойыншығыңды бер. Біздің үйге жүр, апамнан көп қант, бауырсақ әперемін, – деп еді, Мысық бұрынғы көрген зорлықтарын айтып, жолағысы келмеді.

– Жоқ, мен тигізбеймін, өзім ертіп барамын.

– Иә, апан ұрсады, қорқамын, – деп, түйе қып жасаған бір ойыншығын етегінен алып, Шоқанға берді.

– Ей, көдүілгі түйе? Өй, өзін, қандай шеберсің! Жүр менімен. Апама ұрыстырмаймын.

Бұрынғыдай емес, Шоқанға бойы үйренген Мысық тартынбай, еріп келеді. Бұлар үйге таянғанда, алдарынан Шоқанның інісі Жақып жүгіре шықты. Кесек денелі Жақып келе Шоқанға:

– Ей, мынау кім, қайдан ерттің, түү өзі сап-сары, – деп шайпау мінезбен Мысықты бір нұқып қалды.

– Өй, жынды, әрі кет, мұнда нең бар? – деп Шоқан тұра ұмтылып еді, қашып, үйге кіріп кетті. Ерке, сотқар Жақыптың ұрыншақ мінезінен қаймығып, Мысық жылап та жіберді.

– Мысық, неге жылайсың? – деп Шоқан қасына келді. Інісінің ешбір кінәсіз ұрып кеткен тентектігіне ішінен ыза да болып тұр. Бірақ ол Мысықты қолынан тартып, үйіне қарай алып жүрді. Мысықтың тартынғанына жол берген жоқ.

Үлкен ақ үйдің есігінен Шоқан өзі кіргенде, Мысықты қалдырмай ерте кірді. Бұрын мұндай үйге кіріп көрмеген кішкене Мысық аяғын ілгері басуға бата алмайды.

– Мысық, бері жүр, – деп Шоқан оны қолынан тартты.

Үлкен ақ сары әйелдің қасында отырған әлгі тентек Жақып қолына шыбыртқы қамшы ұстап, әлі де Мысыққа өшіге қарап:

– Өй, өзін қара, неге келдің, шық үйден, – деп тұр.

Шоқан Жақыпты ала көзімен атып:

– Аулақ кет, мұнда нең бар? Қорқытпа, тиіспе, бұл – менің жолдасым, – деп апасына қарады.

Балалардың қағысып қалған сәттегі істеріне салмақпен қараған сары бәйбіше Шоқанға бір, Мысыққа бір қарап:

– Шоқан-ау, мынауың кім? Қайдағыны қасыңа ертіп, үсті-басы немене, қасына жоламашы. Ойнауыңа бір жөнді бала табылмады ма? – деп, Мысыққа қарап: – Ей, сен қай ауылдың баласысың? Мұнда қайдан келдің? – деді.

Мысық төмен қарап, үндей алмай тұр. Шоқан ертіп келген жолдасын шешесінің қорлаған сөзіне қысылғандай, қорқып тұрған Мысыққа таман таянып, ақырын ғана:

– Қорықпа, – деді.

– Иә, мен кетемін. Бағана айтқаным қайда, ұрсады, сабайды деп. – Осыны айтып, Мысық есікке қарай шегіншектей берді. Сырттан үйге кіріп келе жатқан Шоқанның әкесінің тізесіне соқтығып, етпетінен түсті. Сырттан өзін біреу ұрды деп ойлаған Мысық қорыққаннан бақырып жіберді. Шоқанның әкесінің әрі атқосшысы, әрі

қаршығасын ұстаған Сыдық еңкейіп үйге кіре бергенде, аяғының астынан шыққан ащы дауыстан шошып, қолындағы қаршыға далпылдап, Мысықтың басына құстың қанаты келіп соғылды. Мені құсқа жегізгелі жатыр деп түсініп, Мысық басын қолымен басып, онан сайын бақырды.

– Өй, Мысық, қорықпа! – деп Шоқан қасына жетіп барды.

– Мына шіркінді қайдан ертіп жүрсін? Даусы қалай ащы еді, әкетші әрі, – деп, семіз бәйбіше сырттан кірген құсшы жігітке бұйыра сөйледі. Бәйбішенің жарлығы құлағына тиер-тиместен:

– Өй, кет былай, жолдан! – деп Сыдық аяғымен нұқып қалғанда, аяғы Мысыққа тимей, босағада тұрған шылапшынға тиіп, қаңғыр еткізді. Шоқан Мысықты орнынан тұрғызып алды. Енді Сыдықтың Мысықпен жұмысы болған жоқ. Ол қолындағы қаршығаның аяқбауын керегеден бір іліп жіберіп, сырлы тұғырға қондырды.

Көк қаршыға шегір көзін төңкере шаңырақтан аспан әлеміне құмарта бір қарап, бір рет дүр сілкініп қойды. Бұрын мұндай құсты көрмеген Мысық онан көзін алмай, әрі танданып, әрі қорқып қарайды. Мысықтың бағанадан бері көзі түспеген бір нәрсе шыға келді. Ол сонау биік төсектің бас жағынан түрегелген тарғыл арлан еді. Екі құлағының салбыраған шашағы төгіліп тұр. Күміс қарғылы тайдай тазы тұрып алып, алдыңғы екі аяғын көсіліп жіберіп, төсін жерге тигізе керілді. Мойнындағы күміс қарғының күміс сақиналары сылдыр қағып, тазы есікке қарай бет алды. Мысық мұрны шуылдап, зәресі ұшып, Шоқанның артына қарай ығыстай берді.

– Қорықпа, тимейді, – деп, Шоқан Мысықты өзінің қатарына қарай ығыстырды. – Апатай, мына Мысыққа бауырсақ бергізші, – деп, Шоқан шешесіне өтінішті ерке тілек айтты.

Ши жақта ыдыс-аяқ әзірлеп жүрген қара торы әйелге:

– Өй, Кәмила, ана балаға бауырсақ әперші, ана жерге отырғызып қымыз бер. Шоқанжан ертіп келіпті ғой, – деп, сары бәйбіше бағанадай емес, Шоқанның ығына иіліп жұмсай сөйледі. Шоқаннан именіп қалған тентек Жақып апасының арғы жағынан Мысыққа мысқылдай қарап, сықылықтай жұдырығын көрсетіп, кіжініп қояды.

Бауырсақты бір-бірлеп жеп, қымызды имене жұтып отырған Мысыққа Шоқан:

– Сен, немене, әлі қорқып отырсың ба? Жеп қой бауырсақты, қалғанын етегіңе салып ал, – деді оған тостағанды ысырып. Шоқанның сөзі ширатқан Мысық сыпайыланып отырған қалпынан жадырап, қымызды жұтып салып, аяқты жерге қойып, бауырсақты етегіне төге бүктеп алып, есікке беттеді. Босағаға таяп барып,

сілейіп тұра қалды. Оның сырттағы иттерден қорқып тұрғанын сезген Шоқан қасына келіп:

– Сірә, қорқып тұрсың-ау, ә! Кәне, жүр, – деп, ертіп үйден алысқа шығарып салып, – ертең мен барамын, маған жақсылап түйе істеп қой! – деді.

– Жоқ, мен құс істеймін, – деді Мысық кішкене шолақ мұрнын тартып.

– Иә, иә, істе, тіпті жақсы, – деді Шоқан, оның ойын құптап. Мысық итген, тентек Жақыптан аман құтылғанына қуанып, жүгіре басып үйіне тартты.

Мысықты шығарып салып, Шоқан үйге келгенде, әкесі Шыңғыс киімін шешініп, жеңілденіп, ат үстінен түскен шаң-тозаңын жуынып, дастарқан басына келген-ді.

– Шоқанжан, ана бір балшықтарың не? – деп, әкесі қалыпты мейірбан лебізімен Шоқанға тіл қатты. Шоқан жаңағы Мысықтан қалап алған сиырдың, қойдың балшық мүсінін қызықтай қолына ұстап, әкесінің қасына алып келді. Кішкене балшық мүсін оншалықты көз тартарлық бұйым емес. Ал Шоқан оны Мысық қолдан жасаған жанды дүниедей көріп, қызықтай ұстайды.

– Атеке, әлгі бала бар ғой, өзі шебер. Қараңызшы, мына сиыры аумаған Кәмила жеңгенің қоңыр сиыры емес пе?

Бала қиялын қызықтай, қолөнеріне әуестігі – ішкі сезімнің әсері деп ұғатын ойлы Шыңғыс:

– Иә, дәл өзі. Бірақ мына қойының құлағы тым үлкен екен, – деуі-ақ мұң екен, апасының ық жағында отырған Жақып:

– Түк те қойға келмейді, пәлі, құйрығын қара, тап иттің құйрығы, – деп сықылықтады. Тентек інісінің Мысыққа еркін қол жұмсай алмай, ішінен өштесіп отырғанын сезген Шоқан:

– Сен істей ғой, ондай шебер болсаң! – деді қабағын шытып.

– Қой, Шоқан, бұл есерді желіктіріп қайтесің, балшыққа түсіп өуре болады. Жақып ондай жаман балшықты ұстамайды, – деп, апасы тентек баласын ерегестірмей, тыйым салды...

II

Ертеңіне әжесі Айғаным ауылына баруға әкесімен қабаттаса атқа мінген Шоқан, кешегі Мысыққа айтқан уәдесі бойынша, кісілерден бөліне құдық басына тартты. Өңгімемен алданып, абайламай қалған Шыңғыс баласының жалғыз кетіп бара жатқанын көріп, шақырып алды.

– Се-сен, жалғыз қайда бара жатырсың? – деп баласының бөліне жүру себебін сұрады.

– Атеке, кеше Мысыққа – әлгі мүсінші балаға – келемін деп, уәде бергемін, соған барамын.

– Кейін-ақ бармайсың ба, немене, ол бір жаққа кетіп қалар деп пе едің? – деген әке сөзіне:

– Уәде беріп, артынан алдасам, ұят емес пе? Бұдан былай ол менің сөзіме сенбейді ғой, – деді.

Б. Шыңғыс Шоқанға ойлана қарады да:

– Ө, жарайды, бара ғой, екі айтпаған жақсы, – деді. Шыңғыстың өңінде баласына іштей ризалық ажар бар еді...

Шоқан құйғыта шауып, құдық басына келгенде, Мысық алдынан қарсы шықты. Ол қолына ұстаған жаңа мүсіндерін жоғары көтере:

– Мә, Шоқан, істеп қойдым. Мен сені келмей қалар деп ем!..

– Жоқ, мен айттым ғой келемін деп, неге келмеймін. Уәде етпеу керек, уәде етгің – орында, – деп Шоқан өзінің уәдеге бекем екенін айтып, жаңа танысқан досына өзінің әдетін түсіндірді. Мысықтың бұл мүсіндері Шоқан айтқан түйе емес, қаршығаның тұлғасын бейнелепті. Және пәуеске арбаның бейнесін жасапты. Жаңа нәрсені тез танығыш Мысықтың зеректігі Шоқанға сондай ұнады. Мысықтың мына жасаған мүсіндері әлі тобарсымаған, босандау екен. Қолына алып ұстап көрді де:

– Сен мына мүсіндерді күн көзіне қойып кептір, қазір алуға әлі жас екен. Мен саған ертең келемін, – деп Шоқан үйден Мысыққа деп алып шыққан қант, бауырсақтарын берді.

– Жарайды, тағы да көп қылып істеп қоямын, – деп Мысық бауырсақтың бір-екеуін аузына тоғытып жіберіп, жымындап қойды.

Шоқан құнанына міне салып, Айғаным ауылына қарай құйғыта жөнелді...

...Ауыл күзектен көшер алдында Мысықты еркіне қоймай, үйіне ертіп келді. Оның анадағы Шоқан тапсыруымен істеп берген мүсіндері саңғырап кеуіп, Шоқан төсегінің бас жағында жатқан. Әсіресе, бұрын ондай дүниені көрмеген кішкене Мысықтың пәуескенің бейнесін жасағаны сондай әдемі болған. Кәдуілгідей дөнге-



лектерін жасап, оған жіңішке тобылғыдан бөлек терте жасап, сәндеп істеген. Жалғыз-ақ күймесінің жабдығын таба алмаған. Шоқанның бұл күнгі ертіп келуінде екі түрлі себеп бар еді. Бірі: күзекке келгелі үйір болып өнеріне сүйсінген шебер бала бөлініп, өзінің үйінде қалады. Екіншісі: күздің салқын күнінде аяғында етігі жоқ, үстінде шапаны жыртық Мысық тоңып жүр екен. Жаны ашып кетті. Апасына:

– Мына Мысыққа менің ана қоңыр шапанымды, жеңіл етігімді беріңізші, кисін, – деді.

– Ә, Шоқанжан, осы баланы өзіңе дос қылып алдың ғой. Жарайды, көңілің түскен екен, алсын, – деп сары бәйбіше жұмыскер әйелге айтып, Мысыққа Шоқан айтқан киімдерін алғызып, сол жерде үстіне кигізді. Киерін кисе де, өзінің ескі киімін қайтерін білмей, Мысық қыпылықтап біраз тұрды. Мысықтың өне бойына қайтадан көзі түскен сары бәйбіше, оның кіші көйлегінің жағасы далдұл болып жыртылып тұрғанын көрді, әлгі жұмыскер әйелге:

– Кәмила, мына балаға ана өбдіредегі кездемеден көйлектік шығ жыртып берші, шешесі бар шығар, тіктіріп кисін, – деді. Көйлектік кездемені қойнына тығып, ескі киімдерін бүктеп қолына алған оны Шоқан өзі ертіп, үйден алып шықты. Қотан шетінде жатқан иттерден қорғап, біраз жерге ұзатып салды.

– Біздің ауыл қыстауға көшеді. Сен осында қаласың ғой, енді аман бол! – деп Шоқан Мысыққа үлкен кісіше қош айтты...



күзек – малдың күзгі жайылымындағы қоныс

аға сұлтан – ел басқарушы

құнан (жылқы) – тайдан кейінгі, екі жастан үшке қараған жылқы атауы
қаршығаның аяқбауы – қолға үйретілген жыртқыш құсты қолға қондыру үшін аяғына байланған жіп

арлан – қасқырдың аталығы

пәуеске арба – адам отыру үшін арнайы дайындалған күймеге ұқсас арба



1. Балалар жазушысы С. Бегалин балаларға арнап Шоқан Уәлиханов туралы шығарманы қалай жазғаны туралы былай дейді: «Шоқан өміріне қатты құмартым. Оның өмірбаянының бәрін қамтуды мақсат тұтадым. Мен Шоқан өмірінің бір сөтін іздедім. Тапқан да сияқтымын. Ол – Шоқанның кеңсе күзетшісінің баласы Мысықтың балшықтан ойыншық мүсінін жасағанын көріп, талабын танып, оны өзімен бірге оқуға алып кетуі. Әсіресе осы оқиға маған қатты ұнап, хикаят жазуға ұмтылдырды. «Бала Шоқанды» осылай жаздым.
2. Шоқан Уәлиханов өмірі (1835–1865) – жастарға үлгі. Ол өз бетінше көп оқыды, аса білімді болды. Қазақ өнерін, әдебиетін білетіндерді өте құрмет тұтты, өзі де үйренді. Өлең-жырларды жинады, көптеген саяхаттар жасады, олар туралы тамаша еңбектер жазды.

3. Сахналау (инсценировкалау). Көркем шығарманың белгілі бір үзіндісін сахнаға лайықтап рөлдерге бөліп ойнауды сахналау немесе инсценировкалау дейді. Сахналау кезінде рөлде ойнаушылар кейіпкерлердің сөздерін мәнерлеп айтуы шарт. Сол арқылы олардың мінез-құлқын бере отырып, шығарманың идеясын ашу мақсат етіледі.



Мінездеме – көркем шығармадағы кейіпкерге тән мінездерін, ой-пікірін, адамдармен қарым-қатынасын, сөйлеу әдебін, іс-әрекетін жинақтап айтуды мінездеме дейді. Осы айтылғандардан кейіпкердің мінез-құлқы көрінеді.

Кейіпкердің мінездемесінің ішінен оның басты қасиеті немесе бір сапасы көбірек көрінеді. Мысалы, «Бала Шоқанда» Шоқанның өнерге қызығушылығын басты сапа ретінде алып қарауға болады.

Диалог – кейіпкерлердің өзара тілдесуі. Диалог арқылы кейіпкерге мінездеме түзуге болады.

Диалог – өзге адаммен сөйлесе білу өнері. Сондықтан әр адам өзгенің не дегені дұрыс ұғып, оған лайық жауап айта білуі тиіс. Жазушылар кейіпкерлерді өзара сөйлестіргенде, осыны ескереді.



1. Шоқан кім? Ол жайында не білесің?
2. Шоқан Мысықпен қай жерде кездесті? Шоқан мен Мысықтың кездесу кезіндегі диалогтерін (айтылу ерекшелігін сақтап) оқы.
3. Мысық Шоқанның келгеніне неге қуанды? Мысықтың негізгі ермегі не еді?
4. Мысық жасаған мүсіндерді Шоқан қалай бағалады?
5. Шоқанның қайырымдылығын, уәдеге беріктігін қандай істерінен білуге болады?
6. «Қайырымдылық», «Өнердің болашағы туралы», «Мүсінші Мысық», «Уәде еттің – орында» деген тақырыптардың қайсысы шығарманың қай бөліміне лайықты деп санайсың? Сол жеке-жеке тақырыптар бойынша түсінгеніңді қысқаша әңгімеле.
Шоқанның бала күнгі көргендері мен үйренгендерінің болашақ өмір жолында пайдасы болды ма? Бұлгеніңше айтып көр. Өзің өнердің қай түрін ұнатасың? Болашақта кім болуды армандайсың?
8. Шоқан жөнінде қандай телефильм, қандай көркем фильм көрдің? Солардан өзінді қызықтыратын көріністерді әңгімелеп айт.
9. Мына жоспар бойынша мәтінді бөлімдерге бөліп, тақырып қойып, әр бөлімді жеке әңгімеле.
 - 1) Сары баланың досы Шоқанды күтуі;
 - 2) Сары баланың досына ойыншықтарын көрсетуі;
 - 3) Шоқанға ойыншықтарының ұнағанын сыйлауы;
 - 4) Шоқанның үйінде;
 - 5) Шоқанның уәдесі;
 - 6) Мысықтың зеректігі;
 - 7) Шоқанның сыйы.
10. Шоқанның уәдеге беріктігі саған ұнады ма? Шоқанның бұл қасиетін әкесі қалай бағалады?



1. Шоқанның қылқалам шеберлері салған портреттері мен мүсіншілер жасаған бейнесінің өзін (болмаса суретін) салыстыра қарап, осылар туралы ойларыңды айт.
2. «Бала Шоқан» шығармасы бойынша қандай сурет сала алар едің? Мысалы, Мысықтың Шоқан ауылына алғаш келгенін көрсететін тұстар қиялыңда қандай көрініс тудырады? Сол сәтті елестете отырып, қағазға түсіріп көр.

ИСА БАЙЗАҚОВ

(1900–1946)



«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді халық. Исаның әкесі Байзақ та, анасы Ғазиза да әнші, сауықшыл, өнерге жақын адамдар болған. Иса ақын жас шағында ән-жырдың, сұлулықтың өшпес нұрына қанық боп өседі. 1900 жылы Павлодар облысы Ертіс өңірінде Иса дүниеге келеді. Тоғыз жасында шешесі өліп, нағашы атасының тәрбиесінде өседі. Туған нағашысы Рахмет жақсы әнші болған екен.

Иса табанда қиып салып өткір әрі отты өлең шығаратын ақын еді. Ол туралы Елубай Өмірзақов деген қазақтың ең даңқты

өртісі: «Өз жасымда Исадай ақынды көргем жоқ» деп жазған. Иса 1922–1929 жылдары әр түрлі драмалық үйірмелерде және Қазақтың тұңғыш драма театрында өртіс боп ойнаған және өте дарынды өртіс екенін көрсеткен. Домбырасын құйындата тартып, небір желдірмелерді суырып салып төгілтіп, елді риза етіп жүрген. Иса әйгілі «Құралай сұлу» дастанын шығарған.

Жазғы кеш

Кеші еді жаздың сұлу нұр төгілген,
Жібектей жерге жасыл гүл себілген.
Көк шатыр, қызғылт теңбіл тақталанып,
Жерге кеп алыс аспан төңкерілген.

Шымқаған көкжиекті қызыл арай,
Көтерген күн шапағын қызыл тудай.
Тарауы сан жамырап көкке самғап,
Серпілген көк теңізі әрмен қарай.

Көкжиек белдеу тартып қызыл нұрдан,
Шапағын шашыратып бұлттарға ұрған.
Маяқтың жаңа жанған шамындай боп,
Жұлдыздар жаңа шықты сейіл құрған.



тақта – арасын межелеп бөлшектеген егістік жер
шымқаған – қып-қызыл, шымқай қызыл
көкжиек – аспан мен жердің көз жететіндей түйіскен жері
сейіл құру – серуендеу
маяк – кемелер адаспас үшін қойылған жарық белгі (шам)



1. Ақынның кешкі шапақтың тууын суреттеген жолдарын тауып, қайталап оқы.
2. Өлеңдегі көркемдегіш сөздерді тауып оқы.
3. Жазғы кешті елестетіп, сурет сал, өңгіме жаз.

ҚАЛМАҚАН ӘБДІҚАДЫРОВ

(1903–1964)

Қалмақан Әбдіқадыров 1903 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Сырдария ауылында дүниеге келген.

Қызылорда облысы Шиелі ауданына қарасты «Қарғалы» ауылында білім алатын зәулім мектеп үйі бар. Осынау мектепті азамат ақын, жазушы, аудармашы Қалмақан Әбдіқадыров өз қаржысына салдырған болатын. Өзі балалық шағында жоқшылық тақсиретін көп тартқан Қалмақан ендігі ұрпақ білім нәрімен еркін сусындасын деп, өз қаражатына осы мектепті салдырған еді.



Қалмақан – балаларды айрықша жақсы көретін балажанды жазушы. Ол бала өмірі мен мінезі шынайы көрініс тапқан бірсыпыра өлеңдер мен өңгімелер жинағын сыйға тартты. Соның ішінде «Өміртайдың ауылы», «Тапқыш», «Тәтті қауын», «Амантай», т. б. бар.

Жазушы Қ. Әбдіқадыров өлем әдебиетінің ең озық үлгісі «Мың бір түн» халық ертегісін тұңғыш рет қазақ тіліне аударып, жариялады.

Ал «Қажымұқан» хикаятында жазушы ағамыз французша күрестен дүние жүзінің чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасұлының өмірін, спорттағы жолын қызғылықты баяндап береді. Бұл хикаят көптеген шетел халықтары тілдеріне аударылды.

Қ. Әбдіқадыров 1964 жылы қайтыс болды.

ҚАЖЫМҰҚАН

Қар күреген бала

Ақпан-қаңтардың сақылдаған аязы. Қыламықтап қырау ұшқындап, барлық заттың сыртына мұздан сауыт кигізіп тұрды. Қызылжар қаласының орталық көшесіндегі бір қорада, үлкен сарайдың темір қақпасы кең ашылып, ішінен «ауппалаған» дауыс естіліп жатты. Бұл саудагер Иван Ногичтің қоймасы еді. Күзде сойылған малдың еті мен майы енді ішкі Ресейге жөнелтіліп, оны таситын 60 пар ат шана жұмсайтын кіреші бай Орлий Масликов кіресін алып еді. Отыз пұт май құйып қатырған кеспекті он адам жабылып, орнынан қозғалта алмай жатты. Сарай ішіндегі дауыс – солардың үні.

Қораны басқан қарды күреуге жалданған он алтыдағы жас бала сарайға қайта-қайта қарай берді.

– Ей, сенің әкеңнің аты кім? – деді бүрме қара тонды қойманың басқарушысы.

– Оны қайтесің?

– Сұраймын.

– Құда түсейін деп пе едің?... Айтатыныңды айта бер, – деді кішкене көзін сығырайта қараған бала.

– Сен онда неге қарайсың? Қарыңды күре де, тиісті тын-тебеніңді алып, құры. Бөгде нәрсеге бұрылып қараудың саған қанша керегі бар?

– Сен маған сонда не істеп жатқандарыңды түсіндірші?

– Тау көтеріп жатыр.

– Сонда, сарайға кірген тау көтерілмей жатыр ма?

– О-хо-хо! Мынаның сөзі отыз пұттан гөрі ауыр жатыр екен. Жібер сарайға көтерілмей жатқанның не екенін көрсін, – деді қақпа аузында тұрған саудагер.

– Ей, бар енді? Әне, мырза көрсін деп тұр.

– Көрсенің немені! – деп қар күреген бала есік алдында тұрғандарды қаға-маға сарайға кіріп келді. Басқаны бөрліктірген аяз, оған шыбынсыз жаз сияқты. Үстінде мақталы жырттық шапан, биялайын беліне қыстырып, бас киімін қолына ұстап, қимылдап жүрген кісілерге аңырая қарады. Тұрған орнынан жарты кездей ғана жерге әрең жылжыған кеспектің қасына жақындап, иығымен қағып, астындағы қалың тақтайды сықыр еткізді.

– Көтерілмейтін тауларың осы ма?!

– Саған жеп-жеңіл көрініп тұр ма?

– Әй, тәйір-ай. Соны да сөз тұрсыңдар-ау! Тау дегенге таңырқасам, бұл шелектей-ақ ыдыс қой. Он кісі жабылып, қаланы

«аушпалап» бастарыңа көтеріп жүргендерін осы ма? Өздерін шетке ысырылып, тиейтін шанаңды есік алдына әкеле беріңдер. Әй, әдемі тұлыптылар, қалбалақтап жүріп бір жерлерінді қақтырып аларсыңдар, кейін қаш!

– Мынаның сөзі қандай дөрекі?! Қожайындарға қалай түйеден түскендей сөйлейді! – десті мұртына мұз қатқан жұмысшылар.

Бала еңкейе беріп, кеспекті иығымен нығырақ тіреп, қағып жіберді. Астына салған ломдар мен қада ағаштар шатыр-күтір етіп, біріне-бірі қағысып, бастары шошандасты да, отыз пұт тоң май күйған кеспек екі-үш қаққанда, желге ұшқан ебелектей домаланып, сарайдың есігіне барып та қалды. Енді бір сәтте шой табан екі зауыт атын жеккен жүк шанаға кеспектің қалай барып түсіп қалғанын тұрғандардың көзі шалмай да қалды.

– Ей, мынауың не істеп жіберді?

– Не істегенін көрмей тұрмысың? Оның орнынан қозғай алмаған кеспекті шанаға апарып салып қойды...

– Неде болса, оның көтере алмағанды бір өзі көтере салды, жарайды! Міне, саған елу тиын, – деді май салған кеспектің қожасы.

– Жиырма тиынды мен берейін, – деді Масликов, кең барқыт шалбарының қалтасына баржиган семіз қолын сұғып жатып.

– Майлы бай, қанша қорбандасаң да, қолыңа бір сомдық сарышұнақ ілінбеді-ау, – деді екі бай бірін-бірі әзілмен қағытып.

– Сен, енді байыдың. Қар күрегеніңе тиын алма, – деді қораны күретіп жатқан қамбашы.

– Уәделескен он бес тиынды әкел. Мен бай кісі емеспін, сол маған тамақ болады. Жетпіс тиынды ауылдағы отырған әжеме жіберем, – деді, жалпақ қайың күрекпен шөмелеген қарды биік қорадан асыра лақтырып жатқан, беті бұрқыраған термен буланған бала.

– Орлий, сен мына қазақты қолыңа түсіріп ал. Кіретіңе мұндай адам керек қой. Ол реті келгенде жиырма кісінің жұмысын істейді. Жотасын қарашы, буыны қатпаған бала, шойыннан күйған алыптардың ескерткіші сияқты...

– Өзім де солай ойлап, жиырма тиын сыйлап тұрмын. Бірақ ол жиырма кісінің тамағын да ішеді ғой. Өзін айтқандай буыны қатпаған бала созыла беретін резеңке қанар сияқты болады.

– Немене, саған үсіген картоп пен есілдің сасыған шабағы жетпей ме? Бере бер астырып...

– Иә, оның да есебін табармын. Қысы-жазы құмырсқадай шұбыртып жүргізіп отырған кіреге мұндай күш керек. Әсіресе ұзақ сапарға таптырмайды.

Бала қарын күреп болып, тиынын алған соң, Масликов қойын дәптерін алып, балаға жымия қарап, әңгімеге кірісті:

– Бала, сен қайдан келдің, ө?.. Мен білем, сен Қызылжардікі емес. Қай болыс, қай ауылдікі?

– Ақмола облысы, Сарытерек болысы, Құрама ауылынан.

– Өкеңнің аты кім?

– Мұңайтпас Ернақов.

– Өз атың кім?

– Мұқан. Оны қайтесің?

– Сенімен тамыр болғым келіп тұр...

– Тамыр болып ат мінгізесің бе?

– Жарайды, мінгізейін. Сен маған жігіт боласың, дұрыс па?

– Болайын, айына не бересің?

– Мен саған бәрін берем. Тамақ менен болады. Сенің киімің жоқ, киім берем. Мына үлкен жігіттерге қандай айлық берсем, сондай айлық берем, – айың – бір сом сексен тиын.

– Ей, тамыр, оның аз ғой. Рас, мен жұмыс іздеп келдім. Өжем, әке-шешем бар. Кедей кісіміз. Ең болмаса менің тапқаным солардың қант-шай, нанына жететін болсын, аздап қосыңқыра.

– Менен басқа кісі саған сексен тиыннан артық бермейді. Мен сені аяп, үлкен жігіттерге беретін айлық беріп тұрмын. Оның үстіне мына алпамсадай денеңе, оны киіммен жабдықтауға, ішетін тамағына екі-үш жігітке беретін қаржым артық шығатынын білесің бе!

Бала ойланып тұрып-тұрып, келісім берді.

Келешектегі әлемдік балуан Қажымұқан Масликовқа осылай келіп жалшылыққа тұрды...

Жаяу сүйреген шана

Сағаттың тіліндей айналған күн өте берді. Мұқанның қарағайды қамыстай қаусатып, қолымен құлатқаны, талай ауыр жүкті жалғыз тиегені аңыз болып жүрді. Челябинск, Қазан, Уфа, Самараға бірнеше рет барып қайтты. Бойы өсіп, буыны қатай түсіп, он сегіздегі жігіт болды.

Қыс ортасы ауып, ақпанның ішінде үсті-үстіне төпеп қар жауып, Қызылжар айрықша суытты. Масликовтың үйіне отын да, шөп те шақ келмеді. Ауыр жұмыс қайда болса, Мұқанды сонда жұмсау әдетке айналды.

Айдың аяғына таман Ресейге кеткен көліктер келіп, қаладан жиырма шақырым жердегі шөпке, Мұқанның қасына төрт шана қосып, бес көлік жіберді.

Масликовтың үй ішіне Мұқанның ауыр мінезі, тіл алғыш тәртіптілігі қатты ұнаған еді. Ол қандай жұмыс тапсырылса да, орындап келуіне әбден сенді. Сондықтан:

– Митька (Масликовтар Мұқан деуді қиын көріп, «Митька» деп атап кеткен), мүмкіндігің болғанша шөпті тез жеткізуге тырыс. Басқаларға қарамай, шөбінді алдымен тиеп ал да, келе бер. Жолдан келген аттар тілін тістеп аш тұр, – деді қожасы.

– Жарайды, – деді тіл алғыш Мұқан.

Түн ортасы жүріп кеткен шөпшілер қар басқан соқпақпен жүру ауыр болып, аттарын болдыртып, өрен деп түсте шөпке жетті. Мұқан жақсы деген екі атты таңдап жексе де, ауыр жол аттарын болдыртып тастады. Аяз сорып, әлсіреп келген жігіттер төбе болып қар көмген шөпті көріп, үрейлері ұшты. Оның қарын аршу үшін бір күн айналу керек сияқты. Жолдастары қарды қай жағынан ашып, шөпті қалай тиеу керек екенін кеңесіп, әр түрлі тәсілдерін айтып, көп тұруға айналды.

– Сұлдеміз сүйретіліп шөбіне өзер жетіп едік, енді мұны аршып алу азабы шөппен бірге сүйегімізді шанаға салар, – деді тонып, жақ жүні үрпиген біреуі.

– Масликовтың бір сом сексен тиыны сол сүйегің үшін берілгенін шөптің басына келгенде білдің бе? – деді шақ денелі сары жігіт.

– Мұның өзін мына жерден ашу онай болар: үйінді қардың ойпаттау жері екен. Шөптің түбін ала шана сыйғандай етіп ойып алсақ, төбесін басқан қарды кейін көрерміз, – деп тағы біреуі үйілген шөпті айнала көріп жүрді.

Оған дәті шыдамаған Мұқан боран үріп, шөптің шеті көрініп тұрған бір бұрышына келді де, арасына бастырықты ырғап-ырғап сүңгітіп жіберіп, иығымен көтеріп тастады. Шөп-мөбімен үйілген қар жел аударған түндіктей төңкеріліп түсті.

– Ой, мынау не істеді өзі? – десті қалай ашып алудың амалын таппай тұрған жолдастары. Мұқан жауап қайырмады. Бастырықты тағы бір сұғып, екінші көтеріп тастағанда, үйілген шөптің жартысы ашылып қалды. Бір айыр шөпті аттарының алдына апарып салды да, аттарын доғарып, шанасын сүйретіп әкеліп, шөпті тией берді.

– Ей, сен не істеп жатырсың? Көмбе қарда атты қалай жекпексің, батып кетеді ғой, – десті жолдастары.

– Менің оны өлшеп, ой тауысуға уақытым жоқ. Қожайын айтты бітті, менің шөпті тез жеткізуім керек.

– Мына күрткік қар атты көтере алмайды деп тұрмыз ғой.

– Атты көтермесе, мені көтереді. Менің атқа шейін сүйреп баруға мұршам келеді ғой, – деп тұрмын.

Мұқан атын жегіп, жеті-сегіз шақырымдай шыққанда, қарсы алдынан боран соға бастады. Үйе тиелген шөпке қарсы соққан қарлы жел шөп арасын көтеріп, шананы өңменінен итергендей тіреп, аттың аяғын қия басқызбады. Аттардың жүргенінен тұрғаны көбейді. Күн батып, дүлей қараңғы түн басталды. Мұқан шананы сүйемелдеп аттарға көмектесті. Айыр шаншып артынан да итеріп көрді. Шекеден аққан тері өңіріне тамып, түйір-түйір мұз болып қатып жатты. Қалаға жеті шақырым қалғанда, бір ат аяғын басуға мұршасы келмей, төрт аяқтап тұрып қалды. Біза кернеген шөпші айырын шананың артынан шөпке көмейлете шаншып, үрінді қарға көміліп тұрған шананы итеріп кеп жібергенде, жүре алмай тұрған ортаға жеккен ат шананың жетегі сынып, бүктелген бойынша шананың астына шалқасынан түсті. Жанына жеккен ат қайырылып сыртқа шығып кетті. Мұқан шананы кейін итеріп, астындағы атты босатқанша, ол өліп кеткен еді. Шөпші біраз демін алып отырды да, өлген аттың қолдауынан божыны екі қабаттап өткізіп алып, кеудесін көтеріп, шөптің бастырығына байлады да, салбырап тұрған бөксесін иығына салып тұрып, шананың үстіне лақтырып жіберді. Бел көтергіш қайысты шанаға байлап, енді өзі қалған атқа пар болып, шөпті сүйреп қаланың шетіне шейін келді. Қалаға кірген соң, ол ат та аяғын басудан қалды. Оны шананың артына байлай салып, өзі жүкті сүйрей берді. Ел тұрып, қорасының айналасын күрей бастағанда, адам сүйреткен дәу шана шөп, бір атты үстіне салып, бір атты артына байлап, Масликовтың қорасына кірді. Бұл алып күштің кім екенін білу үшін Масликовтың қорасына келгенше топ-тобымен қала адамы шананың артынан ерген еді.

Төбедей болып шөп үйілген шана қораға атсыз кіргенде, Масликовтың үй іші, жалшы жігіттері үрейлене далаға шығысты.

– Ойбай, ат қайда?.. Иттің баласы! – деп жан даусы шықты байдың.

– Жоқ деген атың шананың үстінде, бір атың шөптің артында байлаулы, қожайын, далада қалған еш нәрсе жоқ, – деді бала. Қожайын өлген атты көріп:

– Шақырындар городовойды. Мына шошқаға ақт жасасын, – деді. Екі городовой келіп:

– Сүйрет шананы, шөп, атымен. Полицмейстерге алып барамыз, – деді.

Үсті-басы термен буланып, аппақ қырау басқан Мұқан үстіндегі өлген атымен шананы сүйретіп, полицмейстердің қорасына кетті...

Ұлы Петрдің қаласында

Татарша орама жағасы бар, мақталы ұзын шапан киген екеу келіп, тұманды аязда боз қырау басқан есіктің қоңырау тетігін басып тұрды.

– Сізге кім керек еді? – деді іштегі жіңішке әйел даусы.

– Дядя Иван Лебедев мырзаға кіретін едік, – деді сыртта тұрғандар.

– Сабыр етіңіз, рұқсатын алайын, – деп тағы бір есікті шырылдатып, әйелдің әрі кеткен аяқ дыбысы естілді.

Өлден уақытта есік ашылып:

– Кіріңіздер, – дегендей басын изеді орта жастағы әйел. Екі кісі әйелге еріп, қабырғасына айнала сурет салған кең бөлмеде жеке отырған кісіге келді. Қыстыгүні жалаңаш денесіне жадағай ала шапан киген кісі келген екеуді орнынан тұрып, есік алдынан қарсы алды. Оның ұсқыны да, мінезі де, сөйлеген сөзі де келушілерге бұрын кездескен адамдарынан өзгеше көрінді. Ол сырттан келгендердің қолдарын сыға ұстап, ақпен тысталған креслоларға отырғызды да:

– Қайдан келдіңіздер? – деді жуан саусақты қолымен қарнын қапсыра құшақтап тұрып.

– Қазан қаласынан келіп едік, мырза, – деп жауап қайтарды, асығыс сөйлейтін аласа бойлы қара кісі.

– Сауда қылып жүрсіндер ме? – деді басын кекшите.

– Жоқ, мырза, біз ол кәсіптің адамы емеспіз.

– Енді неге келдіңдер?

– Сіздің оқуыңызға бала әкелдім.

– Охо... Қазандағылар мұндай оқуға кісі жіберуді қашаннан бері ойланып жүр? Қандай сүйкімді сөз естіп отырмын, – деп орнынан тұрып, отырған екі қонағының алдына қарай жайлап басты.

– Қазандағылардың ойлайтын ойы көп екенін өмірдің өзі көрсетіп келеді. Біздің Петр қаласынан оқитынымыз көп. Мейіріміңізден үлес алсақ, әзірге бәрін әкеліп отырмыз.

– Мені тағы қуантқаныңды қарашы! Татар ма, ұлты кім?

– Дядя Иван әфәндім, бұл – кім де болса, сіздің мектептің заказымен туған адам. Еділдегі Добрый-Рабий деген қарт балуанды білесіз бе? Бұл – соның жіберген кісісі.

– Ә... оны неге білмеймін. Иван Васильевичті айтасыз ба? Мен оны білем. Неше рет хат жазып келтіре алмаған кісім ғой. Ол нағыз мұнда кісі жіберетін болды... Бұл орыс па?

– Бұл орыс та емес, татар да емес, қазақ.

– А, олай болса, Добриймен қандай байланысы бар мұның?

– Қандай байланысы барын сізге жазған хатында айтқан болар. Алдымен сіз мынаны оқыңыз, – деп аласа бойлы татар қойнынан сия қарындашты жалай отырып, ірі әріппен сойдита жазылған хатты қолына берді.

«Ұлы дәрежелі Дядя Иван Лебедев мырза! Қаншама хат арқылы шақырғаныңызға бара алмағаным үшін кешірім сұраймын. Сіз шын көңіліңізбен хат жазған едіңіз. Бара алмадым. Себебі, бұл күнде қаржысыз адам қанаты жоқ құс сияқты емес пе? Ол қайда бармақ?.. Сондықтан өзім сияқты – жолымды ұстайтын бір бала тауып алу арманым болып еді. Ол тілеуімді төңір берді, мына бір қазақтың баласын жіберіп отырмын. Мүмкін қадарынша, тілегімді қабыл етіп, мектебіңізге алуыңызды сұраймын.

...Баланың күші менен гөрі басым жатыр. Мұндай жасымда менің күшім бұл мөлшерде болған жоқ еді. Көп жылдар бойы ауыр жүк көтерумен, талай күштімін деген кісімен, азулы аңдармен күресе жүріп, кейде жығылып, кейде жығып жүріп Добрый-Рабый қосымша атым шығып еді. Менің белімді ұстаған оның жап-жас қолы, отыз төрт жыл ұстасқан қолдың бәрінен де салмақты тиді. ...Оны ұлы Ресейдің алып туған күші деп түсіндім. Сондықтан қорытылмаған құрышты сіздің мектепке жіберіп отырмын. Әлбетте, қартайғанда сіздің алдыңызға барған осы тілегім орындалар деген үмітім күшті», – деп жазыпты. Мұқанның алғашқы күреске алған «батасы» да осы хат-ты.

Қарт балуанның хатын креслода шалқая отырып оқыған кісі жалпақ қағазды бетіне ұстап, біраз ойланып отырды да, орнынан балаша секіріп тұрды. Есікке таяу креслоға отырған Мұқанға келіп, шабынған арыстандай шап беріп, ауыр денесінің салмағын сала екі иығымен басты. Оның не ойлағанына түсінбей, қаперсіз отырған жігіт: «Мұнысы несі?» дегендей орнынан атып тұрды. Ауыр креслоның арқалығы Дядя Иванның қарны мен Мұқанның жауырынының арасында қыстырылып, арқалаған шөптей қопаң ете қалды. Дядя Иван темірдей білегінің тегеурінін сала қайта отырғызбақ болды. Иығын нығырақ қозғаған Мұқан асылған кісі аунап-ақ кеткен шығар деп еді, жүктен секірген мысықтай, адым жер алдына барып дік ете қалды.

– Ей, мұнша тулағаның не? Өзің үркек екенсің ғой...

– Е, өзіндікі не?.. Жай отырған кісінің иығына мысықша секіріп...

– Мектепке түсетін кісіден емтихан алу керек.

– Ол не дегенің? Емтиханың не?

– Күшінді байқау.

– Күш байқаған кісі тышқан аулаған мысықтай, үндемей келіп

бас сала ма екен? Беліңе қайыс байла да, алдыма кел. Күшті сонан соң байқайсың.

Оның болбыратып қазақша араластырып, жуан дауыспен айтқан сөздерін қазандық татар жайлап түсіндірді. Дядя Иван балаша сақылдап күліп, өзінің қызмет үстеліне отырып, трубкасын толтыра салып, темекісін тартты.

– Мұның мектепке беретін ақшасын кім береді?

– Қанша төлеу керек еді, мырза!

– Жылына бір жүз елу сом.

– Мұның өзінен басқа, креслоға қосып сізді көтерген күшінен басқа еш нәрсесі жоқ. Келу қаражатын, біразға жететін тамағына деген ақшаны Қазандағы Каримов мырзаның типографиясының жұмысшылары жинап беріп еді. Мектепке деп те аздап ақша берген. Бірақ өзіңіз көріп отырсыз, бұған мендей сегіз кісінің тамағы керек. Оның жүз елу сомын сізге берсе, өзі аш қалады. Сондықтан бұған төлеу пұлын арзандатсаңыз қайтеді?

Дядя Иван аузындағы трубкасын жұлып алып, жерге бір түкіріп жіберіп, татарға майлы көзін қыса қарады.

– Сен Қазан базарынан шабата саудалап отырсың ба? Бұл мектепке қазына көк тиын бермейді. Осыған қызмет істейтін ондаған адамға мен топырақ берем бе? Бір жылдық ақшасын төлеу қажет, онсыз болмайды...

– Жарайды, мырза, жарайды. Ертең ақшасымен алып келейін.

– Өзің келмесең де болады. Мұны мен мектепке алам. Мұның бір аты – «Батрак-Акмолинский!..».

...Иә, Мұқан Дядя Иван мектебіне осылай түсті. Бұл мектептің мақсаты – орыс балуандарына французша күрестің әдісін үйрету еді.

...Хат танымайтын Мұқанға балуандық өнердің ең ауырларын үйренуге тура келді. Ең жеңілі – лом темірді мойнымен иіп, үш пұттық екі тасты екі қолымен жоғары көтеру. Ауырлары: он екі пұттық рельске жиырма бес адам мінгізіп, иығымен көтеру, төрт пұттық тасты кеудесіне қойып, балғамен ұрып уату, екі ат жеккен арбаны жетек қайысын білегіне іліп тоқтату, кеудесіне тақтай қойып, пар ат жеккен жүгі бар арбаны үстінен жүргізу, елу пұт жүгі бар арбаны тісімен тарту, французша күрестің алуан әдісін үйрену. Оның бәрін кішкенеде үйреніп, екі жыл ішінде шегіне жеткізу керек еді. Оған Мұқанның шыдамы жетпеді. Бойына біткен алып күшке жүктеп, уақытпен санаспады. Күні-түні үйренетін залдан шықпай, қара терге малынып, жаттыға берді...

Дядя Иван күзетшіні ертіп, мектеп зальна келгенде, терге мал-шынған Мұқан заттарды орнына жинап, терін шүберекпен сүртіп

түр екен. Ерінбей еңбек істеп, өз өнерін үйреніп жатқан оқушыға Дядя Иван ұрса алмады. Тек:

– Мұңайтпасов, мұның қалай, мейрамда неге демалмайсың? – деді. Мұқан сәлемін беріп:

– Ағын су көлге құймай дамылдай ма, мырзам. Мен сіздің мектепті бітірмей, мейрамды қайтем. Жылда жүз елу сом төлейтін менің ақшам қайда? Екі жыл деп жүрем бе сол, Дубный биыл бітірем дейді, мен сонан қалмай үйреніп шығам, – деді ендіге отырып шаршаған кейіппен.

Дядя Иван оның тершіген қоңыр жүзіне аса бір мейіріммен тесіле қарады. Дубный Мұқанмен жасы қатар, кемеге жүк тиеуші болып жүрген жерінен, айрықша күштілігі көзге түсіп, шақыртып алынған жігіт еді. Ол Мұқанға достық көмегін аяусыз көрсетті. Бұрын цирктерде біраз болып, тәжірибе алған Дубный, кесек күшті құрбысын өзіне серік етіп шығаруға ынтықты. Үйреніп жүрген өнерінің тетігі мен негізгі мақсатын салауатты ақыл иесі Дубный даладан барған Мұқанға түсіндіре берді...

Соңғы кезде Мұқанның балғын денесі болаттай шыңдалып, күші күннен-күнге толыға түсіп еді. Дубныйдан жығылуы да қиындап бара жатты. Ең кейінгі күресі бір сағатқа созылып жығыса алмай, айрылысып кетті.

– Бұл мені жығады. Білмей жүрген бір әдісі бар еді, оны үйренді. Енді Иван біреу емес – екеу. Бұл жаратылыста жеке болмасын деп, мен үшін арнап жаратқан серігім, – деді Дубный.

– Онда мұның аты «Черный Иван» болсын. Біз мұнан былай солай атайық, – десті серіктері.

Арманына жетуге жақындағанын сезіп, Мұқан біраз сергігендей болды. Ұлы Ресейдің қазақ балуаны мектепке түскеніне бес ай толып, алтыншы айға аяқ басты.

* * *

«Тәжірибе» жұмысына дайындалуға мектеп дирекциясы бұйрық берді. Балуандар әр қалаға бөлініп, тізім жасалды.

Алтыншы айдың аяғына таман мектеп сарайына көп адам жиналды. Дядя Иван ойынды өзі басқарып, онаша бөлмеде балуандарды сапқа тұрғызып, бірінші орынға Дубныйды қойды да, екінші етіп Мұқанды тұрғызды. Күрестің төрт балуаны алпамсадай тізіліп, спорт залына кірді. Мұқан мектепке түскенде, дала жайылымының көбең жылқысындай денесінің олпы-солпысы көп еді. Оқудағы алты ай жаратқан аттай сұлулап, сымға тартқан күмістей түзеп жіберді. Іші тартылып, арыстандай кең кеуде керіліп, мойны жуан-

дап, қақпақтай жауырыны көзге түсіп, білектің бұлшық еттері төңіз бетінің бұйрат толқынындай білемделіп тұратын болды.

Балуандарды келген кісілердің алдына қатар қойып:

– Жас балуанның жиырма төрті мектептің биылғы бағдарламасын бітіріп, тәжірибе жұмысына шыққалы отыр. Бірінші – Дубный, – деді Дядя Иван. Қолдар шарт-шұрт соғылды. Балуан бір қадам ілгері шығып, басын иді.

– Екінші – Мұңайтпасов Мұқан.

Қолдар соғыла бастап еді, сағатының бауы салбыраған жуан қарынды біреудің:

– Фамилиясы қалай? – деген даусымен соғылған қол бөлініп кетті.

– Мұңайтпасов, – деп Дядя Иван қайталады.

– Қай ұлт? – деді сөйлеген кісі зілдене.

– Қазақ.

– Қайдан келіп қалған?... Кім жіберген?..

– Самара балуаны Иван Васильевичтің жіберген кісісі.

– Оның екінші орында тұруы қалай?

– Күш орны солай, мырза.

– Ғажап екен! – деді даусын бәсеңдете түсіп.

Келген кісілер – еркек, әйелдері болып өздері әлденелер айтты, сөйлесіп кетті. Мұқан қозғалмай, орнында тұра берді.

– Ортаға шықсын! – деген дауыс көбейді. Ортада тұрған Дядя Иван қолымен нұсқап, Мұқанды ортаға шақырды. Кеудесін кере, кердеңдей басып, балуан ортаға шықты. Әлі толып жетпеген жас жігіттің денесі көпшілікке ұнады. Қол соғу ұзаққа созылып, бір жас қыз қолындағы гүлін әкеп берді. Мұқан гүлді Дядя Иванға ұстатты да, өзі орнына барып тұрды.

Балуандарды түгел таныстырып болған соң, ойындарын бастады, бұл жолы Мұқанның үлесіне тигені – релсті ию мен жиырма бес адам мінген арбаны жиырма бес метр жерге тісімен тартып апару өнерін көрсету еді. Ол ойдағыдай орындалды.

Парижде

Эстония, Латвия, Австро-Венгрия, Польша, Швейцарияны аралап, талай күресті көрген Мұқан әбден шынығып, жауырыны жерге тимеген атақты балуан болды... Жасы отыздан асып, «енді елге қайтпасам болмас» деп жүргенде, Дубный Ригадан бір топ балуанмен келді. Оны көргенде, туысқанын көргендей қуанатын әдегі еді, екеуі сайрандап, әңгімелерін соқты.

– Мұқан, енді ұзамай Парижге жүреміз. Онда жер жүзінің атакты балуандары түгел қатысатын болыпты... Солармен күресіп, күшіміздің дүниежүзілік мөлшерін көреміз, – деді. Кездесе алмай жүрген балуандардың атын естіп, Мұқан қатты қуанды. Сағынған елді де ұмытып, жүретін күнді асыға күтті.

...Балуандар Париж халқына неше алуан күштің кереметін көрсетті.

Аузын арандай ашып, ырылдаған арыстанды аяғынан ұстап, лақтырып жібергендері болды. Үйдей үлкен өгізбен сүзісіп, ұлыған иттей шонқайтып отырғызып кетті.

Екі пұттық кір тастың бесеуін шар қылып ойнатқан балуан болды.

Білектей темірді мойнымен, лом темірді тісімен майыстырды. Екі білегімен екі атты қозғалтпай қойғаны да болды. Созған қолына төрт адам мінгізіп, цирктің шеңберін айналғандар болды.

Төбесінен тұрып, аяғының үстінде алты адам ойнатқаны болды. Екі пұт тасты кеудесіне қойып, жарты пұттық балғамен ұрып сындыртты бір балуан.

Үндістан балуаны өз мырзасын үй ішімен, жайылған дастарқан, құюлы шарабымен дөңгелек тақтайға отырғызып, төбесімен көтеріп келді.

Африка балуаны отыз пұттық пілді иығына тұрғызған бойы көпшілік алдынан өтті. Тағы толып жатқан күш өнерін көрсетушілерді Париж халқы қошеметтеп қарсы алды...

– Ертең Ресей балуандарының өнерін көресіздер, – деді цирк басқарушысы. Соғылған қол Парижді жаңғырықтырды...

...Цирк ашылғанда, орталық шеңбердің алаңында басқа балуандардың дайындатып қоятын ойын құралдары көрінбеді. Алаңның жартысынан көбісін басып дөңгелек қалың тақтай жатты. Осыдан басқа цирк алаңында көз тартар ешбір зат жоқ еді...

– Орыс балуандарының күш көрсететін ойыны басталды, – деді цирк басқарушысы.

Елендеген ел цирктің қосалқы есігіне қарасты. Он сегіз пұттық рельске жиырма бес қызметші адамын мінгізіп, денесінің бұлшық еттері білеуленіп біреу шықты. Жайлап керіп басқан аяғынан иығында ауырлық әсері білінбейді, бейне бір мереке маршында басып келе жатқан әскердің адымы сияқтанады. Жан-жағына таңдана қараған ол ортаға келіп тұрған кезде:

– Шығыс Еуропаның үздік атағын алған орыс балуаны Дубный, – дегенде, алдыңғы қатарда отырғандардың үрейі ұшып кеткендей болды. Ал қалың көпшіліктің дүбірі циркті жарып жібергендей.

Балуан цирк алаңын бір айналып, ортаға тұрды да, отырған елден тағы бірнеше кісі шақырып, рельстің екі басын бастырды. Қырық кісінің салмағы рельсті иіп, жерге тигізді. Соншалық салмақты көтерген орыс балуанының шоқтығы Париж циркінің түндігін түріп ашқандай болды.

...Оның артынан бес пұттық екі кір тасты шынашағына іліп келген балуанды:

– Бұл – сахалиндік Иван-Корень, – деді цирк басқарушысы.

...Басында айыр қалпағы бар, үстіне ала жібек шапан киіп, жалпылдақ жүнді айыр өркешті атанға мінген біреу шықты. Бұл көрініс Европа еліне Шыңғысхан тіріліп қайта келгендей болды. Балалар шуылдап, үлкендердің ұрған шапалағы оның аты-жөнін атауға да мұрша бермеді. Орындарынан тұрып, бірінің иығына бірі асылып қарап, цирктің іші дауыл соққандай болды. Балуанның оларда жұмысы болмады. Түйеден түсе қалып, оның алдыңғы екі аяғын балтырымен қағып жіберіп:

– Шөк! – деді. Иығынан қапсыра ұстап, тұқырта басқан күдіретті қол атанды «мыңқ» дегізіп шөгеріп тастады. Жүндес сирақтарының бүктесініне қайысты іліп жіберіп, бауырына салған мықты қайыстан ұстап, түйені өз иығына қағып салды да, оны көтерген бойымен цирктен қайта шығып кетті. Көзін қадап, анталап тұрған жұрт қалай көтеріп өкеткенін де білмей қалды. Балуанды қайта шақырған көпшіліктің үні цирктің ішін жаңғыртып жіберді.

– Қайда әлгі алып, шақыршы өзін, анықтап көрейік! – деген дауыстар шығып жатыр.

Қайта көруге асығып, есікке үңілген ел балуанның ақ қалпағы көріне бергенде-ақ қолдарын соғып, цирктің ішін барабанның шаңағындай гүрілдетті.

Цирктің үгінді төсеген орталық алаңына салған тақтайды жерге сүйемдей батыра, арбаны тісімен тартқан алып ортаға келіп тұра қалды. Арбаға жабылған ақ жабудың төрт жағына бірдей етіп төрт тілде қарамен жазылған: «Жетпіс бес пұт» деген жазу көрініп тұр.

– Шығыс Европаның үздік атағын алған Ресей балуаны Мұқан Мұңайтпасов! – деді басқарушы.

...Лом темірді бұрап, галстук ету Мұқанның жеңіл өнерінің бірі еді. Оны жұрт көрді. Кенет музыка долдана тартылды. Жатқан сандық тасты төрт кісі өздер көтеріп келіп, Мұқанның кенеп қап төселген кеудесіне қойды.

– Кәне, кім ұрып сындыра алады осы тасты? – деген сұрау қойылды көпшілікке.

– Мен ұрамын, – деген біраз адам екі пұт балғаның сабын ұстап, басын көтере алмай, тастай берді. Көзі жымыып, екі алақанымен тастың екі шетін ептеп көтеріп балуан жатыр. Жалаңаш кеудесіне қойылған сегіз пұт тасты сындыру да көп адамға оңай емес еді.

– Мен көрейін, – деп Индияның Рига-Рибер деген балуаны балғаның сабын ұстады. Тасты бір ұрғанда сындыру шарт еді. Көрі бүркіттей тұмсығы оралған алып индус балғаны құлашын кере көтерді. Ол сонау арыстанның кеудесіндей көрініп жатқан түксіз денеге гүрс ете қалмақшы. Нажағайы жарылмай түйілген бұлттай булығып, музыка үнін өшіре қалды. Мыңдаған көздер көтерілген балғаға қадалды. Қауіпті көрініске көз тоқтата алмай, бетін бүйіріне қарай бұрған сан адам болды. Тынған музыка жарылған бомбадай шаңқ етті. Шойын балға тиген тасты алақанымен атып жіберіп, балуан орнынан ұшып тұрды...

– Ертең күрес басталады, – деді цирк басқарушысы тарағалы орнынан тұрған көпшілікке. Париждегі халықтың сол күнгі әңгімесі орыс балуандарының теңдессіз күші болды.



Қызылжар – қазіргі Петропавл кіресін алу – ат-көлігін жалдама жұмысқа беру
пұт – 16 килограмға тең
кеспек – жуандау келген ағаш
кіре – жалдамалы күш көлігі
городовой – қала бастығы
полицейстер – полиция бастығы
шабата – талдың қабығынан тоқылған аяқ киім



1. Қажымұқан жайында не білесің, есіңе түсір.
2. Мұқанның балалық шағы қайда, қандай жағдайда өтті?
3. Отыз пұт май қатырған кеспекті бала шанаға қалай салды?
4. Мұқан бір шана шөпті бай үйіне қалай жеткізді? Бай бұны қалай бағалады? Ал сен не дер едің?
5. Мұқанның ерекше күшін байқап, оған достық көмекке келгендер кімдер? Лебедевке жазған Добрый-Рабый хатынан не ұқтың?
6. Лебедев мектебі Мұқанға нелерді үйретті? Әсіресе кімнің қандай көмегін ерекше атай аласың?
7. Париж қаласында Ресейден келген балуандар қандай өнер көрсетті? Отан даңқын, абыройын арттыруға Мұқан қандай үлес қосты?
8. Мұқанның сыртқы түрін, мінез-құлқын суреттейтін тұстарды шығарманың әр тұсынан іріктеп алып, балуанның өсу жолына жоспар жасап, жазба түрде мінездеме бер.
9. «Шана сүйреген Мұқан» деген көріністі жазып, әңгімелеп бер.
10. Қазақтың ата-анаға мейірімді болу өнегесі шығармада қалай берілген? Мұқан бойынан тағы қандай үлгілі қасиеттер көрінеді?
11. Бүгінгі күні Тәуелсіз Қазақстанның атын шығарып жүрген спорт сандақтарын ата.

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ

(1911–1954)

Қасым Аманжолов 1911 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы топырағында дүниеге келген. Ол жастайынан өлең шығарып, ән салып, домбырада, скрипкада, күйсандықта жақсы ойнаған.

Ақын Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыста оққа ұшқан қазақ ақыны Абдолла Жұмағалиев туралы «Абдолла» дастаны, «Орамал», «Дариға», «Туған жер» әндері, «Өзім туралы», т. б. жырлары қалың қазақтың рухани мұрасына айналды.



Қасыммын, сол баяғы бір Қасыммын,
Бақытын ойламайтын құр басымның,
Тымырсық, түнек болсаң – дұшпаныңмын,
Ақ көңіл, адал болсаң – сырласыңмын, –

деп өз бағасын өзі өлеңмен айтып, өзіне-өзі мінездеме беріп кеткен ақын.

Күніне жүз ойланып, мың толғанам,
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп, –

өзі жазғандай, Қасым өлеңдері өлмек емес.

Дауыл

Ышқына соққан дауылға
Құмартушы ем жасымда.
Нәсерлеп құйған жауында
Қызығушы ем жасынға.

Жүгіруші ем жарысып,
Сарыарқаның желімен.
Ойнаушы еді алысып,
Соққан дауыл менімен...

«Дауыл! Дауыл!» дегенге,
Шықтық үйден дүркіреп,
Аспан тұрды төбемде
Аласұрып, күркіреп.

Дүние сол кез дірілдеп,
Келе жатты бір дауыл.
Түндіктері желпілдеп,
Күтіп тұрды жарлы ауыл.

Шыр айналды шаңырақ,
Сықырлады сырғауыл,
Бұрқырады бар аймақ,
Соқты ышқына көк дауыл.

Көшті дауыл керуені,
Ілестім де мен кеттім.
Көк дауылдай кеуделі
Жігіт болдым, ер жеттім.

Мен дауылдың ұлымын,
Тұра алмаймын дауылсыз.
Қарсы алуға дайынмын,
Соқса да дауыл дамылсыз.



дауыл – жауын-шашынды кезде қатты ұйытқып, құтырына соғатын жел

сырғауыл – жіншкелеу келген ұзын ағаш

керуен – көш



1. Өлеңді мәнерлеп оқып шығып, мазмұнына мән бер.
2. Табиғаттың тылсым – күші дауылға көңіл аударар отырып, оған мінездеме беріп көр.
3. Ақынның дауылды суреттеуде өзінің көңіл күйімен («Ойнаушы еді алысып, Соққан дауыл менімен», «Құмартушы ем жасымда», «Қызығушы ем жасынға», «Мен дауылдың ұлымын, Тұра алмаймын дауылсыз») астастыра жырлауына ден қой.
4. Мәтіннің ұйқас түрін, буын өлшемін анықтап, айтып бер.
5. Өлеңді жаттап ал.

ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ

(1920–1988)



Жұбан Молдағалиев 1920 жылы Батыс Қазақстан облысындағы Сайқұдық деген жерде туған. Мектептен кейін Орал ауыл шаруашылығы техникумында оқыған. 1940–1947 жылға дейін әскер қатарында болып, Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатысқан. Әскерден оралғаннан кейін түрлі қызмет атқара жүріп, шығармашылықпен айналысты. Адуынды жырларымен ұлттық әдебиет әлемінде тез танылды.

Жұбан Молдағалиев – өзінің атақты «Мен қазақпын» деп аталатын поэмасымен қазақ әдебиетінің ірі тұлғасына айналған, отансүйгіштік жырларымен халық жүрегінен орын тепкен ақын.

Ар-ұят туралы

I

– Ол ұят, – деді сол қазақ қарт, –
Өлсең де, ожданнан безінбе!..
Жас жігіт күлді оны мазақтап:
– Ұятың нан болса, езіп же.

– Жеп келем, жеп келем туғалы!
Адам боп жүргенім сондықтан, –
Деп қария тепсініп тулады,
Өттең, тек жігіт жоқ оны ұққан.

– Мен емес ұят деп өлетін, –
Деді сол, айтысты тұжырып.
Қарт та жоқ оп-оңай көнетін,
Жыққандай сөзі оны жүз ұрып.

– Сен де бір өліктің ендеше,
Тірі боп жүрсең де санақта.
Адам ол өледі мен десе
Ұяттан айрылған сағатта...

Бұл сөзді естідім атүсті,
Білмеймін сыры не, кім олар.
Қарт неге айтысқа қатысты?
Жігітте қаншама кінә бар?

Әйтеуір шал сөзі жөн еді,
Ақ атта дегені ағат па?
Иә, адам тірілей өледі
Ұяттан айрылған сағатта.

Ұят та – зор парыз, зор сүндет,
Секілді биіктік қиялы.
Бөбегі ғұмырлы болсын деп,
Ата-ана құлаққа құяды.

«Ұят» деп жұбатты жыласақ,
«Ұят» деп тоқтатты шуласақ.

Тіл қатпай тістендік құласақ,
Сол сөзден тыншыдық, туласақ.

Ашығып, арды асқа сатпадық,
Асығып, жолдастан безбедік.
Ерініп еңбексіз жатпадық,
Ерігіп, есерлік кезбедік.

Ұят ол тірлікпен бір келді,
Ұятты ұққан соң тіл шықты.
«Ұят» деп төніміз бүркелді,
Ұяттан жанымыз түршікті.

Күштілер күшінен ұялды,
Ерен ер еркінен қысылды.
Ұлылар кішіден ұялды,
Сұлулар көркінен қысылды.

Ұятпен адамдық өлшенді,
Ұятпен надандық өлшенді,
Ұятпен адалдық өлшенді,
Ұятпен арамдық өлшенді.

«Ажалдан әркім-ақ бір өлер,
Ұяттан бір емес, күнде өлер.
Ұят ол – өлімнен күшті» деп,
Ұятқа ежелден түнеді ел.

Осылай болды да, болады.
Кеше де, бүгін де – әр кезде.
Осылай болды да, болады
Адамда адамдық бар кезде.

Ұятсыз кісіде ар да жоқ,
Көнеді қорлыққа, жалаға.
Арлыда арыз да, зар да жоқ,
Арынан жаны да садаға.

Қояндар қамыстан өліпті,
Батырлар намыстан өліпті.
Қорқақтар құлдыққа көніпті,
Батылдар дауыл боп төніпті.

Жер бетін орман боп жапқандай
Найзалар, сырықтар сыныпты.
Ер салар жауырсыз ат қалмай,
Терлікті көрпедей сырыпты.

Ар үшін ақындар мертiкті,
Жырларын боздатып ботадай.
Жан-төнін ажалға ер тiкті,
Өлмен деп ел жауын отамай.

Күресте жықпасақ, арландық,
Арландық атымыз озбаса.
Талантқа қайдағы тарландық,
Айтыста арқасы қозбаса!

Өлгендер өлсін тек ажалдан,
Өлмесін тірілей ұяттан.
Ар-ұят – кісілік, ажар, нан,
Табиғат-ананың сыйы артқан...



ождан – ар, намыс сөздерінің баламасы
зор парыз – үлкен жауапкершілік
ғұмырлы болу – жасы ұзақ болу
кұлаққа құю – кішкентайынан айта беру
тулау – бой бермеу
адамдық – адамгершілік



Ж. Молдағалиев орыс әдебиетінен көптеген аудармалар жасап, сын мақалалар жазған. Ақынның шығармалары орыс, ағылшын, неміс, француз, испан, поляк, венгр, араб, монғол, т. б. тілдерге аударылған. **Ж.** Молдағалиев КСРО Мемлекеттік сыйлығының, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері.



1. Өленді мөнерлеп оқы.
2. Өленді тұтас оқып шығып, не туралы жазылғанын өз сөзіңмен өнгімелеп бер.
3. Өленде композициясына орай: а) кіріспесі (шал мен жігіт шатағы); ә) ар-ұят туралы; б) қорытынды деп жоспар жаса.
4. Өздеріңе ұнаған шумақтарды теріп жазып, жаттап ал.
5. Өлендегі айтылған ой-пікірлерді өз көзқарасыңмен толықтыр.
6. Ұят туралы өзіңнің ойың қандай?



Ар, ұят туралы мақал-мәтелдер тауып жаз. Сыныпта оқып, өзің жазып келген мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп бер.

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ

(1922–1993)



Сырбай Мәуленов 1922 жылы Қостанай облысының Жангелдин ауданында туған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Көптеген жыр кітаптарының авторы.

Сырбай Мәуленовтің өлеңдерінде өмір салтанаты, адамдардың сыр-сипаты әсерлі, тартымды суреттеледі. Өлеңдері бейнелі сөздермен, дәл табылған теңеулермен, ойлы түйіндермен бірден-ақ назар аударып, көңілге ұялай кетеді. Ақын қарапайым, елеусіз жайлардың өзін әр қырынан құбылта, ойната көрсетіп, болмыстың бойына қан жүгіртіп, өзгеше қимыл-қозғалысқа түсіруге шебер.

Сырбай лирикасының ірі саласының бірі – табиғат лирикасы. Ақын туған еліміздің көрікті мекендерін, табиғат суреттерін тамсана жырлайды. Көрген-білгендер, жол әсерлері өлең жолдары болып көз алдымызға тұра қалады.

Менің Республикам

Тауды көрсең күн көзімен таласқан,
Аспан көрсең Ай мен Күнге жол ашқан,
Менің байтақ Республикам таулары,
Менің көгім – мөлдіреген сол аспан.

Дала көрсең көкжиекпен ұштасқан,
Көлді көрсең секілді бір түскі аспан,
Менің байтақ Республикам даласы,
Менің көлім теңізбен қол ұстасқан.

Қызыл бұлттай көрсең қырдың гүлдерін,
Көрсең ашық Алатаудың күндерін,
Жерінде гүл, көгінде күн бір жүзген
Ұлан-байтақ Республикам бұл менің.



Ұлан-байтақ – кең-байтақ

Ай мен Күнге жол ашқан – аспан айдың, күннің еркін жүретін жолы, поэтикалық қолданыс болып табылады. Отан да солай адамдарға жол ашқан деген ұғымға жақын

көкжиек – аспан мен жердің қиылысу сызығы

түскі аспан – ашық аспан деген ұғымда



С. Мәуленовтің «Менің Республикам» өлеңі жалпы туған елге деген сүйіспеншілік сезімді адам бойында орнықтырады. Ақын бұл мәңгілік өшпес сезімді тау, аспан, Ай, Күн, көл, теңіз, жыл сайын көктемде жаңарып отыратын дүние (гүл) сияқты мәңгілік құбылыстарды суреттеу арқылы жеткізеді. Бұл – **метафора**. Метафора көркемдеуіш құрал ретінде өлеңнің идеясын білдіріп тұр. Өйткені ақын қолданған көркемдеуіш сөздер – мәңгі құбылыстар. Демек туған ел де, оған деген сүйіспеншілік те мәңгі деген қорытынды туады.



Пафос – өлеңнің жоғары өршіл рухы. Автор ойының аса қуаттылығы, көңіл күйінің көтеріңкі берілуі. Мысалы, С. Мәуленовтің «Менің Республикам» өлеңі жоғары пафоста жазылған. Онда өршіл рух, қуатты ой көтеріңкі леппен оқылуы шарт.



1. Өлеңнің он бір буынды екенін, оның қара өлең ұйқасына құрылғанын айқында.
2. Өлеңдегі әрбір көрініс пен сурет оның негізгі түйіні – Республика үшін мақтаныш сезімін тудырып тұрған деталь екенін түсініп ал.
3. Қазақстан Республикасының Әнұранының мәтінін еске түсіріп, жатқа айт.
4. Қазақстан Республикасының Әнұраны мен С. Мәуленовтың «Менің Республикам» өлеңінің ортақ пафосын көрсет.
5. Өлеңде тау, Күн, Ай, аспан, көк, дала, көк теңіз қандай ұғымда қолданылғанын айт.
6. «Менің көгім – мөлдіреген сол аспан» деп ақын бейбіт өмірді айтып тұрғанын өз сөзінмен түсіндір.
7. «Аспан көрсен Ай мен Күнге жол ашқан» деп ақын қандай ойды суреттеген?
8. Өлеңді жаттап ал.



«Менің Республикам» сияқты отансүйгіштік идеясын білдіретін өзге ақындардың өлеңдерін тауып, мәнерлеп оқы.

ҚУАНДЫҚ ШАҢҒЫТБАЕВ

(1925–2001)

Қуандық Шаңғытбаев Ақтөбе облысы Қарабұлақ ауданында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. Өмір жолында ұстаздық жолдан өткен. Ол А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасын, Омар Һайям рубаиларын ана тілімізге аударды. Әйгілі драмалық комедия «Беу, қыздар-ай» пьесасын жазған.



Сабалақ

Анырақайда айқас, айқас, қаржасу,
Аспан асты алай-түлей шаң да шу,
Шабу, шаншу, ат үстінен жармасу,
Жатыр қызып кек пен ыза, қанды ашу.

Қасарысты қазақ, қалмақ, алысты,
Шабысты да, сайысты да, қағысты,
Талай тарлан ер-тоқымын сүйретіп,
Сынды сүңгі, талай қылыш майысты.

Шаңға бөкті сала, дала, тау үсті,
Талай боздақ ат жалына жабысты.
Көз қарықты, таудай кепті, қар талды,
Тұлпарлардың тірсектері шалысты.

Көкке білеп желкілдеген байрағын,
Баса берді қалмақ жақтың айбары.
Сиреп қалған серіктерден сескеніп,
Әбілмәмбет бас бармағын шайнады.

«Ата нәкес, жықты ма жау туымды»,
Деп ызаға Әбілмәмбет буынды.
«Ала кетем жастығымды мен де» деп,
Қынабынан алдаспанын суырды.

Қалды кенет жүзі жайнап жадырай,
Демін тартып дей берді тек: «А, құдай!»
Бір бүйірден қол келеді құйғытып,
Ұран салып: «Абылай да Абылай!»

Қыран қанат қас қабағы түйілген,
Жеңіл ғана шидем шапан киінген,
Келе жатыр қол басында бір жігіт
Қаршығадай тас қомданып шүйілген.

Сарбаздар да ер қасына құнысқан,
Жалақтайды қыннан шыққан қылыштар,
Қолтығына сүңгілерін қысып ап,
Сол бойынша кетті кірші ұрысқа.

Шаң-шұң қылыш, жатыр көбі кетіліп,
Омақаса түскен жандар өкіріп,
Тіреседі найзаларын емініп,
Сіреседі аттар көкке секіріп.

Сардар да жүр қара мұрты қияқты,
Көктен аққан жарық жұлдыз сияқты.
Ойқастайды ортасында ойраттың,
Баудай қағып ояқты да бұяқты.

Қыза берді түздің дүлей бүлігі,
Таралғылар қара терге шіріді,
Солқылдайды майдан жайдың күдірі,
Басылмайды ат пен айқас дүбірі.

Бесін ауа тынды долы дода да.
Жау жеңілді жебеп-жасқап жер-ана.
Ат ойнатып ордаға қол оралды,
Қақ төрінде хан отырған обаға.

Бәрі тыныш – түзде дүзгін, долана.
Көз ұшында жатыр көлбеп көл-ана.
Мелшиеді күз-жартастар беткейде,
Өлік тосып ескі, мылқау молалар.

Төбеде хан көп ескеріп құдайды,
Қуанғаннан көзін жасқа бұлайды.
– Тосқауылдан тосын тиген қайсың? – деп,
Жан-жағына қарап жұрттан сұрайды.

– Кім? – дейді хан, тағы айнала қарап ап,
Ақ сақалын саусағымен салалап.
– Мен, – деді бір жігіт сонда жақындап.
– Атыңды айтшы. – Атым, тақсыр, «Сабалақ».

Белгілі ғой айтпасам да ар жағын:
Сол Сабалақ – Абылай Ата тарланың.
Абылай тағы туа ма деп қазақтан,
Тосып келем, сол – ендігі арманым.



Анырақай – жердің аты
сарбаздар – әскер
омақаса – құлаудың бір түрі

дүбірі – шуы, дыбысы
түзде – далада



1. Өлеңді байыппен, әр жолына зер сала оқып шық.
2. Өлеңді ой ағымы мен мазмұнына қарай қандай-қандай бөлімдерге бөлуге болатынын ойластыр. Әр бөлімге лайық тақырып таңда.
3. Аңырақайдағы қазақ-қалмақ соғысының алғашқы сәтін ақын қалай суреттейді? Өлең жолдарынан мысал келтіре отырып айтып бер.
4. Сарбаздар қатары сиреп қалғанын аңғарған сол кездегі қазақ ханы Әбілмәмбет қандай күйге түсті, нендей шешімге келді?
5. Қалмақтарға тосыннан тиген қазақ жауынгерлерінің майдан даласындағы ерен ерліктерінің өлеңдегі көрінісін мәтіннен оқып бер.
6. Сабалақ кім? Ол жайында не білесің? Өлең мазмұнына сүйене отырып, Сабалаққа мінездеме бер.
7. Әйгілі Абылай ханның (1711–1781) өмірі мен ерлік істері, ел басқарудағы сарабал саясаты, дипломатиялық білгірлігі туралы не білесің, мұғалімнің көмегімен есіңе түсір.
8. Өлеңдегі бас қаһарманның қазақ елінің тарихындағы біртуар ерлердің бірегейі екеніне ерекше көңіл бөл.

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

(1931–1976)



Мұқағали Мақатаев 1931 жылы Алматы облысы Райымбек ауданына қарасты Қарасаз ауылында дүниеге келген. Ақынның балалық шағы Ұлы Отан соғысына тұспа-тұс келді. Мұқағали 10 жасынан бастап соғысқа кеткен әкесін сағынып өлеңдер жазған. Мұқағали үшін өлең жазудан артық бақыт болмаған. Ол өлең боп өмір сүрді, өлең боп өмірден өтті.

Артына мол мұра қалдырған Мұқағали:

Нұр жауып тұрған көктемде,
Гүл тере барсаң бөктерге,
Қоңыраулатқан аспанды
Найзағай шаншып өткенде
Есіңе мені алғайсың, –

деп өсиет етті...

Фантазия

Жеті қат жерің мына төңкерілген,
Жеті қат аспанменен көмкерілген.
Адамзат оның бәрін ерте білген,
Ертегіде табысқан ертеңімен,
Ғаламаттар туылған ертегіден.

Ғаламаттар жасалған ертегіден,
Ертегілер қиялдан ерте жүрген.
Ғаламдық ақиқатты бұл адамзат,
Галилей, Коперниктен ерте білген.

Барлығын да адамзат қиялдаған,
Қиялдап жер бетіне сыя алмаған.
Ойлап-ойлап, отырып кілемімен
Аспанға ұшудан да ұялмаған.

Қиялдап, менің дана, байғұс бабам,
Алайда, атқа мініп, Айға ұшпаған.
Бабамның қиялымен қанаттанып,
Бүгін мен Айға қонып, жайды ұстағам.



жеті қат жер – жеті қабат жер деген түсінік

ғаламат – кереметтер, жаңалықтар

ақиқат – шындық

қанаттанып – шабыттанып

жайды ұстау – аспандағы найзағайды ұстау

Галилей, Коперник – жер мен жұлдыздарды зерттеген Еуропа ғалымдары



1. Өлеңді мәнерлеп оқы.

2. Ақын ертегідегі қиял мен бүгінгі шындықты қалай байланыстырған?

3. Өзің бұрын оқыған қиял-ғажайып ертегілерді есіне түсір.

4. Өлеңді жаттап ал.

Барлығы да сендердікі

Сендердікі – өмір, қоғам, заман да,
Сөн түзеген қалаң менен далаң да.
Барлығы да мұра болмақ әманда,
Болашақ деп аталатын Адамға.

Қабылданар қазынаны біз берген,
Қиындықты көрмессіндер біз көрген.
Бұл өмірде сақтау үшін сендерді,
Бабаларың үйде туып, түзде өлген.

Сендер-дағы өздеріңше күресіп,
Өздеріңше сендер де өмір сүресің,
Болашақты жалғау үшін, болашақ
Бола жатар сендердің де үлесің.

Барлығы да сендердікі, барлығы –
Табыстаймыз жансыз бенен жандыны.
Армысыңдар, Ата ұрпақтың тағдыры!
Армысыңдар, жаңа атқан таң нұры!



Сән түзелген – өдеміленген
мұра болу – кейінгілерге қалу
сендердің үлесің – сендердің атқаратын міндеттерің деген мағынада
жансыз – материалдық дүние
жанды – табиғат пен адам



1. Өлеңді мәніне келтіріп, мәнерлеп оқуға машықтан.
2. Өлең кімдерге арналып айтылған, ақын нені мұра етіп ұсына білген?
3. «Ата ұрпақтар» кімдер, олардың сендерге қалдырар қазынасы нелер?
4. «Армысыңдар, Ата ұрпақтың тағдыры!»
«Бұл өмірде сақтау үшін сендерді,
Бабаларың үйде туып, түзде өлген»,
«Барлығы да сендердікі, барлығы –
Табыстаймыз жансыз бенен жандыны», –
деген өлең жолдарының мәнін мұғалімнің көмегімен түсініп ал.
5. Ақын сендердің болашақтарыңа қандай сенім артқан? «Ата ұрпақ тар тағдыры», «Барлығын табыстаймыз», «Болашақты жалғайтын болашағымыз» деген сөздерден өзіне ақын артқан әлеуметтік, азаматтық жүкті сезінуге бола ма?!

Мен таулықпын

Тау дейтін алып жүрек Ана туған
Мен таулықпын!
Таудан мен жаратылғам.
Қиіктің сүтін еміп ержеткенмін,
Қуат алып қыранның қанатынан.

Мен таулықпын!
Таудан мен жаратылғам,
Бұлт бүркеніп, жай отын ала туғам.
Күн алғашқы сөулесін маған шашып,
Маған келіп түнейді қара тұман.

Тау ұлымын,
Тау – менің дәу бесігім,
Мен оның әуресімін, сөулесімін.
Асқар шыңдар желпиді бесігімді
Бір орамын ағытып сәлдесінің.

Мен – таулықпын!
Таудан мен жаратылғам.
Тау деген Ана туған дара тұлғам.
...Тауға барып,
Көкке ұшып, кетсем бе екен?
Ұстап алып қыранның қанатынан.



қуат алу – күш алу

жай оты – найзағай

түнейді – ұйықтайды

сәлде – басқа бірнеше қайталап орайтын мата



1. Өлеңді мәнерлеп оқы және жаттап ал.
2. Ақынның ой арманын әсірелеп, ақын қиялын қалықтатқан бейнелі сөздерді дәптеріңе жазып алып, есіңе сақтауға тырыс
3. Өлеңнен тау ұлында болуға тиіс қандай қасиеттерді аңғаруға болады?



«Тау баласы» деген тақырыпқа шағын шығарма немесе өлең жаз.

СӘКЕН ЖҮНИСОВ

(1934–2006)

Сәкен Жүнісов 1934 жылы Көкшетау өңірінде дүниеге келген. Көрнекті жазушы, белгілі драматург. Ол «Ақан сері», «Жапандағы жалғыз үй» романдарын, «Заманай мен Аманай» хикаяты, т. б. шығармаларды жазған. Қазақтың атақты серісі, әншісі, ақыны, сазгері Ақан сері туралы роман-дилогиясы туған әдебиетіміздің бір шоқтықты биігіне бағаланады.



Ақырғы бәйге

(«Ақан сері» романынан)

Асқа келген жұрттың аузына Ақан мен оның Құлагері қатар ілікті. Түні бойы әр киіз үйдің астында, болашақ ұлы бәйгені шуылдасып сөз қылғандар қазақ даласында соңғы жылдары алдына ат салмай жүрген Көкшенің дүлдүлін көргенше асыққан.

– Өне, Құлагер келе жатыр!

– Мына бір сары ала жабулы Құлагер болар, – деген дауысты естігенде жұрт лезде жиналды.

– Кәне, кәне, қайсы?

– Мына бір әдемі жабулы ма? – деп үстіне төніп, қоршап алғандар ынтыға жетіп көргенде, сенбей де жатыр...

– Жоқ, бұл Құлагердің нағыз өзі! – деп шаңқ еткен дауыс шықты.

Жұрт жым болып, жалт қарасты. Үстінде жеңі салақтаған кең шидем шапан, басына елтірі бөрік киген, жағына пышақ жанығандай арық, шоқша сақал, шүйкіген шал екен мұны айтқан.

– Ойбай, Күреңбай ақсақал! – десіп, атақты Күреңбай сыншыны жаңа танып, бөрі соның аузына үнсіз қарасты.

Күреңбай көп ішінен алға суырылып шығып, аттың жалынан сипап, мойнының қағып, кейін шегініп, тағы да алды-артын бір орап шықты. Жұртта үн жоқ. Ертеңгі болар бәйгенің болашағын табан аузында осы Күреңбай шешетіндей, демдерін іштерінен алып, сыншының әр қимылын бақты. Шал бір кезде:

– Апырмай, мақтаса мақтарлық, алдынан аң құтылмас, бойына шаң жұқтырмас, нағыз ауыздығымен құс тістеген жануар екен. Мен көрген сәйгүліктердің ішінде мұнымен үзеңгі қағыстырып, тізе соғар жылқы баласы әлі бұл өлкеде туған жоқ, – деп тамсанғанда, жұрттың аузы ашылып, Құлагерге тесіле қарады.

– Оны қайдан біле қойдың, сен де танти береді екенсің! – деп Батыраш намыстан булыққанда, Күреңбай оған да мойын бұрмады. Жүйріктің әр мүшесіне баға беріп сөйлеп кетті:

– Шіркіннің тұрқын қарашы, тұрқын, он екі таспадан өрген ұзын бишіктей. Күзендей бүктетіле шапқанда тұрқы қысқа бұзау тұлып аттарыңның екі-үш аттағанын бір-ақ алатын қарышты жануар. Терісі қандай: жұқа – көзел етіктің былғарысындай мап-майда, ет пен терінің арасында жылтыраған бір май жоқ. Басқа аттар ақ көбікке малынғанда, құлағының түбі де жіпсімейтін көнбіс-ақ. Денесінде бір жапырақ арам ет жоқ, тамырлары білем-білем боп шодыраюын қарашы. Қанша шапса басы айналмайтыны – қаны

мол, тынысы тарылмайтын құлаш кеңірдек, талыс танау. Тәулет бастағы қос құлақ Балқаштың қисық кеткен қамысындай, жағында ұстарамен кесіп алар қырым ет жоқ. Топшысы қаршығаның топшысындай, қос шынтақ күреске ыңғайланған балуанның шынтағындай, кең қолтыққа атан түйенің қос тобығы сыйып кеткендей. Аяғы қаққан қазықтай тік, тұяғы мүжілмейтін Оқжетпестің қайрақ тасындай. Быртық бақай, ит жіліншік, тазы тізелі, бөкен санды, сіңірі бура тілерсек. Екі бұттың арасынан екі адам жүрелеп өткендей. Жібектей күлтеленген майда жал, жеңіл құйрық. Жаясы қандай жазық, қасқыр жауырын, түлкі төс, қоян жонды – төулікке танбай шапса да, теңселіп, шатқаяқтамай садақтың оғынша түзу шабатын малдың белгісі... Жарықтықтың маужырап, бейғам, марғау тұруын қарашы. Ала қашпа, тыз етпе ақпа емес, қаны қызып, денесі бусана келе ағындайтын нағыз ұзақ шабыстың деген өрен жүйрігі. Шапқан сайын үдей түсетін, өрге салсаң, өршелене түсер ұшқыр, нағыз құйынның құйыны, – деп Күреңбай Құлагердің қасына келіп, төспен астасқан, қолтық тұсындағы тасты қабырғадан сипап, бүйірге дейін барды да: – Па, па, біліп едім-ау, ерен туған ерекше мал екенін. Бәсе, бәсе, – деп таңдайын қақты. – Қанаты бар екен жануардың. Мынау жай мал емес, пырақ екен! Тіфе-тіфе, тіл-көзден сақтасын!

– Не дейді, қанаты?.. Пырақ!..

– Қанаты бар дейді-ай!

– Ол қай жерінде?

– Қолтығында ма-ай?.. – десіп таңырқағандар үнсіз қалған Күреңбайға шыдамсыз телмірді.

Күреңбай көпке дейін ынтықтырып айтпай тұрды.

– Неғылған қанат? Біраздан соң сен шал, жаман керді Көкшенің басында ұшқан бүркітке теңестіретсің, – деп Батыраш ерніндегі былжыраған насыбаймен қоса шашырата түкіргенде барып:

– Кез келген жылқыда, өздерің білесіңдер, он екі қабырға болады. Ал Құлагерде бір қабырға артық, міне, қанат деген сол қабырға, көріктей өкпені қыспай, кең тыныстауына бірден-бір себеп сол, – дегенде, жұрт:

– Не дейді?! Естімеген елде көп! Мынауың шынында да жаратылысы бөлек жануар болды ғой! Нанайын ба, нанбайын ба?

– Көне, көне, санайықшы, – десіп, Құлагердің қабырғасына ұмтылғандарды Күреңбай тыйып тастады.

– Өрі тұрындар, о несі-ай! Сенбей тұрмысыңдар?! Бәйгеге шабар атқа қол тигізбес болар. Еті қанталап кетеді: бұл қазір бабына келіп, сылап-сипаумен тұрған, сұлы бұлаудан бусанып шыққан

сұлудай нәзік жануар емес пе. Қолдың уыты тиеді, – деп шаңқылдаған ащы даусымен көпті кейін шегіндіріп, аттың терін жалады. Содан соң сыртта жетекте көп жүріп келіп, бір-ақ құмалақ тастаған аттың қиын алақанына салып, сығып көрді де, қолын етегіне сұртті.

– Шіркін-ай, атым да ат-ақ, баптаушысы да сабаз екен. «Ат шаппайды, бап шабады» деген бар емес пе? Құлагердей аттың бабы келіссе, мұның алдына кім түсер, – деп Күрөнбай тамсанып тұрды. – Терінде сықпа құрттың дәміндей дәм жоқ, жеті тері алынған, бір қасық ащы тері бойында қалмапты. Құмалағында да қоянның көз жасындай бір тамшы су жоқ...

...Ерейменнің бауыры маужырап, желсіз тымық күндер жиналған азашылардың көңілін өсіріп, той-думанға дала табиғаты бар нұрын төгіп тұрғандай. Елдегі сәскеге дейін жататын бейғам ұйқы жоқ, жұрт таң сәриден тұрып, көршілеріне қатынап, ақ үйлердің арасында жосыла бастайды. Күн шыға Құсақ көлінің айдынына шомылып, қаздай жүзіп, бойлары сергіген жұрт таңғы астарын шуласа, даурыға отырып ішкен. Кей үйлердің астында бірін-бірі қақпақылдап әзілдеп, ұзақ сонарға түсіп, қызық хикая шертісіп, өзді-өзі мәз болысқан қонақтар бір кезде үріккен қойдай дүрлігіп, далаға ұмтылды. Әр үйдің киіз есіктері түріліп, желпілдеп, қызылжасыл оюлы қос есіктер шалқасынан сарт-сұрт ашылып, адамдар бірін-бірі баса сыртқа атып-атып шықты.

Кең көшенің басында су жорғаны тайпалтып жалғыз аттылы келеді. Ат үстінде жас бала, тікесінен тік тұр. Қолында сырнай. Сырнайдың кеңірдек көрігін жыртып жіберердей құлаштай созған бала айғайын салып әнге басып, шырқап барады. Көшенің екінші басына жеткенде, қайта бұрылып, қолындағы сырнайын анадай тұрған топқа лақтырып жіберіп, енді ат үстінде неше түрлі ойын көрсетіп, жүз бұратылды. Тиіндей домалап, басымен тік тұрып, біресе екі қолымен көтеріліп, енді бірде жорғаның мойнына жыланша оратылып, аттың кеудесінен, астынан бикештей сумандап, қайтадан ердің үстінде қаздып, оқыс құлап, бір аяғымен таралғыға ілігіп, басын салбыратып, жерден күміс алғандай созыла түсіп, қайта лып егіп ат үстіне көз ілеспей шығады.

– Ойпырмай, мына бала не деген өнерлі еді! Өзінде буын жоқ неме ғой! Ойпырмай, мерт болар ма екен!

– Әй, мынау кеше ақындармен бірге өлең айтқан бала емес пе?

– Иә, әлгі Шашубай деген бала, Қошқарбайдың Шашубайы.

Он бір-он екілер шамасындағы Шашубай енді бір өткенінде қолына қабығы аршылмаған талдан қиған екі таяқ алып ойнатты. Саусағының басынан иығына дейін жорғалаған қос таяқ, ұзын көк ала кесіртке сияқты. Енді бірде кесірткелер оқ жыланша атылып, баланың басының айналасында зу-зу етеді. Енді бір сәт төбесіне қойған қос таяқ қаққан қазықтай қақиып, ін аузындағы суырша сілейіп, кимылдамай сіресіп қалады.

– Уа, жарандар, жарандар, бәрің де маған қарандар, тез арада тарандар, аттарыңа мініңдер, тауға қарай жүріңдер! Онда ат жарыс, онда көкпар, онда күрес – бәрі бар. Жасың да бар, көрің бар, бірін қалмай бәрің бар, көмулі жатқан сап алтын, ат үстінен ділда алсаң, садақ тартып биікке, жалтыраған жамбы атсаң, бірін қалмай бәрің бар. Бар қызықтан қаласың, қымыз ішіп, ет асып, құр жамбастап жай жатсаң. Ал жарандар, жарандар, атқа жылдам қоныңдар, ал болыңдар, болыңдар, жұрт бас қосқан, неше күнгі ас тосқан, неше бір қызық ойын бар, белшеден батып тойыңдар, ал болыңдар, болыңдар!

Аттылы жігіттің үні де зор екен. Жағалай отырғандарды жеңіл бүлкілмен жағалап, тақпақтата жөнелді.

– Уа, жарандар, жарандар! Уа, халайық, халайық! Сарыарқаның белінде, Ақ сары, Күр сары елінде, жасыл құрақ, ақ айдын шалқар Құсақ көлінде, жоңышқасы жайқалған, бәйшешегі шайқалған, ну орманы шулаған, ақ бұлағы тулаған Ерейменнің жерінде... неше бір жүйрік сөйгүлік, деменіз мұны қай мүлік, бағасына күн жетпес, шабысына үн жетпес, ұзаққа талмай салғанда, неше бір дүркін күн жетпес, тұлпарлар мұнда келіп тұр... Алдынан киік құтылмас, жетпесе сірә ұмтылмас, тасқа да салсаң шабатын, басқаға салсаң шабатын Алатаудың Аласы.

«Барсакелмес» аралда құланды қойша қайырған, жыланның көшкен ордасын үстінен таптап өткенде қанжоса ғып айырған кіші жүздің Қарасы...

Жаршының даусын күтіп тұрған, бастарына өңкей қызыл, көк, ақ шыт үшкілдеп байлаған балалар кекілдерін бунап, үкі таққан аттарын ойнақтатып шыға берді. Жеңіл ер-тоқымды жарау аттар әсем билеп: бір қырындап, ойқастап, ауыздықтарын қарш-қарш шайнап, енді бірі ортекеше орғып, кейбірі қайраңға шыққан балықша жондары жалт-жұлт етіп аласұрып, шыр көбелек айналып тулап, көкке шаншыла қарғып, ұзақ жарысты сезіп, қатты-қатты

пысқырып, тұра қалып шегіншектеп, жер тарпып, өздеріне қадалған мың-мың көздің алдынан лек-легімен өте берді.

Мойнын соза қараған, аттарға ұмтыла түсіп, кейін ығысып тәртіпке келтірген аттылардың қамшысынан жасқанған жұрт шулап тұр.

– Өне, Құлайкөк пен Топайкөк!

– Әй, ана бір сүліктей қара кімдікі?

– Ана қазмойын – біздің Көкдауыл!... – дескен жұрт, астыңғы ерні салпыып, жай басып, марғау аяндап, кекіліндегі тұмарға таққан медалі жарқырап топ арасында Құлагер өте бергенде гу етіп, орындарынан тұрып кетті.

Жаршының жағында тыным жоқ: «Бас бөйге – бір тай тұяқ алтын, боталы інген, тай, құлынымен бір үйір жылқы; екінші – бір атан түйе, он құлынды бие; үшінші – бір қоспақ, бес құлынды бие, он қой; төртінші – үш құлынды бие, бес қой; бесінші – бір құлынды бие, күміс кісе... Бас бөйгеге ояздың медалі бар, екіншіге күміс сағат, үшіншіге күміс таяқ...»

Ақан бөйгеші балаларға біраз еріп, Мөңкені тоқтатып алды да:

– Ал, қарағым, жолың болсын! Атқа шабудың әдісін білесің ғой. Дегенмен мына бөйгенің сұрқы бөлек. Байқа, Құлагерді тым қыспа, шаң қаптырып топ ортасына, ыққа түсе көрме, жел жағында отырғайсың. Түйе тастан аса бере тақымды бір қысып, қарқындатып ал да, Көкөзекке бұрын түс. Ойлы-қырлы өзек ішінде атыңды сәл теже. Сүріндіріп алма. Одан шыға Құлагердің көзін бір сүртіп, қиқуды салып, басын еркін қоя берсең, ар жағын қанатымның өзі-ақ көрсетеді, – деп Құлагердің мойнынан құшақтады.

* * *

Қанаты кең жазылған бөйгешілер айыл-тұрмандарын ат үстінде отырып та бір тексеріп алып, айдаушының шаршы орамалына қарасты. Тықыршып, кісінеп, жер тарпыған сөйгүліктер көздері жайнап, ауыздықпен алысады.

Айдаушы орамалды көкке көтеріп тұрып, серпіп қалды. Өрт тигендей дүр етіп, бес жүз ат жұла тартқанда, аспан асты шайқалып, теңселіп кеткендей болды. Дүңк-дүңк еткен қара жер қозғалғандай дірілдеп, тербеліп, тып-тымық ауаны екі мың тұяқтан ұшқан шаң көміп кетті.

Құлагер кейінгі буынның алдында еді. Мөңке екі тұманның ортасында алдағы төрт аттылының шаңы жайылып қосылғанша

ашық алаңқаймен атына шаң қаптырмай келеді. Оң жағына қиыс-тай салып жеке-дара отырайын деп еді, желдің аңғарын байқай алмады. Тегі күн еңкейе самал да басылса керек. Ат тұяғынан ұшқан шаң тез сейілмей, жеңіл қоңыр түбіт шәліше ұзақ қалықтап тұр. Оның үстіне құйрық тістесе шапқан он шақты ат та қалар емес. Кейде бастары озып, кейде амал жасағандай кейіндеп, қалмай келе жатқан кейбір аттардың жобасын да Мөңке таныды: Тарбағатайдың Тарланкөгі, Баянның Буырылы, Таразының Тарланы, қалғандарын анық тани алмады. Бұл уақытта арқалары жіпсіп, терлей бастаған аттарға шаң қонып, қайсысының қылаң, қайсысының баран екенін айыру қиын еді.

Мөңке біраз жерге дейін атына риза болмай, көңіліне күдік орала берді. Құлагер қайта-қайта пысқырып, өз-өзінен тосаңсып, адымы ашылмай қойды. Алдыңғы лекте отырғысы келіп, тақымын сәл қыса түсіп еді, Құлагер шабысына шабыс қоспады, қол қамшысын жайқап, сауырына тигізгісі келген баланың есіне Ақан ағасының «Құлагерге қамшы сала көрме» дегені түсіп, батылы бармады.

Бұл айдау ел арасындағы ат жарыстардан бөлек, бұрын-соңды болмаған ерекше бәйге екенін Мөңке сезіп келеді. Шыға бере аттарын тежеп, бірін-бірі қақпақылдап алға салып, аңдып отыратын айладан гөрі алпыс шақырым жерге талмай жететін сәйгүліктерінің қуатына сенімдері мол үрдіс бәйге. Бес жүз аттың әрқайсысы өз елінде жүлде алып жүрген ерен жүйріктер. Шыға көсілген тұлпарлар аз уақытта жер танабын қуырып-ақ тастады. Анда-санда жан-жағына қарап, жер белгісіне зер салған Мөңке оң жақ қолда шыр көбелек айналып қалып бара жатқан қалың шілікті көрді. Отыз шақырымдай жер өткен екен. Тура жарты жол.

Осы тұста баланың да көңілі көтеріліп, тақымы қыза түсті. Тершіген арқа жазылып, көңілін Ақан ағасының шалқыма әні тербегендей боп кетті. Бұл кезде еті қызып, бауыры жазыла бастаған Құлагердің тұрқы ұзарып, бойы жеңілдеген еді. Ауыздығын шайнап, жұлқынып, маңдайын көтеріп, тұмсығын созып, басын сүзе түскен жануар лекіте жөнелді.

Құлагер көп ұзамай төрт атқа салып ұрып жетіп келді. Құлайкөктің соңынан құйрық тістесе біраз отырған Мөңке тізгінді тағы да шыжымдап босатып, қатарласа берді. Мұрны делдиіп, ысқыртып келе жатқан Құлайкөк алақандай көзінің отты қиығымен өзіне тосын қатарласқан жат жүйрікке мынау қайдан тап болды дегендей алая қарап қояды. Ат үстіндегі қара саннан келер ұзын қонышты жеңіл етік киген тоқпақтай қара бала да жақтырмай қарады.

Құлагерді танып келеді. Төрт ат та бұл кезде қара терге малынған екен. Құйысқан, айыл астынан сабынданған ақ көбік корінеді. Ала аттың езуінен көбік шашырайды. Мөңке Құлагердің қамшылар жақ мойнына қолын салып көріп еді, ып-ыстық екен. Бірақ әлі терлемепті. Енді-енді білінгелі тұр.

Құлайкөктің үстіндегі бала Топайкөктің баласына көзімен ымдағандай болып еді, ол алға оза тартып, бір қиыстай келіп, Құлагердің қамшылар жағына түсті. Мөңке екі баланың ортасында қалды. Екеуі де енді Құлагерге таяна түсіп, қабырғаласып, ортаға алып қыса бастады. Бұл да – атқа шапқан әккі балалардың жымысқы әдісі.

Мөңке Құлайкөктің баласына жымия қарады. Енді екеуі де бір-бірімен көзбен сөйлесті. Мәттақан қара бала Мөңкеге анда-санда оқ жыландай тесіле қарап, тынысы тарылып келеді. Атарға оғы жоқ. Жанарында жеп жіберерлік зәр бар. Ішінде не ойлап келе жатқанын кім білсін. Әйтеуір өртеніп келе жатқаны айқын.

Екеуі де қатарласа ұзақ шапты. Екеуі де көзбен аңдысып, бір-біріне атылардай тесіліп, ұзақ, үнсіз жауықты. Қара баланың жер бетіндегі қазіргі жауы Мөңке. Дұшпан көз ішіп-жеп барады. Бала жанарында сәбилік нұрдан түк қалмаған. Делдие түскен танауында, «Шіркін-ай, құдай тағаланың кәрімен атын сүрінсе, допша домалап ат үстінен құласаң» деген қара пейіл, жаман ойдың нышаны бар. Құлагердің жаңа ғана пысып, мыналардан озатынына кәміл сенген Мөңке оны сезіп келеді. Озық адам сыпайы. Мөңкенің көзінде кекесін: «Саған жамандық тілеп қайтем, сен қаласың, мен озамын. Жарылып кетсең де, айтарым осы. Қазір сонау бір кезеңде шаңымды да көрмей қаласың» деп келеді. Бала да болса бұлар – жарысқа түскен бәсекелес жандар. Бұлардың арасындағы өштік, күншілдік, озғанның мұқатуы – жарыс табиғаты, жарыс заңы.

Бес ат әлі жұбын жазбай қатар сілтеп келеді. Төрт аттың үсті де енді сабынданып, балалар еңкейе беріп аттарының көзін сүрте бастады. Мөңке де Құлагердің мойнына қолын салып еді, тер аққан екен. Терліктің астынан шаланың табы өткендей, тақымы да қызып, жіпси бастаған. Аналардың атынан енді ақ көбік шашырап, екпіндеген аттың желімен ұшып келеді.

Жас шамасы өздерінен үлкен, егделеу Мөңкеге аса бата алмай келе жатқан екі бала енді үзеңгі қағыстыра екі жағынан кеп қысты. Топайкөктің бос үзеңгісі сыңғыр етіп, Құлагердің үзеңгісіне тиді. Он-он бір шамасындағы бала аяғын таралғыға өткізіп алыпты. Мөңке байқамаған болды. Бұл өнерді бастап келе жатқан

Құлайкөктің басындағы бала. Жез сапты қол қамшысын бекем қысып, жауыға түскен. Мөңкенің орнында өзі шамалас бала болса, ортаға қысып, Құлагерді қамшының астына алар еді. Ондай дәрекі қиянатты да әкесі Батыраш ескерген. Арасы он қадамдай жерде ағындаған ала аттың басында шапқан қағілез, момақан баланың мына аңдысқан балаларда шаруасы жоқ. Өзімен-өзі болып, қабағын шытынып, ердің қасынан ұстап, алдан көзін алмайды. Ол ер балаларша киінген еркек-шора қыз еді.

Шүңірек қап-қара көзі болмаса, бет әлпеті тура әкесінен аумаған Батыраштың ұлының жүзін Мөңке жаңа аңғарды. Батырашта кеткен кегін алмақшы боп, тістене түскен балаға айғай салды:

– Әй, бала, атың болдыра бастапты, қинамасайшы, қараөкпе боп қалмасын.

Бала күреңітіп, үнсіз тістене түсті.

– Ашулан-ан-ба, қазір мен кетемін, – Мөңке құлағының түбіне еңкейе беріп айғайлады да, алысқа көз тастады.

Үш-төрт шақырым жерде белдеулене жатқан өзек қарауытады.

– Иә, сәт! – деп еңкейе берген Мөңке, – ал, қош болыңдар! – деп тақымды қысып қалып, қиқуды сала тартты.

Жермен-жексен болып, кешкі қосаяқша зымыраған Құлагер құлағын жымитып, бір-ақ уыс боп құйындай ұшты. Соңында ширатылған бұйра шаң ғана созылып барады. Төрт бала да келіскендей аттарына қамшы басып, қатар ұшыртты. Қастарынан жеңіл сытылып кете барған Құлагердің қарасын ғана алыстан көріп, шаң қауып қала берді.

Көзінен жас парлаған Мөңке ердің қасына еңкейе жатып, тізгінді қыспай ұстап, ат үстіне жабыса түсті. Құлағының түбінен суылдаған желден басқа ештеме естімейді. Ат дүбірі де шықпайтын секілді.

Төрт жүз тоқсан тоғыз жүйрікті артқа тастап, жалғыз құлдырап, аққан жұлдыздай Құлагер Көкөзектің сайына құйысқаны сартылдап, екпіндетіп түсе берді...

Ерейменнің бауыры у да шу, айқай-сүрең.

– Аттар келеді!

– Шаң көрінді! – деп алдын ала елегізіп, алысқа көз салып жүрген қарауылшылар даурыға хабарлағанда, отырған жұрт аяқтарынан тік тұрып, өріп кетті. Күрес арты сұйылып, ортада

алысқан екі жас жігіт те жайына қалды. Сарт-сұрт етіп жүз қаралы адам аттарына қонып, аттысы аттылай, жаяуы жаяудай ұмтыла жүгірген халық кедергіге тіреліп тұрып қалды. Дырау қамшы ұстап, көлденеңдей шапқан даяшылар, аттарының омырауымен қағып, есірген, елірген жұртты шегіндіріп әлек. Іші қорқ-қорқ етіп желген биік мәстектермен ояздың әскерлері де ат үстінде қоқандап, айғайлап жүр.

Күн батып барады. Желсіз тымық ауаны басына көтерген данғаза жұрт енді іркіліп, күннің қызыл шапағынан ұялған көздерін алақандарымен көлегейлеп, мойындарын созып шулап тұр.

Аттар келе жатқан шұңғыл табақтай кең ойпат Ерейменнің биік бауырынан алақанға салғандай анық көрінеді. Кемі он шақырымға дейінгі жасыл алаңның әр бұтасы, әр тасына дейін, жыланша ирелендеген жыра, жылғаларына дейін айқын танылады. Көкөзектің ар жағынан жіптіктей көтерілген жалғыз шаң құйындай ұшып келеді.

- Мына жалғыз қараның суырылуын-ай!
- Пой-по-ой, шабысыңа болайын!
- Бағы жанған қай ат екен?
- Құлагер ме, Құлайкөк пе, кім білсін.
- Ей, мынау Қазмойын болмаса игі етті.
- Не де болса, өзі үздік келеді, енді бой бермес.
- Туһ, шапқан сайын үдей түсетін неме ғой, жануар-ай!
- Әй, өзі қылаң!
- Қайдағы қылаң, баран!
- Баран, баран!
- Қылаң, қылаң!

Шуласқан жұрттың сөзінің жобасы осы. Шанға бөгіп, сүмектей болған аттың түрі, түсі түгіл өзін көрмесе де, көзі қарақтылар алыстан болжап, жобалап соғады. Көкөзекке жақындағанда үзіліп шыққан түймедей қараны Ақан жазбай таныды. Талай тойда сан мәртебе жүлде алып, алыстан талай танытқан Құлагердің өзі. Баяғы шабыс, баяғы қарқын. Үдей-үдей соғады. Жалтыр мұздың үстінен сырғаната жіберген тапаяқ кенейдей зулап келе жатқан сол. Ақынның қанаты, ақынның пырағы. Аспанға көтере салған төтті өндей, тұла бойды шымырлатып, шырқап келеді. Жыыландай шұбатылған шуда шаң Көкөзекке құлап, көрінбей кетті. Екі беті алаулаған серінің көзінен бір тамшы мөлдір шық домалап түсті.

- Әне, әне, тағы шаң шықты! Төрт шаң!
- Төрт ат!
- Ойпырмай, жұбын жазбай қатар келеді!
- Әне біреуі оза бастады!

– Жоқ, ана бірі тағы бастырмалатты.

Төрт ат таласа-тармаса Көкөзекке қатар түсті. Бөйге аттарын көргенде жандары шығып кетпей, әрең шыдап тұрған дала жұрты бірінің иығына бірі асылып, басып-жаншып, алға ұмтылып, тасын деп тұр.

Бір шаңды бір шаңға қосқан топ-топ ат шашып жіберген құмалақтай үздік-создық қылт-қылт етіп шыға беріп еді, біраздан соң балқыған қаңылтырдай бата берген қызыл күнді көкпен тірескен қою алапат тозаң басып, тұмшалап, түк көрінбей кетті. Құбыла жақ қалың түгінмен бықсып жанып, өртеніп жатқандай. Аспандағы қызыл шапақ – өрттің алауындай. Қап-қара түгін түскиіздей тұтасып, терең ойпат бұрқ-сарқ буы бұрқыраған алып қазандай қайнап жатыр.

Өлден уақытта Көкөзектің бергі қырқасынан қос түлкінің құлағындай шошаң етіп әлгі төрт ат қайта шықты. Қатар ұстаған қос домбыраның төрт ішегіндей қатар сорғалап, Ерейменнің бөктерін күйге бөлеп келеді.

- Әй, әлгі жалғыз қара қайда?
- Үздік еді ғой, қайда көрінбей кетті?
- Не болды?
- Сүрінбесе игі етті!
- Құламаса игі етті!

Көсіле салған төрт атты көргенде, Ақанның арқасынан мұздай тер шып-шып шықты. Кең, жазық маңдайында бөрткен тер маржандай мөлдіреп, тынысы тарылып, кешкі таза ауа жетпей барады. «Апыр-ай, не болды, не болды? Мыналардың ішінде болса игі еді. Жоқ, бірі де ұқсамайды. Қайда менің Құлагерім, қарағым! Қанатым менің, пырағым! Қайда, қайда? Тағы не сұмдық болды? Апырай, жүрегі құрғыр алып ұшып, неге дүрсілдеп кетті? Тулап барады ғой». Сары аттың үстіндегі Ақан көзі қарауытып, теңселіп кетті.

Төрт ат ақырғы күштерін салып, көмбеге таласа-тармаса жетіп, дая ағашынан біреуі озық өтті. Ақ көбіктері екі жағына жалп-жалп түсіп, әбден титықтап қалған. Аспан да, жер де қиқу.

Ыстыққа барлығып, даусы қарлыққан бөйге балалары інір түскенше шырылдап өте берді.

- Құлагер қайда, Құлагер?!
- Жоқ, бір жазым болған шығар!

Ақан ештеме естіген жоқ. Екі құлағы тарс бітіп, басы зеңіп, құбылаға қарай атының басын қоя берді.

Ереймен тауының ығына қара құрымдай қалың бұлт шығып, тым-тырақай, быт-шыт боп сендей соғылып, мағынасыз жүгіріскен

кұмырсқаның илеуіндей жұртты ат-матымен бір-ақ бүріш әкететін алып бүркітше төніп, қанатын жайып келеді. Дала қапырық тартып, алыстан дымқыл жауын иісі білінді. Қас қарайып, көз байлана бере бес жүз аттың тұяғы қазып кеткен борпылдақ жерге ақынның көз жасындай жылы тамшылар көктен секіріп, топ-топ түсе бастады.

* * *

Көкөзекке құлдырап кеп дара түскен Құлагердің басын Мөңке сәл тежей берген. Көктемде су жырған терең көне жолдың жиегімен, ойлы-қырлы жерден орғи өтіп, басын шайқап-шайқап жұлқыған Құлагер қамшылар жағынан ұшыртып, жанамалай келіп қосылған қара қасқа атты біреуді көзі шалып қалды. Әлібектің қарабедеуіндей ұшқыр неме екен. Жер астынан шыққандай тосын тоспадан пайда болған аузы-мұрны тұмшаланған сұсты адамнан Құлагер үріккен жоқ. Орта жолда белгі алуға тұрған біреу шығар деп ойлады. Мұндай жарыстарда жолдан қосылған аттылар өрең ілесіп, белгі алып қала беретін.

– Шылбырынды көтер, шылбырынды жина, шылбырынды, – деп әлгі адамның мыңқылдап айғайлағанын анық естіді.

О, ғажап! Жат адам қатарласа шауып, қолын шылбырға соза берген. Созылған қол адамның қолы емес, айбалта құсап кетті Құлагерге. Жарқ еткен айбалта аспанға көтеріле бергендей болып еді, құлақ шекесінен бірдеме сарт етті. Басы шың етіп, көзінің алды жарқ етіп, есі ауып, қалай омақаса түскенін білмей қалды. Бел омыртқасы да кілт еткендей болды. Үстіндегі Мөңкенің қалай ұшып кеткенін де аңғармады. Ғұмырында бірінші рет сүрінуі, бірінші рет құлауы. Ағындап келе жатқан бойы аяғы оқыс шалысып, мойны қайырыла оңбай түсті. Мөңке қайда? Аман ба екен, о байғұс!

Құлагер жан дәрменде дүр сілкініп атып тұрды. Қалай кісінеп жібергенін де аңғармай қалды. Жалбарынған ащы үнге Кеңөзек жаңғырықты. Анадай жерде домаланған Мөңке де сүйретіле тұрып жатыр. Қолтығы дірілдеп, балаға қарай тізгіні шұбатылып аттай беріп еді, тағы құлады. Басы зеңіп, астындағы жер дөңбекшіп, өзін шыр көбелек айналдырып әкетіп барады. Үрейлі көзіне Есілдің мұзындай көгілдір аспан түсіп, үстіне жақындап қалғандай болып еді, енді алаулап жанып, қып-қызыл қанға айналып кетті. Шекесінен шып-шып аққан жылымшы қан көзіне құйыла берді. Тынысы тарылып, көмейінен өзі бұрын естімеген қорыл шықты. Кеңсірігі бітеліп, танауы желп-желп ететіні несі... Ақпанның қызыл


шұнақ аязында тер қатқандай, тұла бойы жыбырлап, дірілдеп барады ғой...


Құлагердің тынысы тарылып, демі таусылып, қорылдап, қырылдай бастады. Қап-қара бұлт төніп селдете өткен қатты жауын көзіне ұйыған қанды шайып, қараңғы аспанға соңғы рет қарады. Ақанын іздеп соңғы рет кісінегісі келді. Бірақ ерні ғана жыбырлап, дыбысы шықпады. Тұла бойы сіресіп тартылып бара жатыр.


Осы кезде шапқылаған ат дүбірі еміс-еміс естілгендей болды да, іле: «Қарағым! Қарағым!» деген иесінің дірілдеген даусы дәл құлағының түбінен шықты. Ақтық рет ышқынып, басын көтеріп алған Құлагер сары аттан домалай түсіп, тізерлеп отыра кеткен Ақанның құшағына жағын төседі. Иесінің үсті де шылқылдаған су екен. Ағыл-тегіл боп аққан көз жасына малып алғандай. «Айда-лада жалғыз қалдырмай, жеттің бе, ұлгердің бе? Менің қазам енді жеткен шығар, ризамын саған, бақыл бол!» деп кісінеген Құлагердің ашық қалған көзінде мөлтілдеген жас төгілмей тұнып тұр. Ақанның көзінен бір тамшы жас өлі көзге үзіліп түскенде, жан біткендей дір етті. Ақан аһ ұрып, он жыл серік болған аяулы досының жансыз көзін жапты.

– Құлагер, құлыныңнан керім едің, сұрағанда нағашым беріп едің, – деп Ақан баяу ыңылдап жоқтау айтқан шерменде бір үнмен ескен желдей гуілдеп, зарлап отыр. – Шынымен өлгенің бе, Құлагерім, салбырап саптыаяқтай төменгі ернің...

Қайғылы серіге ешкім басу айтқан жоқ. Ара-арасында аһ ұрып, үһілеп, теңселе түсіп ұзақ зарлағанда, жұрт көзінен жас тамшылап, үнсіз тыңдай берді...

-  **сыншы** – жылқыны танып, сын айтатын адам
тантти беру – бос сөйлеу
арам ет – пайдасы жоқ ет
ағындайтын – тез қимылдайтын
жаратылысы бөлек – Алла ерекше жаратқан деген мағына
азашылар – асқа келгендер
шаң қаптыру – шаңда қалдыру
жымысқы әдісі – қулығы
қылаң – бозғыл түсі басым, ақшыл
баран – жылқының түсі: қара қоңыр, қарагер

 Ақан серінің Құлагерін Ақанның өзі қырлады, содан кейін ХХ ғасырдың басында Ілияс Жансүгіров «Құлагер» деген поэма жазды. Жазушы Сәкен Жүнісов «Ақан сері» деген роман жазды.

 1. Жазушы Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» романынан алынып отырған бұл үзіндіден сен атақты әнші, ақын, сазгер, саяткер, құсбегі

- Ақан сері мен оның аты Құлагер тағдырының ең бір күрделі де қайғылы кезімен таныстың. Сонда өзінің көңіл аударғаныңда өзгеше бір өзгеріс, жан дүниенде бөлекше бір тебіреніс байқалды ма?
2. Оқиға Ереймен өңіріндегі (қазіргі Ақмола облысы) атакты паң Нұрмағанбет болыстың тоқсанға келіп өлген әкесі Сағынайға берген асында болғандығын, әңгіменің өзегі нақты тарихи оқиғаға құрылғанына көңіл аудар.
 3. Күренбай сыншы «Мынау бір пырақ екен» дегенде, ол Құлагердің қандай сипаттарына сүйеніп айтты?
 4. Ат үстінде неше түрлі ойын көрсетіп, сырнай тартып, ән айтып жүрген өнерлі бала кім? Ол асқа жиналғандарға не деп жар салды?
 5. Мәңкеге Ақанның «Байқа, бала, Құлагерді тым қыспа, шаң қаптырып топ ортасына, ыққа түсе көрме, жел жағында отыр» деген сөзінің мән-мағынасына барлау жаса.
 6. Өз елінде жүзде алып жүрген бес жүз сәйгүліктің жер танабын қуыра ағындаған шабыстарын суреттеудегі жазушы шеберлігіне зер сал.
 7. Ақан серінің «Құлагер» атты әнін есіңе түсір. Мүмкіндік болған жерде күйтабақтан Ж. Елебековтың орындауында осы өленді тыңда.
 8. І. Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасын оқы.
 9. Шығарманың тіліне көңіл аудар. Жазушы қолданған үздік әпитет, тенеу, метафораларды дәптеріңе жазып, қолдану мәнісін мұғалім көмегімен түсін.
 10. Үзіндіні бөлімдерге бөліп, әр бөлімге тақырып қойып, жоспар құр.
 11. Үзіндідегі сыншылық өнер, той жаршысының өнері, атбегі баланың өнері сияқты қазақтың ұлттық өнерінің әрбірін жекелей сипаттап жаз.
 12. Мерттіккен Құлагердің және Ақанның трагедиялық жан күйін (психологиясын) жазушы қалай суреттегеніне көңіл бөліп, ұнаған жерін жаттап ал.

ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ

(1935 жылы туған)



Тұманбай Молдағалиев 1935 жылы Алматы облысындағы Жарсу деп аталатын ауылда дүниеге келген. Студент кезінің өзінде-ақ «Студент дәптері» деп аталатын жыр жинағымен халқын қуантып, ақын атанған. «Махаббат оты сөнбейді» секілді өзінің жыр кітабындай, содан бері Тұманбай поэзиясымен туған елге, туған жерге, Отанға, ата мен анаға, дос-құрбыға деген сөнбес махаббат сезімін оқырмандардың жүрегіне ұялатып келеді.

Бауырлар

Менің жерім мына жер – сенің жерің,
Жарасып тұр сол жерге келулерің.
Осы алқапта сенің де малың жатыр,
Жайқалып тұр шабылмай егіндерің.

Менің көлім мына көл – сенің көлің,
Сенің арқан көңілге семіргенім.
Жоғалмасын, ағайын, жоғалмасын,
Жетем деген сол көлге сенімдерің.

Мынау өзен менікі, ел күніге,
Сүйінеді ұрпақтың ерлігіне.
Қимай кеткен сол суды аталарың
Бетін жуып соңғы рет мөлдіріне.

Желбіреді көгімде, міне туым,
Тұлпарым да дайын тұр мінегұғын.
Мынау үлкен мәңгілік қалаларда
Үйлерің тұр көшіп кеп кіретұғын.

Кел, бауырым, несіне жүрсің жырақ,
Сыртың да ұнап тұр маған, ішің де ұнап.
Сендердің де бір салған әндеріне
Бар таулары қазақтың түрсін құлақ.

Жендік біздер тіршілік күресінде,
Әні есімде, еліңнің жыры есімде.
Қай қияға ұшсақ та қазақ болсаң,
Абайыңды еске алмай жүресің бе?

Жастау болсаң жайқалып жалындап ал,
Бақыт өзі кеп сонда қолыңды алар.
Қазақ болып туғаның рас болса,
Сарыарқаға сағыныш қаныңда бар.

Оянады көңілден қайдағы арман,
Бақыт желі ескендей жайлап алдан.
Президентім бар менің елі түгел
Ақ киізге көтеріп сайлап алған.

Қауқылдасып қалдық-ау, есендесіп,
Таңнан тағы тербетті шешем бесік...
Қарсы алуға дайын тұр бауырларың
Өз жеріне бәрің де келсең көшіп...



1. Өлеңнің 1992 жылы Алматы қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына орайлас жазылғандығын ескер.
2. Қазақ халқының белгілі ақышы Тұманбай ағаларың өлеңінде жел ұшырған қанбақтай өлемнің әр түкпіріне шашырап кеткен қандас бауырларға нендей өтініш, тілек білдіріп отыр? Сен қазір дүние жүзіндегі қазақтардың жалпы саны қанша, оның қаншасы қай елдерде екендігін білесің бе? Білмесең кітапханадан демограф М. Төгімовтың кітабын, мақалаларын оқып ал.
3. Өлеңдегі патриоттық идеяны, ақынның үлкен адамзаттық сезімін, ордалы ойын танытатын өлең жолдарын анықта.
4. Қазақ елінен, өзінің тілдік ортасынан жырақта жүрген қазақтардың бәрі дерлік ана тілін де, дінін де, салт-дәстүрін де ұмытпаған. Мұның сырын мұғалімнің көмегімен түсініп ал.

ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ

(1936 жылы туған)



Қабдеш Жұмаділов 1936 жылы Қытай Халық Республикасының Іле қазақ автономиялы облысына қарасты Тарбағатай аймағында дүниеге келген. Өзінің атамекені Қазақстанға оралған соң Қабдеш Жұмаділов әдебиетші болуды армандап, әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университетінің филология факультетіне түсіп, 1965 жылы бітіріп шығады. Қабдеш Жұмаділов көркем шығарма жазуға студент кезінен бастап ден қояды. «Қаздар қайтып барады» деген алғашқы әңгімесінен-ақ ол жанына жақын та-

қырыпқа қалам тартқанын байқатты.

Майталман жазушының «Соңғы көш», «Дарабоз» роман-дилогиялары, «Тағдыр», «Атамекен» романдары, т. б. көркем шығармалары жарық көрген.

Өз шығармаларында адамның ішкі көңіл толқындарын, тұрмыс детальдарын үлкен байқампаздықпен жазады.

Оның «Сәйгүліктер» атты повесі – қазіргі замандастарымыздың моральдық-адамгершілік қасиеті қоғам ілгері дамыған сайын жаңа мазмұнымен, тың сипат-белгілерімен толыса түсетіндігін шебер көрсететін туынды.

Қабдеш Жұмаділов шығармаларының тілі шешен. Ол шығармаларында ана тілінің бай қазынасын шебер қолдана біледі.

Қозыкүрен

(«Сәйгүліктер» повесінен)

Бір ененің емшегін таласып емген егіз қозыдай қазақ пен қырғыз ежелден-ақ Алатау бөктерін қанаттас отырып, қатар жайлап келген ел ғой. Айналайын Алатау – екі елдің де құт-береке қонысы, асыраушы анасындай. Жаз шығысымен, екі жақтың да малшылары уәделескендей, бір таудың екі қапталында жарыса көшіп келеді де, жонға шыққан соң, тіпті жақындасып, аулы аралас, қойы қоралас дегендей, тым тақау отырады. Жайлаудағы жұрттың «Қырғыз асып келдік» деп, былайша добырайтқандары болмаса, барып қайтатын ауылдары бір-екі қырдың астында ғана болушы еді. Жаз бойы көкпарды бірге тартысып, тойларын бірге тойласып жүріп, кейде қыз алысып, қыз берісіп қалатын да жайлар бар. Қазақтың талай қара көзі қырғыз жігітінің етегінен ұстаса, қырғыздың небір қызыл шырайлы қырмызысы қазақ ауылына келін боп түсіп отыр.

Төреқұлдың ауыл да онша алыс емес. Бірақ арасы қанша жақын дегенмен, бөтен ел, бөлек республика деген аты бар. Ағыбайлар бұл сапарларына ерекше мән беріп, сайланып шықты. Жақсы аттарын мініп, тәуір киімдерін киіп алған. Ағыбайдың астында есік пен төрдей жалдас торы ат, Ержанның мінгені ақалтеке шатыс, ойнақтаған қаракер бесті. Ерқанатқа да кейін үйретілген жүрдек құнандардың бірін ерттеп берген. Бүгін Күлайша апайдың да сәні бөлек: басына көптен ұсталмаған аппақ шатырдай кимешек шаршысын тартып, қоңыр аттың үстінде нағыз бәйбішелерше қасқайып отыр.

Бұларды сырттай қызықтаған жылқышылар:

– Сән-салтанаттарыңыз тіпті елден бөлек қой, Ақа. Қырғыздарға құда түсуге бара жатқан жоқсыз ба? – деп іліп-қақпа өзіл айтысып жатты. Қазақ салтында қонаққа тәуір киініп, жасанып бару сәнқойлық немесе сыртқы жылтырақ емес, өзінді де, сол барған жерінді де сыйлағандыққа жатады. Ал Төреқұл – мұның сыйлайтын адамы. Қырық жылдан бері дәм-тұз араласқан ата жолдас. Төреқұлдың өзін былай қойғанда, әкелері қияметтік дос болған кісілер екеуінің.

Ағыбай мен Төреқұлды табыстырған тағдырдың өзі – жатқан бір тарих. Сонау отызыншы жылдардың басында бұлар үй

ішімен қырғыз асып барып, күнгей бетте бір жыл қыстап қайтуға тура келген. Төреқұлдың әкесі Ералыны мұның әкесі Жұмақан бұрын да сырттай біледі екен. Қиыншылық кезде қара тартып барып, солардың қолтығын паналаған. «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес» деп, қырғыз ағайындардың сондағы істеген жақсылығы естен, сірә, кетер ме? Ералының бұларға бір бөлмесін босатып беріп, аздаған азық-түлігін бала-шағасының аузынан жырғандай етіп, топты жанды бір қыс асырап шыққанын қалай ғана ұмыттарсың?! Жұмақан оны қашан дүниеден өткенше ұмытқан жоқ. Бірақ көзінің тірісінде Ералының сол қарымтасын қайтаруға үлгермей, өлерінің алдында Ағыбайға аманат етіп, табыстап кетті. Өкелер арасындағы үрдісті кейін балалары жалғастырған. Әке аманатын Ағыбайдың қаншалықты орындай алғанын кім білсін, әйтеуір қырық жылдан бері Төреқұлмен қатынасы үзілген жоқ, заманына қарай екеуінің арасында жорға ауысқан кездер де, дорба ауысқан кездер де болып тұрды. Саған артық, маған кем кетті деп ешқайсысы есептескен де емес. Сол Төреқұл ғой іздеп бара жатқан адамы.

Төреқұл өзінің ежелгі жұртында, Ұзынбұлақтың басында отыр екен. Шағын ауыл Ағыбайдың көзіне сонадайдан жылы ұшырай кетті. Бұлар ауылдың шетіне жақындағанда, ақ қалпақ киген еңселі бір адам топтан бөлініп, бері қарай беттеді. Ағыбай өзінің досы Төреқұлды алыстан-ақ шырамытып келе жатқан-ды. Жаңағы бурыл мұртты, қиық көз, қызыл шырайлы кісі де алақанын көлегейлеп, бір-екі рет күн салып қарады да, бұлар жақындай бергенде, дауыстап жіберді:

– Пәлі, мына қазақтарды қарай гөр! Бесе, Ағыбай кеудесінде жаны болса, осы жайлауға бір соғатын шығар деп ойлап едім өзім де... Көне, балалар, қонақтардың аттарын ұстандар! – деп қасындағы жастарға жарлық бере, өзі де қорбандап ұмтылып келеді.

Төреқұл ең алдымен Күлайшаның шылбырынан ұстап, аттан түсірді, қол беріп амандасты. Сонан соң Ағыбайды құшақтап, төсіне төсін тигізді. Осы кезде үй жақтан ана қаздай мамырлаған қартаң бәйбіше де етегіне сүрініп, таяп қалған-ды. Келе-ақ құшақтап, бетінен сүйіп жатыр... Содан әрі қырғыз бен қазақтың жуырманда таусылмайтын ұзын сонар аман-сәлемі жалғасты да кетті. Екі жақ сол қауқылдасып сөйлескен күйі үйге кіріп, қонақтар неше түрлі көпшік-көрпелер төселген төрге келіп жайғасты.

Үйге кіргеннен кейін де мал-бастың, ауыл-аймақтың амандық-жаңалығын сұрау тоқталған жоқ. Енді қонақтардың әрқайсысына жеке-жеке назар аударып, денсаулық жағдайларын білісіп жатыр. Ағыбай үй иелерінің өз қасындағы жастарға қарай

бергенін сезіп, оларға Ержан мен Ерқанатты таныстырды. Атарын атап тұрып:

– Бұлар – менің жиендерім... Ұрпақтан қазір менде өздеріңіз білетін жалғыз Қайынжамал ғана қалды ғой. Екеуі де соның балалары, мына үлкені институт бітірген. Суретші, – деді Ержанды нұсқап.

Төрөқұл қуаныштан өні бал-бұл жанып, әлі басыла алмай отыр. Бұрын қырғыздармен етене араласпаған Ержан таң-тамаша болып, Ағыбай мен Төрөқұлға кезек қарап, аузын ашты да қалды.

Ол ең алдымен екі халықтың ғажайып ұқсастығына таңғалды. Қырғыз дегеніңіз кейбір әріптерді ғана бұзып айтатын қазақ қой аумаған! Немесе қазағыңыз – сәл-пәл мұрнынан сөйлейтін қырғыздар... Екеуі кезек сөйлеп отырғанда, біраз құлағың үйренген соң, тіпті айыра алмай қалады екенсің... Түр-түстерінде де көзге ұрып тұрған бөлендей өзгешелік болсашы. Тек кішкентай ғана айырма, онда да Ержан сияқты суретшінің ғана көзіне шалынатын болар-болмас айырмашылық – қырғыздардың көздері сәл қысықтау, беттері сәл жалпақтау ма, қалай? Оның өзі де жаппай емес, кейбіреулерінен ғана байқалады. «Өздерін басқа жұрттар қазақпен шатастырмауы үшін, бастарына ақ қалпақты әдейі киетін болуы керек» деп ойлады Ержан ішінен... Ал жұрттың бәрі жабыла киген кезде, ақ қалпақ дегеніңіз тіпті керемет болып көрінеді екен. Өрбір қырғыз – ақ басты Алатаудың бір-бір бөлшегі, кішкентай моделі іспетті. Адамдар күн өтпеу үшін, Алатаудың мәңгілік қарынан бір-бір кесек қар алып, бастарына қондырып алған секілді әсер қалдырды...

Кешке таман үлкендер биебау басында әңгімелесіп отырғанда, Ержан мен Жанат бұлақ бойындағы көгалда серуендеп жүр еді. Қыз мұны титтей де жатырқаған жоқ, көптен білетін адамдай өзін тең ұстап, еркін сөйлесіп кетті.

Екеуі әрнені әңгіме етіп, ауылға қарай аяндады. Бұл мезетте Ағыбай, Төрөқұл бастаған бір топ үй сыртындағы тепсеңге текемет жайдырып, алқа-қотан әңгіме соғып отырғанды. Ержан Жанаттан бөлінген соң, үлкендер тобына кеп қосылды. Жылқышылар бас қосқан жерде жылқыдан басқа әңгіме болмайтыны белгілі. Жүз аттан алдына қара салмай озып келген жүйріктер, ұялы қасқырмен жалғыз шайқасып, үйірін қорғап қалатын шақар айғырлар рет-ретімен аңыз боп айтылып жатыр. Және осыдан қырықелу жыл бұрын өткен оқиғаны күні кеше болғандай қалай жандырып, мөлдіретіп жеткізеді десеңізші! Сөз тізгінін Төрөқұл мен Ағыбай кезек ұстап отыр екен. Қарттар көптен ішқұса болып, сөз ұғатын кісіге әбден зарығып қалған ба, қалай, екеуі де жас жігіттей

қызуланып, елеуреп алышты. Біреуі әлдебір әңгіменің басын айтса, екіншісі аяқ жағынан қағып әкетіп, жалғастыра береді. Соған соң бірін-бірі ұйып тыңдап, бас шұлғысып отырғанын көрсең! Дәл қазір екі шалды қазақ деп те, қырғыз деп те ажыратып жатпай, бұларды кәдімгі жылқышылар, жылқы десе ішкен асын жерге қоятын кешегі көшпенділер деген әлдеқайда дұрыс болар еді.

Сөз желісі бірінен-бірі туындап, келесі бір сөтте жылқының қаны, тегі туралы, таза қанды, текті жылқының жершілдігі, қандай алысқа ұзатып әкетсең де, туған жерін аңсап, қапыш келетіні жайында әңгіме болды.

– Мың да тоғыз жүз қырық екінші жылдың жазы, Ұлы Отан соғысының қызып тұрған кезі, – деді Төреқұл әңгімесін бапшен бастап. – Біз он шақты кісі қырғыз елінен майданға ат апаратын болдық. Ішімізде байырғы жылқышылар да, майдандағы жастардың орнына келген жай қарттар да бар. Ат-айғыры аралас мыңдай сөйгүлікті қызыл вагондарға тиіп алып, қазақ даласын қақ жара, батысқа қарай тартып бара жатырмыз. Ілгерілеген сайын жүрісіміз мандымай, эшелонымыз әр жерде бөгеліңкіреп, әскер мінген пойыздарға жол босатып дегендей, ілдалдалап жылжып келеміз. Жемшөбіміз өзімізде, тек күніне бір уақыт жылқыны суару ғана қолды байлайды... Содан не керек, Орал қаласынан өткен соң, жылқыны вагоннан түсіріп, үйірлеп даламен айдауға тура келді. Бет алдымыз – қалмақ даласы. Еділден паром арқылы өтіп, Сталинград майданына төте жолмен жету туралы бұйрық болыпты.

Бірақ Еділ бойына жеткен соң, паром дайын болмады ма, әлде арғы жағаны жау ұшақтары бомбылап, тыным бермей қойды ма, әйтеуір біз бергі бетте бір аптаға жуық бөгеліп қалдық. Жол-жөнекей көрген-білгенімізді айта берсем, әңгіме ұзарып кетеді. Қысқасы, айтайын дегенім, айдалған жылқының ішінде, осы өзіміздің «Қызыл байрақ» колхозынан алынған, сүліктей жирен айғыр болды. Меңсіз, қан жирен түсіне қарап жылқышылар «Қозыкүрең» деп атап кеткенбіз. Жаңылмасам, сол кезде жасы сегіз-ондардан аса қоймаған, толысқан, азулы айғырлардың бірі-тұғын. Құданың құдіреті, Еділ бойына жетісімен, жаңағы Қозыкүрең төтенше мінез таныта бастағаны. Жануар кешкі салқындарда ғана ептеп жайылады да, күндіз басын жерге салмай, жылқының шетінде қалшып тұрады да қояды... Арамызда Саяқбай дейтін көпті көрген, қу мүйіз қарт жылқышы бар еді, Қозыкүреңдегі өзгерісті алдымен сол байқапты.

– Жігіттер, мен бірдеңе білсем, сендер осы Қозыкүреңнен айырыласыңдар, – деді ол бір күні бізді қасына шақырып алып.

– Қарандаршы, жел жаққа шығып алып самалдап тұрғанын көрдің бе, жануардың?! Біраздан бері оттан, судан тыйылып, өзін-өзі мейіздей қатырып, жаратып жүр. Қашатын жылқының сұрқы ғой мынау. Мына бабымен қашатын болса, әй, төрт аяқты малға шалдыра қоймас. Не істейміз? Ұстап алып, өрелеп жіберсек қайтеді?

Саяқбайдың сөзін жігіттер күле тыңдап, бөлендей мән бере қоймады.

– Қойыңызшы, ақсақал. Сіз де қайдағыны айтады екенсіз. Екі мың шақырым жерге пойызбен келген мал түгіл, өзіңіз үйді тауып барсаңыз да жетер.

– Батыс қайда, шығыс қайда екенін айырмай, өзіміздің басымыз қатып, мәңгіріп жүргенде, жағы түкті жылқы айуан не білуші еді? Жай Еділдің шөбі таңдайына татымай, өгейсіп жүргені болар, – десіп, өздерінше тон пішіп кетті.

– Мейілдерін... Бірақ қашан айттың демеңдер, Қозыкүрең енді бірер күннен кейін Алатау қайдасың деп тартып отырмаса, мұрнымды кесіп берейін, – деді Саяқбай.

Бұл әңгіме сол арада аяқсыз қалған-ды. Ертеңіне дайындық жұмысы аяқталып, жылқыны өзеннен өткізудің қамы басталды. Ол үшін аттарды үйір-үйірімен жағалаудағы ағаштан жасалған шарбаққа қамап, содан әрі паромға тиеу қажет болды. Осы әдіспен алғашқы екі бөлек жылқы өзеннің жағасына шығып та үлгерді. Қозыкүрең соңғы үйірлердің ішінде-тұғын. Қанша дегенмен Саяқбайдың сөзі есімізде, бәріміз де содан көз алмай, қадағалап жүргенбіз.

Қозыкүреңнің аман-есен қоршауға кіргенін көріп, иығымыздан жүк түскендей кеңіп қалдық. Ағаш шарбақты бірте-бірте тарылтып, ығысқан жылқы паромға өзі шығып кететіндей тәсіл қолданып жатқанбыз... Кенет дәл осы кезде құтпеген жағдай болды. Айнала шөп жайып, қиқулап жүрген біздер әлдебір жылқының топты жара-мара, кісі бойы шарбақтан серіппедей созылып бір-ақ секіргенін көріп қалдық.

– Ойбай, кетті! Қозыкүрең кетті, – десіп шу ете қалды жылқышылар.

Құшақ құйрық, қаба жал күрен айғыр осықра ойнақтап шетке шыға берді де, бір-екі рет азынай кісінеп жіберіп, шығысқа қарай жөнелді.

– Тез, атқа қонындар! – деп ақырды бізді бастап жүрген кавалист капитан.

Соның бұйрығымен екі-үш жігіт атқа қонған. Бірақ қайыру

берген қайда! Қозыкүрең құйрықты тігіп алып, сақпанның тасындай зырлап барады.

– Қуғаннан пайда жоқ. Қозыкүрең бәрібір жылқы баласына шалдырмайды. Әуре болмандар, – деді Саяқбай. – Пай-пай, жануардың сілтеуін қарашы!

Оның бұл сөзінде Қозыкүреңге сүйініш те, өз болжамының дәл шыққанына пенделік мақтаныш та жатыр еді.

– Қап, маңайда машинаның да болмағанын қарашы! – Капитан жан-жағына алақтап сәл тұрды да, қасындағы солдаттың мылтығына жармасты. – Мен онда дизертирдің сазайын тартқызайын қазір!

Соны айтып тізерлеп отыра қалған-ды... Тарс еткен мылтық даусы естілді. Бірақ Қозыкүреңге оқ дарымады. Ызалы капитан кімге бағыштағаны белгісіз, жақсылап тұрып бір сыбап алды да, екінші рет мылтығын шарбаққа сүйеп қойып, ұзақ сығалады. Оқ бұл жолы да тимеді. Ұлы сәскенің кезі-тұғын. Қозыкүрең лаулаған бір түйдек оттай болып, күн астында шығысқа қарай заулап барады. Жылқышылар демдерін ішіне алып, сол тұрған орындарында қалшып қатып қалған-ды. Қозыкүреңнің қарасы көрінбей, қырдан асып кеткен кезде ғана «уһ» деп тыныс тартты...

Содан не керек, ұзын сөздің қысқасы, біз апарған жылқымызды тиісті жеріне өткізіп беріп, міндетімізді өтедік те, Саратов маңынан пойызға отырып, елге қарай бет алдық. Әлгі оқиғадан кейін, біз ырғалып-жырғалып ауылға жеткенше, арада тағы да жарты айдай уақыт өтті. Елге келіп, әрқайсысымыз өз жұмысымызға кірісіп кеттік. Қозыкүреңнен үмітімізді үзіп қойғанбыз. Байғұс ит-құсқа жем болды ма, әлде жол-жөнекей біреулердің қолына түсті ме деп, біраз күн еске алысып жүрдік те, ақыры ол да ұмытыла бастады.

Ауыл әлі жайлауда, мына Ұзынбұлақтың басындағы Шұрықта отырған кезіміз. Бір күні түн ішінде, ел шырт ұйқыда жатқанда, өлдеқайдан арқыраған саяқ жылқының даусы естілді. Мен ояу жатыр едім, тың тыңдап, артын күттім. Сәлден соң әлгі жылқы тіпті таяу маңнан кісінегендей болды. Азынай, аңсай кісінегеніне қарағанда, жай үй арасынан үйір іздеген көп тұғырының бірі емес, алыстан суыт келе жатқан мал екені белгілі. Бұл үнді көрші үйдегі Саяқбай да естіп жатса керек, бір мезгілде сырт жақтан дыбыс берді.

– Төреқұл, ояумысың? Далаға шығып тыңдашы, мына кісінеп келе жатқан біздің Қозыкүрең емес пе? Әй, соның-ақ даусы, – деді үй сыртында тұрып.

Шекпенімді иығыма іле сала мен де далаға атып шықтым. Екеуіміз тың тындап, тағы біраз тұрдық. Арқырай кісінеген әлгі жылқы батыс жақтағы қоңыр белден бері асып түсті де, ауылдың аяқ жағында жатқан сауын биелерге келіп қосылғандай болды.

– Жүр, барайық. Мынау – дәу де болса, Қозыкүреңнің өзі! – деді Саяқбай тықыршып.

Мен сенер-сенбесімді білмей, соңынан ілестім. Екеуіміз өкпемізді қолымызға алып, жүгіріп келеміз. Түнде жол ұзап кететін әдеті ғой, қарға адым жер жеткізсеңші. Өлдім-талдым дегенде, сайдың ішіне де іліндім-ау, әйтеуір. Ай сүттей жарық. Алайда шеттен келіп қосылған жаңағы жануар бірден көзімізге түсе қоймады. Істің анық-қанығына жеткенше сабырымыз қалмай, екеуіміз көрінген жылқының қасына бір барамыз. Сәлден соң Саяқбай менен бөлініп кеткенді. Бір мезгілде марқұмның күңірене шыққан даусы естілді:

– Жануарым-ай, аман-есен келген екенсің ғой! Айшылық жолды алты аттап, Алатауыңа жеткен екенсің-ау!.. Елсіз-сусыз шөлдерден, асу бермес белдерден өтіп, туған жерге қалай жеттің екенсің?

Қозыкүрең жылқының бір шетінде жалдас торы биенің шоқтығына иегін артқан күйі, бүйірін соғып, сенделіп тұр екен... Саяқбай жаңағы сөзді айтып еңіреп жіберді де, Күреңнің мойнынан құшақтады.

– Жануарым-ай, саудыраған қу сүйегің ғана қалыпты-ау! – деді арқа-басын, жалын сипап көріп. Мынау түріне қарағанда, осы бүгін-ақ күншілік жерді басқан-ау бұл жануар... – Жүр, Төрекүл, аяндайық. Алыстан келген ардағымызды ауылға апарайық.

Ертеңіне бұл хабарды естіген жайлаудағы жұрт, Қозыкүреңді көру үшін жан-жақтан ағылып жатты. Соғыс әлі бітпеген, халықтың қам көңіл кезі ғой, бейне майданнан тағы бір жаралы жауынгер оралғандай, ғаріп күйге түскен есіл жануарды көргенде, көздеріне жас алып, жыламаған ешкім қалмады.

Қозыкүрең оңалып кете алмады. Биебаудың басында аузына нәр салмай, бір-екі күн сұлық тұрды да, ақыры тобан аяқтанып жатып қалды. Ұзақ, суыт жүрістен қызыл май болып зорыққаны, төрт аяғына бірдей қан түскені белгілі еді. Саяқбай оны сусыз сазға да байлап бақты, шашасынан қан алып та көрді. Үн езіп ішкізіп, жылан да жегізді. Бірақ соның бірде-бірі көмегін тигізе алмады. Қайран Қозыкүрең орнынан тұрып кете алмай, бір аптадай жақұт көзі жаудырап, көтерем боп жатты да, ақыры тірлікпен біржола қош айтысты. Саяқбай оны терісін сыпырмастан, адамша арулап жерледі...

Кезінде біздің елге аңыз боп тараған Қозыкүрең оқиғасы, міне, осылай тынды...

Төрекұлдың әңгімесін жиналғандар ақырына дейін селт етпей ұйып тындаған. Ержанның да көз алдына неше түрлі суреттер оянып, қатты толқып отырған-ды. Кенет нағашы атасына көзі түсіп, тіксініп қалды. Ағыбай үнсіз егіліп жылап отыр екен. Төрекұл әңгімесін аяқтағанда, орамалын көзіне апарды да: «Ой, шіркін, дүние-ай!» деп көкірегін қарс айыра күрсінді.

Бұл кезде ымырт үйірілер, айналаға кеугім түсе бастаған. Үлкендер орындарынан тұрып, үйге қарай бет алды. Қонақасы да дайын боп қалған екен, жылқышы ауылдың көлдей кең дастарқаны қайтадан жайылды. Қырғыз салтында қонаққа бас ұсынбайды. Бірақ қазақ жөніне жүйрік Төрекұл төрде отырған Ағыбайдың алдына әдейілеп бас тартты.

Ертеңінде сәске түс шамасында қонақтардың аттанатын кезі де жақындады. Төрекұл: «Әлі де бірер күн қонақ болып жатындар, әңгімелесейік» деп жығыла жабысып еді, Ағыбай уақытының тым тығыз екенін айтып, көнбеді.

– Ендеше, қалаған-сұрағаныңды айт. Көптен ат ізін салып келіп отырғаның осы. Сен екеуіміз қанша жүре береміз дейсің жер бетінде. Еңбекпен табылған азғана дәулет – көңіліңнің садағасы. Бұйымтайыңды бүкпей айтып, қалағаныңды алып кет, – деді Төрекұл сәскелік қымыздан кейін, қонақтарымен оңаша қалғанда.

– Рақмет, Төке! Мен сенен бірдеме дәмәтіп келді дейсің бе? Осы ықыласыңның өзіне рақмет. Мен үшін осы алтын жүзінді көріп қайтқанымның өзі – үлкен олжа. Алда разы болсын!

Іңі. Осы сәтте үйге Атамқұл кірген. Әкесі оған сұраулы жүзбен қарап еді, ұлы «орындадым» дегендей басын изеді.

– Онда былай болсын, Ағыбай, – деді Төрекұл қошемет-құрметі де, өзімсінуі де аралас аса бір жылы үнмен. – Екеуімізді қойшы, сен екеуіміз қырық жыл дәмдес болып, сыннан өткен адамдармыз ғой. Маған өкпе артып, сын тақпайтыныңды білем. Дегенмен бұл реткі келісіңнің жөні бөлек: қасына екі бірдей жиенінді ертіп келіп отырсың. Бұлар саған жұрағат болғанда, маған да бөлек емес. «Жиеннің назары қатты болады» деген сөз бар қырғыз бен қазақта. Біздің арамыздағы достықты осы балалар жалғастыратын болсын... Мына Атамқұлдың үйірге салам ба деп жүрген «Қоянкөк» деген бәсіре дөнені бар еді, соны балаларға мінгізгелі отырмын. Азыр-қанбай жетелеп қайт.


Осы сөзден кейін бәрі жапа-тармағай орындарынан тұрып, далаға беттеді. Сыртқа шығып қараса, шынында да кермеде сүліктей қаракөк дөнен байлаулы тұр. «Қоянкөк» десе дегендей, әр жерінде теңгедей-теңгедей теңбілі бар, темір қаракөктің өзі.

Төрөкүл дөнөнді өзі шешіп әкеліп, шылбырын Ағыбайдың қолына ұстатты.

– Ақалтеке мен дончакқа қазақтар зәру емес шығар. Мынау – қоспасы жоқ, өзіміздің қырғыз жылқысы, баяғы Қозыкүреңнің әулеті, өзі жылмайтын жорға, – деді досының бетіне күле қарап. – Серіктің де, көліктің де жайлысы кісіге қартайғанда керек қой. Қолдан шығарма, көзімдей көріп мініп жүр.

Ағыбайдың қырағы көзі бір қарағанда-ақ көк дөнөннің қандай жылқы екенін шалып қалған-ды. Ішкі толқыныстан көзіне жас үйіріліп, қапелімде аузына ыңғайлы сөз түспей, бөгеліп қалды да, тек атына мінген соң, көңілін демдеп:

– Мынауың баға жетпес сый болды-ау, Төрөкүл! Сен екеуіміз үшін дүниеде жылқыдан асыл не бар еді?! «Берген жомарт емес, алған жомарт» деген де сөз бар қазақта. Сыйлықтан қашқаным – қолқадан қорыққаным болар. Рақмет! Тірі болсам, мен де бір кәдеңе жарармын. Қош бол! – деді де қаракөкті жетелеп, алға түсе берді.

 **ақалтеке** – түрікмендік жүйрік жылқы тұқымы

бесті – бес жастағы жылқы

қу мүйіз – көп нәрсені бастан кешірген, ысылған, төселген

өрелеу – аттың алдыңғы аяқтары мен арты бір аяғын шалып байлау, өре (шідер) салу



Қ. Жұмаділовтің бір өлеңдер жинағы, сегіз романы, бес повесі, ондаған әңгіме, мақалалар жинақтары жарық көрген. Қ. Жұмаділовтің шығармалары орыс, украин, беларусь, өзбек, ұйғыр, қырғыз тілдеріне аударылған. «Соңғы көш» романы түрік тілінде басылды.



Параллелизм (*грек.* қатарлас, қапталдас деген мағынада) – екі нәрсені қатарластыра алып суреттеу, бейнелеу тәсілі. Қозыкүреңнің соғыс даласынан елге оралуын, соғыстан жаралы болып бір жауынгер қайтып келгендей қабылдайды. «Соғыс әлі бітпеген, халықтың қам көңіл кезі ғой, бейне майданнан тағы бір жаралы жауынгер оралғандай, ғаріп күйге түскен есіл жануарды көргенде, көздеріне жас алып, жыламаған ешкім қалмады». Жауынгер мен атты қатарластыра суреттеп отыр.



1. Әңгімені байыптап оқып шық.
2. Ағыбайлар қырғыз досы Төрөкүл ауылына бару сапарына неге ерекше мән берді, қандай сән-салтанатпен сайланып шықты?
3. Ағыбай мен Төрөкүл достығы қашан, қалай басталған?
4. Төрөкүл Ағыбайларды қалай қарсы алды?
5. Қырғыз, қазақ халықтарының туыстығы туралы Ержанның ойларын мәтіннен тауып оқы.

6. Қозыкүренге байланысты Төрекүл әңгімесін мәтінге жуықтатып мазмұндап бер. Қозыкүреннің бұл қылығы өзіне қалай әсер еткенін әңгімеле.
7. «Жануарым-ай, аман-есен келген екенсің ғой. Айшылық жолды алты аттап, Алатауыңа жеткен екенсің-ау... Елсіз-сусыз шөлдерден, асу бермес белдерден өтіп, туған жерге қалай жеттің екенсің?» деген сөзді кім айтты? Бұл сөзден не ұқтың, мәнісін қалай түсінгеніңді айтып бер.
8. Әңгімедегі Саяқбай жылқышы қандай адам? Ауызша мінездеме бер.
9. Қозыкүреннің өзін-өзі жаратып, алыс жолға дайындалуы қалай берілген?
10. Саяқбайдың Қозыкүренге сүйіспеншілігін толық теріп айт.
11. Саяқбайдың Қозыкүренді аман алып қалу үшін жасаған әрекетін, жануарды арулап көмуін қалай түсінуге болады?
12. «Біздің арамыздағы достықты осы балалар жалғастыратын болсын...» деген Төрекүл сөзінің мәнісі неде?
13. Әңгімеде портреттік суреттемелер бар ма? Мысал келтір.
14. Әңгіме тіліне назар аудар. Тенеу сөздерді қолдану ретін байқа.
15. «Түбі бірге туысым», «Сыналған достық», «Бәріміз де туыспыз» деген тақырыптардың біріне үйден шығарма жазып кел.
16. Әңгіменің үшінші бөлімін (Ағыбайға Төрекүлдің сыйы) бөлек оқып, әңгімеле, екі достың диалогіне көңіл бөл.



«Қозыкүреннің туған жеріне келуі», «Ат – ер қанаты» деген тақырыпта шығармашылық жұмыс жаса, яғни көркем шығармадағы бейнені дамытып, сурет салуына, өлең, әңгіме жазуына болады.



ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА

(1939 жылы туған)

Фариза Оңғарсынова 1939 жылы Атырау өңіріндегі Манаш ауылында дүниеге келген. Фаризаның жырларында Жайықтың суындай жағаны соққан адуынды көңіл күй сезіледі. Оның өлеңдері Каспийдің алапат толқынындай айбынды, Каспийдің аққуларындай пәк, туған даласындай кең, аруанасындай маңғаз, күніндей ыстық, тауларындай асқақ.

Ақынның 1967 жылы «Бұлбұл» деген атпен тұңғыш жыр кітабы жарық көрді. Жас оқырмандарға арнаған өлең-жырлары да мол.

Оюлар

Түрін-ай текеметтің! Асыл қандай!
Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай.
«Келе ғой, қошақаным, өзіме!» деп,
Әжем кеп сипағандай шашымнан жай.


Күйімді кешсеңдер-ау сол беттегі,
Тұрғандай ана-көңіл тербеп мені.
Жан бітіп жайраңдады жан-жағымнан
Қазақтың қошқармүйіз өрнектері.

Аңсаумен күнім өтті қанша менің,
Желбауда, басқұрда ма аңсау емім.
Әжемнің көзіндей бұл оюларды
Таба алмай дала кезіп шаршап едім.

Елестеп көз алдымда сән шақтарым,
Келгендей құлағымға аңсатқан үн.
Түрінен текеметтің көріп тұрмын
Әжемнің тарамысты саусақтарын.

Шебер көп бұл заманда кілең керім,
Болмайтын ажыратып түр-өндерін.
Сүрінбей өте алар ма ғасырлардан
Әжемнің оюындай, жыр-өрнегім...

Болардай басқұр, өрнек маған медет,
Белгісі балғын шақтың қарар жебеп,
Сүйеніп түскиізге тұрып қаппын,
Көз жазып оюлардан қалам ба деп.
Мөлдір шық жасырынды жанарға кеп...

 **қошқармүйіз** – қазақтың ұлттық оюының бір түрі

тарамысты – арықтау

күр – киіз үйдің қарбалықтары мен уықтарын таңып, байланыстырып тұратын жалпақ бау

басқұр – киіз үйдің ішіне сән беретін, безендіріп тұратын өрнекті жалпақ күр



1. Халықтың асыл қасиетін өзіне жинақтаған ұлттық қолөнері бұйымдарын, халықтық дәстүрді, өнерді ақынның мейлінше бағалап, қастерлеуінің сыры неде деп білесің? Мұғалімнің көмегімен өзара пікір алысындар.

2. Түрін-ай текеметтің! Асыл қандай!..
«Келе ғой, қошақаным, өзіме» деп,
Әжем кеп сипағандай шашымнан жай, –
деген өлең жолдарын қалай түсінесің? Мұғалімнің көмегімен мағынасын аш.
3. Желбауға, басқұрға, текеметке салынған қазақтың қошқармүйіз өрнектері ғасырлардан асып жеткенін, енді одан айырылып қаламыз ба деген қаулің ақын қалай берген?
4. Қазақ халқының өнерге сүйіспеншілігін өз басыңнан, үйіңнен, ауыл-аймақтан, т. б. аңғардың ба?
5. Қошқармүйіз өрнектерді көркемдеп бояумен салып көр, оған өлең тілімен жан бітіріп айт.

МҰХТАР ШАХАНОВ

(1942 жылы туған)



Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар өңірінде дүниеге келген. Жастай жетімдік көрсе де, өзінің өжеттігі, қайсарлығы, қайраттылығы арқасында білім алып, талмай еңбек етіп, ел құрметіне бөленді.

1219 жылы қыркүйек айында Шыңғысхан жасағы Отырар қаласын екі жүз мың әскермен қоршап алды. Бірақ қаншама шабуыл жасағанмен, монғолдар қаланы ала алмады. Шыңғысхан қаһарланып: «Бүкіл қол қырылса да, Отырарды алу керек!» – деген бұйрық береді. Күн санап

Отырар тұрғындарының жағдайы нашарлайды. Азық, су таусылады. Әскер басшысы опасыздық жасап, қараңғы түнде өздері қорғап тұрған қаланың қақпасын ашып жібереді.

Жау сатқындарды да, қала халқын да қырып салады. Қалаға жаппай от қояды. Сонымен алты ай бойы берілмеген әлемге әйгілі Отырар қаласының орнында төбе-төбе топырақ пен күл үйінділері қалады.

Осы тарихи шындықты ақын Мұхтар Шаханов негізге ала отырып, сыртқы басқыншы жауға қарсы күрескен Отырар халқының ерлік ісін, оның басшысы Қайырханды мадақтап жырлайды. Сол арқылы Отанына, еліне опасыздық жасаған сатқынның қай дәуірде де алар сазайын сездіреді.

М. Шаханов – оқиғалы өлеңдердің (баллада) нағыз шебері.

Отырар

I

– Даңқың қайда төске өрлеген?
Екі жүз мың әскерменен
Алты ай бойы кіп-кішкентай Отырарды ала алмау,
Алты ай бойы Отырардың осал тұсын таба алмау,
Ойы – дауыл,
Сезімі – аспан,
Тек жеңіспен көзін ашқан
Менің алғыр ұрпағымның сүйегіне зор таңба.
Намысыма сызат түсті мына сенін арқанда, –
деп, Шыңғысхан Шағатайға оқты көзін қадады.
– Осы өкініш мені де өртеп барады.
Отырардың бақытына орнаған
Болар бәлкім,
Алдырмай жүр сол қамал,
Бірақ, әке, жүргенім жоқ аянып,
Қанша үмітім желге ұшты,
Қанша әскерім жер күшты,
Дала жатыр қызыл қанға боялып,
Егер бүкпей баяндасам шындықты,
Рухы – өр,
Тәні – бекем,
Бұл бір қайсар халық екен,
Тірліктен де артық қойған бірлікті.
Жүрегінде ыза табы қалмағандай бір мысқал,
– Шалалаусың, – деп жымыды Шыңғысхан. -
...Қай кезде де айла кескен нарықты,
Жақын барып, үнілместен жауыңа,
Шығам деме, ұлым, жеңіс тауыңа,
Адам аз ба күшке сеніп адасқан?
Жауың мықты,
Бұған сірә, таласпан,
Әр мықтының осал жері болмай ма?
Болса – қайсы?
Оған бастар жол қайда?
Ал бұл сұрақ бар кез сенің жүру керек басыңда,
Менің күллі жеңісімнің құпиясы осында!
Көңілінен күрт серпіліп наласы,
– Ұқтым, әке, – деп жымыды баласы.

II

Алты ай бойы ерлік салтқа төрін берген Отырар,
Алты ай бойғы алапатта жеңілмеген Отырар
Алты-ақ күнде жермен-жексен қирады.
Ақыл-ойын жалындатқан,
Өнер, ғылым шамын жаққан
Ұлы қала Азияның маңдайына сыймады.
Безбүйрек жау сәбилерді,
Шал-шауқанды,
Кемпірді,
Тіпті жүкті әйелдің де ішін жарып өлтірді.
Күзғын, қарға ғана тынбай шарлап мұңлы аспанды,
Отырардың аянышты зарлы өмірі басталды.
Айдай әлем мойындаған даңқы бар,
Жүз елу мың халқы бар,
Нән қаланың асқақ әні осыменен шектелді...
Үш күннен соң екі адамды Шыңғысханға ап келді.
Оның бірі – аты аңызға айналған,
Алты ай бойы Отырарды
Құтқарам деп арпалысқан қайраннан,
Аман өткен сан алапат майданнан,
Жүрек шамы ізгіліксіз жалғайтын,
Қанаттыны талаптыға жалғайтын,
Фараби мен Йасауидың жырларын
Таңнан-таңға жатқа айтудан талмайтын,
Өрі өзгеше ел басқару мәнері
Отырардың Қайыр атты ханы еді.
Екіншісі – қара мұртты қара түн,
Қара түнде қаққан қара қанатын,
Шағатайға Отырардың қақпасын
Ашып берген Қарашоқы болатын.
Қайран тірлік, бақ пенен сор қырқысқан,
Түлкі – сайға,
Қыран өрге тырмысқан.
Екеуіне алма-кезек көз тастап,
Ұзақ, үнсіз, ойға шомды Шыңғысхан.
– Иә, Қайырхан, – деді сосын жай ғана, –
Рух ердің өзегі ғой қайда да,
Ең әрісі – жеңілістің өзін де
Шешкім келіп түр өзіннің пайдана.
Жігіттерім рухына қармақты

Салмақ болып, төнінді әбден қорлапты.
Қорлапты әбден
Құлағыңды құнтитып,
Мұрныңды да кесіп апты шұнтитып.
Батырлықтан бағың бірақ жанған, ө,
Маған қарап күліп тұрсың сонда да.
Олар сенің жеңгенімен төнінді,
Амал нешік, жеңе алмапты жаныңды.
Мысқыл күлкің салды маған қаншама ой!
Шіркін, сендей бес қолбасшым болса ғой,
Қалың қолым ұқсап дүлей тасқынға
Бөлеп дарқан күйге мені
Бүкіл әлем билер еді
Аяғымның астында.
Ха-ха-ха-ха-ха! Ал мына бір сатқынды
Құдай саған қайдан ғана тап қылды?
Ха-ха-ха-ха-ха!
Қайғылы өрі күлкілі,
Қайран аңқау дара тұлға
Аңғармайсың қанатыңа жасырынған түлкіні!
Өрлігіңе осы болсын сыйлағаным,
Саған қидым бұл сатқынның билігін.
Тұр еді еркін езу жимай күлімдеп,
Мына әңгіме лезде құтын қашырды.
Қарашоқы есі шығып дірілдеп,
Шыңғысханның аяғына бас ұрды:
– Ұлы ханым,
Әділдік пе мұныңыз?
Өле-өлгенше боп өтейін құлыңыз.
Отырарды мен қол ұшын бермесем,
Оңай жаулап алар ма еді ұлыңыз?
– Оған дау жоқ, – деді Шыңғыс түнеріп, –
Сенен асқан бар ма бірақ тірі өлік?
Қастерлінің бәрін жыққан табанға
Азған сен бе?
Әлде мына заман ба?
Тым құрыса, қасиетті бір сезім
Қалу керек емес пе әрбір адамда?
Рас, менің нөкерлерім безбүйрек
Зұлымдықты ерлік деп те таниды.
Олар тіпті өкшесімен езгілеп,
Кете алады жазығы жоқ сәбиді.

Одан да ірі хайуандыққа жете алады төзімі,
Бәрін өзім үйреткенмін о баста.
Қаталдық пен аяушылық сезімі
Жауынгердің жүрегінде түспеу керек таласқа.
Түспеу ләзім қос сезімнің дауына,
Мен осыған қатты көңіл бөлемін.
Қаншама иттік етсе де олар жауына,
Туған жерін сатпасына сенемін.
Дәмелендің шығарар деп төріне,
Жетті көзің, ол үмітін – құр елес.
Опасыздық жасадың ба еліңе,
Ертең саған мені сату түк емес.
Шарам нешік, тұрмын сені тіпті аяп,
Сорлы Отансыз қарайыпсыз қанына.
Қашан мені сатарыңды күтпей-ақ,
Алдынды орап кеткеніме налыма,
Жақсылығым қайтпады деп арыма,
Сатқындыққа сатқындықпен тіл қату
Ұқсамай ма табиғаттың заңына?
Құлақ түрер кім қалды енді зарыңа!
О дүние сапарына, сатқыным,
Сеніп аттан әділдіктің барына! –
Нөкеріне бұрылып:
– Көне, қылыш ұстатыңдар
Қайсар батыр Қайырханның қолына!
– Тоқта, Шыңғыс! – деп Қайырхан саңқ етті, –
Бұл баланың әкесі бір нар текті
Адам еді елге сыйлы, зиялы,
Адам еді адал, ұшқыр қиялы.
Әкесі үшін перзентіне сеніп ем,
Сатқын болып шықты мына тұяғы.
Оны ойласам, от жүрегім қан болар,
Сеніміме содан түскен таңба бар.
Мақұл көрсен, әкесін бұл сатқынның
Осы араға алдырғаның жөн болар.
Келді ме өлде жауынан сыр тартқысы,
Шыңғыс басын изеді оған үн-түңсіз.
Біраздан соң қаба сақал қарт кісі
Екеуіне қарсы қарап тұрды үнсіз.
Қайыр айтты:
– Жылан туса жыланнан,
Құлан туса құланнан,

Танданатын түк те жоқ.
Бірақ жылан қалай туды қыраннан?
Қария айтты:
– Сыйлы басым қуарды,
Жария етіп жалғанымды,
Менің қыран болғанымды
Заман бүгін өтірікке шығарды.
Әділі сол, көнбе мейлің, көн мейлің,
Әр адымы қиындаған,
Адал өлім бұйырмаған
Менен сорлы жан бар десең, сенбеймін...
Көрінетін бетім бар ма еліме?
Мына сатқын перзентіме қосақтап
Өлтіруге міндеттісің мені де?
Азғындықтың соңы бізбен құрысын,
Сабақ болсын ертеңгі атар күн үшін.
Құм мәңгілік бүркей алмас асылды,
Даңқын көктеп өтеді әлі ғасырды.
Ал, қимылда, қалды уақыт тым қысқа.
Қағу үшін сенің қайсар басыңды
Асығып тұр мынау залым Шыңғыс та!
Қайыр айтты:
– Иә, қоштасар келді күн.
Азбан Шыңғыс ел тарихын қорлады-ау!
Ойлап тұрсаң, енді бәрі арман-ау!
Отырардың жан қиярлық ерлігін
Жыр ететін, әттең, ақын қалмады-ау!
Шыңғыс айтты:
– Өкінгенмен болмайды,
Ешкімге де берілмейді бас сауға.
Бұйрық еттім түгел қырып тастауға –
Отырарда еркек кіндік қалмайды!
Қария айтты:
– Қателестің, қалады!
Жұма бұрын
Шеткі Елші қақпадан
Жүзін жалын қақтаған
Мен құтқарып жібердім бір баланы.
– Бәрекезде,
Бұл еңбегің жарады!
Бірақ одан ұрпақ тарап,
Одан ақын туғанша,

Ал ол ақын ата жолын қуғанша,
Кеудесіне сыйдырғанша даланы,
Айырғанша ақтан бөліп қараны,
Талай өзен тасып өтер, –
деп, Қайырхан жасқа толып жанары,
Отырарға қимай ұзақ қарады...



төске өрлеген – атағың шыққан
осал тұсы – әлсіз жері
алапатта – *мұнда*: соғыста дегенді білдіреді
тірі өлік – ұяттан өлу
безбүйрек – ешкімге жаны ашымайды
шарам нешік – амалым жоқ



1. Шыңғыс пен Шағатай тілдесулерінен не ұқтың?

Даңқын қайда төске өрлеген?
Екі жүз мың әскерменен
Алты ай бойы кіп-кішкентай Отырарды ала алмау...
...Тек жеңіспен көзін ашқан
Менің алғыр ұрпағымның сүйегіне зор таңба, –

деп, Шыңғыс кімге ашу сөз айтып отыр. Мәтіннен Шыңғыс сөзін оқы.

2. Шағатай әкесі Шыңғысқа не деп жауап қатты?

Рухы – ер,
Тәні – бекем,
Тірліктен де артық көрген бірлікті
Бұл бір қайсар халық екен, –

деген Шағатай сөзінде халық ерлігін мойындау бар ма?

3. Отырарды алу үшін Шыңғыс Шағатайға қандай зұлымдықты үйретіп отыр? Оқып бер:

...Қай кезде де айла кескен нарықты,
Адам аз ба күшке сеніп адасқан...
Әр мықтының осал жері болмай ма?
Менің күллі жеңісімнің құпиясы осында, –

деген Шыңғыстың сөзін талда.

4. Алты ай бойы жеңілмеген Отырар
Алты-ақ күнде жермен-жексен қирады.
Отырардың осыдан кейінгі ауыр халін ақын қалай, қандай сезім-
дермен суреттейді. Тарихи дерек бұны қалай дейді?

Ақыл-ойын жалындатқан
Өнер-ғылым шамын жаққан, –

деген жолдар Отырардың қай кездегі тірлігінен мәлімет береді?
Еліміздің сол дәуірдегі тарихын әңгімелейтін кітаптардан білетін-
дерің негізінде осы жолдардың мәнін аш.

5. Шыңғысхан алдына алып келген екі адам кімдер? Бұл екеуіне автор қандай баға берді?
- Қайран тірлік бақ пенен сор қырқысқан
Түлкі – сайға,
Қыран өрге тырмысқан, –
- дегендегі түлкі кім, қыран кім? Неге олай дейді?
6. Қайырманға Шыңғыс қандай баға берді? Мәтіннен тауып, оқып бер.
- Олар сенің жеңгенімен төнінді,
Амал нешік,
Жеңе алмапты жаныңды...
...Шіркін, сендей бес қолбасшым болса ғой...
Қайран аңқау дара тұлға
Аңғармапсын жасырынған түлкіні...
...Саған қидым бұл сатқынның билігін,
- деген Шыңғыс сөздері Қайырханның қандай адам екендігін танытады? Жоғарыдағыларды жинақтап, Қайырханға мінездеме бер.
7. Шыңғыстың құрметіне бөленуді ойлап, опасыздық жасаған Қарашоқыға Шыңғыс қандай баға берді? Мәтіннен тауып, оқып бер.
- ...Сорлы Отансыз
Қарайыпсың қаныңа
Сатқындыққа сатқындықпен тіл қату
Ұқсамай ма табиғаттың заңына? –
- деген сөйлемдердің мәнін мұғалім көмегімен аш.
8. Сатқынның әкесін алдырып, Қайырхан не туралы сұрады? Оқып бер. Қария не деп жауап берді? Оның жауабынан қандай адам екенін білуге бола ма?
9. Қайырхан өлім сағатын күткен сәтте не деді? Нені армандады? Ол арман орындалды ма?
10. Шығармадағы басты ой, негізгі пікір не? Ойынды жинақтап, пікіріңді айт.
11. Өлеңнің белгілі бір оқиғаға құрылып, байланысы, шиеленісі, шешілуі дағдыдан тыс күтпеген жерден болатын баллада екенін аңғар.
12. Ақынның тапқырлықпен айтылған сөздерін мәтіннен тауып, дәптеріңе жазып ал. Мысалы:
- Түлкі – сайға,
Қыран өрге тырмысқан, т. б.
13. Кейбір сөздердің мәнін мұғалімнің көмегімен түсініп ал. «Қанына қараю, рухы – өр, төні – бекем», т. б.
14. Мәтінде диалог пен монолог бар ма? Оларға қарап кейіпкердің қандай адам екенін байқай аламыз ба?
15. Өлең құрылысында өзгешелік бар ма? Ұйқасын, шумағын, бунағын, буын санын бұрынғы өткен шығармалармен салыстырып көр.



Өлеңді сценарийге айналдырып, рөлдерге бөліп, сахналап көріңдер.

НӘСІРЕДДИН СЕРӘЛИЕВ

(1930–1984)



Нәсіреддин Серәлиев 1930 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданындағы Қашқансу деген жерде дүниеге келген.

Нәсіреддин журналистік қызмет атқара жүріп балаларға арналған көптеген әңгімелер мен повестер жазды. Мысалы, «Ақ лақ пен қара лақ», «Әңгелек», «Ақбөпе», «Ақ қайың», «Ыстық күлше», т. б.

Өздеріңе ұсынылып отырған «Аңсау» әңгімесінде кішкентай Ермектің өз атасын аңсауы, көшедегі қарияны атасына ұқсатып үйіне ертіп келуін, қуанып мәре-сәре болуын және Ермектің анасының парасаттылығын жазушы қарапайым тілмен шебер суреттеп жеткізеді.

Аңсау

Күн кешкіріп, зәңкиген бес қабат үйлердің көлеңкесі қалбиып-қалбиып шыға келген уақ еді. Шілде кезі. Күн ұзағына ашық. Бұлтсыз аспан төрінен шақырайып, асфальт түгіл темірдің өзін ерітіп жібере жаздаған күн қала үйлерінің қалқасына еңкейіп, батуға таянған. Тымырсық ауаға ештеп қоңыр леп қосылғандай қапырық сейіліп, тыныс кени бастаған-ды.

Таңертеңнен бері тыңқиған қызыл ала алаша қоржынының бір басы құйымшағын, бір басы кіндік тұсын ұрғылап, әбден қалжыраған қырбық мұрт, дөңгелек сақалды қара-қожыр шал биік үйлер арасындағы қысырақ жалындай күзелген балапан талды саяжолға бұрылды. Жол шетіндегі арқа тіреуші бар жалпақ жайдақ орындыққа кеп, қасына қоржынын құлата салып, жалп отыра кетті: «Уф!» деп демін бір-ақ алды. Жадағайының сыртқы қалтасынан жаялықтай ақсұр орамалын алып, жиегі алағүлік шаққандай күлбіреп қызарғанмен әлі нұры таймаған қоңыр көзіне құйылған ащы терді сұртті. Басындағы қара барқыт шошақ тақиясын қолына ап, тізесіне сарт-сұрт ұрып қаққыштап, шып-шып тершіген тақыр көкшіл құйқаны бастыра қайта киді. Көлеңкесі зорайып жан-жағынан анталай төнген сұрғылт үйлерге шалқайып иегін көтере қарады. Жыпырлаған терезелер шалға кірпік қақпай аңтарыла сүзілетіндей көрінді. «Құдекеңнің шебері-ай, бірінің төбесіне бірін шығарып... Бірінің

үстіне бірі құлап кетпей ме екен?.. Ең төбесіндегінің басы айналатын шығар...» деп жымыып қойды.

Балапан талдың сыртындағы жолмен бір топ бала жарыса шауып өтті.

Шал аяғын созып, қоржынына жантайды.

Қария Сырдың арғы бетіндегі «Мақпалкөл» деген кеңшардан қалаға базаршылап азанда келген-ді. Базарға құмары шамалы, «бензеннің иісінен құсам» деп машина атаулыға мінуден қашып жүретін, «Шіркін, даланың жілік майындай таза ауасына не жетсін!» деп ауылдан қарыс ұзап шықпайтын біртоға адам еді. Бүгін базарға амалының жоғынан келген. Жуырда ғана өскерден оралған кенжесін үйлендірген-ді. Енді сол баласына есік аштырмақ. Бәрі барлықтың, тоқтықтың бөлесі, бұ күнде есік ашу да, қыздың дүниесін беру де бөсеке, ешкім қатарынан қалғысы келмейді. Ол да тышқанша тыққыштап жиған-тергені бар, ағайын-жекжатқа салық салып қосқаны бар, барын жұмсап, дайындық қамына шыққан. Құда-құдағиға апаратын киітке қажетті мата кілең асылдан сайланбаса, ел күлетін болған. Ауылдың дүкендерінен қария іздегенін таппай, осында келген. Жібек пен шәйі, мақпал мен торқа жетпегендей, адам атынан шатасатын кіремпілен деген бөлесі тағы шығыпты.

Қала дүкендерінен жартымды ештеңе таба алмаған қария базардан қымбатына болса да қажетін зыр қағып жүріп тауып, еш жерге аялдамай, аэропортқа тартқан. Қалада қонаға қалғысы келмеген, түстен кейінгі ұшаққа үлгерем ғой деп ойлаған. Екі өкпесін қолына алып, мықшындап жеткенінде кеңшарға ұшатын ұшақ ұшу алаңында дуадақша дедектеп барады екен. Көліктің басқадай реті жоқ. Автобус ертеңгілік жүреді, пойызбен жүру бір қиямет, әуелі аудан орталығына бару керек, содан соң ауылға ала кететін машина іздеп тағы сандалу... Енді қалаға қонудан басқа не амал бар. Қалада танысы жоқ қария қайда барарын білмей дағдарып, ошарылып қала берген. Кенет ойына қонақ үйі түсіп, қала орталығындағы «Сырдария» деген үлкен мейманханаға соғып еді, ондағы бір әйелдер «құжат керек, паспортсыз адамды қондырмаймыз» деп манайларына жолатпады.

«Осы жерге түнеп шықсам, біреу құмайтын шығар, – деп ойлады шал, – қалалы жерде ұры-қары болады деуші еді, мынауымнан айрылып қалар ма екенмін?» Қоржынына сүйеніп еңсесін көтерді. «Мына үйлердің біреуі қондырмас па екен, түге? Құдайы қонақпын деп барсам, олар да пашпырт сұрар ма екен?» деп күнгірттене бастаған терезелерге үмітпен жағалап қарап шықты.

«Фух-пах!» деп тарсылдатып, мылтық атқан боп бұтаны баспа-
лап ойнаған кішкентайлар шалға таяу жүрген-ді. Бір кезде бір тру-
сишең, мәйкішең, көзі мойылдай жылтыраған төрт-бестер шама-
сындағы қара домалақ бала шалдың қалқасына кеп тығылды. Шал
мойнын бұрып, балаға:

– Мында кел, мында тығыл, – деді жадағайының етегін
көтеріп.

Баланың мойылдай көзі күлімдей ұшқын атты. Екі қолын соза
ұмтылып:

– Ата! – деп құшақтай алды.

Шал әуелі сасып қалған. «Айналайын, айналайын, балам», –
деп оның шашынан сипалады... Шамасы өз атасына ұқсатты-ау...
Бала басын шалдың бурыл сақалына үйкелеп, қойнына кіріп бара-
ды. Сәби мейірінен қарт көңілі босап, тұла бойы шымырлады.

– Ата, сен қашан келді? – деді бала шал мойнынан қолын бо-
сатып.

– Бүгін келдім.

– Сен маған бауырсақ әкелді? – Бала бір тіл жеткісіз қуаныш
құшағында еді.

Шал не дерін білмеді:

– Бауырсағы несі?

– Бауырсақ әкелді сен... Дома? Үйде?.. Ата, жүр үйге, – деп
бала оның қолынан тартқылады.

Шал қоржынын иығына салып, балаға ерді.

– Ермек, ты куда? – деп айқайлаған құрбыларына бала қай-
рылмады. Шалды қолынан жетектеген бойымен саяжолға төніп
тұрған үлкен үйдің ортаңғы есігіне келіп кірді. Екінші қабатқа
көтерілді. Бала сол қол жақтағы көк есікті тарсылдата ұрды.

– Мама, открой, я с дедушкой! – деп шаттана айғайлады.

Есік ашқан жылы жүзді, қара торы келіншек қарияға қалың
қасын көтере таңырқады. «Ата» дей жаздап ернін жымқырды.

– Есенсің бе, шырағым? – деді шал балаға еріп келгеніне
кипақтап.

– Сәлем бердік, ата! Келініз, – деді келіншек иіліп.

– Жүр, ата, жүр, – деп шалды қолынан тартып, ішке кіргізген
Ермек мамасына еркелей асылды. – А где бауырсақ?

– Қайдағы бауырсақ?

– Ата әкелді бауырсақ, – деді ұртын бұртитып Ермек.

Мамасы енді ұқты. Мына қария өзінің марқұм қайын атасына
сойып қаптағандай ұқсайды. Ие, Ермек, өз атасына ұқсатқан екен
ғой. Ауылдан келген сайын немереме деп бауырсақ ала келетін
еді-ау, иманды болғыр...

– Бауырсақ... – деп, одан әрі айтар сөз таппағандай мүдіріп қалды мамасы.

Ермек жүгіріп асханаға барып, мұздатқышты салдырлатып ашып жатты.

Шал баланың қайта-қайта бауырсақ сұрағанының себебін білмей, дал боп басын шайқады да, иығындағы қоржынын дүрс еткізіп босағаға тастай салды.

– Ата, төрлетіңіз, – деді келіншек. – Атамыз бар еді сізге ұқсаған. Дүние салғанына жылға таяп қалды. Сізді со кісіге ұқсатып жүр-ау деймін. Атаң емеспін демей-ақ қойыңыз... Байғұс келген сайын немереме деп бауырсақ әкелуші еді.

– Қап, мен бауырсақ әкелмеп ем, енді қайттым? – Шал қоржынына еңкейіп, бір басын ағытып, шағын түйіншекті суырып алды.

– Кемпірім шөлдесең талмарсың деп бес-алты түйір құрт салып еді, содан басқа ештеңе...

– Құртты да жақсы көреді... Әй, Ермек, бері кел, – деп дауыстады келіншек.

– Бауырсақты ұшақта ұмытып кетіпшің дейін, – деді шал табан астынан айла тауып.

Әңгіле – Сөйденіз.

– Куда спрятала? – деп ашуланып оралған Ермектің қолына мамасы шалдан алған түйіншекті ұстата салды. – Атаң құрт әкепті.

– Бауырсақты ұшақта ұмытып кетіпшің, құдай алжастырып... Ермекжан, – деп шал оның басынан сипады.

Түйіншекті мамасы шешті. Екі уысына екі-екі құрттан қысқан Ермек қайтадан көңілденіп:

– Ата, ауыл кетпе. Мен сен жатады, – деді де ойынға барғалы тысқа жөнелді.

– Төрлетіңіз, ата.

Шал кебісін шешіп, келіншекке еріп, қоналқы бөлмеге өтті. Кең жиһазды бөлме еді. Келіншек босаға тұстағы түймені басып, шам жақты. Қауашағы ашылмаған бір бума райхан гүлі секілденген люстра ақшыл нұр шапты. Қызыл ағаштан шабылған жылтыр сервант, оның ішіндегі хрусталь рюмкалар жалтылдап сәуле ойнатты. Еденде, табан астында тықыр қызыл кілем. Шал үйдің сәулеті мен тазалығынан қаймыққандай кібіртіктей басып, босаға жақтағы шеткі орындыққа отырғалы жатыр еді, келіншек:

– Ата, анда жұмсақ диванға отырыңыз, – деді төр жақ қабырғаға таяу үстіне сарғыш масаты жабулаған диванды нұсқап.

– Ойда жоқта... түс секілді бір іс болды-ау, – деді диванға жайғасқан шал.

– Қалайда, ата, бүгін біздікіне қонатын болдыңыз, – деді келіншек күлімсіреп. – Шай қояйын, өз үйіңіздей жайласып отыра беріңіз.

«Отырайын... отырайын...» – Көшеге түнеймін-ау деп отырғанда мынадай жайлы құттықханадан бір-ақ шыққанына өз-өзінен айран-асыр шал: «Шіркін, немере де тәтті-ау... Ана Алматыдағы біздің шіркіндер, баламызды ауылға жіберсек жылан шағып алады деп, елге жолатпайды. Екі-үш жылда бір көруге зармыз» деп, жоғары оқу орнын біткен соң астанада қызметте қалған үлкен баласын ойлады. «Мың қатта шүкір, қолымдағы жаманым аман болсын. Бір жыл шыдасам, немере де болар...»

Бір-екі кесе шай ішіп, шөлі басылған кезде шал келіншекке шынын айтты.

– ...Қалада танысым болмағанын қонақ үйіне барсам, бір маржа: «Пашпырт, давай, пашпырт давай!» дейді. Мен айтам: «Пашпырт біткен, менен не сұрайсың, ауылда қалған?» Ол айтады: «Давай, онда пошол», дейт... Содан қайда түнерімді білмей, дал боп есік алдындағы көлеңкеде отыр едім ғой... Енді, міне, бәрі себеп... Осы үйдің мына шайы бұйырып тұр. Дәм-тұз қойсын ба?!

– Ата, бұл жақсы, естен кетпейтін оқиға болды. Балаңыз үйде болғанда, ой бір өз әкесін көргендей керемет қуанатын еді. Ермекжан мауқын басатын болды бәрінен бұрын. Атам қайтқанда Ермекжан науқастанып қап ауруханада жатыр еді. Атам байғұсқа немересінен топырақ бұйырмады. Жерлегенде алып бара алмадық. Енді Ермекжанға: «Атаң қайтыс болған десек, ол сенбейді, өлген жоқ, ата келеді, бауырсақ әкеледі» дейді. Көзімен көрмегесін қайдан сенсін. Сосын сәби неме өлім дегенді де шындап ұқпайды ғой. Енді біз де оның көңілін мұқалтпаймыз... «Атаң келеді, бауырсақ әкеледі» дейміз... Сіз біздің атайдан еш аумайды екенсіз.

– Адам адамға ұқсай береді, шырағым.

– Сонда да сіз... егер атамның қазасын көзіммен көрмесем, мен де сізді айыра алмас едім.

Бір уақта Ермек келді. Мойнына асынған автоматын қарияға оқтап тырылдатып, «Ата, тығыл, тығыл, оқ тиеді», – деп ыржия күледі. Шал кәдімгідей қорыққан түр танытып, үстелдің шетіне бұқпайлап ойынға қосылғансыды.

– Ата, сен кетпе ауыл. Мамам, папам сен өлді говорят.

– Мазалама атаны, – деді мамасы оған кейіп. – Шай ішсін.

Қарашы, естігенін ұмытпауын.

Бала шал жанынан кетпеді. Сақалын ұстап, жапсырма емес пе өзі дегендей тартқылап көрді.

– Атаның мазасын алма дедім ғой саған.

– Оқасы жоқ, отыра бер, айналайын, – деп шал баланы тізесіне шығарып, маңдайынан иіскеді.

– Ата, сенде ат бар?

– Бар, айналайын!

– Қандай? Үлкен?

– Үлкен де бар, тайы да бар.

– Маған мінгізесің?

– Мінгізем, айналайын, мінгізем.

– Мен алып кет, ата.

– Ауылға ма? Алып кетем, айналайын, алып кетем.

Бала шаттанып шалдың алдынан секіріп түсті де, төрдегі теледидар тетігін қосты. Күнде мамасынан: «Теледидар қоюға бола ма?» деп сұрайтын еді. Атасын арқа тұтып, онысын ұмытқан сынай танытты.

– Аташке мультфильм покажу.

– О не дегені? – деп шал түсінбеді.

– Сізге кино көрсетем дейді, – деді келіншек.

– Ә... көсеген көгерсін, балам!

Мамасы тамақ қамымен асханаға кеткен кезде Ермек орындық арқалығына шығып, шалдың мойнына ат қып мініп алды.

– Шу-шу, коняшка! – деп сықылықтай күледі.

Шал да мөз, шайға қанып, шаршағаны басылған. Орнынан тұрып, ат құсап оқыранып, үстелді айналып, қорбаңдай шапқылады.

Шал мен баласының мына қылығының үстінен түскен келіншек есік қалқасында тұрып, аузын басып, көзінен жас аққанша күлді.

Қонақ кәдесін жасаған соң келіншек диванды жазып, шалға төсек салып берді.

– Мен аташка жатам, – деді Ермек.

– Жоқ, өз орнына жатасың, атаң екеуің сыймайсың, – деді мамасы бөтен кісінің қойнына баласының жатқанын қолайламай.

Ермек көзінде жас дөңгелеп, шалға қарап қипақтады... Айтсаңызшы дейтіндей. Бөтен келінге сөзім өте ме, өтпей ме деп шал қиналды.

– Орнына жата ғой, айналайын.

Қара көзінен ыршып шыққан мөлдір тамшы кірпігінен үзіліп түсті. «Атасын сағынған екен». Мамасы баласын аяп кетті де:

– Жата ғой, – деп рұқсат берді. Шамды сөндірді.

Ермек жүрегі жарылардай қуанып, диван үстіне ырғып шықты. Шал қасына жатқан соң бір қолымен құшақтап, бір қолымен сақалын ширатып ойнап:

– Ата, мен сақал жоқ? – деп сұрады.
 – Мендей шал болғанда сенде сақал болады.
 – Үлкен сақал... да?
 – Иә... Үлкен сақал.
 – Ата, ауыл бауырсақ бар?
 – Көп, балам.
 – Ата, ат мінем?
 – Мінгізем, айналайын, сөйгүлікке мінгізем.
 – Сөйгүлік, что ол?
 – Жүйрік ат.
 – Машина оза ма?
 – Озады.
 – Ұшақ оза ма?
 – Одан да озады, – деді баланың сұраққа жалғау қоспай сөйлегеніне үйреніп алған шал.

Бала үндемей қалды. Ұшақтан да жүйрік ат бар екен-ау?! Көз алдына қос қанатты ат елестеді. Шауып барады... Шауып бара жатқан жоқ, аспанда ұшып барады. Үстінде Ермек. Бұлттың үстінде... Шетсіз-шексіз дала үстінде... Көк мұхит үстінде... Кірпігі ілінісіп, шалды белінен тас қып құшақтаған күйі ұйықтап кетті.

Шал баланың басынан сипап жатып өзінің Алматыдағы немерелерін ойлады. «Ол күшіктер де мені сағынып жүр ме екен? Олар да мына сәби құсап іздейтін шығар...»

Шал алакөбенде оянып, бала ұйықтап жатқанда кетіп қалмақ болып аяғының ұшымен жүріп киінді.

Келіншек те ерте тұрып, шай қойып жүрген. Киініп дәлізге шыққан қарияға сәлем беріп:

– Ата, асханаға кіріп, шай ішіп кетіңіз, – деді.
 – Ермек оянып кетіп, шатақ шығармас па екен?
 – Ояна қоймас.
 – Ермекжан меніздесе, – деді кетерінде шал, – Сырдың арғы бетіндегі «Мақпалкөл» совхозынан Қалымбет деген шалды тауып аларсындар, қарағым. Ауыл шетіне кіріп сұрасандар, итіне дейін біледі. Ермекжанға ата болуға жарар десеңдер, келіндер, шырақтарым. Күйеуіңе сәлем айт. Ермектің атасына деген ықыласын сөндірмесін.

Келіншек қоржынын арқалаған Қалымбет қарияны өз атасындай көшеге дейін ұзатып салды. Бұл кезде Ермек ұйқы құшағында қызық түс көріп жатқан... Қожыр шал құс қанатты тұлпармен бұлт үстінде қалықтап барады... Аспандағы жұлдыздарды уыстап, жердегі Ермекке қарай шашады. Шашылған жұлдыз емес, сапсары бауырсақтар.



зәңкиген – еңселі, биік

қапырық – өте ыстық

саяжол – ағаштардың көлеңкесі түсіп тұрған жол

жаялық – жас нәрестені орайтын жөргек мата

алагүлік – қоңыздың бір түрі

азанда – танертең

кремпілен – матаның атауы

қиямет – қиын



1. Қария қалаға неге келді? Қаладан қайта алмай қалған соң, қайда түнеп шықпақ болды?
2. Ол кімге жолықты? Бала қартты неге үйіне ертіп келді?
3. Бала кімді ансап жүр еді?
4. Қарт пен баланың арасындағы әңгімеге (диалогке) көңіл аудар. Қалада өскен баланың орысша араластырып, ана тілін шолақ қайырып (Ата, ауыл кетпе. Мен сен жатады...), тілді бұзып сөйлегеніне мән бер.
5. Кішкене баланың ақсақалмен қалай ойнағанына көңіл аудар. Баланың шешесі не себепті ұлына бөтен қарияның қасына жатуға рұқсат берді?
6. Қалымбет қария қайтып бара жатқанда баланың түсіне сап-сары бауырсақтар кіргенін түсіндіріп көр.

ЖҮМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ

(1935–1983)

Жүмекен Нәжімеденов 1935 жылы Атырау облысы Теңіз ауданының «Қошалақ» ауылында туған. Мектепті бітіргеннен кейін Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының ұлт аспаптары факультетінде оқыған. Сондай-ақ Мәскеудегі М. Горький атындағы әдебиет институты жанындағы жоғары курсты оқып бітірген.

Ол еңбек жолын Қарағанды көмір шахтасында қара жұмыс істеуден бастаған. Алғашқы өлеңдерінен-ақ ойлы ақын ретінде танылған. Оның «Менің Қазақстаным» өлеңі Тәуелсіз Қазақстанның Әнұранына айналды.



Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы.
Думанды бастады,
Далама қарашы.

Кең екен Жер деген,
Жерге дән шықты ғой.
Дән егіп терлеген,
Қазағым мықты ғой...

Жүмекен ақын – көптеген жыр жинағының авторы. Ол проза да жазып, «Ақ шағыл», «Кішкентай», «Даңқ пен дақпырт» романдары жарық көрген.

Сен ақылды болсаң екен...

Сен ақылды болсаң екен, міне – арман,
Үміт, сүю, түнлуден құралған,
Жақсы жанның ұнатқаны – тілегім,
Қауіптенем жамандарға ұнаудан.

Сен әуелі тереңрек көр, үңіл,
Ілер болсаң – биіктіктен көріп іл,
Әрбір жолым қиынырақ қиысса,
Қиындыққа жасаған бір жорығым,

Тек әйтеуір, асықпашы, байқа әлі,
Қарап көрші, қарап көрші қайта алып.
Тілге көнбес нәрселерді кейде мен
Емеурінмен, иегіммен айтамын.

Көркемдікті жасырамын мен кейде,
Түк қалдырмай көз көретін деңгейге.
Мен түгілі табиғат та, асылын
Тереңірек, тереңірек көмбей ме?!

Жаманыңды көрмесем

Ала алмаған жау бізден мекендей бір,
Мекендей берік болсаң екен деймін.
Жақсының бәрін өзім мақтан етіп,
Жаманыңды көрмесем екен деймін.

Саған мұным қаталдау жетер, мейлі,
Бұл тілегім кетпес-ау бекер деймін:
Ылғи сенің тойыңда күй тартқанмен,
Күйігінді тартпасам екен деймін.

түңілу – күдер үзу, безу
жамандар – мұнда қасиеті жаман адамдар
үңіл – барлап қара
емеурін – ыңғай, бағыт, нышан, ниет
мекен – орын
күйік – қайғы



1. Екі өлеңді мәнерлеп оқы.
2. Өлеңге өзін тақырып қой.
3. «Жақсы жанның ұнатқаны – тілегім, «қаушпенем жамандарға ұнаудан» деген өлең жолдарын мұғалімнің көмегімен түсініп, ой бөлісіп көр.
4. Ақын екінші өлеңін кімге арнап отыр?
5. Өке тілегі не?



«Өке мен бала достығы» деген тақырыпқа өз ойыңнан өңгіме құрап айт.

КҮЛӘШ АХМЕТОВА

(1946 жылы туған)

Күләш Ахметова 1946 жылы Қырғыз Республикасының Талас облысы Кировка селосында дүниеге келген.

Ақынның алғашқы өлеңдері 1960 жылдан жарық көре бастады. 1975 жылы «Ақ гүлім менің» атты тұңғыш кітабы шықты.

1978 жылы «Сен менің бақытымсың» атты кітабы үшін Қазақстан Жастар одағы сыйлығына ие болды. Содан бері он шақты жыр жинақтары жарық көрді.

Ақынның «Жапырақ – жаздың жүрегі», «Мейірім», «Бұлақтағы жұлдыздар», «Арғымақтар даласы», «Наурыз нұры» атты кітаптары – өз оқырмандарын тапқан құнды дүниелер.

Күләш Ахметова – сыршыл, нәзік ақын. Оның лирикасы адам бойындағы асыл қасиеттерді, қуаныш, сағыныш, адалдық, адамгершілік секілді ізгі сезімдерді оятады.



Қазағым менің

Бір жерде тұрлау таппаған,
Қосылмай малы қаптаған,
Бөлініп қонған қазақты
Кімдер де кімдер шаппаған?!

Бағынып бірақ қалмаған,
Тәуелсіз қайран жан далам!
Жер бар ма жалпақ төсінде
Қасірет жасы тамбаған?!

Толқимын-дағы тоқталам,
Тоқталмай кімдер өтті аман?
Ардағын қимай қазақтар
Қай жерге күмбез соқпаған?!

Құстары көлде шулаған,
Тұлпары белде тулаған.
Тулары биік желбіреп,
Қандай бір өндер тумаған?!

Жауына қатты қасарған,
Қасарған сайын жасарған.
Найзамен
Нағыз қазақтың
Намысын кімдер баса алған?!

Өшпеген қанша қамалдан,
Қамалдар шыққан тағы алдан.
Несібі жомарт қазақтың
Есігін кімдер жаба алған?!

Жатты да кейде бауыр дер,
Жақсы қыз бенен жалынды ер.
Жиын той болса – бәрі ақын,
Жау тисе, түгел – жауынгер!

Аударып жұрттың назарын,
Бардың да көрген базарын.
Жоқтың да көрген азабын,
Даладай дана қазағым.

Ойлар толып көптеген,
Өрнегін қанша төкті өлең.
Ұрпақты сақтап қалсақ деп,
Қайда да қайда кетпеген?!

Бәрі де таныс жайт маған,
Әділет болмас айтпаған.
Ақыры алтын бесікке
Сабылып қайдан қайтпаған?!
...Сағынып қайдан қайтпаған?!



тұрлау – баян, тұрақ, тиянақ

қасірет – қайғы

бардың базарын – баршылықты, дәулетті

жоқтың азабын – жоқшылықты



1. Өлеңді мәнерлеп, мағынасын түсініп оқы.
2. Қазақ халқының өршіл рухын, көрген қасіретін, бойындағы асыл қасиетін ақын перзенттік жүрегімен қалай жырлағанын өз сөзімен әңгімелеп бер.



«Қазағым менің» деген тақырыпқа өзің де ой толғап, шағын шығарма жазып көр.



ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ

ДАНИЭЛ ДЕФО

(1660–1731)

Ағылшын жазушысы Даниэл Дефо «Робинзон Крузо» деп аталатын жалғыз романымен-ақ әлемге әйгілі болды. Өйткені ұлы мұхиттың бір түкпіріндегі бұрын-соңды адам баласы аяқ басып көрмеген аралдағы жалғыз жанның жанкешті тірлігі кімді болсын қайран қалдырады. Робинзон Крузоның өмір сүру үшін жасаған айла-шарғысы оқушы жігерін жанып, қайратын қайрай түседі.

Кеме теңізде апатқа ұшырап, жалғыз өзі белгісіз аралға шығып қалған Робинзонның 28 жыл бойы жалғыздықтың жапасын шеккен өмірі шытырман оқиғалы. Сондықтан Даниэл Дефонның «Робинзон Крузо» романы әлем әдебиетінің ең озық үлгілерінің біріне айналды.

Бұл кітап – «Мәңгілік кітаптар» қорына енген, дүние жүзіне мәлім шығарма. Сендерге оқуға ұсынылып отырған үзіндіде тек қана бір жылға жуық өміріндегі кездескен қиындықтарын көрсету арқылы адам рухының мықтылығын, сол жалғыздықтың қасіретін қандай жолмен жене білгенін, ұстамдылығын, нені болса да ақылға салып іске асыру, қажырлы еңбек ету жайларынан хабар беру мақсат етілді. Балалар, бұл кітап кітапханалардың бөрінде бар. Өрине, қызыға оқитындарың сөзсіз.

РОБИНЗОН КРУЗО

(Романнан үзінді)

Робинзонның күнделік дәптері

1659 жылғы 30 қыркүйек. Біздің кемеміз ашық теңіз бетінде сұрапыл қатты дауылға кездесіп, апатқа ұшырады. Кемедегі менен басқа адамдардың бәрі де суға батты. Мен – бақытсыз Робинзон Крузо, шала-жансар күйімде қарғыс атқан осы аралға лақтырып тасталдым. Ол аралға «Түңілу» аралы деп ат қойдым. Түнге

қарай жыртқыш аңдардан қорыққандықтан, ағаш басына шықтым. Түнімен жаңбыр жауып тұрғанына қарамастан өте қатты ұйықтадым.

1 қазан. Таңертең оянғанда қайырлап қалған кемеңі су тасқыны көтеріп, жағалауға жақындатып тастағанын көрдім. Бұл – жел басылған уақытта маған кемеге барып, тамақ және басқа керекті нәрселерді алуға мүмкіндік береді деген сезім туғызды. Су қайта бастасымен кемеге бардым. Әуелі мүмкіндігінше бойлап бардым да, содан аяқ жетпеген жеріне жүзе бастадым. Ол күні тұтасымен жаңбыр жауды, бірақ жел әбден басылды.

Қазанның 1-нен 24-іне дейін. Кемеден әр түрлі нәрселер тасумен айналыстым. Мен кемеге су қайта бастағанда, жүзіп барып, су таси бастағанда, қайта жүзіп шығып жүрдім. Нәрселерді салға салып тасыдым. Анда-санда болмаса, ашық күн болған жоқ, үздіксіз жаңбыр болды да тұрды, соған қарағанда, осы уақытта аралға жауынның көп жауатын мезгілі болу керек.

25 қазан. Күні-түні жаңбыр жауды, ызғырық жел соқты. Түнде кемеңі тұрған жерінен быт-шытын шығарып алып кеткен, тек орнында бөлек-салақ бірдемелері қалыпты. Қалдықтары су кейін тепкен уақытта ғана қылтиып көрінді. Сол күні суға тисе тез бұзылатын заттарымды қымтап жабумен болдым.

26 қазан. Мекендеуге қолайлы жер қарадым. Көбінесе ойлағаным түнге қарағанда жыртқыш аңдардан және адамдардан қауіпсіз болу еді. Кеш жақындағанда тік жардың етегінен бір ғана орын таптым. Осы тапқан орнымды екі қатар қазық қағып, сыртына шым үйгім келді; қазықтың ара-арасын кеме арқандарымен керіп қосқым келді.

31 қазан. Ертемен қолыма мылтық алып, бір аң атып алармын деген мақсатпен аралды аралап жүрдім, сонымен бірге маңайды да қарап шықтым.

1 қараша. Таудың жанында жаңа орынға күрке орнатып, оның ішінде қазықтарға керме төсек ілдім.

4 қараша. Аң аулау үшін, жұмыс істеу, ұйықтау үшін және көңіл көтеру үшін белгілі сағаттар белгілеп, өзімнің уақытымды бөлдім. Егер жаңбыр жаумаса ертеңмен тұрып, қолыма мылтық алып, екі-үш сағат аралды аралаймын, содан соң сағат он бірге дейін жұмыс істеймін, он бірде ертеңгі тамақты ішемін. Он екіден екіге дейін тынығамын (өйткені, бұл күннің нағыз ыстық уақыты), екіден бастап тағы жұмысқа кірісемін. Соңғы екі күн ішінде барлық жұмыс істейтін сағаттарымды үстел жасауға арнадым. Мен ол кезде үстел жасауға олақ едім. Бірақ мұқтаждық неге болса да үйретеді ғой. Мен он саусағымнан өнерім тамған шебер болдым.

Сөз жоқ, кім болса да менің жағдайымдай халге кездесе, осындай шебер болар еді.

13 қараша. Жаңбыр жауып тұрды, жер де, көк те едәуір жаңарып, дем алуға жеңіл бола бастады, бірақ ұдайы күн күркіреп, жаркылдап тұрды, сондықтан мен мылтық дәрілерім тұтанып кете ме деп, қорқумен болдым. Жаңбыр өткеннен кейін, мылтық дәрілерім бәрі бірдей біржолата өртеніп кетпес үшін, олардың барлық қорын шағын-шағын бөлшекке бөліп, әр жерде сақтамақшы болдым.

17 қараша. Нәрселерімді қолайлырақ етіп орналастыру үшін бүгін күркенің сыртындағы топырақты таудан үңгір қаза бастадым. Бірақ бұл жұмысты істеу үшін үш нәрсе: сүймен, қайла, күрек және қазған топырақты шығару үшін екі аяқты арба немесе көрзенке керек болды, бірақ менде бұлардың бірі де жоқ. Сондықтан жұмысты тоқтатуға тура келді. Мен әлгі керекті нәрселердің орнына не қолдансам екен, болмаса оларды қалайша істеп шығарсам екен деп көп ойладым. Сүймен мен қайла орнына ломмен жұмыс істемекші болдым. Ол жұмыс істеу үшін жарайтын болса да, өте ауыр болды. Ендігісі күрек, онсыз болмайды. Бірақ оны неден жасайтынымды білмедім.

18 қараша. Орманнан өзіме керекті материалдар іздеп жүріп, Бразилияда өсетін темір ағаш дейтін ағашты таптым (темір ағаш деп қатты болғандықтан айтылған). Көп азаппен, балтамды мұқатып, өліп-талып кестім де, әрең дегенде сүйреп үйге әкелдім. Енді осыдан күрек істемекшімін. Ағаштың қаттылығынан көп уақытым кетті, басқа амал жоқ. Балтамен шапқылай-шапқылай әйтеуір күрек формасына келтірдім, сап жағы өте келісті болды. Ағылшындар істейтін күректердің сабынан бір де кем емес, үш жағында темір болмаған соң, көп ұзаққа шыдамады. Дегенмен оны жер қазу жұмысына едәуір-ақ пайдаландым. Және ол көп қажетіме жарайды, дүние жүзінде ондай әдіспен және ұзақ уақыт бір күрек те істелмеген болар деп ойлаймын.

Маған ендігі керегі – жәшік арба немесе көрзенке. Көрзенке туралы ойлап, бас қатырудың да керегі жоқ, себебі оны тоқитын менде шыбық жоқ, ал шыбық бар жер маған кездескен де жоқ. Ал енді жәшік арбаны істеуге болады ғой деп ойлаймын. Ең қиыны доңғалағы: доңғалақты қалай істеуін мен тіпті білмеймін, бел ағашына темір керек, ол менде атымен жоқ. Сондықтан арба жасауда да тасшылардың әк салатын астауы сықылды бірдеме жасадым. Астау жасау күректен гөрі оңайлау болды, дегенмен бұл да төрт күн уақытымды алды. Анға шықпай қалған күнім өте сирек, шыққан сайын құр қайтпаймын, әйтеуір түскі тамағыма бірдеме ала келем.

23 қараша. Әлгі айтылғандарды істеп болғанша басқа жұмыстарым қарап тұрды. Біткеннен кейін үнгір қазуға кірістім. Күшім жеткенше күні бойы қаздым. Маған керегі – заттарымды оңтайлы әрі жайлы етіп орналастыру. Осыған 18 күн уақытым кетті.

Ескерту: Осы 18 күннің ішінде істеген жұмысым – үнгірді кеңейту. Кеңейтудегі мақсатым: жүк жиятын қойма, әрі тамақ пісіретін ас үй, тамақ ішетін асхана және азық қоятын жер болса екен деймін. Жататын, отыратын орным шатырлы, қалың жаңбыр жауып, тамшы аққанда болмаса, үнгірде көп отырмаймын. Ең соңында келіп үйге шошайтып төбе істедім, сабан төбелі үйдің үсті тәрізді болды, үстін жапырақпен жаптым.

10 желтоқсан. Үнгір бітті, енді істейтін еш нәрсесі қалған жоқ деп ойлағанмын. Тап бүгін ішіне кіріп қарасам, бір жақ бүйірінің төбесі құлап, едәуір жерін басып қалыпты (тым кеңейтіп жіберген болуым керек). Көрдім де, қорқып кеттім; әрине, қорқудың да реті бар еді: сол минутта үнгірде болсам, өзімді басып қалар ма еді, егер баса қойса, көмушінің де керегі болмас еді. Тағы үлкен жұмыс күтіп алды: құлаған құмды тасып шығару керек және тіреу қоюға тура келді, әйтпесе тағы құлағасына кім сенген.

11 желтоқсан. Амалым бар ма, бүгіннен бастап осы жұмысқа кірістім. Өзірше екі тіреу орнатып, олардың үстінен айқыш-ұйқыш етіп екі тақтай қойдым.

17 желтоқсан. Он жетісінен жиыrmасына дейін үнгірге айнала зат жинайтын тақтайлар салдым, бағандарға шеге қағып, тиісті нәрселерімді ілдім, үнгірдің іші енді үйдің ішіндей тәртіпке түсті.

20 желтоқсан. Барлық заттарды тасып әкеліп, тиісті жеріне орналастырдым. Бірнеше кішкене тақтайды бірінің үстіне бірін қатарлап, азық-түлік қоятын сөре жасап алдым. Мұның өзі құдды буфет сықылды болды да шықты. Тақтай азайып бара жатқан соң, өзіме тағы бір үстел істеп алдым.

24 желтоқсан. Күні-түні жаңбыр жауып, үйден шыққаным жоқ.

26 желтоқсан. Жаңбыр толастады. Күн жадырап ашылып, едәуір суыта бастады.

27 желтоқсан. Ешкінің екі аяғының сынған жері бітіп, секіріп ойнайтын болды. Лақты мәпелеп көп уақыт бақтым, өзіме әбден үйренді, тіпті қасымнан кетпейтін болды. Күндіз шатырдың алдында жайылып жүреді. Сол кезде асыранды ешкіні көбейтудің қажет екендігі есіме келді, оқ-дәрім таусылғанша осыны жүзеге асыруым керек екен.

28, 29, 30 және 31 желтоқсан. Тып-тынық, жел жоқ, күн өте ыстық. Тек кешке таман аң аулау үшін үйден шығатын болдым. Өзімнің барлық шаруашылығымды біржолата ретке келтірдім.

1660 жылғы 1 қаңтар. Ыстық басылмады, сонда да бүгін екі рет аңға шығып келдім: таңертең және кешке. Түсте жатып демалдым. Кешке таман жазық пен аралдың ортасына дейін барып, толып жатқан киіктерді көрдім. Бірақ олар сондай үркек екен, тіпті маңайына жолатпады. Оларға ит қосып ауламақшы болдым.

2 қаңтар. Бүгін ит ертіп шығып, киіктерге қосып едім, бірақ бұл тәжірибемнің сәті түспеді. Бір топ киік итке қарсы шықты. Сірә, ит те өзіне төнген қауіпті жақсы білген болу керек, кейін қарай қашып, ешкілерге тіпті жақындамай, безіп кетті.

3 қаңтар. Қорғанымды нығайттым, себебі әлі де бірдемеге тап боламын ба деп қорқамын. Бұрынғыдан да гөрі сыртын қалыңдатқым келе береді.

Ескерту: Қорғанымның қандай болып салынғанын бұдан бұрын да айтып суреттегенмін, соның үшін күнделік дәптерде бұл туралы жазылғандарды енді айтпасам да болады. Бірақ соның төбесін жөндеудің өзі мені қаңтардың 3-і мен сәуірдің 14-іне дейін айналдырды, ұзындығы 24 метрден артық болмаса да, осыншама уақыт керек болды.

Қорғанымның бір шеті иіліп барып тауға тіреледі. Орта жерінен есептегенде, тауға сегіз метрден артық емес, сол арадан далаға шықпай, тіке үңгірге іштен қатынайтын есік бар.

Осы күндердің бәрінде де қарап отырғаным жоқ, ылғи жұмыс істеумен болдым. Кей-кейде жанбырдың әлегінен аптаға жақын үйден шықпай отырған уақытым да болды, бірақ қорғанның сыртын ойдағыдай етіп нығайтқанымша қауіпсізбін деп ойлағаным жоқ. Сондай еңбек сіңірдім дегеніме нана қою қиын. Бәрінен қиыны – орманға барып ағаш кесу, оны тасу және жерге қағу, оның үстіне қазық қандай ауыр, әрқайсысын бір адам зорға көтереді. Қорған бітіп, сырт жағы нығайғаннан кейін, жүрегім орнына түсіп, жаным тыныш тапты. Аралда адам бола қойғанда да, менің үйімнің барын сезетін емес және көргенмен үй деп ойлауы екіталай, себебі адам тұратын орынға ұқсас та емес. Әрине, осылай етіп менің істей білуімде ғой. Бұл туралы бір қызық әңгіме бар, оны жайырақ айтармын...

Жауын-шашын болмаған күні құс аулап қайтам, жүргенім өзіме зиян болмады, толып жатқан пайдалы заттарды аштым. Мысалы, тұқымы басқа бір көгершіндерді көрдім. Олар біз білетін көгершіндердей ұяларын ағаштың басына салмайды, олардың

ұясы жартастың қуысында болады. Бір күні әлгі көгершіндердің ұясынан бірнеше балапанын ұстап алып, асырап өсірейін деп үйге алып келдім. Асырауға көнгіш болады екен, өсіп есейді, бірақ қанаты шыққан соң ұшып жөніне кетті, мүмкін, қолайлы жемнің жоқтығынан болу керек. Бұдан соң асырап әуре болғаным жоқ, қолыма түскенін қорек еттім.

Шаруашылығымды бір ыңғайлап алғаннан кейін, есептеп қарасам, әлі де толып жатқан керекті заттар жетіспейді екен. Мысалы, кемеде алған екі-үш кішкене бөшкем болатын, осыларды құрастырып, бір нәрсе істейін деп, бір жеті әурелендім. Әуреленгенмен бөшкеге түк те сала алмадым. Су ақпайтындай етіп қабыстыра да алмадым, ақыры түк шықпайтын болған соң, қойдым.

Маған май шам өте қажет болды (Бұл жерлерде сағат 7-нің шамасында-ақ қараңғы түседі). Балауыз болса деймін, бірақ ол менде жоқ. Тек жалғыз-ақ ешкінің майы болмаса, жарық істеуге басқа амал жоқ. Саздан кішкене ыдыс жасап, ешкінің майынан шам істедім. Саздан жасалған ыдысымды күннің көзіне қойып күйдірдім. Ескі арқаның түтеленген кендірінен білте жасадым. Шам өте күңгірт жанды.

Жұмыс басты болып жатқан кезім, қапшық керек болып, заттарымның арасын ақтардым. Қарап жүріп, ішінде жемнің қалдығы бар бір қапшық тауып алдым. Дән дейтін дән де көзіме түскен жоқ. Қапшық көптен бері кемеде жатқан болу керек, тіпті бұдан бұрын Лиссабоннан шыққан кезде салынған болу керек. Жасылдан қорқып, дәріні бөлшектеуге және соған керекті ыдыс таба алмай сасып жатқан уақытым. Қапшықты тастың түбіне апардым да, сілкіп-сілкіп алып келдім.

Бұл айтылғандар қалың жаңбыр басталардың алдында ғана болған. Ұмытып қалғандықтан, қапшықты қай жерге сіліккенім де есімде жоқ. Айға жуық уақыт өткен соң, алаңның түбінде бойлап жана өсіп келе жатқан шөптің бірнеше көк сабақтарын көрдім. Әуелі оның не екенін де білгенім жоқ, әншейін бір шөп шығар дедім де қойдым. Бірнеше жеті өткеннен кейін, әлгі жапырақтар бас жарыпты. Нағыз арпа, Европа мен Англияда өсетін арпалардан бір де кем емес.

Көргенде есім кетіп таңғалдым. Айдалаға арпа қалай шығады? Бұл қандай ғажап?! Неше түрлі ойға қалдым. Мен не нәрсені болса да дінге сүйеніп істемейтінмін және дін туралы түсінігім де шамалы болатын...

Бірақ шығып тұрған арпаны көргенде, тұла бойым шымырлап, қатты қобалжыдым. Ауа райы нашар жерге арпа шыға ма және шыға қойса, қайдан келіп түскен? Белгісіз. Содан кейін

мен бұл құдайдың құдіретімен болған екен, Құдай Тағала мені есіркеген екен, көз жасымды көріп, рақымы түскен екен. Ашық ауыз пендесін аштан өлтірмейін деп, жабайы арпа өсірген екен деп ойладым.

Осылар ойыма түскенде, буыным босап елжіредім, көзімнен жас шықты; бұл керемет мен үшін болып отыр ғой деп қуандым. Бірақ менің таңырқауым тек мұнымен ғана біткен жоқ; абайлап қарасам, арпа сабақтарының арасында жаңа өсіп келе жатқан тағы да бір жас өсімдікті көрдім, ол күріш болып шықты, күріш екенін бірден-ақ таныдым. Себебі, Африкада жүргенімде күріш еккен жерлерде көп болғанмын. Күріш пен арпа маған құдайдың құдіретімен екен ғой деп ойлап қана қойғаным жоқ, бұдан басқа да жерлерде өсіп тұрғандары болу керек деп білдім. Манайымның бәрін кезіп шарладым, түкпір-түкпірді қалдырмай, бәрін қарадым, бірақ еш жерден күріш те, арпа да таба алмадым. Сол кезде қапшықты үйдің жанына сіліккенім есіме түсті. Мұның құдіреті жоқ болды; бұл кәдімгі табиғи нәрсе болды. Мойындауым керек: осыны білгеннен кейін, Құдай Тағалаға енді онша көп алғыс айта қойғаным жоқ...

Піскеннен кейін күріш пен арпаны қалай етіп жинап алғанымды оқушылар өздері-ақ білер (осы уақыт маусым айының аяқ кезі еді). Бір дөнін қалдырмай укалап үгіп алдым да, өзімнің ішіп-жеуіме жетерліктей етіп дөн жинап алу үшін егін салуға талаптандым. Жинаған дөнім төрт жылдан кейін барып тамақ етуге жете бастады, бұл туралы өз кезінде айтармын. Өуелгі сепкенім қолайсыз егіліп, шықпай қалды. Өйткені уақытты білмей, нағыз қуаншылық басталған кезде сеуіпшің, сондықтан ойдағыдай дөн жинап ала алмадым, бұл туралы кейін айтармын. Арпадан басқа жиырма-отыз сабақтай күріш өсті, оны да қалдырмай жинап алып, тұқымға сақтадым. Бұған да кейінірек оралармыз. Енді күнделік дәптер туралы сөйлейік.

мд: 14 сәуір. Ауланы біржолата бітіріп, сыртын топырақпен жаптым. Кіретін есікті мықтап бітедім. Өйткені сырттан көргендер ауланың ішінде адам тұратын мекен бар екенін білмесін дедім. Қауіпсіз болу үшін қоймалы басқыншпен кіріп-шықпақшы болдым.

16 сәуір. Басқышты жасап бітірдім. Ауланың үсті арқылы кіріп-шығып, әрқашан да басқышты артынан көтеріп алып қоятын болдым. Енді менің жан-жағымның бәрі қоршаулы. Менің қамалымның іші едәуір кеңейді. Және оған тек аула арқылы ғана кіруге болатын болды. Бірақ ауланы біржолата бітегеннің ертеңіне бір оқиға болып, ол мені қатты қорқытты. Менің бүкіл еңбегім босқа кете жаздап, өзім де әрең дегенде аман-сау қалдым.

Істің жайы мынадай еді. Мен ауланың ішінде, күркенің сырт жағында дәл үңгірдің шетіндегі төбесінен, дәл менің басымның үстінен құм төгілді және төбені тіреу үшін қойылған алдыңғы жақтағы тіреулер шатып-шұтыр етіп сынып кетті. Мен қатты қорыққанмен, нендей жағдай болғанын біле алмадым. Төбенің құлаған себебі, бұдан бұрынғы сияқты топырақтың көбі жұмсақ топырақ болғандығы себепті болып көрінді. «Мен осы арада ауланың ішінде қалып қойсам, – деп ойладым, – тағы да құлайтын топырақтың астында қаламын. Мені тау басып қалмауы үшін бұл арадан енді қашуым керек».

Басқышты алдым да, ауланың үстінен асып түстім. Бірақ жерге түсіп үлгерместен-ақ, бұл жолы құлағанының себебі, жер сілкінуден болғаны маған айқын болды. Аяғымның астындағы жер теңселіп, бірнеше минуттың ішінде сондай үш-төрт сілкініс болды. Сірә, нағыз жасалған үйлер де күл-талқан болып қирағандай болды. Теңіздің қасында тұрған жартастың ұшар басы бөлініп құлағанда, оның қатты гүрс еткен даусындай дауысты бұдан бұрын еш уақытта – өмір бойы естімеген болармын деп ойладым. Күллі теңіз алай-түлей болып, ақ көбігі шықты. Менің ойлауымша аралдағыдан гөрі теңіз түбіндегі жер астының сілкінуі күштірек болды. Бұл тәрізді нәрсені бұрын естімеген едім, қазір өте таңданып, қатты үрейлендім. Жер сілкінгенде теңіздің тулағандағысы сияқты теңіз ауруымен науқастандым. Менің жүрегім айни бастады. Өзім өліп бара жатқан сияқты болдым. Құлаған жартастың гүрсілін естігенде ғана есімді жия бастадым. Есім кірген соң, маған мынадай ой келді: егерде күркемнің үстіне тау құлап, күнелтіп отырған нәрселерді, тамағымды топырақ басып қалса, менің халім қандай мүшкіл болар еді. Менің жүрегім тағы да тоқтап қалған сияқты болды. Жер үш рет сілкінгеннен кейін тынышталды. Мен есімді жия бастадым. Бұрынғыдан едәуір сергіп қалғанымды сездім, бірақ солай болса да, үйге қайтуға тәуекелім жетпеді. Ұзақ уақыт ауыр ойға шомып, неғыларымды, неменеге бел байларымды, қандай амал қолданарымды білмей, сол орнымда отырдым.

Сол кезде аспанды бұлт қаптап, жаңбыр жауардың алдындағыдай күңгірттене бастады. Әуелі аз-аздап, соңынан бірден-бірге еселеп жел соға бастады және жарты сағаттан кейін дауыл көтерілді. Теңіз шымырлап ақ көбіктеніп, толқып, қатты гүрсілдеп жағалауға соға бастады. Дауыл ағаштарды тамырымен қопарып кетті. Солай үш сағат бойы дауыл соғып тұрды. Мен мұндай қатты дауылды еш уақытта көргенім жоқ. Содан соң дауыл аздап басылайын деді. Екі сағаттан кейін дауыл тып-тыныш басылды да, сол минутта нәсерлеп жаңбыр төкті.

18 сәуір. Тәулік бойы үйде отырдым, өйткені жаңбыр тынбастан төгіп тұрды. Біраз тынышталып, өз жағдайым туралы ойлана бастадым. Енді үнгірдің ішінде тұруға болмайды, бұл өте қауіпті. Аралда жер сілкінетін болғандықтан, бір күні болмаса бір күні мен тірідей көміліп қалатыным анық. Олай болса, күркені ашық жерге көшіруім керек, ал тағы адамдар мен аңдардың шабуылынан өзімді сақтау үшін, тағы да биік аула тұрғызу керек. Келесі екі күнде – 19-ы мен 20-сы күндері жаңа мекен салу үшін ертеңнен кешке дейін тың орын іздедім. Көшіп-қонуға көп уақыт кететін болғандықтан, қазірше топырақ құлау қатеріне көне тұру керек болатыны бірте-бірте айқын болды. Өйткені қоршалмаған жерде тұру бәрінен де қорқынышты болып көрінді. Солай бола тұрса да, уақытты босқа өткізбей, жаңа орыннан аула салуға кірісейін. Сөйтіп ол істеліп біткен уақытта оның ішіне күркемді қондырайын деп ойладым. 21 сәуірде жұмысқа біржолата кіріспекші болдым.

22 сәуір. Келесі күні ертеңгісін ойлаған пікірді қалай жүзеге асыруым керек, міне, осыны талқылай бастадым. Барлық қиыншылық құрал-сайман жағы болды. Менде үш үлкен балта, толып жатқан кішкентай балта бар. Бұларды үндістерге сату үшін алғанбыз. Бірақ қатты заттарға салып, жұмсай берген соң, көбінің жүзі жапырылып, мұқалып қалған еді. Балталарды қайрап алуға менде қайрақ та бар, бірақ оны аяқпен басып, тасын айналдыруды мен білмеймін.

28 және 29 сәуір. Кеше де, бүгін де күні бойы аспаптарды қайрадым, қайрақ тасын айналдыратын жабдығым өте жақсы істейтін болды.

30 сәуір. Кептірген нанның азайып қалғанына бүгін ғана көзім түсті. Нанды қатты үнемдеу керек. Қапшықтардың бәрін қайта ақтарып шыққан соң, күніне бір кесек наннан артық жемейтін болдым. Бұл өте күйінішті жағдай болса да, басқа ешбір шара болмады.

1 мамыр. Бүгін таңертең судың кейін тепкен кезінде теңіз жаққа қарасам, жиекте бөшке сықылды бір нәрсе қарайып көзіме түсті. Келіп қарасам, кішілеу бір бөшке, қасында кемеңнің бір-екі сынық тақтайлары жатыр. Бәрін де соңғы дауыл жиекке шығарып тастаған болу керек. Бір кезде кемеңнің шөккен жеріне қарасам, қалған бөлегі көтеріліп, су бетіне шығайын депті. Бөшкені байқап қарасам, іші толған мылтықтың дөрісі, бірақ су тиіп, тас болып қатып қалыпты. Сонда да жағадан аулағырақ жерге апарып тікейтіп тұрғызып қойдым да, өзім кемеңнің қалдығы көрінген жерге кеттім.

Жақындап келіп байқасам, бұрынғы орнынан екінші орынға жылжып келген сықылды. Бұрын тұмсық жағы құмға батып кет-

кен еді, қазір көтеріліп алты футтай жоғары шығыпты, ал енді (оның арт жағы әлдеқашан, мен кемеге соңғы рет барған кезімде, алдыңғы жағынан бөлініп қалған еді) тас-талқаны шығып қирап, алдыңғы жағынан бөлініп қалған артқы жағы аударылып, қырынан түскен бойы жатыр. Бұрын кемеге ширек мильдей жер қалғанда су басталатын, сондықтан мен оған жүзіп баратынмын, қазір олай емес, айналасын құм басып, төбе болып қалыпты. Әуелі бұл қалай деп таңғалдым, артынан ойлап қарасам, жер сілкінудің салдарынан болған екенін білдім. Жер сілкінген кезде кеме бұрынғыдан да гөрі қиранқыраған екен, сондықтан бөлшектері толқынмен бірге жиекке шығып қапты.

Кемеге алаң болып, екінші орынға көшуді ұмытып кеттім. Кеменің ішіне кірем бе деп күні бойы өурелендім, бірақ құм басып тастағандықтан кіруге мүмкіндік болмады. Кіре алмағанымна қайғырғаным жоқ, өйткені мен қайғыру дегенді әлдеқашан ұмытқанмын. Бірденеге жарар дедім де, қолыма іліккенін бөлшектеп таси бердім...

Аударған Абдолла Құлыбеков



сал – ағаштан байластыра жасалған жүзу құралы

мұқтаждық – қажеттілік

қайла – жер қазатын аспап

мұқатып – жүзін қайырып

астау – аузы кең үлкен ыдыс

құдды – төрізді

нана қою – сену

кендір – кендір өсімдігінен есілген жіп

қуаңшылық – құрғақшылық

күллі – бүкіл



Даниэл Дефоның «Робинзон Крузо» романы – көркем шығарма.

Көркем шығарма болғандықтан, ондағы оқиғалар автордың басты идеясына байланысты құрастырылып, авторлық көркемдік шешім бойынша аяқталып отырады. Сондықтан романды өнер туындысы деп қабылдаймыз.

Алайда жазушының сюжетті, композицияны шебер құруына байланысты, оның идеясының адам жанына ұнамдылығына байланысты роман ақиқат өмірге жақын көрінеді. Бұл – жазушының шеберлігінің жемісі.

Осы берілген үзіндіде тек теңізшінің бір жылға жуық өміріндегі кездескен қиындықтармен күресін көрсету арқылы жазушы адам рухының мықтылығын, еңбектің бәрін де женетінін, мінездің ұстамды да сабырлы болуы адамды тұлға ететінін дәйекті суреттеп шыққан.

Романның толық нұсқасын оқысаң, бұдан да үлкен әсер алатынына күмән жоқ.



Композиция. Шығарманы неден бастау керек? Немен аяқтау керек? Ол қандай бөліктерден тұрады? Оқырманға ең алдымен және содан кейін нені айту керек? Осыларды реттеп, біріктіруді композиция дейді. Бұл сюжет бөлшектерін композиция біріктіріп, басты идеяға бағындырады. Сюжеттің бөліктері (экспозиция, байланыс, әрекет дамуы, шиеленіс, шешілуі) ретімен орналастырылуы мүмкін немесе автор олардың келу ретін идеяға байланысты өзгертіп құруы мүмкін. Поэзиялық шығармада композиция бөліктерінің қатарына өлең, шумақ та жатады. Сөйтіп композиция деп шығарманың құрылымын айтуға болады.



1. Теңізші неге аралға «Түңілу» деген ат қойды деп ойлайсың?
2. Теңізші не себепті қираған кемеден заттар тасып алды?
3. Керме төсек дегенді қалай түсінесің? Теңізші оны не үшін қолайлы деп орнатты?
4. Күнді өткізу мәселесін бір тәртіпке түсіру теңізшіге не үшін керек болды?
5. Теңізшінің бойында жақсы кәсіпкерге тән бәрін де алдын ала ойластырып қолдану қасиетінің бар екенін оның қандай әрекетімен дәлелдейсің?
6. Теңізші атқаруға тиісті көп жұмыстың ішінен бастысын таңдап істей білетініне мысал келтір.
7. Арпа мен күрішті өсіріп көбейтуде теңізші қандай еңбексүйгіштік көрсетті?
8. Жер сілкінісі кезіндегі пейзажды суреттеп айт.
9. Жер сілкінісінен теңізші қандай қорытынды жасады?
10. «Қайғырғаным жоқ. Өйткені мен қайғыру дегенді әлдеқашан ұмытқанмын» деген күнделігіне жазған сөздерден не түсіндің?
11. Теңізшінің рухының мықтылығына мысалдар келтіріп, тұжырым жаса.
12. Адам қорқу, үрейлену, зерігу, уайымға салынып торығу сезімдерін қайткенде жеңе алады деп ойлайсың?
13. Мәтін бойынша оның сюжеті мен композициясында экспозиция, оқиғаның байланысы, оқиғаның дамуы сияқты бөліктерді тауып, түсіндір.



Өз өмірің бойынша күнделік жүргізіп байқа. Теңізші күнделігін мұқият зерттеп, оған өз пікіріңді реферат түрінде жаз.

А. С. ПУШКИН

(1799–1837)

Александр Пушкин 1799 жылы 26 мамырда Мәскеу қаласында дүниеге келді. Александрдың әдебиетті сүюіне үйіндегі бай кітапхананың әсері көп болды. Табиғатында жуас, ойшыл бала оңаша қалып, кітап оқығанды жақсы көреді екен. Александр Пушкиннің отбасы, олардың (әкесінің) ақындармен қарым-қатынасы француз

тілін жақсы үйренуге, театрмен және сол кездің атақты ақындарымен (В. А. Жуковский, К. Н. Батюшков, т. б.) жақсы таныс болуға мүмкіндік береді. А. С. Пушкин бала кезінен тіл мен өнер табиғатының ортасында өседі.

А. С. Пушкиннің шығармалары дүние жүзін шарлады. Оның лирикасын, ертегілерін оқымаған адам кемде-кем. Өздеріңе ұсынып отырған «Балықшы мен балық» ертегісін қазақтың үлкен ақыны, ғұлама ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы аударған.

Ертегіні өздерің мультфильмнен де көрген боларсындар. Әйтсе де ертегіні оқып көріңдер. Сендер көп нәрсе үйренесіндер.

Қанағатсыздық, жөнсіз астамшылдық, қайырымдылық пен адамгершілікті сақтай алмаушылықтың неге әкеп соғатынын білетін боларсындар.

Балықшы мен балық

(Аударған А. Байтұрсынұлы)

Теңіздің жағасында кемпір мен шал
Тұрыпты отыз үш жыл нақ дәлме-дәл.
Күн көрген бейшаралар балық аулап,
Болмапты төрт түліктен ырымға мал.

Үсті шым, асты шұқыр, жерден жырған
Баспана-мекенінің сиқы тұрған.
Бала жоқ қолғанаттық екеуінде,
Иіріп кемпір жібін, шал ау құрған.

Бір күні шал апарып ауын салды,
Балық жоқ, ауға оралған балдырды алды.
Салғанда және ауын екінші рет,
Теңізге бітетін бір шөп оралды.

Тағы да үшінші рет ауын салып,
Сүйретіп шығарды бір Алтын балық.
Шал байғұс өз көзіне өзі сенбей,
Аңырып тұрды біраз аң-таң қалып.

Жарқырап, үсті-басы оттай жанып,
Адамша сөз сөйлейді Алтын балық:
«Жанымды бір шыбындай қи, ақсақал!
Бар болса не қажетің менен алып».

Шал сасып, абдырады есі кетіп,
Балық деп, бұл неғылған, тілге жетік?!
Керемет мұндай, сірә, көрген емес,
Ау салып отыз үш жыл кәсіп етіп.

Ойланып: «Тегін емес балық, – дейді,
Қалмайын киесіне қалып, – дейді. –
Еш нәрсең керек емес, жолың болсын,
Сайран ет теңізіңе барып», – дейді.

Балықты жіберді де, үйге қайтты,
Не ғажап көргенінің бәрін айтты.
«Жібердім еш нәрсе алмай» деген соң-ақ,
Кемпірі шалға көзін бажырайтты.

«Ақымақ, – дейді, – алжыған, кеткен есің.
Былжырап айтып тұрсың, сөз деп несін?
Жаңа астау, тым болмаса, алсаң едің,
Астаудың жарылғанын білмеймісің?»

Балыққа шал жөнелді жолықпаққа,
Ыдысқа астау алып молықпаққа.
Жыбырлап судың беті шимайланып,
Балық кеп: «Не айтасың?» деді қартқа.

Шал айтты қол қусырып, тағзым етіп:
«Кемпірім ұрсып, өбден мазам кетіп,
Жаңа астау сұрайын деп келдім, тақсыр!
Жарамсыз астауымыз – жарық, кетік».

«Қайғырма, – Балық айтты, – үйіңе бар!
Сол болса бар жұмысың, оның болар!»
Қуанып шал үйіне қайтып келсе,
Бір астау әп-әдемі жатыр даяр.

Ұрсады кемпір шалға келісімен:
(Сақтасын долы қатын перісінен.)
«Алыпсың астау сұрап, ақылы жоқ,
Айырылған ақымақ шал, – дейді, – есінен.

Алжыған, миы ашыған, қу көк сақал!
Астауға қызыққандай қанша еді мал?

Қуанып қу астауға келген несі?
Көп нәрсе әкеліпсің, адырағал!
Үйіңнің үстіндегі сиқы мынау,
Балықтан барып тәуір үй сұрап ал!»

Тағы да шал жөнелді теңіз жаққа,
Балыққа арыз айтып, мұң шақпаққа.
Бұзылып судың түсі лайланып,
Балық кеп: «Не айтасың?» – дейді қартқа.

Шал айтты қол қусырып, тағзым етіп:
«Пөлеге қалдым, тақсыр, мазам кетіп!
«Үй алмай, астау алдың, алжыған!» – деп,
Барады сүйегімнен сөккені өгіп».

Арызын ақсақалдың қабыл алып:
«Қайғырма! Үйіңе қайт!» – дейді Балық.
Орнында лашығының ағаш үй тұр,
Келеді шал қуанып, таңырқанып.

Салған үй салтанатты сәніменен,
Бояған, оюланған мәніменен.
Сайраған бақшасында түрлі құстар,
Келтірер көңіл хошын әніменен.

Асылып терезеге кемпір тұрып,
Ұрсады келісімен шалға ақырып:
«Балықтан барыпсың да үй алыпсың,
Ақымақ, миың ашып, кеткен шіріп.

Ізіңмен, үйге кірмей, қайт Балыққа!
Қадірсіз «мұжық» деген ат халыққа,
Айтпасқа «Қарашекпен қатыны» деп,
Ақсүйек етсін мені, айт Балыққа».

Балыққа шал келеді қайтып тағы,
Кемпірдің мұң-мүддесін айтып тағы.
Тағзыммен қол қусырып, арыз айтып,
«Азапты келдім, – деді, – тартып тағы».

«Қайғырма, – Балық айтты, – болар, – деді.
Ақсүйек дәрежесі қонар», – деді.

Қатыны қайтып келсе, болған ханым,
Қасына шал қалайша жолар енді?

Биік үй салтанатты, сәнді түрі,
Бәрі мол, бәрі байлық, бәрі ірі.
Үстіне неше түрлі асыл киіп,
Паңсынып сыртқы есікте тұр кемпірі.

Қолыңда толған өңшең алтын жүзік,
Зумруд, березелі бар білезік.
Үстінде камзол ішік, тысы қамқа,
Меруерт омырауы қойған тізіп.

Аяқта саптияннан оюлы етік,
Бұрынғы мұжықтығы естен кетіп,
Жұмсап тұр біріне ұрсып, бірін ұрып,
Ақырып малайларға, әмір етіп.

Шал келіп: «Сәлем бердік, ханым, – деді,
Ризалық тапты ма енді жаның?» – деді.
Жаратпай шалдың сөзін, кемпірі ұрсып:
«Әдепсіз, ақылы жоқ, жарым, – деді,
Ат бақсын, ат қораға апарыңдар,
Мұжықтың мына біреу шалын!» – деді.

* * *

Қанағат болды десек етер шағы,
Құтырды өскен сайын кемпір бағы.
Өткен соң бірер жұма, шақыртады
Балыққа жібермекке шалды тағы.

Айтады: «Қазір жылдам бар Балыққа!
Жеткен жоқ жаным әлі ырзалыққа.
Ақсүйек дәрежесін азсынамын,
Патша етсін мені дереу бір халыққа!»

Шал айтты: «Құтырдың ба, түзу ме есің?
Болмасын астамшылық, мұның кесір.
Білмейсің іс ретін, сөз мәнісін,
Жұрт күлер, қор болған деп бақыт есіл!»

Бұл сөзге кемпір қатты ашуланып,
Жіберді шалды жаққа салып-салып:
«Қалайша маған қарсы сөз айтасың?
Сен – мұжық, мен – ақсүйек, қой, – деп, – танып!»

Сөз айтар шалда хал жоқ, жөнеледі,
Қарайып теңіз беті, түнереді.
Шақырған шал даусына балық келіп:
«Ақсақал, не айтасың, сөйле!» – деді.

Шал айтты: «Өлдім әбден тынышым кетіп,
Таянды жындануға кемпір жетіп.
Ақсүйек дәрежесін азсынамын,
Бір жаққа қойсын дейді патша етіп».

«Қайғырма, – Балық сөйлеп, – көрім, – деді,
Істеймін айтқанындай бәрін, – деді.
Жүргізіп жұртқа өмірін мейлінше,
Айбынды болар патша жарын», – деді.

Шал қайтса, салтанатты сарайлар тұр,
Ішінде сарайлардың кемпірі отыр.
Асынып айбалтасын, есіктерде
Күзетші, түсі суық малайлар тұр.

Жарқырап алтын киіп, оттай жанып,
Патшасып кемпір отыр ызғарланып.
Ақсүйек, өңшең бекзат қызметінде,
Ішкізіп арақ-шарап, азаптанып.

Билетпей шалға бойы, буын құрып,
Сарайға шал сескеніп келді кіріп,
Бас ұрып кемпірінің аяғына:
«Болды ма жаның ырза?» – деді тұрып.

Есіркеу кемпірде жоқ шалын аяп,
Адам деп елеп оған қарамай-ақ,
Деп еді: «Шығарындар!»
Сол-ақ екен,
Жұдырық, жан-жағынан жауды таяқ.

Желкелеп, сүйреп, жүлқып, жүлмалайды,
(Ағына сақалының кім қарайды?..)
«Ақымақ, әдеби жоқ, алжыған құл,
Кірлейсің аяғыңмен, – деп, – сарайды».

Жұрт күліп: «Шал екенсің, – деді, – жарым,
Ақылың кем болған соң кімге обалың?
«Болмаса өзің шанаң, – отырма» деп,
Бұрынғы айтпап па еді мақалдарын?!»

* * *

Бір-екі мұнан кейін жұма өтті.
Тілейтін жаңа тоят кезі жетті.
Қызығы патшалықтың тозды жылдам,
Жарлық қып кемпір патша шалды іздетті.

Шалды айдап алып келді дірдектетіп,
Байғұстың түсі қашқан, өңі кетіп.
Үстінде алтын тақтың кемпір патша
Тапсырды шалға жұмыс әмір етіп:

«Бек тығыз бұйырамын саған, – деді,
Сөз қатсаң, жыртылады жаған, – деді,
Мақсатым – суды билеп, суда тұрмақ,
Балыққа айт! Менен көп-көп сәлем! – деді.
Қаратып теңіздерді қол астыма,
Шабарман болсын өзі маған!» – деді.

Әлі жоқ сөз қайығар, шал кетеді,
Қорыққаннан жылдам жүріп, тез жетеді.
Қара бұлт, қара дауыл толқынды айдап,
Сапырып теңіз суын, желдетеді.

Балықты шақырып шал сөзін айтты,
Жұмыстың тығыздығын, тезін айтты.
Кемпірдің сұрағанын естіп Балық,
Бір соғып суды бетке, кейін қайтты.

Балықтан жауап күтіп тұрып-тұрып,
Шал қайтты кешке жақын әлі құрып.
Көре алмай салтанатты сарайларды,
Көз салды жан-жағына мойын бұрып.

Қараса, лашығында кемпір отыр,
Баяғы жарық астау жырық-жырық.
Түсіріп таз кебіне бір-ақ күнде,
Қойыпты қу қақпасты құдай ұрып.



ырымға мал – мал атымен болмаған

қажетің – керегің

астау – тамақ салатын ыдыс

алжыған – қартайып, есін жоғалтқан

зумруд (изумруд) – асыл тас

березелі (бирюза) – асыл тас



1. Орыстың ұлы ақыны Александр Сергеевич Пушкин және оның шығармалары жайында не білесің? Оқығаныңды есіне түсір.
2. Осы ертегіден қандай өсер алдың?
3. Бағы өскен сайын есірген балықшы кемпірнің ой-пиғылы, іс-әрекеті ертегіде қалай суреттелген?
4. Кемпірдің әділетсіз іс-әрекетіне, астамшылығына, парықсыздығы мен қанағатсыздығына табиғат қалай қарайды? Ертегінің ой түйін, берер ғибраты туралы өз түсіңгіңді айтып бер.
5. Мәтінге сүйене отырып балықшы мен кемпірге салыстырмалы мнездеме бер.
6. Ертегідегі диалогтерді рөлдерге бөліп, өз мәнерімен оқы.



Ертегі бойынша сценарий құрып, балықшы, балық және кемпір рөлдерін ойнап көріңдер.

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ

(1928–2007)

Шыңғыс Айтматов – әлемге әйгілі, заманымыздың кеменгер жазушысы. Ол 1928 жылы 12 желтоқсанда Қырғызстандағы Манас шоқысының бауырында Шекер деген ауылда дүниеге келген. Әкесі Төреқұл ел ісіне араласқан, беделді кісі болады. Шыңғыстың тоғыз жасында әкесі «халық жауы» деген жаламен ұсталады. Бала Шыңғыстың жүрегіне мұң ұялап, әкесіне деген сағынышты серік етеді.

Шыңғыс Жамбыл облысындағы Құлан ауданындағы малдәрігерлік техникумда оқып, мал дәрігері деген мамандық алып шығады. Жастайынан сурет салуға, әңгіме жазуға құмар Шыңғыс Мәскеудегі Әдебиет институтына оқуға түседі. Шыңғыс Айтматов өзінің алғашқы шығармаларының бірі «Жәмила» хикаятымен-ақ дүние жүзіне әйгілі болады.

Шыңғыс Айтматовтың «Құс жолы», «Шынарым менің шырайлым», «Қош бол, Гүлсары», «Ерте келген тырнарлар», «Ақ кеме»,

«Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» хикаяттарын, «Боранды бекет» пен «Жан пида» романдарын дүние жүзі халқы сүйсініп оқыды. Жас дос, сендерге әлем әдебиетінің бүгінгі озық үлгілерінің бірі «Ерте келген тырналар» хикаятынан үзінді бере отырып, Шыңғыс Айтматовтың басқа шығармаларын өздерің тауып оқиды деп сенеміз.

ЕРТЕ КЕЛГЕН ТЫРНАЛАР

1. Іңкамал апай

Қолдан тоқылған жүн орамалға қанша оранса да, дірдектеп тоңып тұрған Іңкамал апай география сабағында Индия жағалауларына жақын жердегі ғажайып Цейлон аралы туралы әңгіме айтып тұр. Мектеп картасында Цейлон ұлы құрлықтың емшегінен шалқар мұхитқа абайсыз тамып кеткен бір тамшы ғана сияқты. Ал апайға айтқызсаң – маймыл дейсің бе, піл дейсің бе, банан дейсің бе (сондай да жеміс бар көрінеді), бұрын көзің көрмек түгілі атын естімеген басқа да талай-талай жемістер мен өсімдіктер дейсің бе – жоқ еместің бәрі сонда. Бәрін қойып, шыжықтай шыжғырған ыстығын айтсайшы; жыл бойы етік, бөрік, шұлғау, тон дегендердің не екенін білмей өтесің. Ал отын жайын аузыңа алмасаң да болады: Қурай теріп, басың жерге жеткенше екі бүктетіліп шырпы арқалайтын тауқымет онда жоқ. Шіркін, өмірдің көкесі сонда екен ғой! Жон арқанды күнге қақтап қыздырынам дейсің бе, жоқ салқын сабат көлеңкеде шалқаннан түсіп рақаттанып жатам дейсің бе, өз еркің. Цейлонның күні де жылы, түні де жылы; жыл он екі ай түп-түгел шілде-тамыз. Таң атқаннан күн батқанша көк теңізге шомылып шолпып жүрем десең де – мейлің, ішің пысса, түйеқұс қуып, қыран-топан қызыққа батам десең де – мейлің, қаңқиған-саңқиған ол ақымақ немелер Цейлонда жүрмегенде қайда жүреді (Цейлонда, құдайға шүкір, ақылды құстар да аз емес. Мәселен, тотықұс... Зауқың соқса – бар да тотықұс сатып ал; ән сал десең – ән салады, күл десең – күледі, биле десең – билейді. Білмейтіні жоқ. Тіпті газет оқитын тотықұстар да көп дседі).

...Ал сыртта алай-түлей боран. Сұлтанмұрат терезеден басқа-көзге төпеп тұрған қарға, өз жалымен өзін сабап, өз құйрығымен өз сирағын тырналап, өлтіріп бара жатқан өкпек желге беттей алмай, теріс айналып, шаяндай шағып жатқан қызыл шұнақ аяздан дір-дір етіп бүрсең қағып тұрған төрағаның атын көріп, бейшара жануарды аяп отыр.

Иә, бұл саған жыл он екі ай сарша тамыз Цейлон емес...

...Осыдан көкесі елге аман-есен оралса, Әжмұратты төбесіне көтеріп жүрсе де, мейлі, іштарлық етпес еді. Тек тезірек келсе екен. Өз ауылында тірі көрсе болды. Сұлтанмұратқа одан асқан бақыттың қажеті жоқ. Сол күнге тек тезірек жеткізгей.

Шіркін-ай, баяғыдағы Шу каналынан қайтқандағыдай ғып, ойда жоқта төбеден түскендей боп, сап ете қалса ғой. Ол онда бір жаз, бір күз – бес ай бойы құрылысқа топырақ тасып, стахановшы боп оралған-ды.

Күн батқан кез-тұғын. Кенет ауладан доңғалақ дүсірі, аттың пысқырғаны естілді. Балалар таласа-тармаса сыртқа жүгіре шықса – әкесі кеп тұр! Арықтаған, күнге күйген, сақал-шашы өсіп кеткен. Тұрған бойы – нағыз сыған. Анасына айтқызсаң, үстіндегі киіміне дейін қайыршының киіміндей алба-жұлба. Тек су жана құрым етігі ғана сықыр-сықыр етеді. Әжмұрат елдің алдымен барып мойнына асылды. Тас қып құшақтап ап, жіберер емес.

– Көке, көкешім, көкежаным, – деп солқ-солқ жылап, өксігін баса алмайды.

Әкесі де тас қып қысып апты. Оның да көңілі бұзылған түрі бар. Сол екі арада ауыл үйдің адамдары жиыла қалды. Олар да шеттерінен көздеріне жас алып жатыр. Анасы қуаныштан жүрегі жарыла жаздап, Әжмұратты әкесінен ажырата алмай, шырқ айналып жүгіріп бөйек боп жүр.

– Ау, болды енді. Сенен де басқа жұрт бар ғой. Босатсайшы. Елмен амандаспай ма? Өй, өзінде ақыл жоқ екен ғой. Жарайды енді...

Оған құлақ асатын Әжмұрат па...

Сол еске түскенде, Сұлтанмұраттың көкірегінен шоқтай ыстық әлдене лықси көтеріліп, көмейіне кеп тығылғандай болды. Аузы қараптан-қарап отырып өт татып кетті. Ешқашан көзіне жас алмаспын деуші еді. Босап бара жатқан көңілін кілт іркіп, бойын жиып ала қойды.

Сабақ әлі жүріп жатыр. Іңкамал апай Цейлонды айтып бітіріп, Ява, Борнео, Австралияларға кірісіпті. Тағы да сол – ғажайып өлке, мәңгі жаз... Крокодилдер, маймылдар, құрма ағаштар мен бұрынсоңды құлақ естіп, көз көрмеген таңғажайып ғаламаттар. Ал кенгуру дегендерің кереметтің кереметі. Балаларын бауырындағы жарғақ қалтаға салып алады да, зытып тұрады. Шіркін, табиғаттың адам ойлап таба алмайтын талай-талай тамашасы әлі толып жатыр-ау...

Өлгі кенгуру деген немені бұл көрген емес. Ал піл, маймыл, – тағы қандай хайуан керек – бәрін тап қол созым жерден өз көзімен көрген-ді.

Әкесі ертең қалаға жүреміз деген күні Сұлтанмұрат қолды-аяққа тұра алмады. Қуанышы қойнына сыяр емес. Бірақ ешкімге айтуға тағы болмайды. Аузы жеңіл біреу-міреу Әжмұратқа айтып қояр болса, қызыл шатақ басталды дей беріңіз. Сұлтанмұрат барғанда мен неге бармаймын, әкем неге мені алып кетпей, оны алып кетеді? Ал, не дейсің? Соны ойлағанда, ертең жолға шығам-ау деген төтті қиялға інісінің алдындағы айыбы қосылып, таң атқалы мез-мейрам көңілі аяқ астынан іріген айрандай бұзылып шыға келеді. Өзіне салса, іні-қарындастарына мана-ақ ағынан жарылып айтып берер еді, әкесі, әсіресе, анасы қашан аттанып кеткендеріңше кішкентайлар білмей тұра тұрсын деп аузына қақпақ салып қойды. Мұншама ішке сыймастай үлкен құпиядан жарылып кетпей өзер шыдап жүр. Оның есесіне сол күні одан асқан ынталы, одан асқан тіл алғыш, одан асқан қайырымды кісі болған жоқ. Ешкімнің бетіне жел боп келмей елпілдеді де қалды. Бармаған жері, бітірмеген шаруасы жоқ. Бұзауды шөбі жапырылмаған ту жерге апарып арқандаған да сол; бақшаға барып, картоптың түбін қопсытқан да сол; анасына кір жууға көмектескен де сол, батпаққа жығылып үсті-басын былғап алған кішкентай Алматайды жуындырған да сол. Не керек, әйтеуір, ертеден қара кешке дейін аяғы-аяғына жұқпай жүгірді де жүрді. Ойда жоқта мұншама тындырымды бола қалғанына таңданды ма, анасы мырс етіп күліп жіберді:

– Балам-ай, бүгін өзіңді танымай қалдым ғой. Былайғы уақытта да осындай болсаң етті. Тфу, тфу! Көзім тимесін. Қолды-аяқтай көмекшіден айырылғым келмей отыр. Сені осы қалаға жібермей-ақ қойсам ба екен, – дейді.

Онысы әншейін, қайтер екен деп әзілдегені. Әйтпесе, өзі бұған жол азықты әлдеқашан-ақ әзірлеп қойды. Шелпек пісірді. Сары майды тортасынан айырып, құтыға құйды.

Кешке аулада, арықтың жиегіндегі алма ағаштың түбінде, үй іші боп, сары самауырынды ортаға алып, ыстық шелпекті қаймаққа батырып шай ішті. Қақ төрдегі әкесінің оң жағына Әжмұрат, сол жағына екі кішкентай қызы жайғасты. Анасы шай құйды. Сұлтанмұрат самауырынның шоғын үрлеп, жұртқа кесе алып беріп отырды. Екі зуі екі құлағында. Ертең қалаға баратыны есінен бір шыққан емес. Әкесі бұған әлсін-әлі көз қысып қояды: ара-тұра, сыр тартқысы келгендей, кішкентай інісін қылжақ қылып:

– Ау, Әжеке, – дейді кіші ұлына, ыстық шайды сораптай отырып. – Қыл құйрығына әлі күнге бас үйреткен жоқсың ба?..

...Асау деп отырғаны – Әжмұрат жанындай жақсы көретін қара тайқар. Жазғытұрым Нұрғазы нағашысы әкеп берген-ді. Одан бері

кол-аяғы серейіп өсіп кетті. Бас білдіріп, жұмысқа жегуге әбден жарап қалды. Диірменге ұн апарсаң да, отын артып әкелсең де пайда емес пе? Нұрғазы да сондай ұсақ-түйек шаруаға пайдалансын деп әкеліп жүр ғой. Бірақ, ол немені ә дегеннен Әжмұрат иемденіп алды. Сәл нәрсеге бақырып-шақырып мазанды кетіретін ерке бала есегіне де ешкімді жолатпайды. Қит етсе – өзім жемдеймін, өзім суарам деп елпілдейді де тұрады. Соған бола ағалы-інілі екеуі шекісіп те қалды. Ол үшін Сұлтанмұрат анасынан шапалақ жеді. Бірақ, о да есесін жіберген жоқ. Көзді ала беріп, Әжмұраттан әлдеқашан-ақ қарымтасын қайырып алған. Есекке бас үйрететін кезде інісіне мал сенікі, өзің жуасытып ал деп қолын бір-ақ сілтеді. Сұлтанмұраттың осы жүргенде тақымы мықты. Тарпаңдаған талай неменің сауырына бір қонды-ақ, басқа ұрсаң да мыңқ етпейтіндей ғып сүмірейтіп шығарады. Ауыл-үйдің тайын да, тайқарын да сол жуасытады...

...Сөйтіп бөркі даңғарадай боп жүріп, туған інісінің сөзін жерге тастапты. Онысымен де қарап тұрмай, Әжмұрат асау жуасытам деп, екі рет жығылып, көзін көгертіп алғанда, әбден мазақ қылған-ды.

– Е, бәлем, қалай екен! Ит құсатып сүмендетіп соңыңа ертіп жүретін немесің ғой! Бұл жылағаның жылаған ба? Жылағанның көкесін енді көрерсің!

Апыр-ай, одан асқан не қаныпезерлік керек! Жана әкесі айтқасын барып ұғып отыр. Бақса, кішімен кіші болам деп, үлкен ақымақтық жасапты-ау. Енді, міне, сөйткен аңғал інісіне ештеңе айтпай, тыш беріп, ертең қалаға барып келгелі отырғаны ойына түскенде, Әжмұраттың не тілегін де екі етпей орындағысы, тіпті осы арада кешірім сұрап аяғына жығылғысы келіп кетті.

Шай ішіліп болған соң әкесіне еріп бақшаның сыртындағы көгалға барды. Жерде жатқан тастардың бәрін етегіне жиып ап, алысқа апарып төкті. Сосын Әжмұраттың «Жалдықара» деп дабырайтып ат қойып, айдар таққан қара тайқарын жүгендеуге тура келді. Әкесі есекті құлағынан тұқыртып ұстап тұрды. Сұлтанмұрат сол екі ортада сып еткізіп жүген салып та үлгерді.

Шалбарының балағын тізеден асыра түріп алды, асау жуасыту оңай шаруа емес. Оның үстіне, Әжмұратқа арқа сүйеп ап, білгенін істеп қалған қара тайқар бүгінде жалына қол апартпайтын тағы боп алған. Біресе артқы екі аяғын, біресе алдыңғы екі аяғын көкке көтеріп тулап, мөңкіп, басын алып қашып, шала бүлініп бақты. Арқасындағыны топ еткізіп лақтырып тастап үйренген мақұлыққа бұл жолы оңай тиген жоқ. Сұлтанмұрат құласа да, лып етіп қайта тұрып, шауып бара жатқан есектің бір бүйірінен кенедей қадалып,

ә дегенше арқасына барып қонжия қалады. Қара тайқар тағы да тулайды. Тағы да мөңкиді. Тағы да жығылыс... Бірақ, жаңа ғана жерде жатқан Сұлтанмұрат енді қарасаң есектің үстінен бір-ақ шығады.

Ол үшін әлгінің бәрі әншейін ермек секілді. Бірақ гөп құламауда емес, қалай құлай білуде еді. «Есектен мертiккеннiң емi түспейдi» деп халық бекер айтпаған. Шынында да, есектен құлаған аттан құлағаннан, түйеден құлағаннан әлдеқайда қауiптi. Өйткенi, құлаған адам екi қолымен жер таяна етпеттей құлауға тырысады. Ат пен түйеден құлаған адам жерге жеткенше екi қолымен жер тiреп үлгере алады. Ал есектен құлаған тәжiрибесiз адам, қапелiмде есiн жиып үлгергенше, қара жерге қалай сарт ете түскенiн өзi де бiлмей қалады...

Сұлтанмұрат бұның бәрiне баяғыда-ақ жетiлiп алған. Сондықтан, ол қанша құласа да, мертiгiп қалмады ма екен деп уайымдап жатқан ешкiм жоқ. Қайта жұрттың бәрі көздерiнен жас аққанша күлiп мәз-мейрам боп жатыр. Өкесi күле-күле iшегi түйiлiп, iшiн ұстап апты. Айқай-шу шыққан жерде бала қарап қалушы ма едi! Ауылдың бар қара сирағы опыр-топыр осында жиыла қапты. Бiреуi күшiк ертiп келген екен, ол неменiң онсыз да зәре-құты қалмай зытқылап жүрген бейшара мақұлықтың соңынан шәулдеп үре жүгiрмесi бар ма... Қиқар есек бұрынғыдан бетер жұлдыздай ақты. Бірақ, одан саса қоятын Сұлтанмұрат жоқ. Осоавиахимнiң жiгiттерi құсап шауып бара жатқан есектен жерге секiрiп түседi де, қарғып қайта мiнiп алады.

Соғыстан бұрын осоавиахимнiң атты әскерi ауыл советтiң қасындағы көгалға келiп, жаттығулар жасаушы едi. Ауыл жiгiттерi де жұмыстан соң әлгi әскери ойындарға қатысатын. Шауып бара жатып ерден секiретiн. Шауып бара жатып ерге қайта мiнiп алатын. Шауып бара жатып жау бейнеленген қуыршақты қылышпен турап түсiретiн. Олар шетiнен жарқыратып значок тағып жүрушi едi. Салпандатып шынжыр таққан бұрандалы значоктары сондай әдемі-тұғын. Бала бiткеннiң бәрі қызыға қарайтын. Осоавиахимшiлер жаттығу жасап жатқанын көргенде тайлы-таяғы қалмай шұбырып жетушi едi. Сөйткен жiгiттер бүгiнде не күйде екен? Атқа мiнiп құйғытып шауып бара ма екен, әлде омырауларынан суық өгiп сыз окопта жатыр ма екен? Соғыста қазiр атты әскер пайдаланылмайды дейдi жұрт...

Осы арада Сұлтанмұраттың көзi терезеге түсiп кетiп едi, бiр ой сап ете қалғаны: ат мынандай суықта бүрсеңдеп жүре алмайды, ал танктер қарлы боранды елең етпейдi ғой. Әй, бiрақ ол арғымақ аттай қайдан болсын!

...Е, соның бәрі ол кезде бір қыран-топан қызық көрініп еді. Жалдықара да қашанғы шыдасын, біраздан соң шатқаяқтай бастады. Басын ала қашпай, көндігейін деді; жортып та көрді, аяндап та көрді, желіп те көрді, алқа-қотан тұрған жұртты айналып та шықты.

– Ал, енді өзін мін, – деді Сұлтанмұрат інісін шақырып ап. – Енді бұл неме басына тепсең де мыңқ етпейді.

Қуанғанынан қызара бөртеп тұрған Әжмұрат жалдықараның қос бүйіріне екі өкшесін бірдей қадап тебініп қалды. Өрлі-берлі жүріп көрді. Ағасының қандай екенін бүкіл ел көріп тұр. Мұндайда Әжмұрат мақтанбағанда кім мақтанады!

Ол күні ай сүттей жарық болды. Бұлар үйге кеш қайтқанмен көңілді қайтты. Әжмұрат анасының алдында бір мақтанып қалайын деп, аулаға кіргенше есектен түскен жоқ...

...Жарық жалғандағы барша арбалар секілді бұл арба да дүрсілдетіп, салдырлатып, сар желдіріп келеді. Сол екі ортада екі шыңның арасындағы бір тар саңылаудан қылғиып күн де көрінді. Таңғы ауамен бірге тарап жатқан жарық пен жылу енді желіп келе жатқан екі аттың терішіп тұрған сауырларына дари бастады; Шабдар ат бірте-бірте бөдененің жұмыртқасындай шұбартып барады; ал Дәуторы әуелі жирен тартып, сосын құлаға айналып, қылаңыта түсті; біраздан соң сәуле мен шұғыла әкесінің бетінде ойнақ салды; көздің төңірегіндегі айғыз-айғыз әжімдер одан сайын қазыла түсіп, делбе ұстап отырған екі қол тым ерсі ұзарып, сояу-сояу тамырлары мен сымша тартылған сіңірлері бұрынғыдан бетер бадырайып-бадырайып сала берді. Сол бір шұғылалы нұр мен өткір сәулені Сұлтанмұраттың да көзі мен төні құныға сіміруде; мына жарық жалғандағы барша мақлұқат атаулыға сол екеуінен түгел жан бітіп, шегінен дүркірей көтеріліп барады...

Сол бір жол үстіндегі таңда Сұлтанмұраттың жаны осынау көл-көсір рақат пен риясыз бостандыққа қандай кенелді десеңші.

– Қалай, ұйқың ашылды ма? – дейді әкесі өзілдеп.

– Ұйқым ашылғалы қашан, – дейді ұлы.

– Ендеше, сен ұста! – деп, әкесі делбені қолына бере салды.

Сұлтанмұраттың күткені де сол еді, қуанғаннан бір жымыып қойды. Өзінің де сұрап алуына болатын еді, бірақ мынандай алыс сапар, үлкен жолдың үстінде әкесінің делбені өз қолынан сеніп тапсырғанына не жетсін! Делбенің басқа қолға көшкенін аттар да сезіп қалса керек; жаңа делбешінің тегеуріні әлсіздігін пайдаланып, бір еркінсіп алғылары келгендей, құлақтарын жымитып, бір-біріне тіс көрсетіп қояды. Бірақ Сұлтанмұрат ондайды менен күтпендер дегендей, делбені тұқырта тартып, ақырып қалды:

– Жә! Жетті енді!

Егер мынау жарық жалғанда бақыт деген бар болса, оны тек осы қазір, дәл осы басыңнан кешіріп отырған азғантай тіршілігінде ғана көресің; әйтпесе, өткен бақытқа өксіп, келешек бақытқа емешегінді үзіп құр бекерге өуре болмасаң да болады. Сұлтанмұраттың да шын бақытқа кенелген күні жол үстінде өткен сол бір күн еді. Көңілін еш қаяу шалып көрген жоқ. Әкесінің қасына кеп жайғасқанда-ақ төбесі көкке жеткендей боп масайрап шыға келген марқа сезім бүкіл ұзақ жол бойына көңілінде шалқар көл боп шалқыды да жатты...

* * *

Ол:

– Сұлтанмұрат, саған не болды?– дегенде барып қасына Іңкамал апайдың келіп тұрғанын байқады.

– Ештеңе болған жоқ.

Әлденеге ақталғысы келгендей, Сұлтанмұрат орнынан атып тұрды.

– Біресе, қараптан-қарап отырып қиқылдап жөтелесің, біресе берген сұрақты естімейсің, – деді Іңкамал апай ренішпен иығын қиқандатып. – Ендеше, барып сабан әкел де, пешті қыздыр.

Ол пештің ішінде күлдің астында өлеусіреп жатқан жалғыз шоқтың үстіне сабан тастап, үрлеп жақты. Тағы да бірер шеңгел сабан салып еді, манадан бері үнсіз тұрған пеш қомағайлана гүрілдеп қоя берді. Енді тек сабан тастап үлгеріп отырса жетіп жатыр. Қластың іші көңілденіп кеткендей болды.

Ол балаларға бұрылып бетін қисандатып күлдіріп алғысы, ал артта отырған Анатай сияқтыларға жұдырық түйіп, сес көрсеткісі келіп кетті.

...Мұғалима қатал адам. Оның үстіне апайды ренжіткісі де келмейді. Көп болды, майдандағы жалғыз баласынан хат-хабар жоқ. Баласының артиллерист, командир екенін аузынан тастамай айтып жүруші еді. Ал күйеуі соғысқа дейін бір жаққа жоғалып кетіпті, бір жаман оқиғаға душар болыпты. Оның қандай оқиға екенін айтуға жұрттың аузы да бара бермейді. Апайларының алыстағы ауылға кеп мұғалім боп жүргені де соның салдары деседі. Баласы Жамбылда педучилищеде оқып жүрген жерінен майданға алыныпты. Іңкамал апай терезеден почташыны көріп қалса болды, дереу бір баланы жүгіртіп жібереді. Егер хат келсе, әлгі бала «алақайлап» қуанып кіреді. Балалар мұғалиманың хатын өкелуге таласып та қалады.

Хат келген күні олар үшін үлкен мереке. Қысқа хатты көзімен жүгірте шолып шыққанда Іңкамал апай аяқ астынан өзгеріп сала береді. Шашын орамалдың астына шошайтып түйіп қойған ақ сармай мұғалиманың қалай қуанғанын, қалай көзіне жас алғанын көріп отырып, сенің де ет жүрегің елжіреп кетеді.

– Балалар, ағаларың аман көрінеді, бәріңе сәлем айтып жатыр, – дейді ол даусының дірілдегенін жасыруға тырысып. Бүкіл класс қуанып жадырап қоя береді. Апай сәлден кейін түсін қайта суытып: – Енді балалар, сабағымызды жалғастырайық, – дейді.

Сол-ақ екен, оның көзі шоқша жайнап, шабыттанып кетеді, қайдағы бір адам таппас асыл ойларды айтып, сөзінің бәрі құлпырып шығады. Не айтса да санаңа тайға басқан таңбадай сайрап түсіп жатады. Ондайда класс апайдың бал-бұл жанған жүзінен көз айыра алмай, ауыздарын ашып қалады...

2. Төраға

– Мен кез келгенінді алмаймын. Жаман оқитын адам жұмыс істеп те қарық қылмайды. Жақсы оқитын балаға ертең оқуын қайта жалғастыру да оңайға түседі. Осы сыныптағы ең үлкені, Сұлтанмұрат, сен екенсің, көне, сен айтшы...

– Сұлтанмұрат, өткен жылы бақша егетін жерді жыртып сен көрінесің ғой, – дейді төраға тағы да соған бұрылып.

– Мен де бақшаға жер жыртықпаймын, – деп Анатай айғайлады.

– Мен де жыртықпаймын, – деп Еркінбек қыстырылды.

Дауыстар көбейіп барады.

– Жә, тоқтаңыздар! – дейді төраға. – Әуелі келісіп алайық! Бұрын соқа ұстап көргендерді ғана аламыз. Мәселен, Еркінбек, сені жіберуге болады. Сен де бақшаның жерін жыртыпсың. Сенің өкен, менің естуімше, Мәскеу түбінде қаза тауыпты. Талай адам өкесінен, ағасынан айырылып жатыр. Еркінбек, өтінеміз, сен де бізге көмектес. Оқудың орнына жер жыртыуға тура келеді. Басқа амал жоқ. Анаңа өзім түсіндірем.

Төраға Тінәлиев тағы да екі баланы – Ергеш пен Құбатқұлды атады. Бәріне ертең таңертең бригадирлермен бірге ат қорада болатын жиналысқа келуді тапсырды.

* * *

...Төраға Тінәлиевтің айтып жүрген шаруасы Сұлтанмұраттың ойлағанынан әлдеқайда қиын боп шықты. Ең алдымен, олар төраға мен әрқайсысына төрт-төрттен жүген таратып жүрген ілмиген жи-

рен сақал бригадир шал Шекіштің соңына еріп, ат қораның қасындағы шарбаққа кірді. Қар көміп тастаған кең аулада қабырғалары ырсиған жегін аттар ақырлардың түбіндегі пішеннің қалдығын қажап, әрлі-берлі сенделіп жүр. Жылқы жануардың қыста арып, жазда күйленетіні кім-кімге де белгілі. Бірақ мыналардың тек екі құлағы мен төрт аяғы қалған. Терілері сүйектеріне жабысып қапты. Баптап, жемдеп жатқан ешкім жоқ. Қолда бар азғантай жемді ертең егіс кезінде талшық қылмақ.

Балалар өз көздеріне өздері сенбей аңырысып қалды.

– Не сілейіп тұрсыңдар, – дейді Шекіш күңкілдеп. – Мұнда сендерді құйрық-жалы сүзіліп Манастың тұлпарлары күтіп тұр ғой деп пе едіңдер. Шегінен ұстай беріңдер, түге! Енді бір жиырма күннен соң бұлар түктері жылтырап шыға келеді. Көресіңдер де білерсіңдер! Жылқы жарықтық аузы бір күн көкке тисе болды, құлпырып кетеді.

– Не қажеттің бәрін тауып береміз, – дейді төраға.

– Кәне, бастаңдар. Әрқайсысың төрт-төрттен беттеріңе қараған атты ұстандар.

Міне, қызық! Осы бір өңшең арық-тұрақтың ішінде әкесінің екі аты Дәуторы мен Шабдар да жүр...

– Мына қараңыздар, менің әкемнің аттары! – деп айғайлап жіберді ол төраға мен бригадирге қарап. – Шабдар менен Дәуторы.

– Дұрыс айтасың. Бұл екеуі баяғы Бекбайдың аттары, – дейді Шекіш шал сөзін құптап.

– Ендеше, бұл екеуін сен ал. Әкеңнің аттарын ешкімге берме, – дейді төраға.

Сұлтанмұрат әкесінің қос атына қосып тағы да екі атты – Ақжал мен Кершолоқты ұстады. Төртеуін бұл енді қостүренді соқаға жегеді. Қалған балалар да аттарын ұстап болды.

3. Ақсай десанты

Күн көрініп, қар жібіді. Қыстың да тегеуріні қайтып қапты. Аттарды енді күндіз күн шуаққа, сырттағы шым ақырлардың қасына алып шығатын болды. Күн шуақта жылқы төбеті ашылып, тезірек қоң жияды. Дуалдың ұзына бойына етектей салған ұзын-шұбақ ақырдың жанына Ақсайға жер жыртуға баратын жиырма ат қаз-қатар сап түзепті. Әркім өз аттарының қасына кеп сымша тартылып тұра қапты. Тінәлиев оларды «Ақсай десанты» деп атады. Күнде таңертең өзі кеп әзірліктерін тексеріп кетеді. Бригадирлер де, арбакештер мен балықшылар да бұларды енді «десант» дейтін болды. Оларға деген жабдықтың есебі бөлек. Ақсайдың ат-

тары, Ақсайдың жемі, Ақсайдың соқалары... Ат қораның маңынан жүрген жан бас сұқпай өтпейді. Бәрі де десанттың жағдайын біле кеткісі келеді. Ақсай десанты енді бүкіл ауылдың аузына ілікті. Тінәлиев десанттың командирлігіне Бекбайдың баласы Сұлтанмұратты тағайындады...

– Адамдарға да, аттарға да, құрал-саймандарға да жауап бересің, – дейді ол. – Ақсайға салынатын егіске де жауап беретін сенсің. Жауап беру деген сөз – берген тапсырманы мүлтіксіз орындау деген сөз. Қолыңнан келмейді екен – орнына басқа адамды тағайындаймын. Ал оған дейін сен туралы ешкімнің ешқандай әңгімесіне құлақ аспаймын.

Төраға Тінәлиевтің сол күні ат қораның ішіндегі Ақсай десантының шолақ сапы алдында тұрып айтқаны осы болды.

Соқашылар оның жүзіне тамсана қарап қапты; қандай тапсырмасын да қалтқысыз орындауға әзір тұр. Олар оны алдарында ақ сауытын киіп, ақ семсерін түріп, қырау шашты, қыран көзді алып Манас тіріліп кеп тұрғандай, ал өздерін соның соңынан дүркірей атқа қонуға белдерін буып, бес қаруын іліп дайын тұрған бағзының батырларындай сезінді...

Аттар алғашқы кезде суатқа апарғанда аяқтарын соқыр кісіше ілбіп басушы еді, қазір өзеннен қайтып келе жатып, дүркірей жарыса жөнеледі.

Қыстыгүні жер тайғақ болады да, суат басына жылқыны айдап түсіретін жол салып, оған сабан шашып, мұздан ойық ойып, бәрін алдын ала сақадай сай қып әзірлеп қоймасаң, суға асыққан көп жылқы бірін-бірі құлатып мерт қылуы мүмкін. Сұлтанмұрат балалардың арасында кезекпе-кезек суат әзірлейтін қатал төртіп орнатты.

Соқашылар шыр айнала қайырмалап тұрған жылқылар мұп-мұздай мөп-мөлдір ағын суды шым-шым сіміріп ұзақ жұтады. Мұз астынан шыққан ақ түтек су – жолындағы майда-майда малта тастардың үстінен орғып-қарғып, міз бақпастан тұтасып жатқан көкше мұздың астына қайта сүңгіп кетеді. Мұздың астында да бұлқынып-жұлқынып сылқ-сылқ күліп жатады.

Жылқылар сол бір сылқым күлкіні құлақтары шалып қалғандай жалма-жан бастарын көтеріп ап, бүйірлерін шуаққа қыздырып біраз тұрады да, сәлден кейін суға қайтадан бас қояды.

Суға қанған жылқылар асықпай, сылбыр аянмен қара жолдың үстіне шығады; сосын кенет ат қораға қайтып келе жатып, танауларын желге толтырып оқыранып, құйрықтарын түйіп, бір-бірінің жалына жармасып, ерсілі-қарсылы шапқылап, асыр сап ойнақтай жөнеледі. Ат үстіндегі балалар да ойқастап, кішкене табынның

біресе ана жағынан, біресе мына жағынан шығып, бақырып-шақырып мез-мейрам боп мардамсып қалады.

4. Дайындығыңды баянда

Кеше ат қорада төраға Тінәлиев пен Шекіш бригадир Ақсай десантының байқауын өткізді. Барлық соқа нөмірленіп, соқашыларға бөлініп берілді. Сұлтанмұратқа бірінші нөмірлі соқа тиді. Әркім өз аттарына ат-тұрманды қалай кигізетіндерін көрсетті. Сосын соқаларын жегіп көрсетті. Бес соқа қаз-қатар тізіліп тұра қалды. Сыртынан қарағанда сондай сәнді, сондай салтанатты. Соқалар емес, тачанкалар сияқты! Аттары күйлі, тұрмандары қонымды, соқалары жалт-жұлт етеді. Соқашылар соқаларының қасында жауынгерлердей боп бойын тіктеп, қатып-қатып қалған. Төраға Тінәлиев десанттың алдында армия командашысындай сұстана қарап тұр. Әркімнің қасына келіп:

– Дайындығыңды көрсет! – деп бұйырады.

– Баяндаймын, карауымда төрт тағалы ат, төрт бүтін қамыт, төрт шлия, сегіз мойынтұрық, бір ер, бір қамшы, қос түренді бір соқа және басы артық үш түренім бар!

Тап әскердегідей. Тек Шекіш бригадир ғана бұған көп еліге қоймай, тымырайып алған. Кәрі кісі, қайдан түсінсін.

Байқау жақсы өтті. Бірақ екі нәрседен ғана десант ойлаған жерден шықпады. Төраға Тінәлиев бәрін Ергештің соқасының қасына шақырып алды.

– Кәне, мына төрт аттың тұрманынан қате табыңдар!

Бәрі жабыла шұқылап қарап шығып еді, бірақ ештеңе таба алмады. Сонда төраға Тінәлиев өзі көрсетті.

– Анау түптегі торының шап айылы бұратылып тұрғанын аңғармайсыңдар ма? Ертең егіс басында дұрыс тартылмаған айыл аттың бүйірін қажап тастайды. Оны айтатындай жылқының тілі жоқ. Күні бойы азап шегіп жүреді де, ертеңіне бүйірі ісіп шыға келеді. Ал оның орнына салатын ат жоқ. Демек сендердің салдыр-салақтықтарыңнан бір соқа істен шығады деген сөз. Мұндай оралымсыздыққа жол бере алмаймыз. Біз қыс бойы не үшін машақаттанып жүрміз?

Беттерінен оты шықты. Осыншама ұсақ-түйек әлгіндей масқараға ұрындырады деп кім ойлаған!

– Сұлтанмұрат, – деді төраға Тінәлиев. – Сен десант командирі болғандықтан, күнде таңертең жұмысқа шығар алдында әр аттың ер-тұрманын түгел тексеріп шығуың керек. Ұқтың ба?

– Ұқтым, жолдас төраға!

Десанттың жіберген екінші кемшілігі бұдан да сорақы. Әсіресе, командирдің өзіне ұят болды. Төраға Тінәлиев:

– Көне айтшы, жұмыстан кейін түнемеге ат-тұрманды қайда тастайсыңдар? – деп сұрады.

Әрі ойлап, бері ойлап әркім әр түрлі жауап айтты. Көбінің ойынша ат-тұрман егіс басында, соқалардың қасында қалатын болды.

– Командир, өзің қалай ойлайсың?

– Мен де солай ойлаймын. Борозда басында, соқаны шешкен жерге қалдырамыз.

– Жоқ. Ат-тұрманды түнде далаға тастап кетуге болмайды. Біреу алып кетер деп сескенгендіктен емес. Ақсай елсіз. Сіздердің ат-тұрмандарыңды алуға ешкім бармайды. Бірақ түнде жауын-шашын болса, иленбеген қайыс су тиіп, азып кетеді. Далада түлкі, тышқан қажап тастауы да мүмкін. Демек соқаны егіс басына қалдырып, аттарды тұрмандарымен қосқа алып қайтасыңдар. Сендер киіз үйде тұрасыңдар. Бір киіз үй тігеміз. Соған тұрмандарыңды алып кіресіңдер де, жастанып жатып ұйықтайсыңдар. Заң солай! Ол сендердің қаруларың. Ал әр жауынгер ең алдымен өзінің қаруына мұқият болуы керек.

Міне, төраға Тінәлиев сақадай сай боп сапқа тұрған Ақсай десантының алдында осылай деді.

5. Ерте келген тырналар

Ақсайдың алқабына соқа түскелі үш күн. Үш күн бойы соқашылардың аттарды асықтыра айғайлап жағы семген жоқ. Ақсайдың жота-жоталарында десантшылар жыртқан алғашқы бороздалар күнге сауырын тосып, күреңіте төңкеріліп жатыр. Қазірдің өзінде қыруар жер жыртылды. Қарасаң, көзің сүйсінеді. Ендігі бір гәп ауа райында. Ол оңғарылса, шаруа да өрге басар түрі бар.

Таңертең ауа райы жақсы нышан танытып еді. Аспанда бұлт болғанмен, оқтын-оқтын күн көрініп қап тұрған. Ал түс кезінде төңірек түгел мұнартып, суытып қоя берді. Арты жаңбырға ұласатыны, қарға ұласатыны белгісіз, аспан қабағы тағы салбырап кетті. Түскі тамақтан соң соқашылар жаңбыр, не қар жауа қалса, бүркеніп алуға керек болады деп бір-бір қап алды. Қара жердің жонынан таспа тіліп үшеуі келеді. Ең алдарында – Сұлтанмұрат, одан екі жүз қадамдай кейін – Анатай, ең соңында жарты шақырымдай жер қалып Еркінбек келеді. Бүгін соқашылар егіс басында жалғыз өздері қалды. Үш соқашының желке тұсында бұлды-

рап ұшан дала қалып жатыр. Төраға Тінәлиев мұнда бастапқы кезде бір соқты да, бригадир Шекішті тастап, шаруалары бастан асып жатқан соң, ауылға қайтып кеткен. Бүгін Ергеш пен Құбатқұлды алып қайтам деп, Шекіш те ауылға кетті. Егіс басында олар үшеуден-үшеу оңаша қалды. Қастарында соқалары мен аттары қалды; мынау көктем шыға көкірегін тырналап, ел ырзығын айырамыз ба деп еңбектеніп жатқан ұлы дала қалды.

Бүгін жұмыс бұрынғыдан гөрі өніккіреген төрізді. Аттар бір-біріне бойлары үйреніп, бұрынғыдай емес аяқтарын қатар алып, құлшына ұмтылып, емпендей басады. Сондарындағы темір түрен сабыр жердің сауырын қиялай тіліп келеді.

Бірақ ауа райы оңбай тұр. Міне, қар қылаулай бастады... Демек, қыс әлі алыс кете қоймапты, абайлаңдар деп сүс көрсетіп жатыр. Мұнысы енді диқандарға қиын тиер түрі бар. *кн .в.лод ннш*

Сұлтанмұрат басына қап киіп алып еді, бірақ ол да бассауға боп жарытпады. Ол ортадағы атқа мініп, жетегіндегі аттарға қамшы көтерген сайын басқа-көзге қарамай төпеп берген қарлы желге қарай қайта-қайта ашыла берді. Қар қалың түсіп тұр, бірақ табан астында еріп кетіп жатыр. Төңірек түгел ақ шілтер іліп тастағандай бұлыңғырланып барады.

Таулар көзден бір-бір ұшты. Кең дүние оймақтай боп тарылып шыға келді. Теңіз үстінде дауылға тап болған шағалалардай мына алай-түлей ақ түтектің астында соқашылар ғана оқтын-оқтын аттарына айғайлап шаңқылдап қояды.

Соқаларда кідіріс жоқ. Қап-қара соқа толқын үстіне қалқып шыққандай біресе дөңге көтерілсе, екіншіде құрдым ойпаңға қайта батып кетеді.

Жер астынан шығып келе жатқандай төрт ат та тұмсықтарының астынан буы бұрқырап, қалың бороздаға омыраулай малтығып, батып-шығып тартып барады. Ақ тер-көк тер боп сабылып келе жатқан аттардың ып-ыстық сауырына қонған қар тиген бойда тез еріп жатыр. Аттарға ауыр боп барады: су жер тұяқ тұрғызбай тайғақтата береді, дымқыл тартқан ер-тұрман зілдене түсті, темір түреннің өзі сабыр жерге батпақтап тартқызбай келеді. Бірақ соқаға тыным жоқ. Ертең күн шыққанда қазіргі су борозда әлі-ақ кеуіп кетеді. Сондықтан жолдан қалмау керек.

Қайта-қайта түрен ілініп қала береді. Сұлтанмұрат біресе атынан түсіп, түренге жүкқан саз балшықты қамшының сабымен сыдырып тастап, арттағы Анатай мен Еркінбектен айқайлап хабар біліп, біресе төрт аттың қақ ортасындағы жетекші атқа тырбандап қайта мініп, әлек боп келеді. Сонда да соқаға тыным берер түрі көрінбейді.

Қар болса тоқтар емес. Соқаға жеккен төрт ат ақ тұманның ортасындағы кемедей қарауыта қалқып барады.

Жер-жаһанның дыбысын түп-түгел жұтып қойған осынау қарлы құйынның арасынан соқашылардың бір-біріне:

– Еркін-бе-ек!

– Ана-та-ай!

– Сұлтанмұрат! – деп айғайлағандары естіледі.

Еріп жатқан қар екені де, ағып жатқан тер екені де белгісіз, беттері су-су, қолдары быртыып-быртыып ісіп кетіпті; екі аяқты қос қапталдағы ат тықсыра-тықсыра әбден қысып тастапты, жан шыдатпай тызылдап барады. Бірақ Сұлтанмұрат соңындағы Анатай мен Еркінбектің бұған қарап келе жатқанын, үшеуі бірдей жүріп тапа тал түсте алты түренді қаңтарып қоюға қақысы жоқ екендігін біліп келеді. Тек аттары шыдаса болды. Тек аттары сыр беріп қоймаса екен.

Аттар әбден тұралап қалды. Сұлтанмұрат жерге түсіп, соқаны бір айналып шықты. Тұяғынан екі құлағына дейін қара суға малшынып, бүйірлерін соғып қалған бейшара жануарларды аяп, ышқынып қойды.

Қар әрі еріп, әрі жауып тұр. Сұлтанмұрат басындағы қапты лақтырып тастап, илікпей қалған саусақтарымен аттарды ағыта бастады; сосын шыдай алмай, тер сорғалаған Шабдардың мойнынан құшақтай ап: «Кешір мені, кешіре гөр!» деп сыбырлады, ерніне ап-ашы тұз дәмі келді.

– Әй, Сұлтанмұрат! Неге тоқтадың! – деп айғайлады Анатай.

– Кәне, аттарды ағыт! – деді оған Сұлтанмұрат.

* * *

Бірақ оның ертесіне күн сондай ашық болды. Кешегі алай-түлейден ешқандай белгі қалмаған. Тек ауада дымқыл бар; тек тірсегіңнен тістеп дірдек қақтырып бара жатқан бір өткір ызғар білінді. Тек таудың басындағы қар бұрынғыдан гөрі де ағарып шығыпты. Жарты аспанды шапағымен шарпып, шыңдардың әр жағынан күн қылтиды. Ақсайдың бұйрат-бұйрат дөңдері, теп-тегіс жазықтары, кең қойнауы бұрынғыдан бетер ұлан-асыр ұлғая түсіпті. Оның есесіне, баурайында бұлар туып-өскен Манастау таңертең соқашы балалар менің асқақ ажарыма құмардан шыққанша қарап алсыншы дегендей, бір түннің ішінде Ақсайға қарай жылжып көшіп, тап іргеге кеп тұрып апты.

Әрі жақын, әрі алыс тау шыңдары таңғы шыңылттыр ауада көз қарықтыра жарқырайды.

Иә, сол күні Ақсайдың алқабында жадыраған жақсы таң атты. Бұлар жер дегдісін деп, аңыз басына асықпай шықты. Оның есесіне аттарының үстін тазалап, ер-тұрмандарын төртіпке келтірді; су тиген сұлыны кептіріп жайды. Күн бірден қыздыра бастады. Олар егіс басына сонда барып аттанды. Соқалар кешегі лайсаңда батпақтап қапты. Үшеулеп жүріп жекті. Бүгін кешке дейін бұл араны бітіріп, ертеннен бастап жаңа жерге түспек. Жұмыстары өніп барады. Түн бойы тыныққан жылқылар аяқтарын сергек алады. Бүгін олар мынау ауыр жұмысқа әбден төселіп қалғандарын байқатты. Кешегі қар астында жыртқан бороздалары да ойдағыдай шығыпты, қары кепкен топырақ жентектеліп қатып қалмай, мапмайда боп туырылып жатыр. Ол бір жақсы күн болды. Сондай бір ө дегеннен жолың оңғарылып, еңбегін жанып жүре беретін сәтті күндер болады. Қыс бойғы оқуды тастап, күн-түн қатып еткен еңбектері зая кетпес түрі бар; Ақсай десантының жұмысы тоқтап көрген жоқ; бүгін Ергеш пен Құбатқұл да кеп қалар. Сонда бес соқа, он түрен не қояды? Нағыз десант деп сонда айт. Сосын бұлар дән сеуіп, аңыздың бәрін тырмалап шығады. Одан әрі жердің көктегенін, тұқымның өнгенін күтеді. Шекіш бригадир айтады: шөлге егілген астық өнімі аздау болғанмен, аса дәмді келеді дейді. Жаз жаңбырлы болса, еңбектері тіптен жанар еді. Осынша еңбектерін көре тұра, қырсығып жаңбыр жаумай қоюы еш мүмкін емес. Тек осындай ауыр бейнетпен тапқан наның тамағыңнан түйілмей өтсе екен; майданда ісіміз оңға басып, шабуылымыз үдеп, жаңа жаздың егіні жақсылыққа көрінгей.

Аңызға үшеуі келеді. Ең алдында – Сұлтанмұрат, одан екі жүз адымдай жерде – Анатай, жарты шақырымдай жерде – Еркінбек...

Күн қыздыра түсті. Кешегі қуарып жатқан кішкене төбешіктер көрер көзге көгеріп қапты. Дәл ертегідегідей: аңыздың ана шетіне шықсаң да – көгалға тірелесің, мына шетіне шықсаң да – көгалға тірелесің. Жасарып, жаңғырып жатқан жерден бір жақсы иіс шығады. Ал соқалар болса, артында бұйра-бұйра борозда тастап, Ақсай төсінде тартып келеді.

Дүр етіп бозторғай ұшты. Өуелі біреуі құйқылжыта жөнеліп еді, дәл қасынан екіншісі шырқап қоя берді, оған анадайдан үшіншісі қосылды. Сұлтанмұраттың жүзіне күлкі үйірілді. Баспана түгілі басына қалқа қылар қу бұтақ, қу жапырағы жоқ, тырдай жалаңаш түзде жүріп-ақ бұлардың өні таусылмайды, қашан көрсен, мәз-мейрам. Көктемге де қуанады. Күн көзіне де шаттанады! Ал кешегідей лайсаңда бұл пақырлар қайда жүрді екен? Иә, өткен істің өкініші жоқ деген осы ғой.

Көктемнің енді тізгін бере қоймас түрі бар? Жұмыс әлі бастан асып жатыр. Бұл тек басы ғана; бүгін Еркеш пен Құбатқұл келсе, бүкіл десант боп жабылғасын, жұмыстары бұдан гөрі өніңкірер еді.

Сосын бұларды дүр қуантқан бір тамаша оқиға болды.

Алдымен көрген – Анатай. Міне, жігіт. Көрді де, қуанғаннан жүрегі жарылып айғай салды:

– Тырнаны қараңдар! Тырналар қайтып келеді.

Сұлтанмұрат көкке қарап еді, түпсіз тұңғыық шетсіз-шексіз аспанда баяу қалықтап, бір-біріне сұңқылдай үн қатып, тыраулап келе жатқан тырналарды көрді. Өздері өте көп екен. Тым шырқау биікте келеді... Сұлтанмұрат басы үзілгенше шалқая қарап біраз тұрды, сосын ол да жүрегі жарылып:

– Алақай, тырна келді! – деп айғайлап жіберді.

Үшеуі де құстардың тырна екенін бірдей танып тұрып, бір-біріне:

– Тырнаны қара! Тырнаны көрдің бе! – деп сүйінші сұрағандай мәре-сәре боп қалды.

Сұлтанмұрат тырнаның ерте қайтқанының жақсы ырым екенін еске алды.

Артындағы Анатайға:

– Тырнаның ерте қайтқаны жақсы ырым, биыл егін бітік шығады екен! – деп қуана айғайлады.

– Не, не дейсің? – деп сұрайды Анатай.

– Биыл егін бітік шығатын болды!

– Иә, естіп тұрмын. Жақсы болды! – деп о да айғайлап қояды.

Тырналар көк аспанның шалқар мұхитында мамық қанаттары баяу самғап, біресе бірлі-жарымы саңқ-сұңқ етіп, біресе бәрі жабыла тыраулап, аспай-саспай, шалқалай жүзіп бара жатқандай. Мөп-мөлдір ауада олардың сүңгідей ұзын мойындары, имиген тұмсықтары, бауырына қысып алған аяқтары алақандағыдай ап-анық көрініп тұр. Кейде қанаттарының ұштары ағараңдап қалады. Соқашылар тырналардың қонуға беттеп келе жатқандарын сонда аңғарды. Бірте-бірте жер бауырлап жақындай түсті, кенет бір сиқыр ағын әрі ықтырып әкеткендей алыс-алыс қыраттарға барып қонды. Сұлтанмұраттың тырналарды жап-жақын жерден көріп тұрғаны осы. Көбіне олар тас төбесінен сонау зеңгір көкте көрген түстей боп зулап өте шығушы еді.

– Ана қара, қонып жатыр! – деп айғайлады Сұлтанмұрат.

Үшеуі аттарынан түсе-түсе сап, соқаларын тастай-тастай тырналар қонып жатқан қырқаға қарай жүгіре жөнелді.

Екі етек боп зымырап келеді бәрі. Тырнаның қандай екенін қасына барып көрмек! Шын тамаша сонда болады!



сілею – мелшиіп, қатып қалу

тегеурін – екпін, қарқын, пәрмен

суат – өзеннің, бұлақтың мал суаратын жері

жентектелу – бір-біріне кірігіп, қатып қалған топырақ, күм, қар



Шығарма мәтінімен жұмыс жасай отырып, оның мазмұнын талдап түсіндір.

1. Мәтінді тұтас оқып шық, оқулықта берілген тақырыпшаларға мұқият қарап, әр бөлімде не туралы айтылғанын біл, сол бойынша мәтінге қысқаша жоспар құр.
2. Балалар көктемгі егіске нені қалай дайындады? Ол дайындықты кім тексерді? Тексеруде қандай кемшіліктер байқалды? Оның қандай зардабы болуы мүмкін? (Бұлар қай бөлімде?).
3. Қардың жауғанына қарамастан тынымсыз еңбек еткен алғашқы үш күнгі жұмысты жазушы қалай сүйсіне суреттейді? Мәнерлеп оқы.
4. Қар аралас жаңбыр жауғаннан кейінгі далаға ерте келген тырналарды балалар ненің белгісіне жорыды? Сол күнгі балалардың көңіл күйін, атқарған жұмыстарын айтып бер.
5. Сұлтанмұрат қандай бала? Жоғарыдағы айтылған мәселелерді жинақтай отырып, Сұлтанмұраттың әкесіне, анасына, бауырларына, достарына, мұғаліміне қалтқысыз сүйіспеншілігі мен құрметі, қамқорлығы мәтінде қалай суреттелген? Осыған орай Сұлтанмұратқа мінездеме бер.

Тест сұрақтары

1. «Ер Төстік» ертегісі ертегінің қай түріне жатады?
 - А) шыншыл ертегі
 - Ә) қиял-ғажайып ертегі
 - Б) хайуанаттар туралы ертегі
 - В) өңгіме ертегі
2. Шалқұйрық ат қай кейіпкердің аты еді?
 - А) Аяз бидің
 - Ә) Кендебайдың
 - Б) Ер Төстіктің
 - В) Ерназардың
3. Желмаямен желіп жүріп Жерұйық іздеген кім еді?
 - А) Қорқыт
 - Ә) Аяз би
 - Б) Жошы хан
 - В) Асанқайғы
4. «Кеудең толған бауыр болсын,
Арқан қара жауыр болсын», – деп бата берген кім еді?
 - А) Құнанбай
 - Ә) Жиренше
 - Б) Махамбет
 - В) Малайсары
5. «Көл қорыған сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен.
Ел қорыған мен едім,
Мен де айрылдым елімнен», – деген өлең жолдары қай ақынның шығармасынан алынған?
 - А) Ыбырай Алтынсариннің
 - Ә) Мағжан Жұмабаевтың
 - Б) Абай Құнанбаевтың
 - В) Махамбет Өтемісұлының
6. Абақтыда жатып, елін сағынып өлең жазған қай ақын еді?
 - А) Жамбыл Жабаев
 - Ә) Мұқағали Мақатаев
 - Б) Мағжан Жұмабаев
 - В) Қасым Аманжолов

7. Күй туралы, күйшілік өнер туралы поэма жазған кім еді?

- А) Сәкен Сейфуллин
- Ә) Абай Құнанбаев
- Б) Ыбырай Алтынсарин
- В) Ілияс Жансүгіров

8. «Өтеген аман-есен келді дейді,
Аралап талай жерді көрді дейді.
Бір жайлы қоныс іздеп он жеті жыл,
Ел-жұртын аман-есен көрді дейді»
Осы шумақ қай ақынның жырынан алынған?
А) Қасым Аманжоловтың
Ә) Сұлтанмахмұт Торайғыровтың
Б) Жамбыл Жабаевтың
В) Сырбай Мәуленовтің

9. Экологиялық тақырыпқа жазылған қандай шығарма?

- А) «Ақсақ киік»
- Ә) «Өтеген батыр»
- Б) «Ер Төстік»
- В) «Қырық өтірік»

10. Қазақтың балуаны Қажымұқан туралы қай жазушы жазды?

- А) Иса Байзақов
- Ә) Қалмақан Әбдіқадыров
- Б) Жүсіпбек Аймауытов
- В) Ахмет Байтұрсынұлы

11. Абылай ханның лақап атымен жазылған шығарманың авторы кім?

- А) Фариза Оңғарсынова
- Ә) Мұқағали Мақатаев
- Б) Қуандық Шаңғытбаев
- В) Әбділда Тәжібаев

12. Хантаңірінен шыққан XX ғасырдың ақиық ақынын ата.

- А) Бердібек Соқпақбаев
- Ә) Сағат Әшімбаев
- Б) Төлеген Айбергенов
- В) Мұқағали Мақатаев

13. «Ақырғы бөйге» шығармасындағы Құлагер кімнің аты еді?

- А) Сәкен Жүнісовтің
- Ә) Сәкен Сейфуллиннің
- Б) Біржан салдың
- В) Ақан серінің

14. «Жануарым-ай, саудыраған қу сүйегің ғана қалыпты-ау!» деп кім айтып еді?

- А) Саяқбай
- Ә) Ағыбай
- Б) Төреқұл
- В) Атамқұл

15. Қазақтың қолөнері туралы қай ақынның шығармасы осы бесінші сынып оқулығында бар?

- А) Мағжан Жұмабаевтың
- Ә) Жүмекен Нәжімеденовтің
- Б) Фариза Оңғарсынованың
- В) Жұбан Молдағалиевтің

16. Атасын сағынған бала туралы жазушы Н. Сералиевтің қандай шығармасы бар?

- А) «Ақ қайың»
- Ә) «Аңсау»
- Б) «Ақбөпе»
- В) «Ыстық күлше»

17. Ақын М. Шахановтың «Отырар» жырында Отанын сатқан кейіпкердің аты кім еді?

- А) Қайырхан
- Ә) Қарашоқы
- Б) Шыңғыс
- В) Жошы

18. «Менің Қазақстаным» өлеңін жазған қай ақын еді?

- А) Күләш Ахметова
- Ә) Жүмекен Нәжімеденов
- Б) Тұманбай Молдағалиев
- В) Төлеген Айбергенов

19. «Аударып жұрттың назарын,
Бардың да көрген базарын.

Жоқтың да көрген азабын,
Даладай дана қазағым», – деп жырлаған қай ақын еді?
А) Абай Құнанбаев
Ә) Тұманбай Молдағалиев
Б) Ілияс Жансүгіров
В) Күләш Ахметова

20. Іңкамал апай қандай шығарманың кейіпкері?

- А) «Жәмила»
- Ә) «Құс жолы»
- Б) «Жан пидә»
- В) «Ерте келген тырналар»

21. Іңкамал апай қандай пәннен сабақ береді?

- А) тарих
- Ә) әдебиет
- Б) математика
- В) география

22. Шыңғыс Айтматовтың туған ауылының аты?

- А) Боранды
- Ә) Сарыөзек
- Б) Шекер
- В) Бішкек

23. Күнделік үлгісімен жазылған қандай шығарма?

- А) «Отырар»
- Ә) «Қозыкүрең»
- Б) «Робинзон Крузо»
- В) «Абай жолы»

24. «Құран Кәрімде» неше сүре бар?

- А) 114
- Ә) 26
- Б) 415
- В) 216

25. Адаматаны жаратуға кім қарсы болды?

- А) Жебірейіл
- Ә) Ібіліс
- Б) Мекайыл
- В) Хауаана

26. «Алла бізді әсте қараусыз қалдырып қоймайды» деп кім айтқан еді?

- А) Сара
- Ә) Бәтима
- Б) Ажар
- В) Сымайыл

27. Зәмзәм суы кімнің өкшесінің астынан шығып еді?

- А) Ибраһимнің
- Ә) Сапиолланың
- Б) Сымайылдың
- В) Исаның

28. Ә. Тәжібаевтың әдеби ертегісін ата.

- А) «Алпамыс»
- Ә) «Толағай»
- Б) «Егіннің бастары»
- В) «Сырдария»

29. «Өгіз бен Бақа» мысал өлеңін А. Байтұрсынұлы орыстың қай жазушысынан аударды?

- А) Пушкиннен
- Ә) Лермонтовтан
- Б) Крыловтан
- В) Чеховтан

30. Тұңғыш орыс-қазақ мектебі қашан ашылды?

- А) 1850 жылы
- Ә) 1917 жылы
- Б) 1920 жылы
- В) 1818 жылы

МАЗМҰНЫ

Сәт сапар, жас достар!	3
ӘДЕБИЕТ ДЕГЕН НЕ	5
Қазақтың әдебиет фольклоры	7
Тұрмыс-салт жырлары	10
Төрт түлік мал жайындағы өлең-жырлар	13
Малдың баласын сүюі	13
Шопанатаға	14
Қамбаратаға	14
Зенгібабаға	15
Ойсылқараға	15
Шекшекатаға	18
Төрт түліктің кеңесі	19
Наурыз туралы өлеңдер	19
Наурыз жырлары	20
Наурыз жыры	20
Мақал-мәтелдер	24
Отан, туған жер, халық туралы	25
Еңбек туралы	25
Ерлік, батырлық туралы	25
Ынтымақ, бірлік, татулық туралы	26
Достық, жолдастық туралы	26
Оқу, білім, өнер туралы	26
Адамгершілік және жақсы-жаман мінез туралы	27
Үнемшілдік жайында	28
Отбасын, ата-ананы қадірлеу, үлкенді сыйлау	28
Төрт түлік мал, кәсіп, егіншілік туралы	29
Жұмбақтар	30
Ертегілер	34
Ер Төстік	35
Аяз би	62
Керқұла атты Кендебай	75
Қырық өтірік	81
Өтірік өлең	86
Аңыз әңгімелер	91
Асанқайғының жерұйықты іздегені	92
Ақсақ құлан, Жошы хан	93
Жиренше шешен мен Қарашаш сұлу	95
Жиреншенің хан сынағына түскені	97
Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?	99
Шешендік сөздер	102
Тайкелтірдің төрелігі	103
Байдалы бидің көңіл айтуы	105
Қазыбек би мен Бұқар жырау	105
Сырым мен Малайсары	105
Діни әңгімелер	109
Қасиетті Құран Кәрім жайында	109

Адамата	110
Сымайыл	116
Зәмзәм	117
Әдеби ертегілер	119
<i>Әбділда Тәжібаев</i>	120
Толағай	120
Мысалдар	127
<i>Ахмет Байтұрсынұлы</i>	128
Өгіз бен Бақа	128
Егіннің бастары	129

XIX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ

<i>Махамбет Өтемісұлы</i>	132
Соғыс	132
Қызғыш күс	133
<i>Ыбырай Алтынсарин</i>	134
Өзен	135
Дүние қалай етсең табылады?	136
<i>Абай Құнанбайұлы</i>	139
Қыс	139
Ғылым таппай мақтанба	141

XIX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ

<i>Сұлтанмахмұт Торайғыров</i>	143
Шілде	143
Кейіптеу туралы	145
<i>Мағжан Жұмабаев</i>	146
Қысқы жолда	147
Сағындым	148
Балалық шақ	149
<i>Жамбыл Жабаев</i>	150
Өтеген батыр	151
<i>Сәкен Сейфуллин</i>	153
Ақсақ киік	153
<i>Ілияс Жансүгіров</i>	155
Күй	156
<i>Мұхтар Әуезов</i>	160
Ақын қонақтар	161
Портрет	165
<i>Сәбит Мұқанов</i>	165
Лашын	166
<i>Ғабит Мүсірепов</i>	171
Жаңа достар	172
<i>Сапарғали Бегалин</i>	178
Бала Шоқан	179
<i>Иса Байзақов</i>	186
Жазғы кеш	186
<i>Қалмақан Әбдіқадыров</i>	187
Қажымұқан	188

<i>Қасым Аманжолов</i>	201
Дауыл	201
<i>Жұбан Молдағалиев</i>	202
Ар-ұят туралы	203
<i>Сырбай Мәуленов</i>	206
Менің Республикам	206
<i>Қуандық Шаңғытбаев</i>	207
Сабалақ	208
<i>Мұқағали Мақатаев</i>	210
Фантазия	211
Барлығы да сендердікі	211
Мен таулықпын	212
<i>Сәкен Жүнісов</i>	213
Ақырғы бөйге	214
<i>Трманбай Молдағалиев</i>	226
Бауырлар	227
<i>Қабдеш Жұмаділов</i>	228
Қозыкүрең	229
<i>Фариза Оңғарсынова</i>	238
Оюлар	239
<i>Мұхтар Шаханов</i>	240
Отырар	241
<i>Нәсіреддин Серәлиев</i>	248
Аңсау	248
<i>Жұмекен Нәжімеденов</i>	255
Сен ақылды болсан екен...	256
Жаманыңды көрмесем	256
<i>Күләш Ахметова</i>	257
Қазағым менің...	257

ӨЛЕМ ӨДЕБИЕТИ

<i>Даниэл Дефо</i>	260
Робинзон Крузо	260
<i>А. С. Пушкин</i>	270
Балықшы мен балық	271
<i>Шыңғыс Айтматов</i>	277
Ерте келген тырналар	278

Тест сұрақтары	295
-----------------------------	-----

Учебное издание

Дайыр Әнеш Мұқатайқызы
Беркімбаева Шәмша Көпбайқызы
Айтқалиев Құсиын
Құрманбай Гүлтас Сайынқызы

ЛИТЕРАТУРА

Учебник 5 класса общеобразовательной школы

3-е издание, переработанное
(на казахском языке)

Редакторлары Ж. Қайранбай, С. Қалиев
Суретшісі Б. Байділдаев
Көркемдеуші редакторы В. Пак
Техникалық редакторы Ұ Рысалиева
Корректоры Ә. Кенжалина
Компьютерде беттеген С. Төлегенова

ИБ№ 031

Теруге 28.04.2010 берілді. Басуға 03.06.2010 қол қойылды. Пішімі 60×90 ¹/₁₆. Офсеттік қағаз.
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 19,0. Есептік баспа табағы 17,6.
Таралымы 70000 дана. Тапсырыс № 4153.

«Атамұра» корпорациясы• ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы• ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.